Құттықтаймыз!



Көлбастаудан табиғаты тамаша өңірде туып-өсіп, ержеткен, ұзақ жылдар құқық қорғау саласында еңбек еткен, қазір запастағы майор, Алматы қаласының тұрғыны, біраятқа аскар таудай әке, сүйікті ата, енді бірімізге сүйеніш болған бауыр, арқа тұтар аға – **Дүйсенғали БЕКТҰРСЫНҰЛЫН** жиған айының 25 жұлдызында асқарлы 60 жасқа толу мерейтойымен құттықтаймыз!

Ұзақ өмір, зор денсаулық тілей отырып:
Жақсыдағы әке мейірі аналық,
Бөлісіп жарымай зұлметтегі баланың.
Қамқоршы боп жеттеңдің, жеткіздің,
Талай қиын өткелдерден өткіздің.
Құтты болсын 60 асу биігің.
Шын сезімнен тілегіміз кем болмас,
Тауып ұясаған тау балапаң өлеңі.
Бұрымының тастан кеткен көпсің,
Қызметіңмен қуанышқа бөленген.
Ұрпағыңның «Ата» деген сөзісің
Мәртебе деп шын бақытты сезінген,
Кездердің аз біздер үшін көз ілген.
Арманыңды биіктеткен ұл мен қыз.
Тау шыңындай биік тұрсын өзіңнен, – деген жүрекжарды құттықтауымызды жолдаймыз. Алдымызда аскар таудай болып жүре беріңіз.

ІЗГІ ТІЛЕКПЕН: Бектұрсын әулеті атынан қарындасыңыз – **Гүля.**

БАЙҚАУ

Алматы облыстық балалардың құқықтарын қорғау департаменті жұмысының бір бағыты – балалардың бойына патриоттық сенім ұялатып, Отанға және туған жерге деген сүйіспеншілігін ығайту. Осыған орай, жасөспірімдердің шығармашылық өсуін, бейнелеу өнеріндегі шеберлігін айқындау және жеке тұлғаның шығармашылық мүмкіндігін дамыту мақсатында "Мөлдір бұлақ" байқауын ұйымдастырған болатын.

ЖЕҢІМПАЗДАР МАРАПАТТАЛДЫ

Байқауға проза, поэзия және сурет жанрлары бойынша 576 оқушының жұмысы келіп түсті. Тәуелсіз аталмыш байқауда анықталған жеңімпаздарды марапаттау салтанаты М. Тынышпаев атындағы өлкетану мұражайында өтті.

Байқаудың нәтижесі бойынша поэзия жанрында Талдықорған қаласы №25 орта мектебі 3-сынып оқушысы Арайлым Сағат бірінші орынды иеленді. Талдықорған қаласы №12 мектеп-гимназиясы, 4-сынып оқушысы Айбар Қалиахметов проза номинациясы бойынша бас жүлдені жеңіп алды.

Аз "Менің Қазақстаным" атты тұжырымымен Талдықорған қаласы №13 орта мектеп оқушысы Азамат Нұрмейісұлы сурет жанры бойынша бірінші орынға табан тіреді. Бас жүлдегерлермен бірге екінші, үшінші және мыналадыру сыйлығына не болғандар да Мактау грамотасы және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Салтанатты шара барысында облыстық балалардың құқықтарын қорғау департаменті директорының орынбасары Самғат Долиев, аралықтар алқасының мүшесі, ақын Қуат Қайрабаев және осы байқаудың өтуіне демеу көрсеткен "ЛТД Контер" ЖШС-нің директоры Шин Константин балаларды құттықтап, оларға жемісті еңбектер тіледі.



МӨЛДІР БҰЛАҚ

Мөлдір бұлақ секілді,
Сыңқылдаған балалық.
Ақбұлақты не түрлі,
Қылықтына салалық.
Әдеп малып қысылып,
Көз салады шаттыққа.
Ақыл отыр ашуға,
Ақтілекпін ақтарып.
Әдеп, ақыл, гүл-теріз,
Ал мен мөлдір бұлақ.
Жақсы оқушы атанып,
Қуанғым кеп тұрады.

Арайлым САҒАТ,
№25 орта мектебінің 3-сынып оқушысы.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ.

ЖАҢА ҚОЙЫЛЫМ

Әлемде қанша жұрт болса, олар өзінің ұлттық құндылығымен даралануып тұрады. Ал сол құндылықтың қайнар көзі ретінде театр өнерін атауға болады. Қазақтың театр өнеріне тағы бір тың дүние келіп қосылды. Ол белгілі драматург, жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Баққожа Мұқайдың "Тойы көп үй" трагикомедиясы. Аталмыш туындыны Бикен Римова атындағы драма театры ұжымы сахналады. Таяуда оның тұсаукесері болып өтті.

"ТОЙЫ КӨП ҮЙ"

трагикомедиясын жұртшылық жылы қабылдады

Қажет АЙДАС,
"Жетісу"



Суретті түсірген Аслан КАЖЕКЕ.

Баққожа Мұқайдың бірнеше шығармасының сахна төрінде өз көрермендерін тауып жүргенін бәріміз білеміз. Әрине, ойы орамды, шығармашылығы сұңғақ, автордың аталған туындысын қай қырынан қарап бағаласаң да үлкен ойға жүк болары анық. Мұнда қазақтың жомарттығы жанына жарасқан бір отбасының тірлігі сөз болады. Қолы ашық, пейілі дархан отағасы тастанды бала, әбір шекпен ана, жүрегі жаралы әйел, тағы басқа тірліктің төперішін керіп жүрген адамдарға көмектесуді әдетіне айналдырған. Бұл сол отағасының бойынан көрініс тапқан қазақ халқына ғана тән ұлттық қасиет еді. Алайда, бүгінгі мынау алмағайып заман сол кеңпейіл жандардың да санасын лайлай бастағаны анық. Жомарт көңілдің көмескідегі жауы – байлықтың аздыруымен, өзөзіл болып шыға келетін дүниеқоңыздық екенін автор ашына жазады. Бірақ заман қалай құбылса да, адам қалай өзгерсе де өмірде бір ғана өзгермейтін шындық бар. Ол "Арым жанымның садағасы" дейтін қазақ деген халықтың "Арды" заңнан да биік санайтын философиялық қағиданы анықтап береді. Жарасымды отбасы мен терең сүйіспеншілікте біздің азаматтар мен аруларға тән екенін санаға сыналап сіңірумен де құнды.

Қалай айтсақ та, қойылым сахнаға тіленіп тұр. Сондықтан да көрермендердің көңілінен шықты. Күліп отырып ұялғанда көп болды. Оған қоюшы режиссер Мұрат Ахманов пен қоюшы суреттші Қамза Қайырбаевтың көп тер төккені анық. Енді бір жағынан спектакльдегі ролдерді бірінен бірін бөліп немесе бас, қосымша кейіпкер деп ажыратып жатудың керегі жоқ, барлығының өмірде өз орны бар. Бірақ актерлердің шеберлігіне тәнті боласың. Ақ-көңіл Заңғар рөлін Женіс Жолдыбаев, аяулы жар Назгүлді Хазима Нұғыманова сомдады. Сандуғаш Нұғыманова – Гүлназ, Мұратжан Махмұтұлы – Қамбар, Әлихан Ыдырышева – Гүлшара әжей, Нұрлан Әлбосынов – Шорабай ақсақал болып шыға келді. Қара сөмкесін қысып үстап келе жататын Қали рөлінде Абай Нұғыманов, қателігін кейінден таныған келіншекті Роза Қапешева әдемі орындап шықты. Міне, осы актерлер еңбегі қазақ ұлтына тән асқан жомарттықтың бүгінгі таңдағы күрделі қайшылықтарға үйлесе бермейтін аңқаулық жағын ашып береді. Бұл рөлдерді әлі талай актерлер қайталайтын шығар. Десе де, бүгінгі қойылым өз құндылығымен көрерменің көңілінде қалғаны анық.

Біздің халқымыздың сан ғасырлық алапаттан аман-есен өтіп, бүгінгі еңселі ел болып отыруының бірі, халқымыздың ұлттық өнерін қастер тұтқандығы. Театрдың қоюшы режиссері Мұрат Ахмановтың сөзіне сүйенсек, қазір қазақ жастарының өнерге деген қызығушылығы артып келеді. Оған себеп, соңғы жылдары театр ұжымы бірнеше тың дүниені сахналаған. Алдағы жоспарлары да аз емес, десе де, театр сахнасына керегі "Тойы көп үй" сияқты ойы мен орамы жарасқан көркем шығарма. Біздің қоғамға керегі де осы.

Исанбаев Бақытжан Жанжайлаубековичтің атына берілген «Мадир Б» ЖШС-нің құрылтайшылық құжаттарының толық пакеті мен мөрі жоғалғанына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Аттестат за №1525117 выданный на имя Бухтоярова Ильи считать недействительным.

«Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» ҰҚ» АҚ Алматы облысында 2009 жылғы көктемгі дала және күзгі жиын-терін жұмыстарын уақтылы жүргізуге берілетін займдар арқылы қаржыландыру жұрттшылығын хабардайды:

Займды берудің шарттары:

1. кепілдікке астық қою және екінші деңгейлі банк кепілдігі арқылы;
2. сыйақы ставкасы – банктік кепілдік берілген кезде жылына 8 пайыз, кепілдікке астық қойылған кезде жылына 12 пайыз.

Алынған займды қайтару тәртібі:

Ұсынылған қаптамасы егістерге байланысты нәсілеу мерзімдері: екінші деңгейлі банк кепілдігі кезінде – 2010 жылдың 20 қаңтарына дейін; кепілдікке астық қойылған кезде – 2009 жылдың 15 қарашасына дейін.

Барлық сауалдар бойынша төмендегі мекенжайда орналасқан «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» ҰҚ» АҚ-ның Оңтүстік аймақ бойынша өкілдігіне хабарласа аласыздар:

Алматы қаласы, Гоголь көшесі, 84 «а», № 318 кеңсе, тел/факс – (8-727-2) 50-85-65;
Талдықорған қаласы, Жансүгіров көшесі, 87/89 (3 қабат), тел/факс – (8-728-2) 24-3527.

● БӘРЕКЕЛДІ!

ТАЛАНТТЫ ФУТБОЛШЫЛАР

Облыстық туризм, спорт және дене тәрбиесі басқармасында тағылымға толы тамаша бір жүздесу өтті. Басқарма бастығы Тұратбек Шарапиев Бразилиядағы «Оле бразил футбол клубы» деп аталатын футбол академиясында тәлім алуға жол ашатын республикалық дәрежедегі аса мәртебелі сынақтан сүрінбей өтіп, таңдаулылар арасында топ жарған және футбол королі Пеленің отанында шеберлік шыңдау құрметіне ие болған жетісулық бес жеткіншекті қабылдап, олардың үлкен футболдағы алғашқы асудан асуына жол салар сапарларына сәттілік тілеп, көрсетілім отырған сенімді ақтауды жүктеп, болашақ аяқдоп жұлдыздарына ескерткіш сыйлықтар тапсырды.

Болат АБЛАЙ,
"Жетісу"

Футболдың дамуы мен жетістігі жөнінде әлемде бірде-бір елді шендестірмейтін Бразилиядағы академияда миллиондардың сүйікті ойыны атанған футбол өнерін үйренуге Қазақстаннан бақытшылар қатарында жетісулықтардан басқа тағы 21 жасөспірім аяқдопшы бар. Олар алдағы айдың бесі күні ел үмітін арқалап, алыс сапарға аттанғалы отыр. Аталған жағымды жаңалық коммерциялық негіздегі немесе жекелеген футбол жанашырларының бастамасы емес. Бұл – Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 2007 жылдың күзінде Бразилия Федеративтік Республикасына мемлекеттік сапары барысындағы екіжақты келіссөздерде жасалған уағдаластықтың нақты нәтижелерінің бірі болып табылады.

– Осы уағдаластықты іске асыру мақсатында 2008 жылдың желтоқсанының 2-сі мен 8-і аралығында ҚР Туризм және спорт министрлігінің Спорт комитеті Қазақстанның футбол федерациясымен бірлесіп, елімізідің әр өңірінен іріктелінген, 1994 жылы туған балалардың арасында оқу-жаттығу жиынын, тестілеу сынағын және кең ауқымды медициналық тексеру өткізді. Оған біздің облыстан сегіз бала қатысты. Сынақтардың нәтижесінде 26 бала іріктеліп алынды және олардың бесеуі бірдей Талдықорғаннан екендігі біздер үшін үлкен қуаныш әрі зор жетістік. Олар мыналар: қақпашы – Арман Құрманәлі, шабуылшы – Әлішер Тоқтасынов, жартылай қорғаушылар – Берік Шайыков, Раян Қалиев пен Мұрат Қалмамбетов сынды мықтылар. Бұлардың барлығы өткен жылғы Қазақстан чемпионатының жеңімпазы атанған облыс құрамасының мүшелері және үшеуі Талдықорғандағы футболға мамандандырылған облыстық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде жаттықса, екеуі спорттан дарынды балаларға арналған облыстық мектеп-интернаттың футбол бөлімінде оқиды. Міне, енді, олар өздерінің тамаша жетістігі арқылы облысымызда футболға да зор көңіл бөлініп отырғанын дәлелдеді, – дейді Тұратбек Шарапиев.

Біздің балалар оқуға баратын академия Бразилияның Сан-Паоло штатындағы Рибиеро-Претто деген қалада осыдан 4 жыл бұрын құрылыпты. Балаларды оқыту мәселесіне байланысты сол қалаға барған делегацияның құрамында болғандардың айтуынша, Бразилияда футбол саласы өте жоғары дәшгейге қойылған. Онда футболға 5 жастан бастап үйретеді. Балаларды аяқдопқа баулитын мектептер баршылық. Біздің болашақ футбол жұлдыздары дәріс алатын мектептің материалдық базасы өте жақсы екен. Екі бірдей стандартты футбол алаңы, жабық манежі, жағажай футболының алаңы, бассейні, тамақтану орны, балалардың жатын орны барлығы бүгінгі заман талабына лайықтылығын өз көздерімен көріп, көңілдері толыпты жерлестерімізден. Мектептің өзіндік дәстүрі қалыптасып үлгерген. Қазақстандықтарға дейін онда оңтүстіктерялық балалар оқыпты. Академияның өзі қалаының саяжай сипаттағы, күзетілетін, кіру-шығуы арнайы рұқсатпен жүзеге асатын аумағында орналасқан көрінеді. Сондықтан жеткіншектерімізге футболдың қыр-сырын үйретіп, мықты спортшы болып шығуы үшін темірдей тәртіп пен тәусылмас төзім керек. Өйткені балғын футболшыларымыз Бразилияға бірнеше айға емес, үш жылдық оқуға кетіп барады. Әлбетте, арасында үйлесі де бар. 9 ай оқығасын, 3 ай демалысты елде өткізеді. Елден жырақ, ұзақ мерзімге алшақтағасын, өндірдей жастың бойында туған үйге деген сағынып күшейетіні заңдылық. Сондықтан шыдамның орны бөлек болары сөзсіз. Ал олардың жалпы орта білім мәселесіне келер болсақ, Түркім және спорт министрлігінің бас сараптысы Мәнат Ысқақова балалар елге келгенде бос жатпай, мұндағы оқу бағдарламасы бойынша қалыс қалған білімді жеделдетіп тоқықтырумен айналысады дейді. Бұл мәселе қалай жүзеге асатының қазір Түркім және спорт министрлігі мен Білім және ғылым министрлігі ойластырып жатқан көрінеді. Ал Бразилияға балалармен бірге екі бапкер және бір аудармашы баламақ. Енгізген оқу нәтижелері толық жүргізіледі және банкерлер де жергілікті болмақ. Осылайша ел футболының болашағын ойлаған мемлекетіміз келешекте ел намысын қорғайтын, бұл он беске толатын балаларын тәнбі доп тебу өнерін үйрету үшін Пеленің отанына аттандырып отыр. Олардың арасында Қазақстан футболын күні ертең-ақ әлемдік доданың алғы шебіне алып шығатын жарық жұлдыздар кетіп бара жатқандығына сеніміміз-ақ келеді. Амандық болса, олар үш жылда аяқдоптың барлық қыры мен сырын меңгеріп шығып, құрама сапына алынғанда біздің футболшылардың да құрлықта оза шауып, әлемде көзге түсер кезіп көреміз. Сол құрамада жетісудың бес өрені ойқастап жүрсе тіптен дұрыс болмақ.

ОТЛИЧНЫЕ условия
ОТЛИЧНЫЙ ДЕПОЗИТ

- Пополнение депозита без ограничений в отделениях или через банкоматы.
- Выплата вознаграждения - ежемесячно или в конце срока вклада с капитализацией.
- Ставка вознаграждения не зависит от срока хранения вклада.*

* При хранении вклада до 1 месяца, вознаграждение начисляется по ставке досрочного расторжения договора

13.5% годовых в тенге
14.4%

АЛЬЯНС

8 800 080 0000 (звонок бесплатный) 8 (7282) 550-000

Ваши деньги на депозите «Отличный» застрахованы Казахстанским Фондом гарантирования депозитов.

Лицензия Агентства РК по регулированию и надзору финансового рынка и финансовых организаций № 260 от 26.12.07 выдана АО «Альянс Банк»

Білім мен еңбек бәрін де жеңбек

«Үрпақ тәрбиесінің кезі – еңбекте. Өмірдің, тіршіліктің, жеке тұлғаның қалыптасуын қамтамасыз ететін де еңбек» деген тұжырымдама ұрпақты ізденімпаздыққа тәрбиелеудегі басты мақсатымыз болмақ. Адам бойындағы бар жақсы қасиет пен біліктілік тек тынымсыз еңбектің нәтижесінде ғана жинақталады. Ендеше, еңбек пен білім өгіз ұғым, бұл екі қасиетті бөле-жара қарау ақылға сыймасы анық.

Мектептегі еңбекке баулу сабағының бала тәрбиесінде алар орны ерекше. Орталау және негізгі білім беру ошақтарындағы технология сабағының салмағы халықтық педагогикамен ұштасып жатқан маңызды сала. Ұстаз өз пәнінің өмірлік мәнін түсіндірген жағдайда баланың оған деген құштарлығы артары мәлім. Мұғалім өз тарапынан пәнге қызығушылық туындатқан жағдайда өткізген сабағы бала санасына сіңіп, нәтиже беріп жататындығы аян. Осы тұрғыда өзі тәлім беретін пәнін бар ықыласымен ұрпақ санасына сіңірген жас маман Айман Құмарбекова шәкірттерінің көңіл қалтін таба білген жан.

Білікті де ізденімпаз ұстаз Аксу ауданы, Арасан ауылындағы Б. Сыртанов атындағы орта мектептің технология пәнінен дәріс береді. Еңбек шолын таяу жылдары бастаған ұстаздың дәріс беру бағыты «баланың көркемдік талғамын, шеберлігін қалыптастырудағы жаңа технология элементтерін қолөнер үйірмесінде қолдану» негізінде іске асырылып отыр.

Дәріс берумен қатар, мектептегі «шебер қолдар» үйірмесін жүргізетін маман аз уақыт ішінде өзінің қабілет-қарымын әріптестеріне мойындатып та үлгерді. Оған балаларды ұлттық өнерге, оның қыр-сырына баулып, өзінің де шәкірттерінің де туындыларын мерекелерде мектепшілік, аудан және облыс көлемінде өткізілетін көрмелерде халық назарына ұсынып, тиесілі бағасын алып жүргендігі дәлел. Айман Құмарбекованың шәкірті Жұлдыз Стамбекова Алматы облыстық мамандар кәсібін дамыту институтында өткен оқушылар көрмесіне қатысып, шығармашылық жұмысы каталогқа басылды. Зарина Жұмабекова мен Айдана Құдияровалың қолөнерлері «Еңбекке үйрету» журналында жарық көрді.

Мектептің тыныс-тіршілігі барысындағы Айман мұғалім тәрбиелеген шәкірттер түрлі іс-шараларда өз өнерлерін ортаға салады. Ол тәрбиелеген балалар «Қыз-қығалдақтар» арулар байқауы, «Жігіт сұлтаны», «Бозбала мен бойжеткен» сайыстарында ою-өрнек қию, құрақ құрау, тоқыма тоқу, тағам әзірлеу сынақты сындардан сүрінбей өтіп, тәлімгер мерейін өсіріп жүр. Барлығы бір күннің еңбек нәтижесі емес. Ол дамылсыз еңбектену мен тынымсыз ізденістің барысында қол жеткен нәтиже.

Ұстаз жеткен жетістігімен «болдым, болдым» деген емес, бала бойына өнер-білімді дарыта білген жас маман шәкірттерге барын үйрете жүріп, өзі де тәжірибесін жандандыруда. «Ұлттың өнерін, салт-дәстүрін бағалаған жан оны кастерлеп, қадірлей түсері сөзсіз»,– деп өз көзқарасын білдіреді Айман Құмарбекова.

Оқушылар асыға күтетін еңбекке баулу сабағы үнемі тосын жаңалыққа, қызықты құбылыска толы болып келетіндіктен тартымды өтеді. Баланы ерте жастан еңбекке баулу, оның болашағына бағыт-бағдар берудің басталдағы деп қараған дұрыс.

Айман Құдиярова екі баланың анасы. Ол ұстаздық міндет пен отбасылық парызын да ұштастыра білген жан. Жолдасы Қайрат екеуінің құрған отауы, ондағы тәлімді тәрбиесі жаңадан бас қосып жатқан ауылдастарына үлгі. Ендеше, ол сәулегерлан өнері тамған ұстаз-ананың болашақ ұрпақ тәрбиелеудегі жауапкершілігі басқаға да үлгі болмақ.

Баян ЖАҢАБАЕВА.

АҚСУ АУДАНЫ.

АЛЬЯНС

1 САҒАТ ІШІНДЕ КЕПІЛСІЗ НЕСИЕ БЕРУ!

- Оңтайлы тарифті саясат
- Есепшотты ашпай-ақ
- Кепілмен қамтамасыз етпей-ақ
- Аз құжат жинау
- Бүкіл республика бойынша кепілдік беру

СІЗГЕ ЖӘНЕ СІЗДІҢ БИЗНЕСІҢІЗГЕ ЖЕКЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУІ

Бірыңғай ақпарат қызметі: 8 800 080 0000 (қоңырау шалу тегін), 8 (7282) 550-000

ТЕНДЕРЛІК КЕПІЛДІК

МЕНШІК ИЕСІ: Алматы облыстық "Жетісу" газеті шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны. ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімі

Бас редактор Жақыпжан НҰРГОЖАЕВ

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2002 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАЗАНДА ТІРКЕЛІП, №3322-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат

Жетісу

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында терілін, беттеледі.
Газет аптасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Алты машинкелік беттен жатын материалдар қабылданбайды.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы — Болашақ" ЖАҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Кезекші редактор: Айнұр ӘБДІРАХЫМ.

КӨЛЕМІ — 2 баспа табақ. ТАПСЫРЫС — 209. ТАРАЛЫМЫ — 41827. ІН[illegible]

Қабылдау бөлмесі және факс — 24-37-11, байланыс телефондары: бас редактордың орынбасарлары — 21-01-90, 24-33-02, жауапты хатшы —24-38-16, ауылаурушылығы, экономика және спорт бөлімі — 24-34-06, саясат және парасат, әдебиет және мәдениет бөлімі — 24-36-07, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 24-32-43, білім және ғылым бөлімі — 24-30-57, фототілшілер -21-21-55, ақпарат бөлімі — 24-29-82, есеп-қисап бөлімі — 24-35-28. Алматы қаласындағы тілшілер қосыны — 279-13-37 (факс), 79-13-86, 79-36-43. Меншікті тілшілердің аудандардағы телефондары: Үшқарада — 2-12-57, Панфилова — 5-12-21, Райымбекте — 2-22-05, Іледе — 2-19-33. Газет табыс етілмесе — 72-59-01 телефонымен хабарласу керек.

Құрметті қала тұрғындары!

2005 жылы Президент Жолдауы негізінде елді мекендерде абаттандыру және көркейту жұмыстарын жүргізу үшін құрылған «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының облыстық штабы сәуір, мамыр айларына 18–29 жас аралығындағы жұмыссыз жастарды мәусымдық жұмысқа қабылдайды. Құжаттар тапсыру уақыты 25 наурызға дейін.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Ақын Сара көшесі, 137, № 5 офис. Байланыс телефоны: 8 (7282) 273-861.

ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНГЕН

Ұзын ақсақал кәсіпкер Қаратал өзенінің Балқаш көліне құяр сағасында 1964 жылдың басында жолсыз, жарықсыз, байланыссыз жерге "Қоржынкөл" қой совхозы орын тепті. Әрине, бұл шешім шалғайда орналасқан ел үшін уақытылы көрсетілген үлкен көмек еді. Өйткені совхоздың ашылуына байланысты жергілікті елдің әлеуметтік, экономикалық жағдайының дұрыс жолға қойылуы үшін Үкімет тарапынан көптеген қаражат бөлінетін. Алғашқы төрт жылда көзделген тапсырманы жинді жолға қою алмағаны үшін екі бірдей совхоздың директоры жұмыстырылып, 1968 жылдың қалың күзінде ауданның «Новый мир» совхозында бас зоотехник болып істеп жүрген жеріменен, аудандық партия комитетінің ұсынысы бойынша совхозға директор болып келдім. Әкейін ақылдасып едім, «отыңызда орда бұзатын кезің, қалада туып-өстім демесең ата-шешең, бабаларыңның кіндік кескен жері. Өз еліңнің ортасына бара жатырсың, сені қолдайтын үлкен-кіші ағайын табыладың» деген ақылын айтқан. Елге жыға танитынын қалға келіп бірер жыл мектепте бірге оқыған құрдастарым Жұмағұлов Әкетай мен Байболатов Сәрсенғали ғана. Сол жылдың ақпан мен келесі 1969 жылғы қыс өте қатал болды. Күндіздің өзінде 45–47 градус суыққа дейін барды. Қаратал өзенінің қатқан мұзының үстімен жүріп, өйтеуі сыртқы жол қалың қардың астында қалды. Шаруашылықта мамандар жетіседі, бар мамандар кеткен директорларымен қайта елге қайтты. Міне, осы уақытта техникумды жаңа бітіріп келген 20-22 жастағы Сайын Тоқпаев, Құдайберген Нұрлымов, Бейбіт Сүлейменов, Медеғали Жақыбаев, құрдастарым – Қанапия Сейітқазиров, Есімхан Қойгелдинов, Ақтай Жұмағұловтар өз елі, жерінің иығы тұма қимасты екендіктерін ерен еңбектерімен көрсете білді. Келесі жылы үлкенге Рахымжан Мұралов, Нұрман Жолдыбаев, бірақ кейінірек Мәнш Керімқұлов келіп қосылды. Өз жылғы қыста тек біз емес, облыс, аудан шаруашылықтары қиыр күйзеліске ұшырады. Тұяқтық мал басының қалғанына да ие, шүкіршілік айтып, Содан кейінгі жылдарда қыпқызыл еңбектің арқасында, суға кеткен совхоз орталығы Ақшоқы тастап, Ақжар деген жерге совхоз орталығы жаңадан орын тепті. Бірер жылдың ішінде жаңадан мектеп, интернат, клуб, балабақшасы, жеткілікті үйлер салынды. Бірнеше жерден дизель нәсостары орнатылып, 1700 га. жер игерілді. Мал басы есепен оскендігінің арқасында, 1977 жылы бір фермаңың шетінде «Байшегір» совхозы құрылып. 2500 ірі қара, 4000 қой, 200 жылқы алып отау болып бөлініп шықты. Айтуға оңай болғанмен, бұл жұмыстар үлкен ауыспіріктің, ерен еңбектің, мамандардың терең білімі мен ұйымдастыру қабілетінің мықтылығымен келіп еді. Міне, осы шаруалардың нағыз бел ортасында осы жердің тума азаматы Медеғали Жақыбаұлы (елі-жұрты, достары Медеш деуші еді) жүрді. Өткен жылдың сәуір айында пәни дүниеден өтті. Еңбек жолын совхоз комсомол-жастар ұйымының жетекшілігінен бастаған ол жастармен кеңі-қолтық қызу еңбектің ортасында жүрді. Сол уақыттың талабына сай жастар мал шаруашылығына тартылып , совхозда сегіз комсомол-жастар мал бригадасы мен қыз-келіншектер механизаторлар бригадасы құрылды. Міне, осы үлкен істің басында орнында Медеш жүруші еді. Халық әр уақытта өзінің өнерлі азаматтарын есепті кәрілы, бір сырлы" деп жатады. Бұл қасиеттен де құралақан емес еді. Домбыраны бабына келтіріп тарту, оған қосылып «Ақбұлақты», «Жезқиықты» мәнге келтіріп шырқатып салуын сөзі. Оның басқарушымен совхозда «Ақ гүлім» ансамблі құрылды. 1974, 1975 жылдары ол ансамбль ауданның жылда өтетін көркемөнерпаздар сайысының жеңімпазы аталды. Көп жыл бойына ол совхоздың кәсіподақ комитетін басқарып, жұмысшылардың арасында жарықтың түзы жоғары деңгейде көтере білді. Малшылардың, механизаторлардың, жұмысшылардың еңбегі әруақытта өз деңгейінде бағаланып жататын. Шаруашылықтың мигайына байланысты бірақ жыл ферма жетекшісі, ал экономикалық жоғары білім алған соң шаруашылықта бухгалтер- экономист қызметтерін атқарды. Еңбекте төзімді, адал, кішіпейіл, білгір басты ретінде танылды. Ең бастысы, халықтың көңілінен шыға білді. Сондықтан да 1988 жылы шаруашылық коммунистері оны партия ұйымының жетекшілігіне сайлады. Бұл қызметте де өзінің кесек ойымен, кесімді пікірімен ерекшеленіп көрінуші еді. Отыз жыл бойына бір жеңнен ина, бір жағадан бас шығарып, шай деспей, ауызбірліктің арқасында шаруашылығымыз үлкен көрсеткіштерге жетіп, елдің экономикалық, әлеуметтік жағдайлары көп дұрыстелды. Бұл жылдары көптен күткен аудан орталығынан асфальт жолы, жоғары вольты электр жүйесі, телефон байланысы да келіп жетті. Осы көп шаруаның басы-қасында әр уақытта да ақылдасар досым, арқасүйер тірегім Медеш табылушы еді. Ер-азаматтың артындағы тірегі – ұрпағы мен оның өмір бойы тілеуін тілейтін жан жолдасы – әйелі екені белгілі. Жалпы Жазықбай әулеті аумалда халқымыздың салт-дәстүрін ұстанушы, ата-бабаның арнағына тағзым етуде ағайын арасында ерекшеленетін еді. Жұма сайын жеті нанға құран оқыту, уақытылы мал шалынып, үлкенің батасын алу – ертеректе бұл жақсының ұстамы еді. Тіпті Алматыға көшкеннен кейін де Есен екеуі елге жыл сайын барып бір малын сойып, елмен қауышып қайтып жүрді.

Үлкен баласы Бақытхан әскер қатарында жүріп Ауған соғысына қатысып қайтты. Екеуінің кіші төрт болып, кіндіріне жас ірілгенде ауыл болып, налып күліреуші едік Сол халықтың ақ тілеуі орындалып, әкешешесінің көз жасы ақталып бұл күнде Бақытханымыз облыстағы ТАТЭК-тің президенті қызметін атқарып, халқының рахметіне бөленіп жүр. Кіші ұлы – Дарханы Астанада Сенат ақсақалдары қызметкері. Қыздары Гүлжанар, Бағландар оқу-ағарту саласында табысты еңбектерімен көзге түсуде. Бірі кетсе өмірден, бірі орнын басқан тағдыр тынсымы осылай өтіп жатыр. Жүзінен жылылық пен имандылықтың нұры төгілген зайыбы Есен шаңырағына шаң жуытпай, немерелерін тәрбиелеп, аталарының көре алмаған мол қызығын, жасай алмаған жасын Алла осыларға жасса екен деген тілеу үстінде шүкіршілігін айтады. Үлкен жүректі азаматтың мейірімділігін достары, жолдастары, туыстары мен балалары айқын сезінуде, оның өмірлегі табысты жолдарын жалғастыруда. Бірге тумақ болса да, бірге мәңгі жүрмек жоқ деген. Бұл күндері балалары жылын өткізуге дайындық үстінде. Достары, жолдас-жора, туыстары, құдандалас адамдар жиналады. Алмағершілігі мол, мінезі жақтымды есте алмақ. Жақсы жері жайлы, Алла алдының жарылқасын демекпіз.

Құлтай ТҰМЕНБАЕВ, еңбек ардагері.

● БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ

Қазақстан Республикасы аумағында ақ аңдау ерекшеге сәйкес көктемгі ақшылық мәусымы ашылады. Ақшылық тек бекітілін берілген ақшылық алқаптарында және алқалауға рұқсат етілген үйректердің аталықтарына (ысқырық немесе үйректі ұлығыш арқылы) және құрдың аталығына (құс ойнақ кезінде) жүргізіледі екен. Қызыл кітапқа енгізілген құстарды, сондай-ақ өтүйрек пен сарыаяқтардың аталығын атуға тыйым салынады.

– рұқсаттама-маркалары;
– ақшылық шаруашылығы ұйымының жолдамасы;
– ҚР ішкі істер органдарының ок-дәрмен атылатын қаруды алып жүруге және сақтауға берілетін рұқсат қағазы.

Егер жолдама мен рұқсаттама иесінің құнделікті алқалаған құстар туралы белгі қойып отыру карастырылса, ақшылық ақталысымен, ақшылық шаруашылығының қорықшысы, ол болмаса ақшының өзі белгі қойып отырады.

Сонымен бірге ақшылық кезінде:
– авиа, авто-мото көлікті пайдалануға;
– ішімдік ішуге, есірткі және өзге де уландыратын заттарды пайдалануға;
– түнгі кездеп ату, дыбыссыз ату және лазермен дәлдеу құралдарын пайдалануға;
– жарық түсіретін құралдарды пайдалануға;
– ңір ойықты (нарезное) мылтықты пайдалануға тыйым салынады.

Ақшыларға сәттілік тілей отырып, ан аулау ережесін, өрт қауіпсіздігі ережесін және санитарлық ережелерді сақтау керектігін ескертеміз.

Құстардың, су маңы жануарларының өзгеше мінез-құлық танытуы, өлімі болған жағдайда бірден ақшылық шаруашылығы қызметкерлеріне, орман және ақшылық шаруашылығы инспекциясы инспекторларына немесе ветеринариялық қызметке хабарлау керек.

Ақшылықтың ықылым заманнан адам мен табиғатты жақындататын құрал екені белгілі. Қанжығаларыңыз майланып қайтсын!

В. ХУДЯКОВ,
Алматы облыстық орман және ақшылық шаруашылығы аумақтық инспекциясының жануарлар дүниесі бөлімінің бастығы.

АҚШЫЛАРДЫҢ ЕСІНЕ!

Осы жылдың көктемгі ақшылық мәусымы Сарқан, Алакөл аудандарының басқа аудандарда орналасқан ақшылық шаруашылықтарында 2009 жылдың 21 наурызы мен 4 сәуірі аралығында, Сарқан және Алакөл аудандарында 15 күнге, 28 наурыз бен 11 сәуір аралығына белгіленіп отыр. Құрдың аталығына көктемгі ақшылық (құс ойнақ кезінде) 4 сәуір мен 18 сәуір аралығында шығады.

Ақшылыққа бару үшін жолдама мен марканы ақшылық бірлестіктерінен, сондай-ақ аталған құстарды олжалау квоталары бар ақшылық шаруашылықтарынан тегін ала аласыздар. Алымдағы жылға мемлекеттік баж салығын төлеуді ұмытып кетпеңіздер. Алымдағы жылға баж салығын төлеу мерзімі осы жылдың 31 наурызында аяқталады.

Ан аулау ережесіне сәйкес олжалау мақсатында жануарлар дүниесі объектілерін тазалау, аңдау, сонымен қатар ан аулайтын алқаптарда дәрмен атылатын құралдармен, олжалаған жануармен, бос жіберілген ақшылық иттермен, қырғи құспен жүру ан аулауға шыққан болып есептеледі.

Спорттық-әуесқой ақшылыққа шығатын ақшының келесі құжаттары болуы тиіс:
– жыл дағы жылға мемлекеттік баж салығы төленген белгісі бар ашық куәлігі;

● МЕЙІРІМ

ЖҮРЕККЕ ЖЫЛУ БЕРДІ

Зығыр жандар үшін ең маңызды жаңалық XIX ғасырдың жиырмасыншы жылдарында болды. Француз Луй Брайль ині кірпістің адамдардың өз беттерінше оқып-жазуына жүйе ойлап табады. Бұл жүйе 1961 жылы қазақ әріптерімен толықтырылды. Шымкенттен, Москудың ірілігі ұятқанға түсірілген дыбыстағын кітаптар шығарыла бастады. Кейінгі кезде олар аудиотаспа, диск, плеер арқылы оқырмандар қолына жетті. Ал, бүгінгі күнге келгенде ині кірпістің жандар тифлокомпьютер арқылы жазу жазып, кітап оқи алатын мүмкіндікке қол жеткізіп отыр.

Әрине, кезі көрмесе де, көзіреті оқу жандарға жасалған отырған қамқорлық көпті жеткілікті. Десе де, мұнымен барлық мәселені шешуге болмайды. Сол адамдарға ең керегі рухани көтеретін шараның жиі өткізілп тұруы. Осыған орай, "Қазақ зағиптар қоғамы" Алматы облыстық филиалы бірлатар тынғылықты жұмыстар атқарып келеді.

Аталмыш филиал 8 наурыз мерекесі қарсаңында қалыптасқа тұратын бірлатар зағип жандардың басын қосып, мерекеге шара өткізді.

Мүгедектер тек сауалын ақтайық,
Бермей ақ, ақ бермей көп қайық.
Өз бағының сегізден қалса адам,
Одан өткен жүгедектік болмайды, – демекші, шара барысында бір бишеді, ән шырқалды. Қызықты ойындар ойналып, зағиптар бір-бірін мерекемен құттықтап, марапаттарға бөленісті. Соныкпа шарға "Орамал тон болмайды, жол болады" деп филиал атынан шағын сый-сияпат жасалды.

А. ҚАЖЕТ.

● ҚАЗАКТЕЛЕКОМ

ӨМІРЛІК МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ!

Құрметті Алматы облысының тұрғындары мен қонақтары!

«Қазақтелеком» АҚ 2009 жылдың 15 наурызынан бастап апаттық қызметтердің телефон нөмірлері ауысатындығын хабардар етеді.

Апаттық қызметтер	Ескі нөмір	Жаңа нөмір
Өрт қызметі	01	**101**
Полиция	02	**102**
Жедел жәрдем	03	**103**
Газ қызметі	04	**104**
Құтқару қызметі	051	**112**

Бұрынғы және жаңа нөмірлердің нұсқаларын 15 маусымға дейін, яғни үш ай бойы параллель жұмыс істейді.

Бұл кажет! Жақындарыңызға және туыстарыңызға апаттық қызметтердің жаңа нөмірлерін хабарлаңыздар.

ЖИЗНЕННО ВАЖНАЯ ИНФОРМАЦИЯ!

Уважаемые жители и гости Алматинской области!

АО «Казахтелеком» информирует об изменении телефонных номеров аварийных служб с 15 марта 2009 года.

Аварийные службы	Старые номера	Новые номера
Пожарная охрана	01	**101**
Полиция	02	**102**
Скорая помощь	03	**103**
Служба газа	04	**104**
Служба спасения	051	**112**

Старый и новый номера будут действовать параллельно в течение 3 месяцев – до 15 июня 2009 года.

Это важно! Сообщите близким и родным новые номера аварийных служб.

● БІЛІМ ШАҢЫРАҒЫНДА

Халықаралық "KATEV" қоры ақпан айының 28-і мен наурыздың 1-і аралығында "Жарқын болашақ" атты 7-11 сынып оқушыларына арналған қазақ тілі пәнінен 1-ші халықаралық олимпиада өткізді. Оған еліміз бойынша 28 қазақ-түрік лицейлері қатысты. Алматыда өткен шараға Талдықорған қаласындағы қазақ-түрік жасөспірімдер лицейінен қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Дәмелі Мұратованың бастауымен 13 оқушы барып, қатысып қайтты.

ТІЛ МЕРЕЙІН АРТТЫРДЫ

Алма ЕСЕНБАЕВА, "Жетісу"


Суретті түсірген Аслан КАЖЕКЕ.

Олимпиада шарты онай болған жоқ. Балалардың білімі мен өнерін қатар сарапқа салуды мақсат тұтқан шарада қазақ тілінен білімін көрсету, ғылыми жоба қорғау, орыс топтарындағы оқушылар үшін қазақ тілінде мәнерлеп өлең оқу, ән айту, сахналық қойылым жасау сынды талаптар қойылды. Осындай үлкен сында Талдықорған қазақ-түрік жасөспірімдер лицейінің 7-сынып оқушысы Қылымбаев Оразай "Сөз мәнері" бағыты бойынша 1-орынды жеңіп алды. 9 жасынан өлең жазатын Оразай – лицейдің дарынды оқушыларының бірі. Ол олимпиадада тіл туралы өлеңін оқиды.

Туған тілім неткен байсың,
кең едің,
Өзіңді мен теңіздерге теңедім.
Мен бейне бір теңіздегі
балықпын,
Адамдарға ұяң-теңіз
көрегім.
Туған тілім неткен көркем
алыпсың,
Ең шеркауы сен шығарсың
ғарышқа.
Өз ішінде қанша ұяқыт
сақтадың,
Мұз боп қатқан тұтас мұңын
халықтың.
Туған тілім Ғиласайдай биіксің,
Өз елінде өркендеуге тиіссің.

Бірақ жете орыс тілі кейін еді
дағдана.
Жетімсіредің замандай киіктің,
Ойлап тұрсам, өткен ғасыр құтың
қашты өзіңнен.
Оз кезде де ымдап бақтың
төтімнен.
Ал қазір ше, қазір міне, қайта
өркеннен келесің.
Бір жылымық байқатады жүзіңнен
Туған тілім, өлің әсіресе құлтым.

Осы байқауда Шәкәрім Құдайбердиевтің "Жастарға" деген өлеңін оқып, өзінің айқын да ашық дауысымен көрерменді тамсандырған 7-сынып оқушысы Османов Влад мәнерлеп оқудан 1-орынды жеңіп алды.

– Бұл ақынның жастарды білім алуға үндейтін өлеңі. Мен мұны оқығанда білімнің қаншалықты керектігін, құдіреттілігін сезінемін. Сондықтан да бұл менің жүрегімде, жадымда мәңгілік жатталып қалатын өлең, – дейді кішкентай Влад.

Байқауда "Өнші бүлбұлдар" бағыты бойынша 3-орынды немдеген 8-сынып оқушысы Хасанов Самир көпшілікті өнерімен тәнті етті. Ол өзінің олимпиадаға бастап барған ұстазы Дәмелі Мұратованың өлеңіне және осы лицейдің музыка пәнінің мұғалімі Арман Амангелдіқызының әнін жазылған "Жетісу жерінде" әнін тамылжыта орындауымен ерекшеленді.

– Бұл олимпиада менің білімімді ғана емес, ой-танымымды арттырды. Астанаға жолдама алсам, қуана-қуана барар едім. Бодашакта музыкант болмаспын, бірақ ұстазым сияқты тіл мамандығын таңдауым мүмкін, – дейді бізбен ой бөліскен Самир.

Міне, оқушылар үшін ұмытылмас әсерлі сәт сыйлаған олимпиаданың "эттеген-ай" дейтін түстары да орын алған. Бұл туралы ой бөліскен Дәмелі Мұратова.

– Байқау талабы бойынша сахналық қойылымға бес оқушы ғана және басқа үлт өкілдерінің балалары қатысу керек еді. Басқа лицейден келгендер бұл талапты сақтамады. Оған әділқазылар да көз жұма қарады. Демек, сахналық қойылымдарға қатысқан оқушылардың бәрі қазақ балалары әрі оқушы саны да көп болды. Соған қатысты көңілтолмастығымызды әділқазылар алқасына жеткіздік. Олар шешімді қайта шығаруға уәде етken. Соған қарап сахналық қойылымнан да орын алдық та деген үмітіміз бар. Өйткені, барлық талапты сақтаған біз ғана. Әрі Абай Құнанбаевтың 17-қарасөзін оқушыларымыз сәтті сахналады, – деді.

Бүгінде 28 наурызда Астанада өтетін ақтық сынға жолдама алған лицей оқушылары дайындық үстінде. Біз алдағы үлкен сында бақ сынайтын шәкірттерге тек сәттілік тілейміз.

СУРЕТТЕ: Олимпиададан жүлделі оралған шәкірттер, (ортада) ұстазы Дәмелі МҰРАТОВА.

● ӨНЕР ӨРІСІ

Жетісу бүкіл қазақ баласының мақтанышына айналған шешен мен шежіре, хан мен батыр көп туған ырысты мекен. "Ат тұяғын тай басар" дегендей, бүгіндері өнер жолында өзіндік қолтаңбасын қалдырып, кесікті орын еншілеуге ұмтылып жүрген жастар баршылық. Соның бірі – "Жетісудың жетеуі" көпілді тапқырлар клубы("КТК").

"ЖЕТІСУДЫҢ ЖЕТЕУІ" ТӨРТ ЖАСТА

Қажет АҢДАС, "Жетісу"

Аталмыш команда 2005 жылы 4 ақпанда құрылған. Өрине, алғашында қиындықтың болғаны рас. Өйткені, студенттік өмірдің табалдырығын енді ғана аттаған жастар, талабы мен талғамы ауыр өнердің қыры мен сырын бірден меңгеріп, жетелеп әкете алмады. Бірақ жығыла жүріп, тұрғанды, күніренe жүріп күлуді үйренді. Іздене жүріп ілгері басты. Нәтижесінде, көп өтпей үлкен сахнада өнер көрсете бастады.

Жеті жігіттің болашағына үміт артқан білім ордасы өз көмегін аяп қалмады. "Төрт түлігін түгенден берді" дегеннен аулақпыз. Десе де, үлкен басекеде шындалуына дем беріп отырды. Өткен жылы Сыр өңірінде республиканың барлық жоғары оқу орындарынан "КТК"-ы жиналып бақ сынады. Университет ректоры Әбдіманап Бектұрғановтың демеуімен Жетісудың жеті жігіті осы басекеге қатысып, өлкемізде өнердің бір топ шоқ жұлдызының өсіп келе жатқанын басқаларға ұғындырып оралды. Тәубе, дедік. Ағымдағы жылдың ақпан айында Астана қаласында өткен сайыста алдыңғы ондыққа еніп, премьер-лигаға өтті. Енді Алматы қаласында өтетін 2009 жылдың жеңімпаздығына бақ сынайтын болады. Осы сияқты жеткен жетістігін айта берсең жетеді. Бұл рет осы жігіттердің басқа қырын өңгіме етпекпіз.

Таяуда олар студенттерге үлкен концерттік бағдарлама берді. Қазақстан "КТК" одағы Алматы облыстық филиалының төрағасы Берік Талғатұлының айтуынша, шараның мақсаты – командаңың құрылған төрт жылдан бергі жетістігін жұртшылыққа көрсету. Сонымен бірге, түскен қаржыны "Айналайын" балалар үйіндегі тәрбиеленушілерге қаржылай көмек ретінде ұсыну.

"КТК" интеллектуалды ойын. Қоғамда белең алған кемшілікті өткір тіл, ойлы әзілмен түйреп көрсету. Бүгінгі шараға аталған команданың тыңғылықты дайындалғаны көрініп тұр. Талдықорған қаласындағы өнерлі топтар мен "Айналайын" балалар үйінің өрендері және Алматы қаласынан "Ұнамаса, қарама" "КТК"-ы шақырылыпты. Олар өз өнерлерімен жұртты тәнті етсе, енді бір жағынан мерекелік шараның көрігін қыздыра түсті. Бұл күнгі тақырыптың өзегі қазіргі елді алаңдата бастаған "Әлемдік қаржы дағдарысына" құрылған. Көңілді кешке жиналғандардың шоғыры да көп болды. Бәрі де жеті жігіттің тапқырлығына тәнті болып тарады.

"ҰҚ «Азық-түлік келісім корпорация» АҚ
Алматы облысында Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры есебінен 2009 жылғы көктемгі егіс және жиын-терін жұмыстарын қаржыландыру жүргізілетіндігін хабарлайды

Несие берудің шарттары:
1. Екінші деңгейдегі банктің кепілдігімен;
2. Сыйақы деңгейі – банктік кепілдеме берілген жағдайда жылдық 8 пайыз;
3. Несиелеу бағдарламасына қатысу үшін құжаттар тізімі ең төменгі мөлшерде.

Несиені қайтару тәртібі:
Несиелеу мерзімі – қамтамасыз етілуіне байланысты:
екінші дәрежелі банктің кепілдігі берілсе – 2010 жылғы 20 қаңтарға дейін.
Барлық мәселелер бойынша «ҰҚ «Азық-түлік келісім корпорация» АҚ Оңтүстік өңірдегі өкілдігіне мына мекенжайға хабарласыңыздар:
Алматы қаласы, Гоголь көшесі, 84 "а", офис №318, тел./факс: (8-727-2) 50-85-65.
Талдықорған қаласы, Жансүтіров көшесі, 87/89 (3 қабат), тел./факс: (8-728-2) 24-35-27.

ЕСКЕ АЛУ



Райымбек ауданындағы Кеген ауылының тұрғыны, №2 Кеген орта мектебі директорының орынбасары, ағылшын еңбектес әріптесіміз **ҮСЕНОВА Назым Маметуллақызының** ауыр науқастан көз жұмғанына, міне, қырық күн толып қалыпты. Қырықтан жаңадан асқан шағында беймезгіл дүниеден өткен оның қазасы жанымызға батты, қабырғамызды қайыстырды. Жиырма жылға тарта ұжымасын өткізген білім шаңырағындағы оның орны, еңбегі бөлек еді. Әріптесіміздің жарқын жүзі, қарапайым мінезі, ұрпақ тәрбиесіндегі ісі бізбің жүрегімізде ұзақ сақталады.

Көктем құшақ жаңды өңірге енді,
Шәкірттерің алыңдан сені іздеуді.
Ойымызға бейуақ өзің келіп,
Жатқаны шын мұң торлап көңілдерді.
Ықыласы балек-ті өзіңе елдің,
Тым ертерек қайыпты төріне еңдің.
Біз не дейік, жаннатта болсын жаның,
Тұрсы бүгін жоқтатын сенің орның.
Көктем келіп гүл шығар қақ белеңге,
Ізің қалды осынау өскен елге.
Амал қанша, келмейді сенгіміз де,
Сені бүгін ортада жоқ дегенге.

ЕСКЕ АЛУШЫЛАР: № 2 Кеген орта мектебінің ұжымы.

Өміртай ӨМІРБЕКОВ

КҮРТІНІҢ ТҰҢҒЫШ ЕҢБЕК ЕРІ ЕДІ



«Өміртай Өмірбеков дүние салды» деген суық хабар төбемнен жай түскендей әсер етті. Ойлырмай, мейірімсіз ажалға дауа жоқ екен ғой, Өміртай өлімге қиятын азамат пе еді?!

Мен «Күрті» совхозында басшы қызметтер атқарған жылдары Өміртай осы шаруашылықта аға шопан болып еңбек етті. 1985–1989 жылдары мал басы 38 мыңнан 57 мыңға жетті, саудық қой саны 31 мың басқа жетті, тол кезінде малдың басы 87 мыңға көтерілді. Мемлекетке тапсырылған ауылшаруашылық өнімдерінің көрсеткіш сол жылдары жоғары болды. Атап айтқанда, жоғарғы сапалығы 85 %, 700 тонна қой етін мемлекетке тапсырса, қойдың тіріден салмағы 36 кг.-ға дейін жеткен еді. Сонымен бірге 108 тонна жүн тапсырған сол жылдар бүгін ойлап көрсем қой шаруашылығының майталман қайраткері – Социалистік Еңбек Ері Өміртай Өмірбеков бастаған Айтжан Көшербаев, Долайбай Тезекбаев, Кенеш Раймов, Әбдуали Айбасов, Кемелхан Молдағалиев тәрізді шопандардың ерен еңбегінің нәтижесі екен ғой. Әсіресе Еңбек Ері Өмекең совхоз шопандарының көшін бастап, қарапайым еңбегімен бүкіл республикамызға танылған еді.

Еңбек десе жаның түрған еді, көп сөзге жоқ, істің адамы еді. Өз мүддесінен гөрі қоғам мүддесін ойлаушы еді. Ол жас шопандардың тәлімгер-ұстазы болатын. Отбасының да ұйытқысы еді.

Қайран Өміртай, енді кош! Сенің елің үшін сіңірген еңбегіңді ешқашан ұмытпаймыз, жастарға үлгі-өнеге болып қалдың! Жаның жаннатта болсын, Күртідей шыққан тұңғыш Еңбек Ерім!

С. БАЙҒАЗИЕВ, еңбек ардагері, «Күрті» совхозының бұрынғы директоры.

ҚОШ, ҚАЙРАН ӨМІШ!

Осылай деуге тура келіп тұр, Өміртай қандай азамат еді?! Қой шаруашылығының академигі еді ғой. Бір шаруашылықта, бірге еңбек ету арқылы мен оны жақсы білуші едім. Қарапайым, өз кәсібінің майталманы, нағыз өнегелі, елге сыйлы азамат еді. Мал шаруашылығы өнімдерін молайту жолында аянбай еңбек етті. Тек совхоз емес аудан шопандарының көшін бастап, абыройға бөленген еді. Өмекеннен өнеге алған жандар көп болды. Ол адал еңбегімен данаға бөленген еді. Сөйткен Өміртай бүгін дүние салды дегенге сенгің де келмейді...

Кош, қайран, Өміш! Топырағың торқа, иманың жолдас болсын!

А. КӨШЕРБАЕВ, зейнеткер, бұрынғы аға шопан.

ЕЛГЕ СЫЙЛЫ АҒАМЫЗ ЕДІ

Жер-Ана Өмірғайдай ардақты ағамызды да өз қойнына алып тынды. Жетпіс деген өмір белесіне жана көтерілген сәтте... Өмір сүре тұрғаны дұрыс еді, бірақ мәңдайына жазылғаны осы шығар. Қимаймыз. Мейірімсіз ажалға не шара?! Журналист ағайындар, адал еңбегімен, адамгершілік асыл қасиеттерімен көпке сыйлы, өнегелі жандарға үйір болады ғой. Өміртай ағамыз «Күрті» совхозында аға шопан болып еңбек еткен жылдары мен Күрті аудандық «Шұғыла» газетінде бас редактор болып қызмет істейтінмін. Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Нүсіпжан Нұрманбетовтың бастамасымен жыл сайын аудан шопандарының еңбек көрсеткіштерін газет бетінде басып шығарып, өнегелі істерін дәріптейтінбіз. Сонда жыл сайын «Күрті» совхозының шопандары көш бастайтын. Сонның алдынғы сапында Ө. Өмірбеков ағамыз болушы еді. Қой шаруашылығын өркендету жолындағы адал еңбегі абыройға бөленді. 1982 жылы Өміртай Өмірбеков Социалистік Еңбек Ері деген құрметті атаққа не болып, аудан данқын елге жайды. Әлі есімде, осы 82-ніқ қысында Сарытауқұмда мал қыстатып жатқан аға шопанның қыстауына Москудің «Время» телебағдарламасының Қазақстандағы меншікті тілшісі В. Глуховцев Еңбек Ері жайлы телеочерк түсіру үшін арнайы келді. Аудандық партия комитетінің екінші хатшысы Жұмаділ Сатыбалдиев және мен «Времяның» тілшісімен бірге шопан қыстауында болып, Өміртай ағамыз жоғары наградасымен құттықтаған едік. Сонда ағамыздың қараторы жүзі нұрланып, шаттанып, өмірлік серігімен қуанып құшағына болеген еді...

Өмір өткелі екен ғой, Өміртайдай Еңбек Ері де өмірден озды. Өнегелі ісің ғұмырлы болғай, Өміртай ағa, кош! Жаның жаннатта болсын!

Ө. ҚҰБИЕВ, Қарасай аудандық «Заман жаршысы» газетінің бас редакторы, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

Алматы облыстық әкімдігі және облыстық мәслихат Социалистік Еңбек Ері **Өмірбеков Өміртайдың** қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен ағайын-туыстарына қайғырып көңіл айтады.

Алматы облысы әкімінің аппараты мен облыстық мәслихат «Трансстройиност» акционерлік қоғамының бас директоры, Қапшағай қаласының Құрметті азаматы **Александр Владимирович Рязановтың** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты туған-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қапшағай қаласының әкімдігі, Қапшағай қалалық мәслихаты «Трансстройиност» акционерлік қоғамының бас директоры **Александр Владимирович Рязановтың** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарының орны толмас қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

МЕНШІК ИЕСІ: Алматы облыстық "Жетісу" газеті шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны. ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімі

Бас редактор Жақыпжан НҰРГОЖАЕВ

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТЕРЛІГІНДЕ 2002 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАЗАНДА ТІРКЕЛІП, №3322-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат

Жетісу

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында терілін, беттеледі.
Газет антасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Алты машинописке беттен асатын материалдар қабылданбайды.
Жарнама мен хабарландыруларды мазмұнына мен мәтініне жарнама берушілер жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы — Болашақ" ЖАҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.
М 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Кезекші редактор: Болат АБАҒАН.

КӨЛЕМІ — 2 баспа табақ. ТАПСЫРЫС — 302. ТАРАЛЫМЫ — 41989. ИНДЕКС

Қабылдау бөлмесі және факс — 24-37-11, байланыс телефондары: бас редактордың орынбасарлары — 21-01-90, 24-33-02, жауапты хатшы — 24-38-16, ауылшаруашылығы, экономика және спорт бөлімі — 24-34-06, саясат және парасат, әдебиет және мәдениет бөлімі — 24-36-07, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 24-32-43, білім және ғылым бөлімі — 24-30-57, фототілшілер –21-21-55, хат және ақпарат бөлімі — 24-29-82, есеп-қисап бөлімі — 24-35-28. Алматы қаласындағы тілшілер қосыны —279-13-37 (факс), 79-13-86, 79-36-43. Меншікті тілшілердің аудандардағы телефондары: Үшаралда — 2-12-57, Панфиловта — 5-12-21, Райымбекте — 2-22-05, Іледе — 2-19-33. Газет табыс етілмесе — 72-59-01 телефонымен хабарласу керек.

Құттықтаймыз!



Райымбек ауданы Шырғанақ ауылының тұрғыны, осы ауылда қырық жыл қызмет етіп, бірінше алаң бауыр, бірінше асыл жар, енді бірінше асыл тұлпар **ЖҰЛБАЕВ Тіләлі Құлбайұлын** 60 жасқа толған мерейтойымен құттықтаймыз. Ел ағасы болып еңбек өтіп, кең, парасатты әкемізге ұзақ ғұмыр, дене саулық, асыл жары Бақытгүл апамыз екеуі ұл-қыздары мен немерелерінің қызығына бөленіп, жастары 100-ге толғанша жұптары жазылмай, жүздерінен нұр таймауын шын жүректен тілектестіз.

Өзің құл алдында адал тапқан,
Алла демей басыңа бақ қонар ма?!
Ол пен сенің 40 жыл жолдас жолаған,
Жұртыңа ұяң жанарлайтын ауқа қара
Панаңдан Хантәңірдей әулиеңе.

Тәжсанның, Әке, сенің ерлігіңе
80-нің асқарына шыққаныңда.
Құттықтап, шаттық бүгін, енді міне
Алла Сізге ақыл берсін, ақ берсін.
Бақытқосқан бақ пен дәулет ақ келсін.
Тілегіміз жүз жасаңыз ұзақ болсын,
Өнегелі өміріңіз ұлық өнгесін!

ТІЛЕК БІЛДІРУШІЛЕР: ағасы – **Біләл, жеңгесі – Рағиша және ұл-қыздары, келін, күйеубалалары, немерелері мен жиендері.**



Райымбек ауданы Саты ауылының тұрғыны, Айтжан Тұрсебаев атындағы мектептің директоры, Білім беру ісінің үздігі **Қылырбай МЫРҚАСЫМҰЛЫН** 60 жасқа толған мерейлі мерекесімен құттықтаймыз.

Еңбек жолын қатардағы мұғалім болып бастаған ол, мектеп директорының тәрбие жөніндегі, оқу жөніндегі орынбасары секілді сатылардан өтіп, он жылдан бері директорлық қызметті абыроймен атқарып келе жатқан білікті басшы. Осы жылдар ішінде Қылырбай Мырқасымұлы өзін талантты ұйымдастырушы, әдіскер ұстаз ретінде таныта білді. Мектептің заман талабына сай түзеңуі мен дамуына, шәкірттердің сапалы білім, таңімді тәрбие алуына қомақты үлесін қосып келе жатыр. Біз ұстаздар қауымы атынан мектеп басшысы, ұлағатты ұстазға бақытты өмір тілейміз. Зайыбы Жібек екеуі немере, шөберелерінің қуанышына бөлене берсін.

Елінің абыройлы ұлы сіз бол,
Ортаңда жақының күлін жүрінді тек.
Пешеңіз қуаныштайынсыз түзеп күлкіге,
Әрқашан бақытқа мұрындық бол.

ІЗГІ ТІЛЕКТЕР: А.Тұрсебаев атындағы мектеп ұжымы.



Райымбек ауданы, Шырғанақ ауылдық округіне қарасты Талды ауылының тұрғыны, ұлағатты ұстаз, асыл жар, әрқашан ана **ТАСБОЛАТОВА Кемелхан Рысбекқызы** ертең, яғни 22 мамыр күні еңселі елу жасына толады. Осынау бәрімізге ортақ қуанышымен қуана құттықтаймыз! Талды орта мектебі директорының тәрбие жөніндегі орынбасары болып еңбек еткен оны қанаттандырған шәкірт көп. Үш ұл, үш қызының мейірімді анасы. Келін алып, қыз ұзатып, немере сүйген шаттығымыз ұлан-асыр. Құдайым жақсылығынан айырмағай. Ұл-қыздарының атынан 50 жасында өлең жолдарын арнаймыз.

Шаттығың қандай жеңе сезімді өткен,
Болсынын – өмір нұрлы, көңіл көктем.
Жан ана құттықтаймыз қуанышпен,
Жан ана құттықтаймыз қуанышпен,
Күн болсын елу жасың келіп жеткен.

Гүлімдейін көңілің ықыр гүлмен,
Пейілің еңбек толы қуанышпен.
Жүрегіңіз қуаныштың құшағында,
Әрқашан мұң шықпын жүзіңізден.

ІЗГІ ТІЛЕК, ЫСТЫҚ ЫНТЕПЕН: жолдасы – **Төлеген,** ұлдары-келіні – **Әлібек, Нұртілек, Мекет-Жазира,** қыздары-күйеубалалары – **Гүлзия, Жеңіскүл, Маржан-Нұржан,** немерелері – **Әсел, Мерей.**

• ӨНЕР



Жастар театры Жалыны

Қажет АҢДАС,
"Жетісу"

Г. Мүсіренов атындағы академиялық жастар мен балалар театры ұжымы таяуда Талдықорған қаласында бір күндік гастрольдік сапарда болып қайтты. Бұл гастрольдік сапар Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген артисі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Гүлжамал Қазақбаеваның 60 жылдық мерейтойы қарсаңында жетісулық көрермендермен кездесу мақсатында ұйымдастырылған еді. Осыған орай аталмыш ұжым Бикен Римова атындағы драма театрында Тахауи Ахтановтың «Күшік күйеу» комедиясының желісі бойынша Жанат Хаджиевтің режиссерлігімен сахыналанған спектаклді көрермен назарына ұсынды. Оның қоюшы-суретшісі Қабыл Халықов, ал композиторы Нұрғиса Тілендиев.

Аталмыш қойылымның түсаукесері 2007 жылдың 11 сәуірінде болған еді. Содан бері республика аумағындағы сахналардан түспей келеді. Ал өлкеміздің көрермендеріне бірінші рет ұсынылып отыр. Онда басты рөлдерді Гүлжамал Мұқажанқызы мен Лидия Каденова сомдаса, жас актерлердің шеберлігі де көрменің тәнті етеді.

«Күшік күйеу» спектаклінің қамтитын мазмұны көлемді, көтерген жүгі ауыр. Қазіргі қоғамдағы отбасылық қайшылықтарды шебер шырата білген қойылымның гәрбиелік мәні де зор. Мұнда автор қала мен ауыл жастары, ауқатты және ортаңқол отбасы балаларының таным-түсінігін терең барлай келіп, жүрегі басқа болса да, тілегі бір адамдарды өмірге деген ортақ идея біріктіре алады деген ойды сыналап ұғындырады. Алысты жақындатып, бақай құлығымен нәпәкеге киналмай қол жеткізетін Бекболат немесе ауылдың анқау баласы Қабанбай болсын, жастардың жалаң сауықкұмарлығына бейім Тюрянчик пен намыской Кубик, ерке шолжан Ботка мен заман ағымына елітіп, думаншыл сегімді пір тұтқан Алма роллері айналамызда көрініс тауып жатқан ұрпақ келешегіне балта шабатын жағымсыз әрекеттер. Десе де, автор болашаққа сеніммен қарайды. Осы арқылы махаббаттың зорлыққа бағынбайтын қасиетін көрсетеді. Сүйіспеншіліктің тек шынайы сезіммен құрылатынын, басқаның бәрі жалған сезім екенін күллдге отырып, санаға шегелейді. Бұл біздің қоғамымыздың қазіргі көрінісі еді. Иә, спектаклдің шымырлығы мен ондағы рөлдерді сомдаған актерлердің шеберлігі көрерменді терең ойға жетелеп отырады. Жазушы осы келеңсіздіктен құтылудың жолын да анықтап берді. Қойылым осынысымен құнды, осы арқылы болашаққа жол салады.

Спектакль қойылып біткен соң сахна төріне көтерілген облыс әкімінің орынбасары Серік Мұқанов Гүлжамал Қазақбаеваны құттықтап, сөз сөйледі, облыс әкімінің Құрмет грамотасын табыс етті. Көрермендер де ақулы актрисаға гүл шоқтарын ұсынып, құттықтап жатты. Ал театр ұжымы шапан жауып, сый-сияпат жасады.

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Алматы облысының қаржы басқармасы коммуналдық меншіктегі мемлекеттік объектілерін сатып алу құқығынасы мүлікті жалға (арендаға) беру бойынша тендер өткізеді.

Тендер 2009 жылғы 9 маусымда, сағат 15.00-де өтеді.

Өткізілетін орны: **Талдықорған қаласы, Жансүгіров к., 111-үй, 401-бөлме.**

Тендерге қойылатын жайлар:

1. Көксу ауданы «ст. Көксу ауылының дәрігерлік амбулаториясы» ғимаратындағы жайлы дәріхана ретінде пайдалануға.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 26 ш.м.

2. Қаратал ауданы, «Қаратал аудандық ауруханасы» ғимаратындағы жайды дәріхана ретінде пайдалануға.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 20 ш.м.

3. Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы «Аудандық Мәдениет үйі» фотосалон ретінде пайдалануға.

Жалға берілген алаңның мөлшері – 18 ш.м.

4. Көксу ауданы, Жансүгіров көшесі «Аудандық орталық ауруханасы» ғимаратындағы жайды дәріхана ретінде пайдалануға.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 20 ш.м.

5. Панфилов ауданы, Жаркент қаласы "Панфилов перинатальдық" ғимаратындағы алаңды буфет ретінде пайдалануға.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 56 ш.м.

6. Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы «Аудандық ауруханасы» ғимаратындағы жайды дәріхана ретінде пайдалануға.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 12 ш.м.

7. Еңбекшіқазақ ауданы, Сонет ауылы, «Ауылдық дәрігерлік амбулаториясы» ғимаратындағы жайды дәріхана ретінде пайдалануға.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 12 ш.м.

8. Еңбекшіқазақ ауданы, Қарамөнер ауылы, «Ауылдық дәрігерлік амбулаториясы» ғимаратындағы жайды дәріхана ретінде пайдалануға.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 9.4 ш.м.

9. Талғар ауданы, Бескайнар ауылы «Бескайнар ауылдық әкімдігі» ғимаратындағы жайды тігін кәсіпорын көрсету үшін пайдалануға.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 32 ш.м.

10. Панфилов ауданы, Жаркент қаласы «Панфилов аудандық халыққа қызмет көрсету орталығы» ғимаратындағы (жертөледегі) асханасы

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 88,9 ш.м.

11. Қапшағай қаласы «Қыртау мен мүгедектерге арналған интернат-үйі» ғимаратындағы жайды күнделікті киімет тауарлар сату үшін пайдалануға.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 14 ш.м.

12. Панфилов ауданы, Жаркент қаласы «Панфилов аудандық халыққа қызмет көрсету орталығы» ғимаратындағы өнеркәсіп-көбейткіш қызметін көрсету үшін пайдалану.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 4,2 ш.м.

13. Панфилов ауданы, Жаркент қаласы «Панфилов аудандық халыққа қызмет көрсету орталығы» ғимаратындағы жайды фото/сурет қызметін көрсету үшін пайдалануға.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 4,2 ш.м.

14. Қарасай ауданы, Қаскелен қаласы «Қарасай су құбыры» МКК ғимаратындағы жайлы тіс емлеу қызметін көрсету үшін пайдалануға.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 30,5 ш.м.

Тендер шарттары: жылына 1 шаршы метр үшін жоғары бағада жалға беру төлемін қамтамасыз ету, жайлы нәтижелі пайдалану, инвестиция енгізу.

Бір жылға жалдық төлемнің бастапқы мөлшері:

– жергілікті жерлерде орналасқан дәріханалар үшін – 1 шаршы метрге 601,8 теңге;

– аудан орталықтарында орналасқан дәріханалар үшін – 1 шаршы метрге 1203,7 теңге;

– аудан орталығында орналасқан сурет қызметін көрсету үшін – 1 шаршы метрге 752,3 теңге;

– аудан орталықтарында орналасқан мекемелер асханалары (буфеттер) үшін – бір шаршы метрге 752,3 теңге;

– аудан орталықтарында және жергілікте орналасқан мекемелер асханалары (буфеттер) үшін – бір шаршы метрге 376,2 теңге;

– Қаптағай шипасы күнделікті тауарлар сату үшін – 1 шаршы метрге 2256,9 теңге;

– күнделікті киімет тауарлар сату үшін – 1 шаршы метрге 1126 теңге;

– аудан орталығында орналасқан кәнігерше-көбейткіш қызметі үшін – 1 шаршы метрге 601,8 теңге;

– аудан орталығында орналасқан тігін қызметін көрсету үшін – 1 шаршы метрге 752,3 теңге;

– аудан орталығында орналасқан тіс емдеу кызметі үшін – 1 шаршы метрге 601,8 теңге.

Жалға беру мерзімі бір жылдан екі жылға дейін.

Тендерге қатысушы ретінде тіркелу үшін мына құжаттарды ұсыну керек:

– тендерге қатысу үшін өтінім;

– тендер шарттарына сайкес объектіні пайдалану туралы ұсыныстар (бизнес-жоспар);

– заңды тұлғалар – құрылтай құжаттары (нотариалдық кепілде расталған) көшірмесін, олардың өкілдерінің уәкілдігін растайтын құжаттар;

– жеке тұлғалар – төлқұжат немесе жеке басын куәландыратын басқа да құжаттар көшірмесі;

– дәрі-дәрмекпен айналысатын тұлғалар үшін нотариаттан расталған лицензия көшірмесі.

Өтінімдер ақпараттық хабарлама шыққанның бастап, тендер өткізілуіне бір күн уақыт қалған күнге сағ. 18.00-ге дейін қабылданады. Өтінім қабылдаитын мекенжай:

Талдықорған қаласы, Жансүгіров к-сі,111-үй, 401-бөлме.

Қосымша ақпараттарды 8(7282) 273-627 телефоны арқылы алуға болады.

Тендер өтетін жай: Талдықорған қаласы, Жансүгіров көшесі 111, 401-бөлме.

• ОЙЛАНА ЖҰ

СПИДтен кө жұмғандарға арналады

Айнұр ӘБДІРАХЫМ
"Жетісу"

Жыл сайын мамырдың үшінші жексенбісінде СПИДтен көз жұмғандарды еске алу шаралары өткізілетіні туралы. Осы жылғы ес алу күнінде «Көшпелі Талдықорған аймақтық еңбекпен қамтуды қолдау қоғамдық қорының үйлестіруімен облыстық аурухана жанындағы зарға СПИД-ке қарсы күрес ғалыс нышанына айналған қызыл лента тәрізді 200 тал гүл отырғызылды.

Алғаш рет бұл күнгі іс-шара қайтыс болғандарды еске алу шарасы 1983 жылы Сан-Франциско қаласында ұйымдастырылған. Жылдары СПИД құрбандарының бүгінгідей әлдеқайда аз болғаны рас. – Сондықтан әр адамның құрбан болғандарды еске алып отырып, өз болашағы жайында терең ойлану керек, – дейді ұйымдастырушылар. Гүлзар қалалық экімдігінен берілген «Жигули» ЖШС жеке бизнес те демеушілік жасап, гүлдерді сатып алып, оның отырғызуға көмектесті. Шараның өтуіне облыстық денсаулық басқармасы мен Алматы қаласындағы «Восток-Запад» СПИД қоры өз үлестерін қосты. «Көшпелі» Талдықорған аймақтық еңбекпен қамтуды қолдау қоғамдық қорының төрайымы Светлана Сәдуақасованың айтуынша, республика бойынша осы жылғы сәуір айының өзінде ғана ВИЧ жұқпасымен 222 адам, жылдың басынан бері 778 адам тіркелген. Осы жылдың басынан берігі тексерілген 200 мың адам қан ішінен айда СПИД-пен сырқаттанған 2 адам қан жұғ

Түстен кейін шара қала жерінде, атап айтсақ, «Ақ шағын ауданында, о Арбатта және «Жиһаз» ауданында жалғасты. Ал кеш жаңалатын бұл жерде ақпараттық кітапшалар таратылып, кеңестер бер

• АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!

Суға түсу әліппесі

Әдетте, күн жылысымен су бойында демалушылардың, суға түсушілердің саны арта түседі. Осылайша еркін демалып, денсаулықты күшейткенге, әрине, не жетсін! Бірақ сақтықты ешқашан естен шығармаңыздар!

Апатты жағдай көбінесе ересектер мен балалардың міндетті су қауіпсіздігі ережелерін сақтамауынан немесе оны білмейтіндіктерінен туындап жатады.

Осы себепті де суға түсу қауіпсіздігінің төмендегі негізгі ережелерін мұқият оқып, есте сақтаңыздар:

– ресми рұқсат берілген және құтқару қызметі бар жағажайларға және басқа да арнайы суға түсетін жерлерге барыңыздар;
– малтыл білмесеңіз суға белінізден жоғары еңбеңіз;
– суға түскен кезде бір-біріңнен көз жазбаңыздар;
– жағалаудан және қоршау белгісі қойылған жерлерден ары жүзбеңіздер;
– жүзу білмесеңіздер жүзуге арналған доңгелектерді және үрленген матрастарды пайдаланбаңыздар;
– жақында жүрген катерлер мен кайықтарға таяу жүзіп бармаңыздар;
– кайықтан, катерлер мен жағалаулардан суға секірмеңіздер;
– суға ұзақ түспеңіздер, денелеріңіз суып, шаршауларыңыз мүмкін;
– түнгі уақытта және мас күйде суға түспеңіздер.

Құрметті ата-аналар, педагогтар, балалар мен сәуықтыру лагерлерінің, туристік фирмалар мен демалыс аймақтарының басшылары!

– Балаларды мұқият қадағалаңыздар, олардың ересектердің қарауынсыз су бойында қалдырмаңыздар.

Балалардың ересектер қатысуымен тек арнайы бөлінген және жабдықталған орындарда суға түсуіне рұқсат етіңіздер. Балаларның үрленген матрастарда, камералларда, тақтайларда, үрленгі ойыншықтарда жүзуіне үзілді-кесілді тыйым салыңыздар. Жел немесе судың ағысы оларды жағалаудан тез алып кетеді, сөйтіп көмек көрсету қиынға соғады.

Өкінішке орай, жағалайдың мұнайлығы күрделі екендігін барша қаншілік түсіне бермейді. Тек өткен жылы ғана облыстың суға түсетін орындарында 123 адам өмірін қиып, бұлардың 19-ы балалар. Үстіміздегі жылдың өзінде су тасқынынан 11 адам құрбан болды, бұлардың 4-і балалар. Үстіміздегі жылдың өзінде су тасқынынан 11 адам құрбан болды, бұлардың 4-і балалар.

Ағаматтар! Суда сақ болыңыздар! Су бойындағы міндетті қауіпсіздік ережесін сақтаңыздар, сонда ғана шаттың алдын алып, көңілдегілей тынығасыздар, шынығасыздар.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР ТЖД СУДАН ҚҰТҚАРУ ҚЫЗМЕТІ.

«Тяньцзинь корпорация» АФ ЖШС жұмысқа шақырады

1. 1210. Күрделі құрылыс жөніндегі директор – 1 адам. Жоғары кәсіптік (техникалық) білім және күрделі құрылыс саласында кемінде 5 жыл басшылық қызметтегі жұмыс өтілі.

2. 1313. Күрделі құрылыс жөніндегі директордың орынбасары – 1 адам. Жоғары кәсіптік (техникалық) білім және күрделі құрылыс саласында кемінде 5 жыл басшылық қызметтегі жұмыс өтілі.

3. 2141. Құрылысқа қадағалау қою жөніндегі инженер – 1 адам. Жоғары кәсіби (техникалық) білімі және мамандығы немесе басқа шұғылмды мамандықтар бойынша кемінде 3 жыл жұмыс өтілі.

4. 2141. Жобалау-сметалық жұмыс жөніндегі инженер – 1 адам. Жоғары кәсіби (техникалық) білім және мамандығы бойынша кемінде 3 жыл жұмыс өтілі немесе орта-кәсіби (техникалық) білімі және мамандығы бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілі.

5. 2444. Аудармашы – 4 адам. Жоғары кәсіби білімі және аудармашы қызметінде кемінде 3 жыл жұмыс өтілі.

6. 7212. Электргазбәнекерлеуші – 5 адам. Орта кәсіби немесе бастауыш кәсіби білімі және тиісті салалық ұйымдарда кемінде 6 айлық жұмыс өтілі болғаны артықшылық білдіреді.

7. 7121. Арматурашы (құрылыс-монтаж және құрылыс-жөндеу жұмыстары) – 14 адам. Орта кәсіби немесе бастауыш кәсіби білімі және тиісті салалық ұйымдарда кемінде 6 айлық жұмыс өтілі болғаны артықшылық білдіреді.

8. 7134. Гидроизоляция айырғыштары – 12 адам. Орта кәсіби немесе бастауыш кәсіби білімі және тиісті салалық ұйымдарда кемінде 6 айлық жұмыс өтілі болғаны артықшылық білдіреді.

9. 7137. Жарықтандыру және жарықтандыру жүйесі бойынша электрмонтажшы – 8 адам. Орта кәсіби немесе бастауыш кәсіби білімі және тиісті салалық ұйымдарда кемінде 6 айлық жұмыс өтілі болғаны артықшылық білдіреді.

10. 7121. Санитарлық-техникалық жүйелер мен кондырғылардың монтажшысы – 8 адам. Орта кәсіби немесе бастауыш кәсіби білімі және тиісті салалық ұйымдарда кемінде 6 айлық жұмыс өтілі болғаны артықшылық білдіреді.

11. 7136. Технологиялық труба құбырлары тораптары мен детальдарын дайындау жөніндегі слесарь – 11 адам. Орта кәсіби немесе бастауыш кәсіби білімі және тиісті салалық ұйымдарда кемінде 6 айлық жұмыс өтілі болғаны артықшылық білдіреді.

12. 7450. Бетон және темір бетон бұйымдары мен қондырғыларының бақылаушысы – 25 адам. Орта кәсіби немесе бастауыш кәсіби білімі және тиісті салалық ұйымдарда кемінде 6 айлық жұмыс өтілі болғаны артықшылық білдіреді.

13. 7121. Қырлаушы-плиташы – 12 адам. Орта кәсіби немесе бастауыш кәсіби білімі және тиісті салалық ұйымдарда кемінде 6 айлық жұмыс өтілі болғаны артықшылық білдіреді.

14. 7137. Кабель жүйелері бойынша электр монтажшы – 8 адам. Орта кәсіби немесе бастауыш кәсіби білімі және тиісті салалық ұйымдарда кемінде 6 айлық жұмыс өтілі болғаны артықшылық білдіреді.

15. 7212. Қолмен дәнекерлеудің электргаздәнекерлеушісі – 8 адам. Орта кәсіби немесе бастауыш кәсіби білімі және тиісті салалық ұйымдарда кемінде 6 айлық жұмыс өтілі болғаны артықшылық білдіреді.

16. 7212. Дәнекерлеу жұмыстарының бақылаушысы – 12 адам. Орта кәсіби немесе бастауыш кәсіби білімі және тиісті салалық ұйымдарда кемінде 6 айлық жұмыс өтілі болғаны артықшылық білдіреді.

17. 7124. Ағаш шеберлері – 9 адам. Орта кәсіби немесе бастауыш кәсіби білімі және тиісті салалық ұйымдарда кемінде 6 айлық жұмыс өтілі болғаны артықшылық білдіреді.

Барлық үміткерлер өздерінің түйіндемелерін мына мекенжайға жіберуі керек: **«Тяньцзинь корпорация» АФ ЖШС, Алматы қаласы, әл-Фараби көшесі 95/1. Тел.: 8 (727) 315-82-83 немесе Алматы облысы жұмыска орналастыру және алеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасы, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 26. Факс: 8 (7282) 27-08-34, : «Тяньцзинь корпорация» АФ ЖШС деп көрсетілуі керек.**

Аңатпықты тұрақтандыру және жол-көлік оқиғаларын төмендету мақсатында, ҚР ІІМ-мен бекітілген 2009 жылдың 2-тоқсанында жедел алдын алу іс-шараларының графигіне сәйкес, ағымдағы жылдың 18-25 мамыр аралығында «Назар аударыңыздар, балалар!» жедел алдын алу іс-шаралары өткізіледі.

Назар аударыңыздар, балалар!

жедел алдын алу іс-шараларын өткізу бойынша ақпарат

Назар аударыңыздар, балалар! Жедел алдын алу іс-шараларын өткізу кезеңінде:

– операцияға қоғамды, бұқаралық ақпарат құралдарын тарту ұйымдастырылады, өткізілетін іс-шаралардың барысы туралы күн сайын облыстық, қалалық және аудандық бұқаралық ақпарат құралдарында жарық көрсету қамтамасыз етіледі;

– жол полиция қызметкерлерінің білім беру органдарының өкілдерімен бірлесіп жалпы білім беру мекемелерін зерттеу ұйымдастырылады;

– жалпы білім беру мекемелерінің аймағына жақын аумағы жазу жүргіншілер өтпесінің тиісті жол белгілерімен, жазу жүргіншілер қорғаушылдарымен, жол белгісімен және басқа да жол жүрісін реттейтін техникалық бекіліктермен жабдықталуын жол және коммуналдық органдар өкілдерімен бірлескен зерттеуі ұйымдастырылады. Жазу жүргіншілер – балалар қозғалысы үшін қауіпсіз жағдайды қалыптастыру үшін шаралар қабылданады;

– нормативтер мен стандарттарға сәйкес, қалының жол қозғалыс кише-жол торында мектептер мен мектепке дейінгі мекемелер маңында өндірісте жасалған жасанды тегістіктерді қолдану бойынша шаралар қабылданады;

– операцияны өткізу кезеңінде білім беру мекемелеріне анағұрлым жақын жерде, сондай-ақ ағымдағы жылдың 18-25 мамыр аралығында

– әрбір жалпы білім беру мектептерінің жанында, жол полиция нарядының қосымша патрульдау маршруттары мен посттарын шығару қамтамасыз етілген. Осы кезде жүргізушілердің жол жүріс ережелерін сақтауға, жол жүріс ережелерін тұрпайы бұзушылығының жолын кесуге ерекше назар аударылады;

– білім беру органдарымен бірлесіп мектептерде «жол жүрісі қауіпсіздігі» тақырыбына алдын алу оқытулар, әңгімелесулер, дәрістер өткізіледі;

– ұйымдастырылған балалар тобын тасымалдауға арналған автобустардың техникалық жағдайын тексеру жүргізіледі, жол жүріс қауіпсіздігі талаптарына жауап беретін техникалық жарамды автобустарға ғана балаларды тасымалдауға рұқсат етіледі;

Жолда назар болыңыздар! Жол жүріс ережелерін бұзбаңыздар – одан Сіздерді қоршаған адамдардың өмірі тәуелді! Жолды «Қауіпсіз» жасау – сіздердің қолдарыңызда!

Құрметті жүргізуші, балалар қатысуымен жол қозғалысы оқиғасын максималды төмендету мақсатында Алматы облысы ІІД жол полиция басқармасы сізді жол жүріс ережесін сақтауға шақырады.

«Алматы облысының жолаушы көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ-і 2009 жылғы 12 мамырдағы тұрақты түрді облысішілік жолаушылар мен жүк тасымалдау қызметін көрсету құқығын алуға конкурс өткізілмеді деп танылғанын хабарлайды.

«Сайқан-Тау» ЖШС өзін өзі тарқатуға байланысты қойылатын талаптарды 2009 жылдың 21 мамырынан бастап екі ай бойы жіберуді өтінеді. Барлық сауалдар бойынша Үшарал қаласы, Бөгенбай батыр көшесіндегі 11 үйге немесе 2-15-01 телефонына хабарласуға болады.

Маралбаева Мадина Жеңіскызының атына берілген Абас орта мектебінің аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Открылась наследственная масса после смерти гр.Сулейменова Казбека умершего 2009 году 16 апреля, наследников просим обратиться к нотариусу Айнакуловой Карашаш Алтынбековне по адресу: г. Каскелен, ул. Карасай батыра, дом 33, кв.2 Карасайского района Алматинской области. Телефон: 872711-23363 в течении одного месяца.

«ҚАРАОЙ НАЗЫ» ШАҚЫРАДЫ

Ел азаматтарының арқасында бітпей қалған құрылыс нысаны аяқталып, осыдан біраз уақыт ауыл жұрты Мәдениет үйінің ашылуына куә болған еді.

Мәдениет үйінің директоры Ахан Жолдыбаевтың айтуына қарағанда ауыл мәдениетінің қайта жандануына облыс, аудан тарапынан мән берілуіне байланысты көптеген шараларды қолға алуға мүмкіндік туған.

Мұнда заман талабына сай барлық жағдай жасалыпты. Үстел теннисі, бильярд, мәжіліс залы, кітапхана, үйірмелер бөлмелері, асхана, тіпті қонақүйін де осы Мәдениет үйі ішінен табуға болады.

Соған орай осында бес үйірме жұмыс істейді екен. Соңғы күндердің жаңалығы наурыз айы алдында ғана құрамында 9 адамы бар «Қараой назы» атты әжелер ансамблі құрылып, өзінің тұсаукесерін өткізіпті. Осы ансамбльдің өнерін өрге сүйрету үшін алда үлкен істердің күтіп тұрғанын директор тілге тиек етті.

Ансамбльдің жетекшісі Гүлшәйім Қасымбекова әжелер туралы ойын былай деп сабақтайды:

– Наурыз тойында өз өнерімізді көрсеттік. Жұрт бізді жылы қабылдады. Кезінде әркайсымыз әртүрлі салада еңбек етіп, зейнетке шыққасқа та, біздің басымызды қосатын дүние өнерге деген құрмет, өнге деген махаббат сезімі екен. Сол өнер тоғызымыздың басымызды қосып отыр. Уақыт өте өнеріміздің насихаттау, тарату аумағы кейінге түсе берсек дейміз.

А. ШӘКЕНҰЛЫ

БАЛҚАШ АУДАНЫ.

МЕНШІК ИЕСІ: Алматы облыстық "Жетісу" газеті шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны. ҚҰРЫЛТАЙШЫСЫ: Алматы облысының әкімі

Бас редактор Жақыпжан НҰРГОЖАЕВ

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2002 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАЗАНДА ТІРКЕЛІП, №3322-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат

Жетісу

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында терілін, беттелелі.
Газет аптасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Суреттердің санасы үшін редакция жауап береді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Алты машинкелік беттен жазған материалдар қабылданбайды.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы — Болашақ" ЖАК филиалы "Офсет" баспаханасында басылды.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

КӨЛЕМІ — 2 баспа табақ. ТАПСЫРЫС — 631. ТАРАЛЫМЫ — 34889. ИНДЕКСІ — 65469.

Кезекші редактор: Нұрбол ӘЛДІБАЕВ.

Қабылдау бөлмесі және факс — 24-37-11, байланыс телефондары: бас редактордың орынбасарлары — 21-01-90, 24-33-02, жауапты хатшы —24-38-16, ауылшаруашылығы, экономика және спорт бөлімі — 24-34-06, саясат және парасат, әдебиет және мәдениет бөлімі — 24-36-07, ұлықт және алеуметтік мәселелер бөлімі — 24-32-43, білім және ғылым бөлімі — 24-30-57, фототілшілер –21-21-55, заң және ақпарат бөлімі — 24-29-82, есеп-қисап бөлімі — 24-35-28. Алматы қаласындағы тілшілер қосыны —279-13-37 (факс), 79-13-86, 79-36-43, Меншікті тілшілердің аудандардағы телефондары: Үшаралда — 2-12-57, Панфилова — 5-12-21, Райымбекте — 2-22-05, Іледе — 2-19-33. Газет табыс етілмесе — 72-59-01 телефонымен хабарласу керек.

СЕЙФОВЫЕ ОПЕРАЦИИ

ХРАНИТЕ ДЕНЬГИ И ЦЕННОСТИ В СЕЙФАХ АЛЬЯНС БАНКА!

Вид сейфа	1-5 дней	5-30 дней	1 месяц	3 месяца	6 месяцев	1 год
Малый сейф 80x246x450 8 856 куб. см	600 KZT	120 KZT в день	3 000 KZT	8 100 KZT	15 300 KZT	28 800 KZT
Средний сейф 144x246x450 15 940,80 куб. см	1 200 KZT	230 KZT в день	3 500 KZT	9 450 KZT	17 850 KZT	33 600 KZT
Большой сейф 450x246x450 49 815 куб. см	1 750 KZT	350 KZT в день	7 000 KZT	18 900 KZT	35 700 KZT	67 200 KZT

Данная информация действительна на момент опубликования.

Единая служба информации:
8 800 080 0000 (звонок бесплатный)
+7 (7282) 55-00-00

АльянсБанк
Группа компаний Альянс

АРДАГЕР

АЙЫНА ЕКІ РЕТ ШЫҒАТЫН ГАЗЕТ ІШІНДЕГІ ГАЗЕТ

4

Бейсенбі,
4 наурыз,
2010 жыл

Өнеге



Ән шалқыткан өз әже

Таяуда Талдықорған қаласы әкімдігінің жиын залында елді елең еткізген игілікті шара өтті. Онда Ұлы Отан соғысының ардагері, ұзақ жылдар заң саласында қарымды жұмыстар атқарып, елдің құрметіне бөленген Биахмет Сарымсақов пен өмірін өнермен өрнектеп, бірталай жас өнерпаздың бедел биігіне шығуына ықпал еткен, облысымыздың мәдениет саласына зор үлес сіңірген Дина Нұрғалиеваға Талдықорған қаласының «Құрметті азаматы» төсбелгісі табыс етілді.

Салтанатты шарада қала әкімі Сөкен Жылқайдаров, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Егеубек Далбағаев және өзге жиынға қатысқандар қос ардагерді құттықтап, еңбек жолынан мағлұмат берді.

«Өнердің жолы ауыр жол», – деп хакім Абай айтқандай, оның биігіне тек қажыры мен қайраты бекем, жолай келген қиындыққа мойымайтын бірбеткей жандар ғана шыға алатынын өмір сан мәрте дәлелдеп берді. Мұны елу жылдық ізденісін осы салаға арнаған Дина Нұрғалиқызының еңбек жолынан да аңғаруға болады.

Дина апамыз 1940 жылы қазіргі Мұқыры ауылында дүниеге келді. Бірақ балалық, жастық шағы бүгіндері Зылиха Тамшыбаева ауылы атанып кеткен Аманғелді ауылында өтеді. Өйткені, әкесі Нұрғали Өлішев осында көп жылдар бас есепші болып жұмыс істеген. Отан қорғауға да осы ауылдың азаматтарымен бірге аттанып, от пен оқтың арасынан аман-есен ауылға оралады. Алайда, соғыс салған жарақаттың салдарынан 1946 жылы дүние салады. Енді ғана 6 жасқа шыққан қыз бала шешесінің тәрбиесінде өседі.

– Дей тұрғанмен, ауыл арасы емес пе? Ол кез бүгінгідей байлыққа бола бауырын ұмытып кететін заман емес. Бауырмалдық пен туыстықтың ұйығы шағы. Соған орай туыскандар, көршіқолаң көмегін аямады. Әсіресе, Қожахмет Өлішев атамыз көп сүйеу болды. Несін жасырайын, сонау отызыншы жылдары жеті баласын желкілдетіп есіріп отырған отбасыдан 1932-33 жылдардағы ашаршылықта әкем мен осы інісі екеуі аман қалған екен. Олар сан қиындықты бастан кешіріп, енді ғана жетілгенде екемді қатал тағдыр алды да кетті. Тағы да шаңырағымызға қара бұлт үйірілп, қала бердік. Бірақ өмірге қайсарлана ұмтылуға тура келді. Менің кейінгі күндердегі кездескен қиындыққа мойымай, алған бетімнен қайтпайтын мінезім осы кезде қалыптасқан шығар, – деп күрсінді апамыз.

Соғыс ертін көріп, ауылға ауру арқалап қайтқан азаматтардың қиналысын көріп өскендіктен бе, болашақта дәрігер болсам деп армандады. Тағы да соған өзін дайындай бастады. Бірақ орта мектепті бітіріп, құжаттарын Алматыдағы мединститутқа тапсырғанымен, оқуға қабылданбай қалды. Осыдан кейін өнер жолында бағын сынап көруге бекінді. Нәтижесінде, 1956 жылы халық әртісі, қазақтың біртуар ұлдарының бірі – Қанабек Байсейтовтің бастамасымен Абай атындағы опера және балет театрының жанынан ашылған хор-вокалдық студиясына қабылданады. Аталған студия 1958 жылы Мәскеуде өтетін қазақ ақын-жазушыларының онкүндігіне баратын театр әртістерін дайындау мақсатымен қолға алынған болатын. Міне, осылай, еңбек жолын хордың әншісі болып бастайды. Басында біраз қиналса да Кәукен Кенжетаев, Роза Жаманова, Ермек Серкебаев, Байғали Досымжанов, Әлкен Мусабекова сияқты театр саңлақтарының талым-тәрбиесінің арқасында ортаға тез кендігін кетеді. Тіпті, 1958 жылы хордың әншісі ретінде Мәскеуге барып, жоғары баға алып қайтады. Осыдан кейін оның жұмысқа ыждағаттылығы мен жауапкершілігін ескерген ұжым жауапты қызметтерді де жүктеп, комсомолдың хатшысы, кәсіподақ комитетінің мүшесі болып сайланады. Бұл енді ғана 18-ге келген жас қызға оңай болған жоқ. Десе де, оқуын бітіріп, өз алдына отау болып кеткенше барлық қиындығы мен тәрбиесін өзі арқалап келді. Сондықтан, балаларымның мінезі менен гөрі әкелеріне тартып кеткен, – деп көзін бір сығымдап алды апамыз.

Енді бір жағынан, атамыздың осындай азаматтығына апамыздың да үлесі мол болған көрінеді. 1964 жылы оқуын бітірген Қажымұқан Үсенов жолдамамен қазіргі Кербұлақ ауданы, Сарбұлақ ауылына қызметке барады. Ол кезде үйлі-баранды болып алған Қажекеңнен бала-шағаны Алматыға қалдырып, шалғай ауылға барып қызмет істеуі оңай емес. «Ауылға бара алмаймын» деп сылтау айтуға тағы болмайды. Еңбегі еленіп, елге таныла бастаған Дина қасиетті театрды қиып кеткісі келмейді.

Иә, өмірдің кейде адамды өкінудай ойға салатын кезі болады. Мұндайда батыл қадам жасаудың келешегіне кең жол ашатын тұстары да аз болмайды. Ақыры Дина сахнадан қол үзіп, отбасымен бірге болашаққа нық қадам басуға бекиді. Содан, 1965 жылы сол кездегі Талдықорған облысы, Гвардия (Қазіргі Кербұлақ ауданы) аудандық Мәдениет үйіне жұмысқа тұрады. Кейінен Көксу ауданына ауысып, тағы да мәдениет саласында тер төгеді. Сол жылдары күнделікті жұмысын атқара жүріп, музыка мектебін құруға құлшына кірісіп, жаңа оқу орнының директоры болып тағайындалды. Енді сахнадағы актриса ұстаз болып жастарды халықтық өнерге баули бастайды. Бұл уақытта қаншама жас дарынның жолын ашқанын саусақпен санап бере алмасақ та, бүгінгі өнер жолында жүрген танымал өнерпаздың дені Дина апаның тәрбиесін алғанын ел біледі. Осы еңбегінің нәтижесінде 1974 жылы Талдықорған облыстық көркемөнерпаздар үйінің директоры болып ауысады. Арада бір жыл салып облыстық І Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайының директоры қызметіне кіріседі. Сол жылдары Мәдениет сарайының жанынан құрылған төрт ансамбль халықтық атақ алды. Соның бірі – «Алтын дән» ансамблі бүгінде республикаға тіпті, шет елдерге танымал. Оның үстіне халық мұрасын насихаттаумен де жұрт көңілінен шығып келеді. Бұл туралы бір кездері аталған ансамбльде жұмыс атқарғандар ризашылықпен еске алады. Осыдан кейін, Динаны Талдықорған қалалық атқару комитетінің мәдениет бөліміне меңгеруші етіп тағайындайды. Басшылықтың үмітін жауапкершілікпен қабылдап алған Дина бас-аяғы төрт жылда қаланың мәдениет саласында қордаланып қалған мәселелерді шешіп, жұрт сенімінен шығады. Енді оны 1981 жылы облыстық Б. Римова атындағы драма театрына директор етіп жібереді.

Бүгінгі аталған театрдың мақтанышын арттырып жүргендердің дені Дина апаның шәкірттері. Олар осындай ұстаздық тәлімін көргенін ілтипатпен еске алады. Арада бір мезгіл «Қазақкумулятор» зауытына қарасты қазақ балабақшасының меңгерушісі болып, балдырғандар тәрбиесіне де барын салғаны бар. Қысқасы, 1995 жылы зейнеткерлікке шыққанша облыстың қоғамдық жұмыстарына белсене қатысып, мәдениетімізді мәйектетуге қосқан үлесі орасан мол болды. Зейнеткерлікке шыққан соң да Дина апа еңбегіміз сіңді, енді жайланып бір демалайық деген жоқ. Тағы да жастарға ата-бабамыздың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын насихаттап, олардың рухани байлығын кемелдендіруге белсене кірісті. Нәтижесінде, 2003 жылы «Ардагер әжелер» ансамблін құруға атсалысты. Оның ықпалымен бүгіндері облыстың барлық елді мекендерінде аталған өнер ұжымы құрылып, іс-шараның шырайын келтіріп жүргенін тұрғындар толық біледі. Өткен жылы облыстық «Әже – отбасының алтын қазығы» атты байқаудан көңіліне ой түйген ата-аналардың кептігі аталған бастаманы жүртшы жылы қабылдағанын айғақтайды. Ал «Ата-баба дәстүрі – ұрпаққа аманат» бастамасымен қолға алынған шараның жас буынға берерінің мол екенін жұрт түсінді. Осыдан бірер жыл бұрын бастау алған шара аталар мен әжелердің ұрпақ тәрбиесіндегі рөлін дәріптеу арқылы мектеп оқушыларын білікті де білімді, иманжүзді етіп тәрбиелеуге ықпал етуде. Өткен жылы аталмыш бағдарлама аясында Талдықорған қаласындағы мектептерде тәрбие сағаттары ұйымдастырылып, оның қорытындысы шығарылды. Жеңімпаздар марапатталып, олардың тәжірибесі өзге оқу орындарында үлгі ретінде қолданылып келеді. Нәтижесінде, мұндай шаралар биылғы жылы облыс аумағындағы 749 мектепте қолға алынды. Осы орайда, бұл шараның сәтті ұйымдастырылуына Дина Нұрғалиқызының көп тер төккенін айта кеткен жөн. Қазіргі уақытта облыстық әжелер комитетінің төрайымы болып еңбек етуде.

Дина апамыз: «Менің осы биікке жеткенім, біріншіден, құдай қосқан қосағым Қажымұқан Үсеновтің қолдауы болса, екіншіден, өнерде де, өмірде де ұстазым болған, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы, халқының қалаулы ақсақалы Егеубек Далбағаев ағамның жол көрсетіп, нұсқау беріп отырғандығында», – дейді ағынан жарылып. Иә, «Адам ұрпағымен мың жасайды» дегендей, өсер елдің өсиетін айтып, ұрпақты береке мен бірлікке ұйытатын осындай аталар мен апалары бар бүгінгі ұрпақ бақытты. Сондықтан олар қандай да биік мәртебе мен атаққа лайықты деп санаймыз. Биыл Дина апамыз жетпіске келді. Осыған орай, айтар ойымызды былайша түйіндесек артық болмас деп ойлаймын:

Ақ тілекте бір керемет мән бар, шын,
Тұлабойы кіршігі жоқ талғамсың.
Арамызда Зерелер жоқ кешегі,
Дегенменен, Дина апа, сен барсың.

Сіздер басқан әрбір жолдың нарқы бар,
Керектісін кезіккен жан қалқып ал.
Өсер елдің өсиетін айтатын,
Ел бақытты сіздей дана қарты бар.

Қажет АНДАС.

Мерей

Ардагер ұстаз, журналист

Еңбегінің жемісін көріп, елінің елеулісі болған ұстаз, журналист облыстық «Жетісу» газетінің жанашыры С. Болсынбековтың 70 жылдық мерейтойы Қапшағай қаласы № 3 орта мектебінің үлкен залында аталып өтті.

Өмірге деген көркасы, болмысы бөлек, көпті көрген, түйгені мол Сапарғазы Болсынбеков өзінің саналы өмірін ұстаздыққа арнаған азамат. Ол қайда жүрсе де халықпен болып, елдің мұңы мен мұқтажына қамқорлықпен қарап жүретін жанашыр жан. Облысымыздың Қапшағай қаласы дарынды қаламгерден кенде емес аймақ. Қаламы төселген қаламгер мен жас буын арасындағы сабақтастықты жетілдіруде кітапхана қызметкерлері бірлесе отырып, біраз шаралар атқарды. Сол шаралардың бел ортасында үнемі Сапарғазы Болсынбеков белсенділік танытып жүреді. Оған облыс орталығы Талдықорған қаласында өткен Қапшағай қаласының мәдениет күндерінде қаланың кітапхана қызметкерлері ұйымдастырған кездесуде ол облыс оқырмандарына өзінің жыр шумақтарын ұсынып, үлкен ықыласқа бөленді. Бүгінгі жаһандануға рухы мықты, рухани байлығы бөлек, намысты ел ғана төтеп бере алады. Осыған орай, еңселі ұрпақ тәрбиелеу барысында осындай аға ұрпақтың алар орны бөлек. Өзінің көргенбілгенін, ата дәстүр, салтымызды, тіл мен діни насихаттауда Сапарғазының ептеп еретіне десек болады. Сапарғазы шығармаларының кейіпкерлері өлкеге белгілі азаматтар – қарапайым еңбек адамдары, ұстаздар қауымы болып табылады. Тіл жанашыры, таңымал журналист ретінде қалаға елдің ардактысы Д. Қонаевтың есімін беру туралы талмай жазып жүрген еңбегі өз алдына бір бөлек.

Әлбетте, жетпіске жету бар да, оған абырой-атақпен келу бар. Сапарғазы Болсынбеков осы жасына басқаларға үлгі болар өзгешелігімен келді. Өркениет тамыры ауылдан басталды. Сол қасиеті Балқаштай байтақ өлкенің нәрімен сусындаған алып бәйтерекке айналды. Бүгінгі Қапшағай өнірінің абзал азаматы, ардагер ұстазы, қаламгер Сапарғазы Болсынбеков сол даланың жусанын иіскеп, жұпар иісіне құштар болып өскен жан.

Ол 1940 жылы 5 ақпанда Балқаш ауданы Көктал ауылында туған. 1947 жылы осындағы Сталин атындағы жетіжылдық мектебінің бірінші сыныбына барып, 1958 жылы Қарой селосындағы «Үлгілі» орта мектебін тамамдады. 1958 жылы Талғар қаласындағы бір жылдық трактористер курсын бітіргеннен соң әскер қатарында болды. 1963 – 1964 жылдары Көктал совхозында шофер, ал 1967 жылдың қыркүйек айынан Ю.Гагарин атындағы сегізжылдық мектепке мұғалім болып орналасты. 1969 жылы Абай атындағы педагогикалық институтының тарих факультетіне сырттай оқуға түсіп, оны 1974 жылы бітіріп шықты. Осы мектепте мұғалім әрі оқу ісінің меңгерушісі болып, 1988 жылдан 2003 жылға дейін Балқаш ауданындағы «Жиделі» орта мектебінің директоры қызметін атқарып, зейнеткерлікке шықты.

Еңбегі бағаланып, «Еңбек ардагері» медалімен, «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері» белгісімен марапатталды.

Балқаш ауданының айнасы, бұрынғы «Балқаш еңбеккері» кейінгі «Балқаш өңірі» газетінің 1965 жылдан жанашыры әрі белсенді авторларының бірі болды. Сөйтіп, басқа бетінде мақалалары мен өлеңдері үйбей шығып, ұстаздың екінші мамандығы – қаламгерлік жолы басталды.

Ал, облыстық «Жетісу» газетіне 1985 жылдан бастап мақалалары жарық көріп, өзінің сүйікті басылымымен бүгінгі күнге дейін байланыс жасап келеді. Қазіргі таңда қалалық қоғамдық-саяси «Нұрлы өлке» газетінің меншікті тілшісі қызметін атқаруда.

От 3 бала тәрбиелеген әке, 6 немеренің атасы.

Ұзақ жылдар бойы ұстаздық етуден жалықпаған, өмірден көргені мен түйгені мол парасатты педагогтың мақала-өлеңдері кейінгі жас ұрпақтарын рухани жандүниесін байытып келеді. Ақын азаматты жетпіс жасқа толуына байланысты Қапшағай қаласының әкімі Н. Таубаев құттықтап, Алғыс хат жолдады.

Сайлаубек БАЙДҮЙСЕНҰЛЫ.

ҚАПШАҒАЙ ҚАЛАСЫ.

Имандылық ірімдері

Мұхаммед пайғамбардың хадистері

Қайырымды және мейірбан Алла атынан

✓ Бармақпен көрсетілетін дәрежеде даңққа бөлену – жаман. Бірақ Тәңір оны тәкаппарлықтан сақтаса, зияны жоқ.

✓ Зекет беруші, қонақжай және мүсәпірлерге қамқор адам – бақытқа пен сарандық, қызғаншақтықтан ада болады.

✓ Астың берекесі – жеудің алдында және соңында қол жуу.

✓ Тойда момындар былай қалып, тек байлар ғана жеп кететін тағам – жақсы тағамға жатпайды.

✓ Үйіне қонақ келмейтіндер – жақсы адамдар емес.

✓ Қарапайым киіну – имандылықтың белгісі.

✓ Барша жақсылық – қайырымдылықта. Барша күнә мен жамандық – ділдегі дұшпандық пен ұятсыздықта.

✓ Жақсылық дегеніміз – нәсіп тиылып, жаның дем алатын істер. Жамандық немесе күнәлардың орнін көрсіпше, соялықтан тіпті мұфти рұқсат берген істі де өз ақылыңа салып барып істе.

✓ Жақсылық ескірмейді. Жамандық – ұмытылмайды, жазалаушы (Алла) ұмытылмайды. Әділдіктен аттама, әділдігің қандай болса, күнің сондай болады.

✓ Бар бәле – тілден.

Ата-ананың міндеттері

1. Балаларын дені сау етіп өсіру, оның тән мен жан саулығын қорғау.

2. Балаларына әрам нәрселерді жегізбеу.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с) былай дейді: «Аллаһ жолында жұмсалған қаржылардың ең сауаптысы – отбасы мүшелері үшін жұмсалғаны. Бір адамның өз қамқорлығындағы жандарға селсоқ қарауы оның күнәһар болумға жеткілікті»

3. Баласына жақсы ат қою.

4. Баласын жақсы тәрбиелеп, оған ахлақ тұрғысынан үлгі болу.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с): «Әкесінің баласына қалдырған ең үлкен мұрасы – оны жақсы тәрбиелеуі», – деген.

5. Баласына намаз оқытуы, басқа да діни және дүниеуи міндеттерін үйрету.

6. Баласын оқытып, күнін көре алатындай маманлық иесі етіп қалыптыру.

Хазірет Әли былай дейді: «Балаларыңды өздерің болмайтын уақыт үшін тәрбиелеңдер, ойткені олар сендер болмайтын уақыт үшін жаратылған».

7. Балаларды жақсы көріп, оларға әр уақыт көңіл бөлу. Өйткені, олар ішіп-жеуді қажет еткені сияқты сүйіспеншілікті де қажет етеді. Пайғамбарымыз балаларды өте жақсы көрген.

8. Балаларын жақсы көре отырып, оларді сыйлық бергенде арасын ажыратпау, тең және әділетті болу.

9. Ер жеткен шақта балаларын үйлендіру.

Аталар аманаты

ТӘУБЕГЕ ШАҚЫРУ

Өткінші күнетпесең қашып-дағы,
Ажалдан арыстан тұлға ұсынғандағы,
Аллаһтан нәпсіңмен жарлық кешіп,
Жұлдыз да жерге түсер аспандағы.
Жүйттер, ғибадат қыла жатып нанып,
Намаз оқып,
Алланы ойыңа алған.
Қырық жыл қашқан ажалдан Қорқыт та өлген,
Түбінде сөз сенікі өлмей қалған.
Кірі өзге сөзден дауыл тыныландай-ақ,
Жас өзек бойтұмарға сенгендей-ақ,
Жүйттер, жас кезіңде тәубеге кел,
Ажал деген өмірді аяп-жұмылғандай-ақ.

Тілеуке ҚҰЛЕКЕҰЛЫ.



Райымбек ауданы, Қаркара ауылының тұрғындары Гүлнар Жұмашева мен Мадина Дүкенова ауылдық әкімдіктің қолдауымен «Таңсәуле» тігін шеберханасын ашып, шағын кәсіпкерлікпен айналысуда. Ауыл тұрғындарынан тапсырыс алып құда қоржын, күйеу қоржын, қыз жасауы көрпелерін тігуде. Ою-өрнектен көмкерілген көрпежастықтар көпшілік сұранысына ие болуда. Болашақта көпшілік шеберханаға кеңейтіп, біраз адамдарға жұмыс тауып берсек деп ойлайды кәсіпкерлер.

СУРЕТТЕ: «Таңсәуле» тігін шеберханасының жетекшісі Гүлнар ЖҰМАШЕВА мен тігінші Мадина ДҮКЕНОВА. ЖҰМАБАЙДЫҢ фотосы.

Ақылдастар алқасы: Егеубек ДАЛБАҒАЕВ, Әлімқұл ЖАМБЫЛОВ, Әлмен АХАНҰЛЫ, Сүлеймен КӨШКІНОВ, Зылиха ТАМШЫБАЕВА, Нәурыз ҚЫЛЫШБАЕВ, Бижамал РАМАЗАНОВА, Совет ОРАЗАЕВ.

Құттықтайық!



Отбасымызда қосарланған күшын болып отыр. Нақтырақ айтатын болсақ, Еңбекшіқазақ ауданының Бижанов ауылында тұратын ақсақал әкеміз **Қанат СӘРСЕНБЕКОВ** елсегіз 50 жасқа толса, апамыз **ГҮЛЗӘРМЕН** қосылғанына 25 жылдың жүзі болды. Асылдарымыздың осынау қосарланған күш-нығытарымен шын жүректен құттықтаймыз!

Әлемнің күллі қоғам өркендеуінде, ананың білім ордаларында жемісті қызметтер атқарып, өнірімізде дамуына үлкен үлестерін қосты.

Қуанышпен, шаттықпенен
Өткіл барлық өмірінің,
Жасыл шөптер жасқынып
Ерсілі жыс – елүйіңе.

Жадыраған жаз күніндей
Ашық болып көңілің,
Тіленіміз – өмірдің тек
Бақ-сәнін көріңіздің.

Өмір – мұхит, жеңісті оның
Теренінде бойлаңыздар.
Алда жасыңыз болашақта
Гауһар тәжін тойлаңыздар.

ҚҰТТЫҚТАУШЫЛАР: ұлы – Данияр, қыздары – Гүлнәзира, Айжан, Салтанат.



Еңбекшіқазақ ауданы 1-Көктөбе ауылында түрғын, бар саналы ғұмырын бала тәрбиелеп, білім нәрімен сусындатып, ұстаздық еткен қос майталман ұстаздар, зейнеткерлік жасқа бетаған қария, ауылында ақылман ақсақал, әйелдары үшқыр, сөзге шешен, елге жүйрік, бастарына бақ қонған, мейірман әкеміз **МҰСТАФАЕВ Төлейбай** мен Батыр ана, Алтын Жұлдызды шеш, халқының ұлға, қыздарын қанға қондырған ұлағатты ұстаз **АЙТПӘҢ Қарлығаш** апамызды мерейлі 80 жасқа толуларымен құттықтаймыз!

Берді Алла дегсаулық қолда десе,
Бастарыңа бақ қонды елдегенше.
90 мекен васырды жасағыздар,
80 жыс құтты болсын, әке-шешеғ!
Көрсеткіш есе берсін көңілдерің,
Толсын қуанышы пен бақытты өмірлерің.
Немере-шөберелеріңе ақыл айтып,
Жүз жасқа ауыз болып демілдегін.

ҚҰТТЫҚТАУШЫЛАР: ұл-қыздары, күйеубалалары, келіндері атынан – Серік-Айбарша.



Ақсу ауданы Қосағаш ауылының түрғыны **Ұлтай** жеңгемізге ғұмақты **Байталға** ағадан ерте айырылып, жесірліктің тауқыметін жастай тартса да 7 баланы – 4 ұл, 3 қызды өсіріп, Қанір оларды 13 немере, 1 шөберге сүйіп, бақытты әже мәхаббатын сезініп отырған ана. Сол жеңгеміз бүгін 70 жасқа толып отыр. Жеңгемізге зор денсаулық, ұзақ өмір тілей отырып, төмендегі өлең жолдарын тарту етеміз.

70 жас – туған күнің құтты болсын,
Өміріңіз шаттық пен нұрға толсын.
Қызықты күндеріңіз арайлаңын,
Көкірегіңіз күмбірлеген күйге толсын.

ҚҰТТЫҚТАУШЫЛАР: Нұрбаевтар әулетінен – **Молдияр, Алтын, Данияр, Лейла.**



Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің алғашқы директоры **БЕКТЕМЕСОВ Тоқтам Әбдімәжітұлы** 2 қазанда 60 жасқа толады. Осы айтулы мерейтойымен өзімен бірге қызмет атқарған ұжымы атынан шын жүректен құттықтаймыз!

БЕКТЕМЕСОВ Тоқтам Әбдімәжітұлы Еңбек Қызыл Ту орденді Қазақ ауылшаруашылық институтының орман шаруашылық факультетін бітірген. Әскер қатарынан келген соң 26 жасында еңбек жолын бастады. 60 жастық мерейтойына 17 жыл орман шаруашылық саласында болса, 17 жыл Тегермен ауылының қызметін атқарып келді. Әрбір мамандықтың өз қызығы да, қиындығы да болады. Бірақ мамандығы табиғаттың байлығын болғандықтан мәнеде өзгеше. Оның ажарлылығымен, адамгершілігімен, еңбекқорлығымен, жайдарлылығымен ерекшеленеді.

Бектемесов Тоқтам Әбдімәжітұлы! Өзіңіз құрған күшпен басқарып келе жатқан мекемеңіз бүгінде дағдыдан тыс түрып, алдағы күнге сеніммен қарап отыр. Соған сәйкес болашақта алар асуларыңыз да биік-тей берсін деген ақ тілегімізді айтамыз!

ІЗГІ НИЕТПЕН: Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің ұжымы.

Жас жеткіншектерге сапалы білім, саналы тәрбие беруде озат атанып жүрген өз ісінің шебері, тәлімгер ұстаздар **АХМЕТОВА Шынар Асылбекқызы** мен **Бақытбек КАПАЛБЕКҰЛЫНА** арнаймын:

Өңі жарқын, сөзі қарқын,
Не көрсенің білер парқын,
Талғамы зор, берері мол,
Ұлағатты ұстаздардың.

Шәкірттерге пана болған,
Өз ісіне дана болған,
Бұл заманның заңғарлары,
Ұлағатты ұстаздарым.

Шәкірттерге жыр да болған,
Үлгі-өнеге, тұлға болған,
Ақыл-ойдың кемеңгері
Ұлағатты ұстаздарым.

ҚҰТТЫҚТАУШЫ: Тоқтабаян Қозыбеков.

САРҚАН АУДАНЫ.

◆ *«Жетісу аруы – 2010»*

Меруерт сұлулық төжін киді



Халқымыз қашаннан бері өзінің ұлттық дәстүрі мен тұрмыс-салтында ұл-қызына көлелі көңесін беріп отыратын кемел ойлы қарттар мен тәпқыр тілді, салиқалы, беделді бәйбішелерден кенде болып көрмеген. Олар қызын өнерге баулу арқылы психологиялық жағынан даярлай бастаған. Сонымен қатар, қазақ халқы қызын «аз күнгі қонақ» деп ойлап, жақсысын кигізіп, дәмдісін жегізіп, әлпештеп-ақ өсіреді. Күні ертең алысты жақын етер, жатты жекжат етер, ел мен елді таныстырып, табыстырып отырған қыз баланың мынау тіршіліктегі міндет-парызының жүгі ауыр әрі ардақты. Ол – адамзат ұрпағын дүниеге әкелетін болашақ ана, үй ұстап, күйеу күтетін адал жар, ата-ананы сыйлап, иілетін қамқор келін.

Қажет АҢДАС,
"Жетісу"

Ойымызға орам, өңгімемізге арқау болған ата-баба үрдісі әлі де ұрғаққа өнеге болып келе жатқаны анық. Бұл туралы облыстық Халық шығармашылығы орталығының ұйымдастыруымен І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында өткен облыс әкімінің жүлдесіне арналған «Жетісу аруы – 2010» байқауының қорытынды сынын да білдік. «Саусағынан өнер тамған арулар», «Сыр мен сымбат», «Сымбатқа парасат сай келсе», «Өнерпаз болсаң арқалан», «Кешкі салтанатқа арналған сәнді киім үлгілерін көрсету» сияқты бес номинациядан тұратын сайысқа сәуір айында аудан, қалаларда өткен іріктеу турының жеңімпаздары қатысып, бағы мен барын ортаға салды. Салтанатты шара өткен жылғы «Жетісу аруы» атанған Алтынай Елікбаеваның сұлулық төжін тапсырумен басталып, ары қарай үміткерлердің өнеріне ұласып кетті. Осы орайда, қатысушылардың сайысқа мықты дайындықпен келгенін аңдадық. Бізді 16 мен 22 жас аралығындағы қыздардың сыртқы сұлу келбеті, ішкі жан дүниесінің жайсаңдығы қызықтырды. Үміткерлердің қолынан жасалған түрлі бұйымға әділқазылар жоғары бағасын берді. Жастарымыздың ата-баба дәстүріне деген жетік білімі, өнерге деген ықемі, сымбатына парасаты сай келген жарасымдылығы көпшілікті тәнті етті. Қашанда қыз бала өз бойын үкідей сақтап, нәзірлым құпия жүрсе, соғұрлым басы бағалы болады. Кешкі салтанатқа арналған сәнді киім үлгілерін көргенде, шебер қолдан шығып, қыз келбетіне келісім беріп тұрған көркемдікке қызыға да, қуана да қарайсың.

Иә, қай қырынан келсек те, 10 үміткер тамаша өнер көрсетіп, таңдай қақтырды. Талабын қамшылаған аруларымыз мәреге талмай жетті. Оларға ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Әміре Әрін, «Жетісу» телекомпаниясының директоры Бейсен Құранбек бастаған әділқазылар алқасы төрелік етті. Нәтижесінде Еңбекшіқазақ ауданынан келген Меруерт Донбаева Бас жүлдені жеңіп алып, сұлулық төжін иеленсе, төкелілік Жадыра Хамитжанова бірінші, Жамбыл ауданынан Дария Түрсынбаева екінші, Панфилов ауданынан Мадина Келгенбаева үшінші орынға табан тіреді. Ал қараталдық Әсемгүл Құрманбекова мен балқаштық Қарлығаш Бекенова, қарасайлық Айман Салманова ынталандыру жүлдесіне ие болды. Оларға ақшалай сый-сияпат жасалды. Қалған қатысушылар «Белсене қатысқаны үшін» дипломымен марапатталды. Шараны қорытындылаған қазылар алқасының төрағасы Әміре Әрін қатысушылардың өнеріне баға беріп, жетістігіне тоқталды. Сондай-ақ, мұнан кейінгі өмір мен өнер жолына бағыт-бағдар нұсқайтын ағалық ақылын айтты.



...деген екен!

ЖҰЛІК ТЕ ТАНИДЫ ЕКЕН

– Шаруаға қырық жұқ, саған аспан айналып түсіп, жер ойылып кетсе де бөрібір. Үйдің жұмысынан қолым бір сәтке босамайды, ең болмаса көк базарға барып, ет сатып алып келсеңші, – деп үйдегі жеңгеміз қыңқылдай берген соң Оспанхан Әубәкіров ағамыз бірде Алматының көк базарына бара қалады. Осекең биязылай басып, көкөніс сататын сөрелерге келіп, кажетті заттарын алып жатқанда қолы жылмакай базардың бір ұрысы қалтасына қол салмақшы болады. Ағамыз оның арам пиғылын байқап қалып, қолынан шап беріп ұстап алады да: «Бауырым, қоя тұршы, кажетті заттарымды алып алайын», – дейді тұк білмегендей.

Белгілі сықақшы-жазушының танып, ұры тұрған орнында қақсап қазықтай қалшияды да қалады.

– Оспанхан аға, кешіріңіз. Сізді танымай қалып, мені құдай атып тұр, – депті алдын соң оған тіл бітіп.

– Ойтырмай, – депті Оспанхан, – мені ұры да танитын болып шықты. Көк базардың жүлігі де кітап оқиды екен-ау!

Жетісу театрының көрүені

Алматы шаһарында



Сәйсембі күні облыс орталығы Талдықорған қаласындағы Бикен Римова атындағы драма театрының ұжымын соз қарашаңырақтың алдынан ару Алматы шаһарына шығарып салу рәсімі өткен болатын. Өнер ұжымына мәдениет басқармасының жаңа басшысы Разият Разбекұлы, театр директоры Базарбек Ысқақұлы сәт-сәпар тілеген ақжарма ниеттерін білдірді. Кәптен бері ауыздан ұзап шықпаған сахна шеберлері алматылық көрермендердің қазанымына аңдаулары сөзсіз. Осымдан жеті жыл бұрын соз кездегі басшы Қайрат Сүгірбаевтың ұжымдастырумымен Алматыдағы қос академиялық театрдың шаңырағында. Студенттер сарайында спектакльдерін қойып, арда өнерін көрермендің ыстық ықыласына бөленіп қайтқан болатын. Бұл жолы үйғыр театрының шымылдығын түрген талдықорғандықтар алғашқы қонақ-ақ жоғары дәрежеде өнер көрсеткені туралы Алматыдағы тілшіміз Болат Мәжит сүйінші хабарды да жеткізіп үлгерді.

Болат МӘЖІТ,
"Жетісу"

Облыстық Бикен Римова атындағы драма театр ұжымы гастрольдік сапармен Алматы қаласына келді. Бір аптаға жуық уақыт Алматыдағы үйғыр театрында тандулары деген спектакльдерін қаланың патша көңілді көрермендеріне ұсынбақ ниетте. Алматылық көрермендер қауым мұндай жағдайды жандарының естігенде қандығып мәре-сәре қалды. Бәйтеуір олар облыстық театр ұжымының өнерін тамашалағалы бірақ жылдың жүзі болған еді. Оның да өзіндік себептері жоқ емес. Бұл туралы облыстық драма театрының директоры, ҚР мәдениет қайраткері Базарбек Тезекбаев былай дейді:

– Біздің театр ұжымы гастрольдік сапарға шығалағалы 5–6 жылдай уақыт болып қалды. Әрине, ел аралап өнер көрсету үшін де біртапай қаражат керек. Мине, сол қаражат тапшылығына байланысты елімізден, басқа өңірлерине шығу біз үшін қиынға соққан еді. Бұл облыс әкімі Серік Үмбетовтің тікелей қолдауымен қомақты қаржы бөлініп отыр. Бұл дегеніңіз біз үшін үлкен жетістік. Алдағы уақытта Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда облыстарына гастрольдік сапарымыз жалғасатын болады, – дейді театр жетекшісі.

Облыстан келген өнерпаздар сәнна шымылдығын Мұқағали Мақатаевтың «Райымбек! Райымбек!» поэмасының желісі бойынша Мұрат Ахмановтың режиссерлігімен сахналанған спектакльден бастады. Қоюшы суретшісі – Қ. Шалабаева. Музыкамен көркемдеген – Қ. Исаева.

Қазақ халқының тарихында «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламa» атанып кеткен қалмақ, шапқыншылығы ерекше орын алатыны белгілі. Бұл ерлік пен елдіктің, ынтымақ пен бірліктің күшін білдіретін нағыз қаһармандық тарих. Бұқара басына күйін-кіштеу күн туғанда ел жол бастайтын көсем, қол бастайтын ерлерін іздейді. Райымбек, мине, осындай қиыстаған-да атойлап атқа қонған қаһарман. Ол үш жасында жауға қарсы атойлап қол бастап шыққан Райымбек хас батыр ері әулие бабаларымыздың бірі. Инсценировка авторы белгілі режиссер Мұрат Ахманов деп осы тұрғыдан спектакльдің көркемдік шешімін таба білген.

Спектакль позманың авторы ақын Мұқағали Мақатаевтың бейнесімен ашылады. Ақынның рөлін белгілі актер Кендебай Төмірбайұлы өте шебер сомдағанын көрініп-ақ тұр. Сахнада ақын халқының тілінен, ділінен, дінінен айырылып, құрдымға кетіп бара жатқанын сезініп жаны күйзеледі. Қылышынан қан тамған қызыл империя қазақ сияқты өз ұясындағы ұлттардың өткен тарихын келер ұрпақтың санасынан сызып тастауға ұмтылғанын көре тұрса да, қолдан келер еш шараның жоқтығы ақынның жүрегін шымырлатады. Ақынды айналдыра қоршаған қызыл мата. Ақын оны бұзып-жарып шығлақ болады. Бірақ, шамасы келмейді. Қайта-қайта алдына қарай ұмтылады. Еш нәтиже шықпаған соң ақын жерге құлайды. Қызыл империяның түсауында қалған жалғыз ақын ғана емес, бүкіл ұлттың тағдырын режиссер өте айқын көрсете білген.

«Райымбек! Райымбек!» дастаны 1971 жылы жазылған. Өкінішке орай, ақын оны аяқтап үлгере алмай кеткен екен. Тек он жылдай уақыт өткен соң барып, Сейдахмет Бердіқұлов сынды ұлтына қалтқысыз қызмет еткен азаматтар оны баспасөз бетіне шығарады. Цензурының қатал заманында мұндай дүниені жарыққа шығару ерлікпен пара-пар еді.

Ақын поэманың соңын Ақтабан шұбырынды деп аяқтаумында үлкен мән жатқан сияқты. Режиссер ақынның айтар ойын дәл берген. Жалпы қатпар-қатпар тарихымызды ақтаратын болсақ «Ақтабан шұбырынды» сияқты зұлмат одан бері де қазақтың басынан кеткен емес.

Халқымыздың басына үйірілген қара бұлт жиырмасыншы ғасырда да жалғасын тапқаны ақиқат. Спектакльді тамашалаған көрермен ел төуелсіздігінің оңай жолмен келмегенне тағы да көз жеткізгендей болды.

Бұл спектакльге 50-ден астам артіс жұмылдырылыпты. Спектакль аяқталған түста залда отырған өнерсүйер қауым тіксінен тік тұрып, біразға дейін соғылған шапалақтар тоқтастаған жоқ.

Келер жылы ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың 80 жылдық мерейтойы болады. Облыстық драма театрдың Алматыдағы гастрольдік сапарын ақынның шығармасы желісінде қойылған спектакльмен ашуы ақын мерейтойына жасалған сүбелі табыс деп білдік.

АЛМАТЫ.

Жамбылға сәлем

Жамбыл метя қайын сіңлім Кәжіт деген ағамыздың қызы Сүйімжан деген сұлуға ғашық болып, алмақшы болды. Ол қыздың да көңілі Жамбылда еді. Мет жеңгелікке ертті. Екеуі сөндай. Қозы-Көрпеш – Баянай ғашық емі осе. Ол уақытта қызды ерлікке қоятын заман ба? Жамбыл бір жаққа кеткенде, әкесі қызды Шудан әрі өткізіп, бір Коммрапқа кит малға қосып-қолға сатып жібереді. Сөндағы қыздың жылап бара жатып Жамбылға айтқан бір-екі ауыз сәлемі есімде қалыпты. Соны жаным ата гой, – деді. Сонда жатып алғанын мына өлең.

Байбай тана десеңде байбай тана,
Бай ауылдан қыз ішкәрі қол қайтара.
Шудан асып барамын жеп ар жаққа,
Жамбыс жанында сәлем де, уа қайнағы!

Тыраулы-ай десеңде, тыраулы-ай,
Құндыз жекей басында тұрғызып-ай.
Тоста-тоста жерлерден тоспаулық,
Мұратыма жеткізген шыраулы-ай!

Ыңыр болдым десеңде, ыңыр болдым,
Сайын ыңыр болдым ой дімәр болдым.
Өзің есіт түсеңде, ей-ей, Жамбыл-ай.
Тамағымнан ас өтпес сұмыр болдым! – деп айтты да,
«Қош-қош, менен Жамбылға дұғай сәлем де», деп кете барды.



ТӨЛЕ БИДІҢ БАТАСЫ

Ескелді бір жолы нағашысы Төле биге сәлем бере барыпты. Төсек үстінде жантайып жатқан би Ескелдіге бұрылып:

– *Бата берсін нағашың,*
Нені тандап апасың? – депті.
Сонда Ескелді бағелместен:
– Жиендік жасап ат алсам, өліп қалады.
Құндыздан ішік кисем, тозып қалады.
Естен кетпейтін, не өшпейтін өсиет сөз берші, ол ұрпаққа шежіре, өмірге азық болады, – депті.
– Қалауың аталы да өсиетті сөз болса, қопыңды жая гой, балам, – деген Төле би:

Әдет кепсің жиенім,
Ақылтсам сөздің тиегін,
Сағаң да қонған киенің,
Арыңды білемін.
Өсиет айтса атасы,
Мынау болар батасы.
Халқының баласы бол,
Ақылшысы санасы бол.
Жұртының жағасы бол,
Бірлігің тағасы бол.
Жастардың атасы бол,
Жол бастар данасы бол.
Ақты ақ деп бағала,
Қараны қара деп бағала.
Ел өзегін талдырмас,
Өзең бойын жағала.
Іс гүссе егер басыңа,
Кәпшілікті сағала.
Өзіңе-өзің кемел бол,
Ел-жұртыңа адал бол.
Жауыңа қатал бол,
Досыңа адал бол.
Ең сең биік тұғырлы,
Өмірің болсын ғұмырлы.
Әумин! – депті.

Ескелді бабамыз осы өсиетті батаны өмір-бойы бойтұмар тұтқан екен.

Ұлы адамдар әлемінен

ЕШКІМНЕН СҰРАҒАН ЖОҚПЫН

Бір жас жігіт Моцарттан «Симфонияны қалай жазу керек?» – деп сұрайды.

– Сіз әлі тым жассыз. Баллада жазудан-ақ бастасаңыз қайтер еді, – дейді композитор.

Сонда жігіт:

– Өзіңіз симфония жаза бастағанда әлі он жасқа да толған жоқ едіңіз ғой!

– Иә, – дейді Моцарт, – бірақ мен оны қалай жазуды ешкімнен сұраған жоқ едім.

Даналық

- *Сынайы тәнбейді, қалтырайды.*
- *Сынайы сырын жасырмас, Ақырын дана бұлк етер.*
- *Сынайыны үйде көрше, түзде көр.*
- *Бетегеден биік, жусаннан аласа.*
- *Кішіпейілділік – кісі көркі.*
- *Кішіпейілділіктен кішіреймейсің.*
- *Кішіпейілдің кеудесі ашық.*
- *Кішіпейілділік кішілік емес, кісілік*
- *Арымақта оқ тисе, Мәстектей тұламас. Сынайыда оқ тисе, Жамандай шұламас.*
- *Сынайыға сұлулықтан жеңілдік жарасымды.*
- *Келбеті келісімнен кеңес сұра.*

МЕНШІК ИЕСІ: Алматы облыстық "Жетісу" газеті шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны. ҚҰРЫЛТАЙШЫСЫ: Алматы облысының әкімі

Бас редактор Жақыпжан НҰРҒОЖАЕВ

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2002 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАЗАНДА ТІРКЕЛІП, N3322-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат

Жетісу
e-mail:Jetisu2002@mail.ru
www.Zhetysu-smi.kz

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында терілін, беттелді.
Газет аптасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Алты машинкелік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы — Болашақ" ЖАҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Кезекші редактор: Айнұр ӘБДІРАХЫМ.

КӨЛЕМІ — 2 баспа табақ. ТАПСЫРЫС — 1298. ТАРАЛЫМЫ — 35899. ИНДЕКСІ — 65469.

Қабылдау бөлмесі және факс — 27-41-50, байланыс телефондары: бас редактордың орынбасарлары — 21-01-90, 27-41-83, жауапты хатшы — 24-38-16, ауылшаруашылығы, экономика және спорт бөлімі — 27-42-34, саясат және парасат, әдебиет және мәдениет бөлімі — 24-36-07, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 24-32-43, білім және ғылым бөлімі — 24-30-57, фототілшілер –27-41-93, заң және ақпарат бөлімі — 24-29-82, есеп-қисап бөлімі — 24-35-28. Алматы қаласындағы тілшілер қосымы —279-13-37 (факс), 79-13-86, 79-36-43, Меншікті тілшілердің аудандардағы телефондары: Үшаралда — 2-12-57, Панфиловта — 5-12-21, Райымбекте — 2-22-05, Іленде — 2-19-33. Газет табыс етілмесе — 72-59-01 телефонымен хабарласу керек.

●*Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық*

ТКШ-ын жаңғырту: сұрақтар мен жауаптар

Пәтеріңізде санылаулардан жел соқпағаның, төбеден су ақпағаның, ал кіреберістің жайлы болғаның қалайсыз ба? Сіздің үйіңіз қанырап қалған ескінің көзіндей болмай, тұруға жайлы да қолайлы болуын тілейсіз бе? 2020 жылға дейінгі ТКШ жаңғырту мен дамытудың жаңа бағдарламасы осындай өзекті мәселелерді шешуге бағытталған.

ТКШ-ын жаңғырту мен дамыту бағдарламасы деген не?

Қазақстанда ТКШ-ын реформалау 90-шы жылдары басталды. Ол кезде экономиканың бұл секторына демонополизация жүргізіліп, пәтерлер жаппай жекешелендірілді. Әрбір меншік иесі өзіне тиесілі пәтердің ғана емес, жалпы мүліктің тиісті үлесіне ие болып, оны күтіп ұстау үшін ортақ жауапкершілік құжаттары мен міндеттерін де иеленді. Сол кезде Пәтер иелерінің кооперативтері (ПИК) құрылды. Дегенмен уақыт көрсетіп отырғандай, басқарудың бұл нысаны тиімсіз болып шықты. Көптеген тұрғындардың «Мен ПИК-ке ақша төлеймін, ендеше мені кім қоғамдардо» деген сияқты ешжан мінез-құлқы коммуналдық қызмет көрсетушілерді шекten шығарып жіберді. Штатына біліктілігі төмен қызметкерлерді жинап алған, қаражатты шығындау жүйесі мүлде бұзылғыр, (ПИК), тапсырыскшының да, орындаушының да міндеттерін атқарды.

Бүкіл Қазақстанда 2020 жылға дейінгі ТКШ жаңғырту мен дамытудың жаңа мемлекеттік бағдарламасы іске қосылды.

Бірінші деп, бұл реформа тұрғын үй қатынастарының заманауи ортайды үлгісін құруы керек: ПИК-тің орнына үйлерге техникалық қызмет көрсетуді кондоминиумды басқару жөніндегі **сервистік компаниялар** өз мойындарына алмақ.

Екіншіден, Бағдарлама толығы жеткен коммуналдық инфрақұрылымды жаңартуға мүмкіндік береді. Тұрғын үй-коммуналдық секторда жылдар бойы жинақталған проблемаларды тұрғындардың өздеріне шешу мүмкін емес екені түсінікті. Статистика бойынша, бүгінгі таңда Қазақстанның барлық тұрғын үй қорының үштен бірі күрделі жөндеуді талап етеді. Сондықтан бағдарлама тиімді жолмен және де тұрғындарға айтарлықтай қаржылық салмақ түсірместен, пайдасыз мемлекеттік қарыз есебінен көпқабатты үйлерді жөндеуге мүмкіндік береді.


Жекеменшік тұрғын үйлерді жаңғырту үшін пайдасыз несие беру отырып, мемлекет халыққа қарай бет алып отыр. Халыққа тек осы мүмкіндікті пайдалану – барынша көп қаражат алып, мүмкіндігінше көбірек тұрғын үй проблемаларын шешу ғана қалды.

Бұл бағдарлама тек тарифтерді көтеруден ғана тұрмайды, ол халықтың табыс деңгейіне де әсер ететіндігін атап өту қажет. Бағдарламаға қаржыландыру сызбаларымен қатар жөндеу жұмыстарының сапасын бақылау да нақты жазылған.

Көп пәтерлі үйді қалайша күрделі жөндеуден өткізуге болады?

ТКШ жаңғырту бағдарламасы аясында жөндеу жүргізуді ұйғарған пәтер иелеріне:

1. Кондоминиумды басқару органын таңдап, әділет органдарында



тіркеуден өткізу қажет. Бұл рәсімдерсіз бюджеттік қаражатты алу мүмкін емес. *(Кондоминиум басқару органы ПИК-тен қатар, ТКК (тұрғын үй-құрылыс кооперативтері), ТК (тұрғын үй кооперативтері), ТК (тұтынушылар кооперативтері), ЖШС, т.б. база алады)*

2. Әрбір көп пәтерлі тұрғын үйге сәйкес деңгейдегі банкте жинақтау шотын ашу қажет. Онда жөндеудің жалпы құнының 15 пайыз мөлшерінде бастапқы жарна жинақтап, оларды жөндеуші мердігерге аудару керек.

3. Оны «Мемлекеттік сараптама» РМК-да келісу арқылы тұрғындардың жалпы жиналысында дауыстар көпшілігімен сметаны, жөндеу жұмыстарының түрлерін бекіту қажет. Сондай-ақ, бірдесе отырып, төлемдер мөлшерін талқылау керек. Қайтару мерзімі ай сайынғы төлем 2-4 мың теңгеден аспайтын етіп есептеу ұсынылады.

Егер, үйлерге күрделі жөндеу мен терможаңғырту қажет болса, ал бұл өте комақты шығындар, онда кондоминиумға қаражаттың 85 пайызын жергілікті әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация (ӘКК) ұсынады.

Оны Құрылыс және ТКШ істері агенттігі мен жергілікті әкімдіктер арқылы республикалық бюджет капиталдандырады. Шартқа кондоминиум басқару органы, пәтер меншік иелері, ӘКК және мердігер қол қояды. Бұдан әрі шартта келісілген мерзім өткен соң ӘКК-ге ақшаны қайтару үшін тұрғындар ай сайын әр үйге арнап ашылған жинақтау шоттарына қаражат аударып тұрады.

Ал үйге жөндеу жұмыстарының белгілі бір түрін ғана жасау қажет болса, онда тұрғындар жұмыс құнының 15 пайызын жинақтап, бас мердігерге төлейді. Оны бұл үшін мемлекеттік бюджеттен қаражат бөлінетін әкімдік бекітеді. Бас мердігер әкімдіктен алынған 85 пайыз қаражатты қосады және тұрғындардың келісімімен субмердігерді таңдайды да, сонымен бірлесіп жөндеуді жүргізеді. Қаражаттың қалған бөлігін тұрғындар жеті жылдың ішінде қайтарады.

Екі тетік бойынша да, тұрғындар жөндеу жұмыстары жүргізілген соң мерзімге бөліп төлейтін ақшалар басқа үйлерді жаңғыртуды қаржыландыру үшін қолданылады.

Аталған тетіктерді іске асыруда тұрмысы нашар азаматтарға атаулы көмек көрсету көзделген. Егер отбасының жиынтық табысының он пайызынан астамы коммуналдық қызметтерді және үйдің жөндеуін төлеуге кететін болса, сәт мемлекеттен көмек ала аласың. Бұл жағдайда төленетін төлемдер шоттар бойынша төлем сомасы мен отбасының осы мақсаттарды шығыстарының рұқсат етілген шекті деңгейі арасындағы айырмашылықты құрайды. Аталған 10 пайызға тең өлшем бірыңғай емес, әр облыста шекті шығыстардың деңгейін мәслихаттар белгілейді.


Нелерді жөндеуге болады?

Кез келген үй жөндеу жұмысы, әсіресе, күрделі жөндеу тұру жағдайларын жақсартып қана қоймай, сіздің үйіңіздің құнын бірнеше есеге өсіреді. Жартылай құлайын деп тұрған гимаратқа сіздің үйіңіз жайлы тұрғын үйге айналуы мүмкін.

Сонымен, пәтер меншік иелері жалпы жиналыста жөндеу түрлерін және жұмыстарды жүргізу кезектілігін анықтайды. Үйдің бір бөліктерін, мәселен, жертөлені немесе шатырды ғана жөндеуге болады, бірақ тұрғындардың көпшілігі күрделі жөндеу жүргізуді ұйғарады. Онда жұмыс мыналарды қамтуы мүмкін:

– шатырды жөндеу және жылыту;
– кәсбетті толығымен немесе жартылай жылыту;
– жертөле орынжайларын жылыту;
– терезелер мен кіреберістердің сыртқы есіктерін ауыстыру;
– жылыту жүйесін жөндеу;
– желдету жүйесін, лифтілерді және инженерлік коммуникацияларды жөндеу ауыстыру; жалпы пайдаланудағы орынжайларды өңдеу жұмыстары.

ТКШ жаңғырту мен дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасына сәйкес, ағымдағы және күрделі жөндеулер терможаңғырту элементтерін қамтуға тиіс. Бұл бүгінде өте қажетті шара, өйткені тұрғын үй секторында өндірістік емес жылу шығындары 30 пайызды құрап отыр, ал жалпы Қазақстанда тұрғын үй қоры өндірілетін жылудың 40 пайызын пайдаланады.



Терможаңғырту жабынды және жылыту жүйесін жөндеуді, жертөлелерді, кіреберістердің сыртқы есіктерін және терезелерді жылытуды және әр пәтерде радиаторларға жылу реттегіш орнатуды көздейді, бұл тұрғындарға өз пәтерлеріндегі жылу деңгейін өз беттерінше реттеуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, тұрғын гимараттарда жылуды сақтау үшін сыртқы ауаның температурасына қарай жылудың шығындалуын реттейтін автоматтандырылған жылу пунктін (АЖП) орнату жоспарланған. Мұндай АЖП жылуға жұмсалатын шығындарды азайтып, жеткізушілер мен тұтынушылар арасында өзара есеп айырысуды ретке келтіруге мүмкіндік береді. АЖП орнаткан соң жылу ақысы шамамен 25-30 пайызға азаяды деп күтілуде, себебі нормативтен тыс шығындар үшін ақы төлеу қажет емес.

Үйлерді қалайша тиімді басқаруға болады?

Коммуналдық өзін-өзі басқару жүйесінің кемшіліктерін қаланың әрбір тұрғыны сезінді. Ол пәтерлерге қарағанда, ПИК тарапына айтылатын ТКШ жаңғырту мен дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы аясында биртіндеп көп пәтерлі тұрғын үйлерде басқарудың жаңа қағидаты енгізілетін болады: басқарумен бір құрылым айналысса, қызмет көрсетумен баска құрылым шұғылданады. Бұл тәжірибе Шығыс Еуропа елдерінен алынды.

ТКШ басқарудың аталған реформасының мәні мынада: тұрғындар конкурстық негізде кәсіби **Сервистік компанияны** жұмысқа тартады. Ол компания, өз кезегінде, тұрғын үйді күтіп ұстау және пайдаланумен байланысты жұмыстардың барлық түрлерін орындап, негізгі техникалық міндеттерді өзіне алады. Оның мамандарында, ПИК қызметкерлеріне қарағанда, кәжетті инженерлік біліктілік пен тәжірибе бар. Олардың үйге қызмет көрсету мен жөндеуге арналған өзінің материалдық-техникалық базасы, сондай-ақ, тексерілген мердігерлермен орнатылған байланыстары бар.

ПИК бұл жағдайда тек мониторинг пен орындалған жұмысты бақылаумен ғана айналысады. Егер тұрғындарға көрсетілген қызметтердің сапасы ұнамаса, басқа басқарушы компанияны тарту туралы шешім қабылдайды. Бұл орайда тұрғындар жиналысын жинау және ұйымдастыру, жалпы мүліктің сақталуын бақылау, басқару туралы шарт жасасу, ПИК қаражатына билік ету міндеттері ПИК-те қалады.

Жаңа сызбаны сынақтан өткізу мақсатында Қазақстанның жекелеген қалаларында шартты негізде сервистік басқарушы компанияны тарту арқылы көп пәтерлі тұрғын үй қорын күтіп ұстау жөніндегі «пилоттық» жобалар іске асырылуда. Тәжірибе ПИК-ке қарағанда, осындай сервистік басқарушы компаниялардың халыққа көрсететін қызметі сапалырақ екенін көрсетіп отыр. Мұндай сервистік басқарушы компаниялар Қазақстанның барлық қалаларында құрылатын болады. Оның үстіне олар шағын және орта бизнес үшін шынайы сала болмақ.

Энергия сақтау дегеніміз не?

Бізден тұрғын үй қорымыз – жылу, су мен электр қуатын ең көп пайдаланатын тұтынушы. Қазақстанда көп пәтерлі тұрғын үйлердегі жылудың тиімсіз шығындары гимаратқа берілген жылу көлемінің 25 пайызына дейін жетеді.

Жылу қуатын, әсіресе, қыстың қарсаңында, сақтау жөніндегі ең қарапайым шара терезелерді жөндеу немесе ауыстыру болып табылады. Жылудың шамамен 14 пайызы далаға сол терезелер арқылы кетеді, сондықтан терезені қыска алдын ала дайындау кажет, суық түспей тұрып терезе әйнектерін тәртіпке келтіру керек. Жарылған немесе сынған терезелердің шыныларын ауыстырып, ескі жақтаулардың тесіктерін жаңап немесе шыны пакеттерін орнату керек.

Орталық жылыту батарейларының артындағы қабырғаға арнайы жылу шағылдыратын экран жабыстыруға болады, олар жылудың батарейдің жанындағы қабырғаны жылытуға ғана емес, бөлмені жылытуға жұмсалуына көмектеседі.

Судың шығындалуын төмендету сол суды жеткізу мен жылытуға шығындалған энергияның үнемделуіне әкелетінін ұмытпаған жөн. Бір литр суды шамамен 50 градуска дейін жылыту үшін қуаты 60 Вт шам бір сағат ішінде канша шығындаса, сонша энергия жұмсалады.

Жасанды жарықтандыруды пайдаланудың тиімділігін арттыру үшін кәдімгі лампаларды энергия сақтағыш люминесценттік лампаларға ауыстырыңыз. Олардың қызмет ету мерзімі кәдімгі лампанікіне қарағанда 6 есе артық. Пайдалану кезінде мұндай лампа «Ильич лампочкасына» қарағанда, өзінің құнын он есе ақтайды.

Өзіміздің тұрмыстағы әдеттерімізді өзгерту арқылы ғана қосымша шығындарсыз пәтерде суды тұтынуды 25 пайызға қысқартуға болады.

Бағдарламаға сәйкес Қазақстанның барлық жерлерінде энергия тексерісі жүргізілетін болады, соның арқасында тұрғындардың басты сұрақтарына жауап алуға болады: қазір гимарат қанша жылу пайдаланады, энергия пайдалануды қысқарту үшін не істеуге болады, гимарат жанартудан кейін канша куат пайдаланатын болады. Энергия тексерісі кезінде анықталатын негізгі проблемалар – тұрғын үйлерде, әсіресе, жертөлелік қабаттағы коршағыш құрылымдар арқылы кететін энергия шығындары, шатырдан су кету, инженерлік жүйелердің (жылу, сумен жабдықтау, кәріз) жағдайының мүшкіл болуы. Пайдалануға берілетін әрбір үй міндетті түрде энергия тексерісінен өтетін болады. Бұл әуел бастан-ақ сіздің үйіңізді энергия тұтыну тұрғысынан тиімді етеді.

ТКШ жаңғыртудағы өзекті мәселе әрбір тұрғынның жауапкершілігі мен азаматтық ұстанымы болмақ. Тұрғын үй қатынастары моделін өзгерту тұрғындардың өздерін де өзгертеді. Олар үнемді, ақылды болуға үйренеді, манайда болып жатқан үрдістерге үнілін, өздерінің шығындарын жоспарлай және есептей алатын болады, көршісіне сенім артып, әріптестерін тексеруді үйренеді.

Біз өз үйлерімізді абаттандыра алсақ, елімізді де абаттандыра аламыз!

Ольга ФЛИНК.

●*Театр*

ӨЛКЕ ӨНЕРІНІҢ ӨРІСІ



Облыстық Б. Римова атындағы драма театры 37 маусымды драматург Тәкен Әлібайдың «Томирис» (Томағалы Томирис) тарихи драмасымен ашты. Драманы тамашалаған көпшілік тірлігінде бақ пен дәулеттің, билік пен ірілістің соңына түспей, қарапайым қалпымен қаламын серік еткен жерлес қаламгердің бізге қаншалықты қазына, бага жетпес құнды дүниені қалдырып кеткеніне тәнті болды. Облыстық театрдың шығармашылық деңгейінің өсе түскеніне де көз жеткізді. Өткен тарихымыз арқылы бүгінгі жастарды отансүйгіштікке жетелеген ізгі бастамамен шымылдығын ашқан ұжымның бұл маусымдағы көрерменіне тартуының из болмайтынын да білін қайтты. Сахна шымылдығын облыстық мәдениет басқармасының бастығы Рахмет Елдәулетов құттықтау сөзбен ашты.

Жетісу
Қажет АНДАС

Әлбетте, ел тәуелсіздігін алып, қандай мемлекет құру мәселесі қызу талқыға түсіп, жекешелендірудің желі есіп тұрғанда Тәкен ағамыздың тарихымызды түгендеп жатқанын ол тұста біреу білсе, біреу білмеген шығар. Бұл қатарда Тәкен Әлібай аз еңбек еткен жоқ. Аңыздарсыз, Аттиланы, Итил қағанды, Жәмсізде биді драманың сиқыр тілі арқылы халқымен қайта қауыштырды. Томиристей (Тұмар ханым) батыр қызымыздың ел қорғаудағы ерлігін асқақтатты.

Аталған спектакль алғашында Маңғыстау облыстық музыкалық драма театрының сахнасында қойылғаны мәлім. Десек те, облыстық Б. Римова атындағы драма театры оны жаңа қырынан көрсетіп, тәуелсіздіктің 20 жылдық мерейтойына тарту етіп ұсынды. Мұндайда «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген халық нақылы ойға оралады. Осы ретте, спектакльдің сахналануына белгілі қоғам қайраткері Серік Үмбетовтің қолдау көрсеткенін айтпай кетуге болмайды. Естеріңізде болса, Серік Әбікенұлы облысты басқарып тұрғанда өнер ұжымына жыл сайын жаңа 5 қойылым дайындауға комақты қаржы бөлдірген болатын. Бұл бастаманы іліп әкеткен облыс әкімі Ансар Тұрсынханұлы елге өнерінің өркендеуін назардан тыс қалдырмады. Осындай қолдау мен көмектің арқасында сахна сөзіне ұйналған жаңа қойылымдар театр ұжымның бұлғы солтүстік облысқа жасаған гастрольдік сапарынан табысты оралуына сеп болса, талғамы жоғары астаналықтарды да тамсандырып қайтты. Сол қатарда «Томирис» тарихи драмасы да бар.

Көрерменнің өзіне ой тастап, толғаныс нәрмізе жетелейтін, талғам таразысына салып елшейтін қойылымда массагеттер елінің патшайымы Томирис (Тұмар) ханымның ролін сомдаған жас актриса Жанна Мерсимова, Томиристің 18 жасар ұлы, тақ мұрагері Спаргапис роліндегі Е. Айдымбаев, сарматтық «Ерапза» Бұрым роліндегі М. Танашева, патша тұқымынан шыққан зергер Шаншар роліндегі М. Мақмұттың қалямы сәтті шықты. Өзге ролдегі әртістер де өз орнын, бейімділігі мен үйлесімін дәл тапқаны анық. Айталық, С. Нұрғалық (Милиянын ұлы патшасы Кир), С. Жұмаділ (Лидия елінің бұрынғы патшасы, кейін Кирдің кеңесшісі Крез), Б. Тоқымтаев (Томиристің бас уәзірі Елток), Н. Әлбесынов (Алан елінің патшасы Күдері), Ө. Қалиұлы (Тигранауа елінің шатшасы, Томиристің қайын атасы), М. Әжібеков (сәрдасы), Е. Абдуллаев (Тахмирас), А. Базарқұлы (Зарушшел), Д. Әбілқасымова (Алада), Д. Пышанов (Астара), Б. Мұқайтқасова (хабаршы ұлан), А. Сауранов (жасаул), А. Нұғманов (елші), А. Бекманова (күтуші әйел) бояп шыға келді.

Кай қырынан келсек те, спектакльдің қоюшы режиссері Хүсейін Әмір-Темір, қоюшы суретші Қарлығаш Шалабаева, музыкалық көркемдеуші Базарбек Тоқымтаевтардың көп еңбектенгенін аңарасыз.

Иә, аталған қойылым көрерменнің көңілінен шықты. Спектакль аяқталғанда сахна төріне көтерілген көпшілік әртістерді шоқ-шоқ гүлмен көмкеріп тастады. Облыстық мәслихаттың депутаты Ардақ Сыдық облыс әкімі Ансар Мұсахановтың сәлемін жеткізе келіп, қойылымды жоғары бағалады. Қалалық мәслихаттың хатшысы Марат Бопазов та қала әкімі Махаббат Бигелдиевтің атынан жылы тілегін жеткізді.

Соңында журналистер сұрағына жауап берген облыстық театрдың директоры Базарбек Тезекбаев бұлғы жылы жеткен жетістіктерін тілге тиек етіп, жаңа маусымдағы жұмыс жоспарымен таныстырды.

Театр репертуары тағы бір тың дүниемен толықты. Ол сахна арқылы әлі талай жанды ізгілікке, берекебірлікке, батырлыққа, отансүйгіштікке жетелей береді деген сенімдеміз. Егер сіз көңілінізге өткен тарихтың парасатын ұялатамын деп ойласаңыз, спектакльдің келесі қойылымын жіберіп алмаңыз.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫС ЖИНАҚ БАНКІ

Несиеге тұрғын үй сатып алуды, үй салуды ойластырып жүрсіз бе? Және пайыздық мөлшері төмен пайдалы болуын қалайтын шығарсыз?

«Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің» жинақтау қоры пайда болғаннан бері баспана мәселесін шешуде жолыңыз болмақ. Бұл пәтерді жалға алуды, баспана тапшылығын ұмытқысы келетін жолы болар адамдардың аксиомасы.

БАСПАНАЛЫҚ ТАБЫС АКСИОМАСЫ

Әр адамның өмірінде жақсылыққа қол жеткізуге, бақытты болуға себеп болатын жағдайлар болады. Өзіңнің кең де жанға жайлы баспанаңа ие болу – бақыт. Қолыңа кілт алып жекеменшік баспанаңның есігін ашу, жақындарыңды шақырып қоныстой жасап қызықтау – есте қалатын жағдай, барша адам осыған талпынады. Пәтерсіз болған өте қиын, жыл сайын бағасы өсіп жатқан баспанаға, ипотекаға қол жеткізу де қиын. Мәселенің шешілу ықтималдығы да аз. Өмір-бойы ұмтылып келе жатқан ұмытылмас сәтті қалай жақындатуға болады?

Сіз арман еткен баспана қолжетімді, жинақтау қоры – баспана жағдайын жақсартудың ең жақсы жолы. Сізге бұл әрекетіңізде Қазақстанның қаржылық нарығында 8 жыл жұмыс істеп келе жатқан «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» көмектесе алады. «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкімен» бірге тұрғын үй жинақ қорының арқасында салымшылар табысқа қол жеткізе алады. Жүйе ерекшелігі – өзіңдікі баспанаға қол жеткізу мүмкіншілігі. Банк пен клиент арасындағы шарттық келісім де әзгермейді. Бұл салымшылар үшін үлкен жақсылық, өйткені тұрақтылық өте маңызды. Бұл туралы ойланып, нәтижесінде пәтер, болмаса үй алып қаласың.

Берекелі және ыңдамды адамдар үшін баспана аксиомасы белгілі де қарапайым ақиқаттан тұрады.

Әрдайым тарифте

Банкте бірнеше тарифтік бағдарламалар бар: «Бастау», «Өркен», «Кемел», «Болашақ». Тарифтік бағдарламалар үй бағасының 50% жинауды қарастырады, қалған 50%-ды банк береді. Пәтер алу формуласы жинақтау қоры мен баспаналық заем алудан тұрады. «Бастау» тарифтік бағдарламасы бойынша жинақтау мерзімі 3,5 жыл + баспаналық заем 6 жылға жылдық 5 % беріледі (жылдық тиімді пайыздық мөлшерлеме 5,3 %). «Өркен» тарифтік бағдарламасы бойынша жинақтау мерзімі 5,5 жыл + баспаналық заем 10 жылға жылдық 4,5 % беріледі (жылдық тиімді пайыздық мөлшерлеме 4,7 %).

«Кемел» тарифтік бағдарламасы бойынша жинақтау мерзімі 8,5 жыл + баспаналық заем 15 жылға жылдық 4,5 % беріледі (жылдық тиімді пайыздық мөлшерлеме 4,2 %).

«Болашақ» тарифтік бағдарламасы бойынша жинақтау мерзімі 15 жыл + баспаналық заем 25 жылға жылдық 3,5 % беріледі (жылдық тиімді пайыздық мөлшерлеме 3,6 %).

Сонымен қатар Сіздің қаржыңыз жыл сайын 20% ұлғайып отырады. Неге дейсіз ғой? Бұл – мемлекеттік сыйлық, оның сомасы 200 АЕК дейін анықталандырылады. Сіздің баспана мәселеңіз – мемлекеттік маңызды іс !

Тарифтік бағдарламаны таңдау барысында ең аз деген шарттық соманы есепке алу қажет, ол ай сайынғы жарна сомасын анықтауға қажет. Мысал үшін: «Кемел» тарифтік бағдарламасы бойынша ай сайынғы жарна сомасын есептеп көрелік. 5 000 000 теңгеге келісім жасаған жағдайда, жинақ қорына түсетін сома мөлшері – 25 000 теңге болады (0,50*5000000), баспана заемын жабу үшін – 17 500 теңге (0,35*5000000) т.б.

Кез келген уақытта баспанаға ие болу мүмкіншілігі

«Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінде» жинақтау жүйесінен басқа мерзімінен бұрын болмаса жинақтаусыз баспана алу мүмкіншілігі де бар.

Салымшы қаржыны мерзімінен жылдам жинаған жағдайда, өз баспана жағдайын аралық тұрғын үй заемы бойынша жақсарта алады. Егер пәтерді лезде алу жоспарланып отырса, алдын ала алынатын заемды қолдануға болады. Аталмыш баспана заемдары бойынша Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі 2011 ж. 1 шілдесінен 25 желтоқсанын қоса пайыздық мөлшерлемелерін төмендеткен. Мысалы, стандарттық аралық баспана заемы бойынша елкеде әр түрлі. Алматы қаласы бойынша шаршы метрі – 142 500 теңге, Астана және Ақтөбе қалаларында – 112 500 теңгеден құраса, өзге аймақтар үшін 90 000 теңгеге құрайды. Жаңа тұрғын үй бойынша ақпаратты банктің бөлімшелерінен болмаса www.hcsbk.kz сайтынан алуға болады. Баспана мәселесі тек тыным таппай іздеген адамдар үшін шешіледі.

Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінде ипотекалық несиелерді де қайта қарастыруға болады.

Бұрынғы екінші деңгейлі банктен алған ипотекалық несиеңіздің шарттарын «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінде» қайта қарауға болады. Ол үшін алдын ала берілетін заемды пайдалануға болады. Бас кезінде баска банкке берешек сомаға сай депозит ашу керек (теңгемен). Банкке келісім шартты ұйымдастырғаны үшін келісілген соманың 0,5% комиссия төлеу керек. Әрі қарай алдын ала берілетін заемды жылдық 11% расімдеу қажет (жылдық тиімді пайыздық мөлшерлеме – 17,3%), бұл басқа банк алдындағы міндеттемелерді орындау үшін. Одан кейін несие алушы ай сайынғы жарнаны келісілген соманың 50% жинағанша төлеп отырады. Жинақтау мерзімі біткенше алдын ала алынған тұрғын үй заемы бойынша сыйақысын төлеп тұрады, негізгі қарыз төленбейді. Келісілген шарттық соманың 50 % жинап алған соң баспаналық заемды расімдейді (сыйақы 3,5%-5%, жылдық тиімді пайыз мөлшері – 3,6%-5,3%).

Баспана мәселесі «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінде» шешілмек. Бұл – дұрыс таңдау жасаған шыдамды да үнемді адамдардың аксиомасы.

Ибрагим КАППАСОВ.

Қосымша ақпараттарды «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-ның аймақтық филиалынан ала аласыздар. Мекенжайы: Талдықорған қаласы, М. Төлебаев көшесі, №86 үй, тел.: 24-40-48, 24-79-72 немесе www.hcsbk.kz сайтында.

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Жетісу

●Газет 1918 жылғы маусымнан шығады ● № 117 (17386) Бейсенбі, 7 қазан, 2010 жыл. ● e-mail: Jetisu2002@mail.ru ● Бағасы келісімді

Жетісу жерінде

ЖӘРДЕМ ҚОЛЫН СОЗДЫ

Жақсының жақсылығы талай көңілдерге шуақ құяды. Соның бір дәлелін «Мектепке жол» акциясына байланысты қолға алынған елеулі істерден көрдік. Екі ай бойы жалғасқан осы акция барысында Ынтымақ ауылының іскер азаматтары жетім балалар мен жағдайы төмен отбасылары оқушыларына мүмкіндігінше жәрдем қолын созды.

Рәтбек ТЕРЛІКБАЕВ,
"Жетісу"

Жамбыл аудандық «Майтөбеирригация» мекемесінің бастығы Еділ Әбдікерімов 10 сынып оқушысы Рысбай Заңғарға 15 мың теңгенің киім-кешектері мен мектепке қажетті құралдарын әперсе, «Ынтымақ» шаруа қожалығының төрағасы Нұрлан Ахметжанов Нұрбақыт Исабаевқа тура осындай тарту жасады. Ал енді бір баланы бәсірелеп киндірмесе де, жалпы мектепке жәрдем қолын созған ауыл азаматы Серік Сәдібеков 50 мың, Қуат Тілеубаев 20 мың теңге мөлшерінде көмек жасады. Осындай сақилығымен танылған Қайрат Жұрын, Бәтіш Сұлубекова, Жаныл Нұртазаева сынды азаматтар да тұрмыстық ахуалы төмен оқушыларға киім-кешек әперуге септесті.

Бүгінде 283 оқушы білім-тәрбие алып жүрген Ынтымақ орта мектебінің директоры Гүлнәш Жыланкөзова жоғарыда аттары аталған азаматтарға зор ризашылығын білдірді.

ЖАМБЫЛ АУДАНЫ.

◈ СҮЙІНШІ!

ҚАЛА КҮНІ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ҚОНЫСТОЙЫ

Алматы облысы орталығының тұрғындары күз айларын үлкен үмітпен, жағымды жаңалықтар, жаңа жадыратар жақсылықтар күте отырып қарсы алады. Өйткені, қоңыр күздің алғашқы айы келісімен қаланың бірнеше жерінде күзгі ауыл-шаруашылық өнімдерінің жәрменкелері ұйымдастырылып, берекелі базарлы күндер әр сенбіде калалықтарды қарық қылады. Сонымен бірге Қала күні тойланып, ала жаздай тұрғын үй құрылысы саласында тер төккен құрыш қолды құрылысшылар «Каратал» шағын ауданында және тағы басқа орамдарда салынған кезекті көп қабатты коммуналдық және несиелік, жалгерлік үйлерді пайдалануға беріп, баспанасыз жүргендер жылдар бойы сарғая күткен қоныстойлары бірінен соң бірі келіп жетеді. Бұдан облыста, оның ішінде Талдықорған қаласында Елбасы тапсырмасымен қолға алынған Мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасының ойдағыдай жүзеге асып жатқаны аңғара аламыз.

Болат АБАҒАН,
"Жетісу"



Пәтер кілтін облыс әкімі Серік ҮМБЕТОВ тапсырды.

Жалпы Жетісу өңірінде еңбек етіп жүрген құрылысшылардың ерен еңбегін басқаларға үлгі етуге болады. Басқаны айтпағанда, тасқын су зардабынан жер бетінен жойылып кете жазлаған тұтас ауылды төрт айдың ішінде түгелдей тұрғызып, абаттандырып, инженерлік коммуникацияларын тартып, пайдалануға беру бүрын-сонды ел көлемінде тіркеліп көрмеген еді. Бұл туралы сәрсенбі күні Талдықорған қаласының жаңа шағын ауданында тұрғызылған 40 және 20 пәтерлік екі бірдей көпқабатты несиелік үйден пәтер алғандардың қуанышын бөлісуге келген облыс әкімі Серік Үмбетов айрықша атап өтті.

Бас мердігер «Гәкку құрылыс» ЖШС тұрғызған қос үй де Достық үйінің артына, Каратал өзенінің жағалауына орналасқан. Қырық пәтерлі үйдің жалпы ауданы – 3186 шаршы метр. Мұнда 10 бір бөлмелі, 20 екі бөлмелі және 10 үш бөлмелі пәтер орналасқан. Нысанға барлығы 186 млн. 967 мың теңге жұмсалыпты. Осы бес қабатты көрікті үйдің қасына қоныстанған 20 пәтерлі үйде 5 бір бөлмелі, 10 екі бөлмелі және 5 үш бөлмелі пәтер бар. Бұл үйдің құрылысына 93 млн 994 мың теңге кетіпті.

Несиелік үйлерден пәтер алғандардың денін мемлекеттік қызметкерлер мен бюджеттік мекемелерде еңбек ететіндер, тәртіп сақшылары мен әскери қызметкерлер құрады. Сонымен бірге баспанаға мұқтаж тағы басқа да топтардағы адамдар жаңа үйлерден пәтер алып, қуанышқа кенелді. Араларында жас отбасылар баршылық.

Баспаналы болғандарға құтты болсын айтуға облыс әкімі Серік Үмбетов пен қала басшысы Сәкен Жылқайдаров келді. Бірінші болып сөз алған Серік Әбікенұлы:

– Бүгін пәтерлі болған жандарды шын жүректен құттықтаймын! Өздеріңіз көріп, білп отырғандай, біздің облыста бұл үлкен бір төтенше оқиға тіркелді. Тұтас ауылды тасқын алды. Амал қанша, қаза болғандарды ортаға қайта оралта алмаймыз. Дегенмен, қысқа ғана мерзімде бір ауыл тұтастай қайта тұрғызылып, қалған екі ауылда көптеген үйлер салынып, әлеуметтік нысандар қатарына келтірілді. Мұнда мен ел атынан ауыл адамдарының ауызбірлігі мен соларға жөн көрсеткен ақсақалдарға, уақытпен есептеспей еңбек еткен құрылысшыларға рахмет айтамын. Сонымен бірге алғашқы күннен бастап барлық жұмыска бас-көз болып, жан-жақты қолдау көрсеткен Елбасы мен Үкімет жетекшісіне де жеткізу мүмкіндігінше жәрдем қолын созды.

Бүгінде ол күндер артта қалды. Енді міндет – облыстық әлеуметтік экономикалық дамуы тұрғысында жыл басында жасалған жоспарлар мен болжамдарды жүзеге асыру. Осы бағытта атқарылған шаруалардың арқасында Мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасының да рет-ретімен орындалып жатқанына куә болып жүрсіздер. Міне, бүгін біздер сол жұмыстың нақты нәтижесін көріп отырмыз. Жыл соңына дейін тағы бірнеше үй пайдалануға беріледі. Қоныстойларыңыз құтты болсын! Баспаналарыңызға бақ пен береке толсын! – деді.

Облыс басшысы бұдан кейін баспаналы болғандардың бір тобына жаңа пәтерлердің кілттерін өз қолымен тапсырды. Қуаныш иелері де өз алғыстары мен тілектерін жеткізіп қалуға асықты. Олар Талдықорған сынды таза әрі көрікті қаланың тұрғындары атанғандарына мақтанышпықтарын айта келе, жаңа шағын ауандағы заманауи үйлерді күтіп ұстауға үздеріп берді. Сонымен Серік Әбікенұлы бірнеше пәтерге кіріп, той дастарқанынан дәм татты.



Бақытты сәт.

Қазақстан-2030 ресми хабарлар

АСТАНАДАҒЫ САММИТКЕ КЕЛЕДІ

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Польшаның экс-президенті Александр Квасьневскийді және Австрия Республикасының федералдық экс-канцлері Альфред Гузенбауэрді қабылдады. Әңгіме барысында халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер бойынша, соның ішінде ЕҚЫҰ-ның Астанадағы саммитіне дайындық жайы бойынша да пікір алмасылды.

«ЕҚЫҰ-ның Істанбұлда саммит өткен уақыттан бері он бір жыл өтті, кезегегі елдердің үкіметтері осындай форумды ұйымдастыруға ұмтылады. Бұған тек Қазақстан ғана кол жеткізіп отыр. Мен сіздердің республикаларыңыз үшін бұл саммитті ұйымдастыру, бірінен бірың, Нұрсұлтан Назарбаевтың бедделінің арқасында мүмкін болды деп ойлаймын. Көптеген елдің басшылары осы үлкен кездесуге президент Нұрсұлтан Назарбаевқа деген жеке құрметі үшін келеді, – деп атап өткен А.Гузенбауэрдан «Егемен Қазақстан» газеті сілтеме жасады.

Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығы қызметіндегі басымдықтарының бірі полиэтноконфессиялық диалогты дамыту екені белгілі.

Ол президентпен ағымдағы барысында халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер бойынша пікір алмасқанын жеткізді.

Кабинеттерін атап көрсетілгендей, Альфред Гузенбауэр Қазақстанның экономикалық табыстарына үлкен баға берді. Ол Нұрсұлтан Назарбаевтың дағдарысқа қарсы бағдарламасы өзге елдер үшін үлгі бола алады деп санайды.

ҚҰРМЕТТІ ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ МЕН ҚОНАҚТАРЫ!

Сіздерді 2010 жылғы қазанның 19 – 24 күндері аралығында Талдықорған қаласының «Өркен» спорт кешенінде жастар арасында бокстан «Жетісу күбогы» VIII Халықаралық турнирін тамашалауға шақырамыз.

Жарыс күнделікті сағат 12.00-де басталады.

Жарыстың салтанатты ашылуы: 19 қазанда, сағат 15.00.

ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ.

◈ ӘКІМ ПОЧТАСЫНАН

БИЛІК ЖӘНЕ ХАЛЫҚ: байыпты байланыс

Облыс әкімі Серік ҮМБЕТОВТІҢ атына алғыс хаттар келіп түсуде. Ризашылық білдіріп, алғыс айтушылар қатарында ҚР Туризм және Спорт министрлігі, Қапшағай қаласы, Шеңгелді ауылдық округінің тұрғындары да бар. Облыс әкімінің баспасөз қызметі хаттар мәтінін назарларыңызға ұсынып отыр.

Құрметті Серік Әбікенұлы!

Қазақстан Республикасы Туризм және Спорт министрлігі 2010 жылғы 23 қыркүйекте Анталья (Түркия) қаласында ауыр атлетикадан өткен әлем чемпионатында жерлесіңіз Светлана Подобедованың әлем чемпионы атануымен және 3-рет әлем рекордын жаңартуымен Сізді шын жүректен құттықтайды.

Алматы өңірінің спортшылары әлем чемпионатында осымен 2-рет еліміздің мерейін аскақтатып, Түркия елінде еліміздің Көкбайрағы желбіреп, Әнұраны шырқалды.

Елімізде, соның ішінде Алматы облысында дене шынықтыру мен спортты дамытуға қосқан үлесіңіз бен ортақ іске деген жанашырлығыңыз үшін алғысымызды білдіре отырып, алдағы уақытта өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға бағытталған жұмыстарыңызға сәттілік пен табыс тілейміз.

Қ. ӨСКЕНБАЕВ,
министрдің міндетін аткарушы.

Алматы облысының әкімі
С. ҮМБЕТОВ мырзаға

ҚҰРМЕТТІ СЕРІК ӘБІКЕНҰЛЫ!

Елбасымыз Н. НАЗАРБАЕВТЫҢ жыл сайынғы халыққа Жолдауын басшылыққа ала отырып, Сіз, туған облысымыздың әлеуметтік жағдайына, мәдениетіне, ел бірлігіне көп үлес қосып келесіз. Облысымызда атқарылып жатқан үлкен іс-шаралар Сіздің тынымсыз еңбегіңіздің жемісі. Соның айғағы, киелі Шеңгелді өңіріне ең алғаш атбасын бұрған 2006 жыл алі күнге дейін есімізде.

Сіз келіп кеткеннен кейін ауылдағы орта мектеп толық жөндеуден өтіп, жаңама мектеп үйінің құрылысы аяқталып, қазіргі кезде оқу-тәрбие жұмысы зор жетістіктерге жетіп отыр. Сонымен қатар, Сіз Бөлек би Тасыбайұлының кесенесін және Қадырғали Қасымұлының мұражайын өз қолыңызбен ашып беруге атсалыстыңыз. Ауылымыздағы жаңадан салынған балалар бақшасының ашылуына куә болдыңыз.

Серік Әбікенұлы! Шеңгелді ауылдық округіне карасты Кербұлақ елді мекенінде мемлекеттік бағдарламаға сәйкес, көп жыл игерілмей жатқан «Жаңа ақдала» атты ұжым құрылып, жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамтамасыз етуге жұмылдырып отыр. Аймақтағы шаруа қожалықтарының еңбегі зор табыстарға ие.

Серік Әбікенұлы! Шеңгелді ауылдық округіне «Жол картасы» бағдарламасы бойынша жол жөндеу жұмыстарына 129 млн. теңге қаржы бөлініп, көшелерде жөндеу жұмыстары сәтті шешімін тауып отыр.

Округ бойынша «Жол картасы» бағдарламасы арқылы 142 адам жұмыска тартылып, қоғамдық жұмыспен 246 адам қамтылғаны біз үшін зор жетістік.

«Балапан» бағдарламасы бойынша 150 орынды «Ақбота» балабақшасына 64 млн. теңге бөлінді. Мәдениет үйін күрделі жөндеуден өткізу үшін 135 млн. теңге қаржы карастырылды.

«Ауыз су» бағдарламасы бойынша, Шеңгелді ауылына су жүргізудің 3-ші кезеңі басталып, оған бюджеттен 142 млн.теңге қаржы бөлінді. Жергілікті тұрғындарды ауыз сумен қамтамасыз ету жұмысы аяқталуға таяу.

Сөз соңында айтарымыз, егеменді еліміздің тұңғыш Президенті, сарабдал саясаткер Н. Назарбаевтың 2010 жылғы халыққа Жолдауының орындалуына үлкен үлес қосып жүрген облыс әкімі Серік Әбікенұлы, Сізге Шеңгелді аймағының халқы үлкен рахметін жолдайды.

ҚҰРМЕТПЕН,
ШЕҢГЕЛДІ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ТҰРҒЫНДАРЫ.

АУЫЛ БЕРЕКЕСІ

Алматы облысы Астанада ауыл шаруашылығы жәрмеңкесін өткізді

Биылғы жылдың құрғақшылығына қарамастан көкөніс өнімдері мен дәнді-дақылдардың молдығы күз берекесін тасытты. Күзгі жиын-терін де сәтімен аяқталуда. Осы орайда жылдағы дәстүр бойынша облыс әкімі Серік Үмбетовтің қолдауымен Астана қаласында өткен «Ауыл – береке» атты жәрмеңке қала тұрғындарының көңілінен шығып, мерейлерін тасытты.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА,
"Жетісу"

Аталмыш шараға облыс әкімінің орынбасары Тынышбай Досымбеков және облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы Бағдат Әлиев, облыс аудандары әкімдерінің орынбасарлары, тағы басқалар қатысты. Ұйымдастырып отырған жәрмеңкенің нақты мақсаты – Елорда тұрғындарын экологиялық жағынан таза әрі бағасы базардағыдан әлдекайда арзан ауыл шаруашылығы өнімдерімен қамтамасыз ету. Атап айтқанда, Ақсу, Алакөл, Балқаш, Ескелді, Талғар, Панфилов, Кербұлақ, Көксу, Үйғыр, Қарасай, Сарқан, Қапшағай және Талдықорған қаласы сияқты облыс аудандарынан жеткізілген қызанақ – 60, сәбіз – 60, қызылша – 60, қауын – 50, пияз – 50, қырыққабат – 40, қант – 160, күріш – 145, қой етінің килесі – 700, сиыр еті – 650, ал жүзім – 220 теңгеден болса, картоптың бағасы – 50 теңге көлемінде сатылды. Өткізілген өнім түрлері Астана базары бағасынан 15 – 25 пайыз төмен бағада арзандатылған. Жәрмеңкеге апарылған өнімнің жалпы құны 15 млн. теңгені құрайды. Оның ішінде көкөніс 10,860 млн. теңге болса, жеміс-жидектің құны – 2,12 млн. теңгені көрсетеді. Ал күріш – 1,74 млн. теңге, қант – 0,32 млн. теңгенің көлемінде. Астаналық-тарға жеткізілген жалпы өнім салмағы 195 мың тоннаны құрады. Осылайша Астана қаласына алыстан ат арылып келген тауар өндірушілер мен осы күнге дейін базардан қымбат бағамен сатып алған қала тұрғындары жәрмеңкеге дән риза болды.

◈ ӨНЕР

Облыстық Бикен Римова атындағы драма театр ұжымы Алматы қаласындағы гастрольдік сапарын жақсы нәтижелермен өрнектеп, Талдықорғанға зор құрметпен оралды. Бір апта бойы Алматыдағы Үйғыр театрында таңдаулы деген спектакльдерін қойып, патша көңіл көрерменнің қошеметі, өнерсүйер қауымның ыстық ықыласына бөленген театр ұжымын жерлестері қызу қарсы алды.

Облыстық театр Алматыдан оралды

Қажет АЛДАС,
"Жетісу"

Жылы лебіл, ізгі ілтипатпен алқызыл гүлдерін көтере шыққан топ қонақтарды қаладан қозыкөш жерде күтіп тұрған еді. Түс ауа Жетісу театрының керуені де мақсаттағы жерге жетіп үлгерді. Өнірімздің өнерін өнтүстік Астана жұртына паш етіп, абыроймен оралған актерлерге қарсы алушылар "бәрекелді" айтып жатқанда біз театрдың көркемдік жетекшісі Серік Нұрқаманұлы сөзге тарттық.

– Бізді Алматыдағы өнерсүйер қауым қызу қарсы алды. Онда кәсемі, зиялы, сахнаны көркемдеу әдісі бе, қай жағынан болса да бізге ыңғайлы болғандықтан Үйғыр театрын таңдап алдық. Мұрат Ахмановтың режиссерлігімен Мұқағали Мақатаевтың «Райымбек, Райымбек» поэмасының желісі бойынша сахналанған спектакльмен сахна шымылдығын ашқан өнер ұжымының тартуын алматылықтар қызу қарсы алды. 50-ден астам адам жұмылырылған қойылымға жиылған қауым жоғары бағасын берді. Соның ішінде ақын Ирәибек (Ирандайым) Оразбаев. «Спектакльдің атын «Райымбек, Райымбек» демей «Ақтабан шұбырынды» деп атаған жөн шығар. Өйткені, мұнда арғы тарихымыздағы Ақтабан шұбырындыдан тартып, соңғы шұбырындыға дейінгі өмір ақиқаты ирандай екен», – деген лебіл үлкен ойға жетеледі. Осыдан кейін көрермендерді таңдай қақтырып, тамсандырған Бикен апамыздың «Қос мұңлық» спектаклі болды. Оны тамашалаған Болат Атабаев бастаған апамыздың көзін көріп, тәрбиесін алған, бірге жүріп, қызмет жасаған ағаларымыз ізгі лебізін білдіріп жатты. Басқа да қойылымдар, атап айтар болсақ, Бақтожа Мұқайдың «Тойы көп үй», Ирәибек (Ирандайым) Оразбаевтың «Ана аманаты», Сұлтанәлі Балғабаевтың «Ғашықсыз ғасыр» спектакльдері көрерменнің көңілінен шықты. Сапардың сәтін шымылдығын Бикен апамыздың «Қос мұңлық» спектаклімен жалғастық, – деді.

Алматыға барған актерлердің көңіл-күйі көтеренкі. Бәрінің де жетістігімен таратып айтар әңгімесі көп көрінеді. Талайға дейін тоқайласқан топтың, дастарқан басында өзгеше бояумен өрілетіні как. Мұндай жағымды істер алдағы уақытта да көп болатын сынайлы. Ұжымның алдағы уақыттағы жоспарлары жайында театр директоры, ҚР Мәдениет қайраткері Базарбек Төлекбаев:

– Осы жолғы сапар жақсы жаңалығымен өрнектелгенін барып қайтқан әріптестерден естіп жатырсыздар. Енді 16-шы қазанда Қазақстанның Халық әртісі Алмахан Кемжебекова мен жолдасы ҚР Мәдениет қайраткері Кендебай Темірбайұлының 60 жасқа толған мерейтойына орай облыс әкімінің қолдауымен өтетін үлкен мәдени шара бар. Оған республиканың әр аймағынан қонақтар келеді деп күтілуде. Осыдан кейін қазан айының 20-да театрдың 36-шы маусымы «Райымбек, Райымбек» спектаклімен ашылады. Содан кейін Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда облыстарына гастрольдік сапармен бару жоспарымызда. Ары қарай жаңа жылдық шырша тойына дайындық, тағысын тағылар, – деді.

Иә, театр жұмысы осылай жалғасып, рухани байлығымыздың қайнар көзі өзінің қасиеттілігі, кастерлілігімен бір белестен тағы бір белеске өрлей береді. Ол тағы да қаражат мәселесіне тіреледі. Осы ретте, Алматы сапарының сәтті өтуі өнерге түзу көзбен қарайтын облыс әкімі Серік Үмбетовтің тікелей қолдауымен комақты қаржы бөлуінің арқасында жүзеге асқанын айта кеткен жөн. Осындай қолдау мен жанашырлықтың арқасында өнеріміздің өресі биіктеп, өркендей беретіні анық.

◈ТЕАТР



Ғабит Мүсірепов атындағы академиялық жастар мен балалар театрының режиссері, Қазақстанға еңбегі сіңген қайраткер Балтабай Сейітмамытов 60 жасқа толған мерейтойына орай І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында қала тұрғындарына есепті спектаклін ұсынды. Жазушы «Ақ желкен» журналының бас редакторы Нұрғали Оразбек драматургиядағы тырнақалды туындысы «Адасқан жұлдыз» спектаклі Балтабайдың режиссерлігімен Алматы сахналарында қойылым журлының құлағы түрік талдықорғандықтар бізге де таныпалауға сәті түсіпей келген еді.

ЖҰРТ КӨҢІЛІНЕН ШЫҚТЫ

Қанат АЙДАС,
"Жетісу"

Сондықтан болар, Мәдениет сарайына жиналғандардың қарасы көп. Олардың қатарында кәсіп өнерге құрметпен қарайтын самсаттың тағзым ұстап жүрген даулаымды тұлғалардан бастап, ақ сақалды аталар мен ақ жаулықты әжелер, гүл алып жүрген балдырғандар да болды. Әрине, театр - құпиясы мен қызығы көп өнер. Без көбінде сахнадағы көріністерді ғана көріп, актер болуға қызығатынымыз жасырын емес. Алайда, сахна сыртындағы қиындығы мен шыжығы көп тірлікті бәріміз біле бермейміз. «Адасқан жұлдыз» міне, осы әлемге, ондағы түйіткілді мәселелерден түйіншегін тарқатуға арналған. Әрине, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында театрдың бірегі қиындыққа жолығып, сахнаның бос қалған кезеңдері болғанын жасырмаймыз. Тіпті, өнер адамдарының кейбіреуі басқа салаға бақ қуып кетті. Жалы болғаны да, болмағаны да кездесті. Спектакль осы мәселені көрсетуді өзек етеді. Рөлдерді Қуандық Кадырғазы, Сүйдет Бектұр, Ерболат Садырбаев, Әсет Ыдырғалиев, Сания Ерзатқызы, тағы басқа актерлер сомдады. Ұйымдастыру жұмыстарын Ерқін Әбдірешев атқарды.

«Бізден ел пайғамбарлар мен мазияраларды тудырмады демесең, адамның небір бұлбұлы мен дүлдүлін тудырған ел», - деген Медетбек батырдың мәйегі сөзге жүгінсек, «Ақындар мен батырлар ел!» атанған Жамбыл баба жерінен түлеп ұшқан дарындар көп. Солардың арасындағы Балтабай ага басына театр бақ боп қонып, ғұмырын соның бабын табуға арнады. Ол сахналаған «Сүйе білсең», «Жеңге-жек (Тұншықкан сетім)», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қанбақ шал», тағы басқа да қойылымы әлі де сахнаның мәз-мейрам болып, көрерменін қуантып келеді. Кино актері ретінде де «Әдметтің қайғы орғызуы», «Махамбеттің қызыңы» спектакльдерінен асқа киногә түсіп, жұртқа танылды. Өнер туралы өзекті тақырып болса, журналистер қауымының да Балтабай ағаны іздейтіні оның «Сегіз қырлы, бір сырлы» азаматтығы деуге болады. Терең жанкөк, алғ талай дүниелерді атауға болар еді. Бір ауыз сөзбен айтқанда, ол бағын - байлықтан, кісілігін - атақ-мансаптан іздемей-ақ, кішілік, бірбеткей мінезімен барын салғадан тауып, алғыс дегең белеске де жетті. Қазақ театр әлемінде тарыдай болып кіріп, таудай тұлғаға айналды. «Адасқан жұлдыз» ол сахналаған бірегей қойылымдарының мандай алды бірегуі саналады.

Екі сағатқа созылған қойылымның қалай біткенін білмей қалдық. Онда бейнеленген өмір қайшылығы, тірлік киындығы, арман мен мұрат, оны нанымды етіп көрсетуге тырысқан актерлердің шеберлігі жалықтырмаған жоқ. Мұның өзі режиссердің шеберлігін ашғартады.

Аталған спектакльдің облыс орталығында қойылуына өнер пелеріне үлкен құрметпен қарайтын облыс әкімі Серік Үмбетовтің ықпалы болғанын айта кету керек. Қойылым біткен соң сахна төріне облыс әкімінің орынбасары Серік Мұқанов көтеріледі. Театр ұжымына рухани байлығымыздың бір саласы – өнерге үлкен құрметпен қарайтын облыс әкімі Серік Үмбетовтің сәлемін жеткізе келіп, бұл спектакльдің режиссері Балтабай Сейітмамытова шапан жауып, ризашылығын білдіреді. Облыстық мәслихаттың шешімімен қабылданған «Алматы облысының Құрметті азаматы» төсбелгісін кеудесіне қалады. Сондай-ақ, театр ұжымына сәт-сапар тіледі. Сөз кезегінде Балтабай Сейітмамытов облыс әкімінің өнерге деген құрметі мен қолдауына алғысын білдірді. Көпшілік: «Жұрт көңілінен шыққан спектакль талдықорғандық актерлер жағынан шалдау тауып, көрермендерін көбейтсе», - деген үмітпен тарады.

◈ӨНЕР ӨЛКЕСІНДЕ

Біртуар ақын – БАҚТЫБАЙ

Ескелді ауданында дүниеге келіп, атағы алты Алашқа жайылған жетпісінші ақын Бақтыбай Жолбарысұлының туғанына 175 жыл толуына орай облыс орталығы Талдықорған қаласында «Бақ жұлдызды Бақтыбай» атты әдеби-сазды кеш болып өтті. Бұл кешке ақын Бақтыбай Жолбарысұлының өмірі мен шығармашылығы туралы қанатты сөздер мен өлеңдер оқылып, кітап көрмесі ұйымдастырылды. Халқының жүрегіне өлшеусіз терең бойлап, елінің шексіз махаббатына бөленген, айдыны кең, асқары биік алып ақынның ұлан-гайыр кеңістігі өнер төрінде жаңғырары даусыз.

Кеште Бақтыбай Жолбарысұлы атындағы орта мектептің музыка пәнінің мұғалімі Алмас Серікбаев пен «Балбөбек» балалар бақшасының музыка пәнінің мұғалімі Гүлнұр Жүсіпова айтыстан керемет көрініс көрсетіп, оқырмандарды қуантып, әсем әнмен, тәтті күймен тәнті етті. Көптен бері мұндай жерлі айтысты естімеген залдағы қонақтар бір дүрлігіп қалды. Мұнда 40 жастағы Бақтыбайдың 17 жастағы Мәйке қызбен айтысып, өзіне мәнгілік рухани жұп тауып, ақындық жаңа тынысының ашылуы ерекше бейнеленген. Мәйке Бақтыбайдың жыр мұрасын 30 жыл бойы жатқа айтып, бүгінгі ұрпаққа жеткізіп кеткен қазына-ана.

Сонымен қатар, Мәдениет үйінің қызметкері Н. Қырықбаев «Бақтыбайдың жеддірмесі» атты күй шертті. Бүгін қазақ халқының мақтанышы, тума талант, айтыс өнерінің небір мұзбалақтарын сүріндірген айтыскер ақын, әнші Б. Жолбарысұлының Мәйкеден Нұрыш атты қызы, Нүсіпбек атты ұлы болған. Бірақ олардың бойына ақындық қасиет дарымаған десеңіз. Айта берсек, ақынның шығармашылығын бір кеште айтып таусу мүмкін емес. Кәзіргі таңда Б. Жолбарысұлы атындағы мектеп атаулары, көше аттары бар. Ол ұрпақтан ұрпаққа жететін асыл қазына болып табылады.

Әсем ДАКИРОВА,
С. Сейфуллин атындағы Алматы облыстық әмбебап кітапханасының әдіскері.

Өзгерту

2010 жылғы 2 қазандағы № 144 (17383) жарияланған «Алматы облыстық құрылыс басқармасы» ММ **3-тармағы ішкі бақылау қызметінің бас маманы** бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға қатысу туралы хабарламасы басылымға қателіпкен жіберілуіне байланысты жарамсыз деп танылсын.

◈ЕСІРТКІГЕ ЕСІК ЖАБЫҚ!

ТАСЫМАЛДАУШЫ ТҰТЫЛДЫ

Алматы облысы бойынша кедендік бақылау департаментінің контрабандаға қарсы күрес басқармасы мен ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің Кинологиялық орталығының қызметкерлері бірлесе жүргізген жедел-іздестіру шарасы барысында аса ірі көлемдегі есірткі тасымалының жолын кесті.

Алматы – Бішкек автотрассасының 59 шақырымында орналасқан «Ақтерек» бекетінде тоқтатылған Қазақстан азаматы жүргізіп келе жатқан «Ауди-100» автокөлігінде оның өзімен бірге 1987 туған Қырғыз Республикасының азаматы Ош қаласының тұрғыны болған Карша ел азаматының, жеке басын тексеру барысында оның денесіне жабыскақ лентамен мұқият бекітілген ақ, түсті мата орамы табылған. Орамның ішінен жасыл түсті ұнтақ, зат шығады.

Сараптама қорытындысында сәй оштық азаматтан алынған жасыл түсті ұнтақтың салмағы 1 кем 750 грамм болатын аса қауіпті есірткілік зат – героин екені анықталды.

Кедендіктердің қызметтылығы арқасында аса ірі есірткілік зат тасымалының алды алынды. Карша елдің контрабандашысы Жамбыл әуданнан, 1бунин ұақытша ұстау изоляторына қамалып, ұстанған ҚР Қылмыстық кодексінің 259-бабымен қылмыстық іс қозғалды. Қазіргі кезде анықтау жүргізіліп жатыр.

Қайрат МАТРЕКОВ,
Алматы облысы бойынша кедендік бақылау департаментінің баспасөз қызметінің маманы.

ӘЛЕУМЕТТІК САЛАДАҒЫ ОҢДЫ ІСТЕР

Алматы облысы халқын жұмыспен қамту жүйесін жетілдіруге бағытталған 2008-2010 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асырудағы жұмыссыздықтың алдын алу мақсатында облыста кешенді жұмыстар атқарылуда. 2010 жылдың басынан әлеуметтік-экономикалық даму жоспары негізінде облыс бойынша 12591 жаңа жұмыс орны ашылып, жоспарлы көрсеткіш 73,7 пайызға (17074) орындалды.

Халықты жұмыспен қамту

Бұтарды экономиканың, қызмет түрлеріне бөлгенде ауылшаруашылық саласында – 2924, өндірістік кәсіпорындарда – 1050, білім беру және денсаулық сақтау салаларында – 704, саудада – 2022, құрылыс пен коммуналдық шаруашылық жүйесінде – 2369, кәсіп және байланыс саласында – 2 басқа салаларда 3520 жұмыс орны іске қосылған. Жаңа жұмыс орындың 8698-і ауылдың жергілікті халқына ашылған. Сонымен қатар, облысымызда «Жол картасы» бағдарламасы шеңберінде 14137 жұмыс орны құрылды. Жыл басынан уәкілетті органдарға жұмыс іздеу мақсатымен 23204 жұмыссыз тіркелініп, оның 19925-і тұрақты жұмыспен қамтылды немесе жұмысқа орналасу деңгейі 85,9 пайызды құрады. Бұл көрсеткіш бытырғы жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,5 пайызға өсті.

Жыл сайын облыста жұмыссыз азаматтардың әлеуметтік қорғалуын мегзгі белсенді нысандарының бір болып табылатын – жалпы қоғамдық жұмыстарды дамыту шаралары ауқымын кеңейтуге басымдық берілуде. Уақытша жұмыстан қаптамасыз ету мақсатында жалпы қоғамдық жұмыстың 50 түріне 7662 адам жіберілді. Жұмысқа орналасуға қиындық көрсетін жұмыс іздеушілерге қоғамдық қорлар және әлеуметтік жұмыс орындары ұйымдастырылады. 2010 жылы осындай орынға 340 адамды жіберу қарастырылған болса, жыл басынан нысаналы топтардан жұмыссыздар үшін 369 әлеуметтік жұмыс орны құрылды. Қажетті кәсіптік біліктілігі болмауына байланысты пайдалы жұмыс таба алмай жүрген жұмыссыздар үшін кәсіптік қайта даярлау және біліктілігін арттыруға 2010 жылы облыс бойынша 3000 жұмыссыз жіберу жоспарланған. Бұл мамандықтың 48 түрі бойынша 3083 жұмыссыз оқуға жіберілді. Еңбек нарығын кәсіпті сұранысқа ие ұсыныстарды анықтау және жұмыссыз азаматтарды жұмыспен қамту немесе кәсіпкерлікке даярлау мақсатында облыста жыл сайын бос жұмыс орындарына жәрмеңке ұйымдастырылып өткізіледі. Облыс бойынша осы жылы ұйымдастырылған 21 бос жұмыс орны жәрмеңкесінің қорытындысы негізінде 1743 адам орналасып, 712 адам кәсіпті оқуға жолдама алды, 499-ы қоғамдық, 549-ы әлеуметтік жұмыс орындарында, ал оқу орындарын бітіріп келген 527 жас «Жастар тәжірибесіне» жіберілді.

2010 жылдың 1 қыркүйегінде жұмыспен қамту органдарында есепте тұрғындардың саны 4459 тіркелген жұмыссыздың, деңгейі бытырғы жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 0,8 пайыздан 0,5 пайызға дейін, жалпы жұмыссыздық деңгейі 6,6 пайыздан 5,8 пайызға дейін төмендеді.

«Жол картасының» жүзеге асырылуы

Алматы облысы бойынша 2010 жылы «Жол картасын» жүзеге асыруға 12,7 млрд. теңге бөлінді. Осыған сәйкес 230 жоба ұсынылып, 14137 жұмыс орнын құру белгіленген. Оның ішінде:

– тұрғын үйкоммуналдық шаруашылық жүйелерін жаңарту, дамыту – 71 жоба, 5,5 млрд. теңге, 5187 жұмыс орны;

– жол жөндеу жұмыстары – 51 жоба, 2,4 млрд. теңге, 1861 жұмыс орны;

– мектеп, аурухана және басқа әлеуметтік нысандарды жөндеу – 54 жоба, 2,7 млрд. теңге, 3979 жұмыс орны;

– ауыл, кент, селодағы әлеуметтік нысандарды жөндеу – 54 жоба, 2,1 млрд. теңге, 3100 жұмыс орны.

Бүгінгі күнде іске асырылып жатқан жобалардың ішінде 158 нысанның жұмыстары аяқталды. Олардың ішінде тұрғын үйкоммуналдық шаруашылық жүйесіне 33 нысан, 50 нысан, 43 білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік мекеме, қала және ауылдық 28 әлеуметтік мәдени нысандарын жөндеу және қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Жол жөндеу жұмыстары облысымызда жыл сайын жоспарлы түрде атқарылып жатса да «Жол картасының» көмегімен бүрнағы жылдары жөндеуден өтпеген жолдардың тозған бөліктерін қамту мүмкіндігі туды. Бұның осы бағдарлама бойынша ұзындығы 251,9 км жол орташа 405,5 мың шаршы метр жол ағымды жөндеуден өтті. Сонымен қатар «Жол картасының» іске асырылуы кейбір ауылдық жерлерді балабақша ғимаратын қалпына келтіруге және Елбасының балабақша санын көбейту туралы тапсырмасын орындауға мүмкіндік туғызды. Биылтыр «Жол картасы» аясында Ақсу және Ескелді ауданында 2 балабақша қолданысқа берілсе, биыл Іле, Қаскелең және Қаратал аудандарында 3 балабақша ғимараты жөнделіп, пайдалануға берілуде. Іле ауданы Боралдай кентіндегі жұмыс істеп тұрған 220 орындық «Балдаурен» балабақшасы күрделі жөндеуден өтіп, қалпына келтірілсе, Қаскелең ауданындағы бұрынғы балабақшаның ғимараты қалпына келтірілгеннен кейін 275 сәби қабылданып, 65 адам жұмыспен қамтылады. Сол сияқты Қаратал ауданындағы 240 балаға арналған балабақшаның іске қосылуы 57 адамның жұмысқа орналасуына мүмкіндік бермек.

Әлеуметтік нысандар бойынша, биыл «Жол картасы» шеңберінде жөнделу жұмыстарымен 17 мектеп, 6 кәсіптік білім беру оқытқаны, 16 емдеу орны, 4 мұражай, 1 карттар үйі, 7 спорт мектебі және ауылда орналасқан 11 селолық клуб сияқты мәнісіз нысандар қамтылды. Аталған жобада 14137 жұмыс орны құрылып, 13870 адам, оның ішінде жұмыспен қамту органдары арқылы – 7701 адам орналасты. «Жол картасы» шеңберінде «Әлеуметтік жұмыс орындары» және «Жастар тәжірибесі» бағдарламаларының ауқымы кеңейтілп, жүзеге асырылуда. Бұл мақсатқа республикалық бюджеттен әлеуметтік жұмыс орнын құруға 216 млн. теңге, оқу бітіруші 1400 түлек үшін 168 млн. теңге бөлінді. Жыл басынан халықтың нысаналы топы арасынан әлеуметтік жұмыс орындарынан 2075 адам жіберілп, уақытша жұмыспен қамтылды.

2010 жылдың басынан жұмыспен қамту органдарына жүгінген 16-29 жас аралығындағы жұмыссыздар арасынан 1763 маман «Жастар тәжірибесіне» қатысты. Бұл бағдарлама бойынша 308,7 млн. теңге игерілді.

Әлеуметтік көмек

Бүгінде алғуаз топтағы азаматтарға әлеуметтік көмектер көрсетілуде. Үстамдегі жылдың 8 айында 104 мыңнан астам аз қамтамасыз етілген азаматқа 1045,6 млн. теңгеге әлеуметтік көмектің өр түрі көрсетілді. Оның ішінде кедейшілік шегінен төмен тұратын 2151 отбасының 9333 адамына 1133 млн. теңгеге мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төленді. Атаулы әлеуметтік көмекке алушылардың денін көмейлетік жасқа толмаған бала-шағасы бар отбасылар құрап отыр.

Жыл басынан атаулы әлеуметтік көмек алушылардың қатары 9333 болса, бірінші қыркүйекке алушылар саны 5731- дейін төмендеді. Бұған мемлекеттен берілп отырған біржолғы көмектің септігі де тиюде. Осы көмекті алған 60 отбасы кедейшілік қатарынан шықты. 18 жасқа дейінгі балалары бар аз қамтамасыз етілген отбасылар да мемлекеттік қамқорлығында. Жыл басынан 18,8 мың отбасының 55 мың баласына 4744 млн. теңгеге жәрдемақы берілді.

Облысымызда ұшыл жыл қатарынан жеке жер үйде тұратын отбасыларына тұрғын үй көмегі беріле бастады. Сонымен бірге облыс әкімінің гранты бойынша жетім және тұрмысы төмен отбасыларынан шыққан 274 студент жоғары оқу орындарының бюджет есебінен тегін білім алуда.

Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру саласының мамандарына, спорт, мәдениет саласының қызметкерлеріне тұрғын үй коммуналдық қызметтерге өтемақы төленуде. Оған бюджеттен 259,1 млн. теңге бөлінді. Сонымен бірге Ақсу ауданының су тасқынынан зардап шеккен азаматтарын әлеуметтік қолдау мақсатында материалдық көмек көрсету үшін республикалық бюджеттен 171,8 млн. теңге қарқы қаралып, Материалдық көмек ер адамға 15000 теңгеден үш ай мерзімде төленді.

Қайтыс болған азаматтардың отбасыларына ербір қайтыс болған адамға облыстық бюджеттен 500,0 мың теңгеден 2,5 млн. теңге қарқы бөлініп, көмек көрсетілді. Сонымен бірге зардап шеккен отбасыларындағы 70 баланың оқу ақылары төлеуге бюджеттен 9,5 млн. теңге бөлінді. Халықтың өлуаз тобына бөлінген қарқы заңға сәйкес уақытында және көмекке мұқтаж азаматтарға тағайындалып, төленуде.

Мүгедектерді оңалту

Мүмкіндігі шектеулі жандар қоғамның бір мүшесі. Олар үшін мемлекеттің қамқорлығы мен қарауында. Бүгінгі күні мүгедектердің саны 53 мыңнан астам адамды, яғни облыстағы жалпы халық санының 3 пайызын құрайды. 2006 жылдан мүгедектер облыстағы шипажайларға тегін санаторлық-курорттық емделумен қамтамасыз етілуде. Облыс бюджетінен бұл мақсатқа бөлінетін қарқы көлем де жылдан жылға артып келеді.

Мүгедектерді оңалту шараларының шеңберінде биылғы жылы 8,7 млн. теңгеге 234 қол арба сатып алынды. Кейінгі жылдары белсенді өмір сүрп жүруге мүгедектерге электрлік қол арбалар берілп жатыр. 2010 жылы осындай 4 электрлік арба сатып алынды. Протез-ортопедиялық көмекке 46,3 млн. теңге бөлініп, оған 997 адам түрлі бұйымдармен қамтылды. Сонымен бірге сурдо және тифлотехникалық құралдармен қамтамасыз ету қызметтерне есту және көру қабілеті нашар мүгедектер үшін сомасы 34,5 млн. теңгеге өртүрлі құралдар алынды. Өз бетінше жүрп-тұруы қиындыққа түсетін бірнеше топтағы мүгедектер мен есту қабілеті нашар мүгедектер үшін жеке көмекші ымдау тілін маманы көмектесумен және мерзімді гигиеналық құралдармен қамтамасыз етуге 2010 жылы бюджеттен 122,5 млн. теңге бөлінді. Бүгінгі күн 1969 мүгедек осы қызметтің түрлерімен қамтылып, рехабилитацияланудан.

Облыста 1862 орынға арналған өртүрлі бағытталған 9 медициналық-әлеуметтік мекеме қызмет етеді. Жылдан-жылға оларды бюджеттен қаржыландыру жағдайы да жақсаруда. 2006 жылы облыста мүгедектерге арналған оңалту орталығы ашылды. Жылына 130-дан астам мүмкіндігі шектеулі балаларға медициналық, педагогикалық және психологиялық оңалту көрсетілуде.

Соңғы үш жыл ішінде екі мыңға жуық нысанда түгендеу жұмыстары жүргізілп, 2303 пандус салынды. Мүгедектерді тасымалдайтын арнайы автокөлік алу мәселесі де бүгінгі күні маңызды мәселенің бірі болып табылады. Қазірті уақытта автоматты көтергіштермен жабдықталған 12 автокөлік мүгедектерді тасымалдаумен айналысуда. Биылтыр бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі бағдарламасының аясында «Ерлік» мүгедектер қоғамына әлеуметтік такси қызметін ұйымдастыру үшін демеуші ретінде «Галахер Қазақстан» компаниясы сондай бір автокөлік сыйға тартты. Облыста мүгедектер ісі жөніндегі Үйлестіру кеңесі де жұмыс істейді.

Бүгінгі нарықтық қатынас кезінде экономикада түрлі ауытқулардың болатыны заңдылық. Десе де, «жұмыла көтерген жүк жеңіл». Ендеше, қандай қиындыққа да төтеп беріп, еңсере білейік.

Үмсын БАЛАБИЕВА,
облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бастығы.

◈ТУРИЗМ

«МОСКВА – ДОСТЫҚ» жүрдек пойызы келді

Осы айдың алғашқы күні түн ортасына таман Алматы облысының Алакөл ауданындағы Достық темір жол бекетіне «Москва - Достық» жүрдек пойызы келді. Бұл әдеттегідей, жолаушылар немесе жүк пойызы емес, «GW TRAVEL» компаниясының әлемнің әр түкпірінен отыратын туристер үшін арнайы жасбұқтаған пойызы.

Бұл жолғы туристердің жас ерекшелігі әр түрлі екен. Алды сексенді алысадаған британиялық Грайнгер Геоффрей болса, ең кастары – 30-ға енді толатындар. Тіпті, кейбір туристер мұндай сапхатты жылда қайталайтын үйреншікті сапарға айналдырып алған. «Москва – Волгоград – Үрженш – Газоджак – Ашхабад – Мары – Фарап – Бұхара – Самарқан – Ташкент – Алматы – Достық» бағытымен келген сапхатшылар Қытаймен шекарадағы қазақстандық соңғы темір жол бекетінде «GW TRAVEL» компаниясының «Алтын бүркіт» туристік пойызына отырып, Қытайдың «Үрімші – Тулуфан – Дөңхуан – Синьи – Пекин» сияқты қалаларын аралауға, тамашалауға бет алды.

Сапарларын жол бойындағы қалалардың тарихи орындарын тамашамен өткізген саяхатшылар әр шаһардың өзіндік кескін-келбеті, басқалардан ерекшелігі бар екендігін, өзіндік тартымдылықтарын тамсана отырып өңгімеледі. Сондай-ақ, саяхатшылар Алматының көрбез келбеті мен осында алғаш рет демін тартқан апорттың тіл үйіретіндігін жарыса айтып жатты. Сонымен бірге әлемнің әр түкпірінен жиналған туристердің ерен саяхаттауына қолқаралық шекара мен кеденшілерде жағдайлар жасалғанын, қожатқа қатысты ешқандай кедергінің болмағанын да ерекше атап өтті. Туристердің саяхаттық сапары 35 күнге созылады.

«ДОСТЫҚ» КЕДЕНІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Түзету

Облыстық «Жетісу» газетінің 2010 жылғы 5 қазан күнгі санында жарияланған «Тасырға ұласқан гүмыр» мақаласындағы «Республикалық «Жас Алаш» газетінің бас редакторы, қарымды журналист Нұртөре Жүсіп» деген сөздер «Республикалық «Жас Алаш» газетінің бас редакторы, қарымды журналист Рысбек Сәрсенбай» деп түзетілін оқылсын. Байқаусызда жіберілген қате үшін аталған зіріптестерімізден гафу өтінеміз.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің математика және жаратылыстану факультеті 2007 жылы Шалгенова Әсем Айдарқызының атына берген №20071168 студенттік билет жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

ххх

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің математика және жаратылыстану факультеті 2007 жылы Жексембаев Данияр Талғатұлының атына берген №20071146 студенттік билет жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Ақсу ауданының Көксыра ауылдағы «Ақанов Б» шаруа қожалығы (Ақанов Бостонның атына тіркелген) өзінің тарқылатындығын жариялайды.

◈ЕСКЕ АЛУ



Алматы Мемлекеттік университеті тарих факультетінің бұрынғы деканы **Шәбден Әділханұлы** тірі болғанда, бүгінде 70 жасқа келетін еді. Мейірімсіз ажал бізден арамыздан мезгілсіз жұлып әкетті. Өзі өмірден өтсе де, адамгершілік қасиеттері мен асыл бейнесі көңілімізден кетпейді. Амал не, құдайдың салғанына көнсе, жатқан жері жаннатта, тәні рахатта болсын деп, бүгін сағына есіне аламыз.

Арамызда жүрпші едіңіз сен құрып,
Бейнеңіз қазір жанымызда жанғырып.
Ұл-қыздарыңыз гүлденуімізбен жалғайды.
Жанның болсын жаттеп жоғалған мәңгілік.
Балшатадық өзіңізге.
Жан жүрегіміз дұғасын.
Қанша уақыт өтсе де.
Сағынышпен қоңілімізге,
Түсіңізде түрасыз.

ЕСКЕ АЛУШЫЛАР: жары – **Жеңіскүл**, балалары, немерелері және бауырлары.

Арамыздан бақиға аттанған **Асыл Түкібайұлы Сатылғанов** ел ағасы аталған үлкен жүректі азамат еді. Алматы қаласының бүкіл коммуналды шаруашылығын, Шымкент қорғасын-мырыш заводын басқарған ол өмірінің соңғы күндерне дейін елге, Отанына адал қызмет істеудің үлгісін көрсетіп кетті. Соңғы жылдары Денсаулық сақтау министрлігінің мүгедектерге көрсеткен орталық мекемеңін басқарып жүрп, көптарпқа қол ұшын берді.

Оның артында істеген жақсылықтарын ұмытпайтын ел-жұрты, ұлы елі, ұлы бәйтеректей бала-шағасы, бауырлары, достары қалдық. Асекеңді еске алып, топырағы торқа болсын деп тілеуші – **інілері, күйеу балалары, достары.**

Ақсу ауданының Басқан ауылында ғұмыр кешкен кәзірі бөлек өнерпаз серігім, аскар таудай әке, қамқор атамыз **Мақұлбекон Ержігіт Мақұлбекұлының** өмірден өткеніне 40 күн болды. Көп жасадар бойы шаруашылықтарда бас агрономдық қызметті абыроймен атқарған ардагерімыз 79 белеске шыққан шағында қайтыс болды.

Көз алдында барыңыз –
Күшегіңіз, күлгеніз,
Бақыт еді жандарын
Ортақтасқан жүрегіңіз.
Сарқылмайтын ғұламаң
Сағынышқа бұланып
Асыл бейнең көңілдің
Түкпірінде тұрады.
Орның қалды ақсырап,
Жүдеп қалды балаңыз.
Пәлекеттің – жаманның
Басын мәңгі жоямыз.



ЕСКЕ АЛУШЫЛАР: зайыбы – **Зейнеш, бала-шағасы,** немерелері – **Мирас, Алмас, Нұрай, Диана, Әлі, Айнұр, Әдемі, Батыр.**

Марқұмның қырық күндік иазірі Ақсу ауданының Басқан ауылында бинлғы 9 қазан күні сағат 12.00-де өзінің қарашаңырағында беріледі. Ағайын-туыс пен қызметтес жора-жолдастарын шақырамыз.

Ақсу ауданының Сағыбүйен ауылында тұрған арадасты ана, ақыл әже, ибалы келін бола білген **Тұрарбеккызы Рысбаланың** жарық дүниеден бақилыққа көшкеніне де 40 күн болды. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа, нұры пейіштің төрінде шалқысын деп ниамызды сағына еске аламыз:



Құдіретпің ісіне шаранқ бар ма,
Мәңгілік бақта тұрар шаман бар ма?
Алтынның қазда барда қадірі жоқ,
Тіршілікте қадірің, бағың бар ма?
Жан едің ортамызда орның бөлек,
Аққөңілдің мінезің бар елден ерек.
Пәлекеттің жанында жерің жәннат болып,
Арыңды жұрсе екен бәлді жеңбей.
Еске алып бүгін сізді балаларың,
Арнайы арналып жер-тақпаның.
Құрмет тағып беріп, құран оқып,
Қабіріңе қойып гүл шоқтарын.

ЕСКЕ АЛУШЫЛАР: балалары.



Сөнбірған кетті Бекең, Бейбітің де,
Аттанып мәңгі тұрақ мекеніне.
Жылап тұрып көзіміз жеткі, міне,
Бұл жалғанның өткінші екеніне.

Кеткіңдер ерте өмірден, өкінемін,
Әрқайсың ұрпақтың зор өкілі едің.
Алыста жүрсемдағы сендерді ойлап,
Адалар, қарс айырылады көңілсіз.

Тоқтамайды өмір – өз өзен – ағыс,
Уақытыңы тек оның бізде тағыс.
Пірімізге өлерім – мұңсыз өмір,
Бүйрығымен тағдырдың жүрсем де алыс.

Қасіретті Мағыстау еліндемін,
Кәкілі пір Бекеттің жеріндемін.
Сондадағы, бауырлар, мен сендерден
Жүрекпен, тілсізімен бөлінбедім.

Ұрпақтар қалған өскен құрақ болсын,
Табысы тасымаң сөз, бұлақ болсын.
Жаратқан алдырмаған жарылқасын,
Мекеңдерің мәңгілік жұмақ болсын!

Біреуіне бала, біреулеріне бауыр
Сандуғаш АЙМАХАНҚЫЗЫ.

МЕНШІК ИЕСІ: Алматы облыстық "Жетісу" газеті шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны. ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімі.

Бас редактор Жақыпжан НҰРГОЖАЕВ

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2002 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАЗАНДА ТІРКЕЛІП, №3322-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат

Жетісу

e-mail: Jetisu 2002@ mail. ru
WWW. Zhetysu-smi. kz

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында терілін, беттеледі.
Газет апгасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Алты машинкелік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
Жарнама мен хабарландыруларның мазмұны мен мәтініне шарапа берушілер жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы – Болашақ" ЖАҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылды.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Кезекші редактор: Сарби ӘЙТЕНОВА.

КӨЛЕМІ — 2 баспа табақ. ТАПСЫРЫС — 1310. ТАРАЛЫМЫ —35663. ИНДЕКСІ — 65469.

Қабылдау бөлмесі және факс: —27-41-50, байланыс телефондары: бас редактордың орынбасарлары — 21-01-90, 27-41-83, жауапты хатшы —24-38-16, ауылшаруашылығы, экономика және спорт бөлімі — 27-42-34, саясат және парасат, әдебиет және мәдениет бөлімі — 24-36-07, ұлыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 24-32-43, білім және ғылым бөлімі — 24-30-57, фототілшілер –27-41-03, хат және ақпарат бөлімі — 24-29-82, есеп-қисап бөлімі — 24-35-28. Алматы қаласындағы тілшілер қосыны — 279-13-37 (факс), 79-13-86, 79-36-43. Мемлекеттік тілшілердің аудандардағы телефондары: Үшаралда — 2-12-57, Панфиловта — 5-12-21, Райымбекте — 2-22-05, Іледе — 2-19-33. Газет тәбіс етілмесе — 72-59-01 телефонымен хабарласу керек.

Байқау

«Балбұлақ» ақты бабымен

Облыс әкімінің жүлдесі үшін жыл сайын дәстүрлі түрде өтіп жүрген «Балбұлақ» байқауы осымен жетінші рет өз шымылдығын ашты. Облыстық Халық шығармашылығы орталығының ұйымдастыруымен өтіп жүрген байқау «Бұлақ көрсең – көзін аш» деген аталы сөзді арқау етіп, өнер кеңістігіне қанат қаққан жас өрендердің түсауын кесу болып табылады. Қолға алған игі шараның бүгінге дейінгі жетістіктері ауыз толтырып айтарлықтай.

Неге десеңіз, осы байқаудан қанаттанып ұшқан бірқатар жастарымыз халықаралық байқауларға қатысып, алыс-жақын шет елдерде қазақ әнінің қадірін арттырып, ұлттық рухымызды асқақтатып жүргені шындық. Бұл жолғы бәйгеде де топ жарған өрендеріміз ән әлемінде Көкбайрағымызды көкке әрлетіп, алты Алаштың есімін алты құрлыққа да жеткізері сөзсіз. Байқаудың негізгі мақсаты – алыс аудандар мен шалғай ауылдардағы ел ішіндегі өнер кеншінен сусындап жүрген балғын бөбектерді насихаттап, эстетикалық тәрбиелеп көтеру. Сонымен бірге, ән өнерімізге жас та болса жаңа есімдерді шығару. «Балбұлақ» байқауының галпа концертіне дейін ірктеу кезеңдері аудан-аудандарда өткен болатын. Облыс орталығына жолдама алған елуге тарта өнші-биші өрендерміздің ақтық сынға 18-ін іріктеп алынды. І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында жетінші мәрте шымылдығын түрген байқауда Талдықорған қаласындағы №16-шы мектеп-гимназиясының 3-сынып оқушысы, 9 жасар Аружан Шәріпбаева жүргізді. Жас та болса жапырдан түрған бал тілді Аружанның қылығы көрерменге үлкен әсер етті. Ашық дауысты Аружанға ақ тілеген жолдап отырғандар да болды. Облыстық халық шығармашылығы орталығының директоры Ерлік Бессағұлы тәрағалық еткен қазылар алқасы екі сағаттан аса ел жүрегінен орын алған өнші-бишілердің өнеріне адал бағасын берді. Бес жас пен он бес жасар арасындағы байқауға қатысушыларды екі кезең бойынша бағалады. Бірінші бес жас пен он жас аралығында топ жарған қарасайлық Қуанышбек Дәулетбаев бас жүлдегер атанса, би жанрынан Алакөлден келген жорға би тобының бишілері бас жүлдені қанжығаларына байлады. Жүлдеге тігілген 40 мың теңгені табыс етті. Ал жүлделі бірінші орын Жамбыл ауданының бал тілді өнші қызы Гауһар Жұмағұлова мен Үйғыр ауданынан келген «Гүнча» бишілер тобына бұйырды. Жүлдесі 30 мың теңгеден. Екінші орын алғандарға 25 мың теңгеден сыйлық тағайындалса, үшінші орын иегерлері 15 мыңнан жүлдеге қол жеткізді. Ал 8 өнерпазға 5 мың теңгеден ынталандыру сыйлығы ұпәтірілді.

Қазылар алқасының шешімімен қол жеткізген бұл жетістіктер сол күнмен ғана бағасы екендігі анық. Бәйге болғандықтан біреуі озып, біреуі қалатыны тағы бар. Сондықтан жүлдеге қол жеткізбегендерге Мұқағали ақынның тілмен айтсақ, «Мәңгі сені жазбаған сүрінуге, қайта тұрып қақың бар жүгіруге» демекші, алдағы байқауларда да топ жарып, озып шығар деген тілектер айтылды. Сарай ішін бір сат сазды ән, мың бұралған биге бөленген балғын өнерпаздардың талабына нұр жаусын деген тілектен тарқастық.

АЙ-ЗӘРЕ.
Асланның фотосы.

Өзекті мәселе

Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі

Елбасының бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін арттыру мен халықтың мүддесіне орай, елдің түрмыс-тіршілігі ауыр топтарына қолдау көрсету жөніндегі айтқандары, шын мәнінде, адамгершілік қағидаларын баянды етуге бағытталған бағалы бастама.

Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі бойынша облыстағы кәсіпкерлер қоғамының жұмысына белсенді араласып, халықтың жағдайын жақсартуға үлесін қосуда. Аталмыш бизнес-құрылымдар бүгінде аз қамтылған отбасыларына, соғыс ардагерлеріне, жетім балаларға, мүгедек жандарға, көп балалы аналарға, балалар үйлері мен интернаттарға, білім беру мекемелеріне қамқорлық жасап, көмектерін көрсетіп отырады. Облыстағы ірі кәсіпорындардың біразы, мысалы, Талдықорған қаласындағы «Қайнар АҚБ», Қарасай ауданындағы «Қазақстан қағазы» АҚ, Іле ауданындағы «Филип Моррис – Қазақстан» ЖШС жұмыскерлерін тегін тамақтандыру, олардың емханаларда емделуіне жағдай жасау, дене шынықтыру шараларын ұйымдастыру жайын ойластырып, сондай-ақ, әлеуметтік пакеттермен қамтамасыз етеді. Кейінгі кездері орта және шағын кәсіпорындар да жаңа туындаған әлеуметтік-қоғамдық бағдарламаларға байланысты бизнестің әлеуметтік жауапкершілік саласына үлестерін қосуда.

Мысалы, Талғар ауданындағы «Санат Сервис» ЖК аз қамтылған отбасыларына 18,0 млн. теңгеге, Іле ауданындағы «Алель-Агро» ЖШС, «Даму Лоджистик» ЖШС, «Филип Моррис – Қазақстан» ЖШС, «Райымбек Агро» ЖШС-тері жыл басынан Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен мүгедектеріне, сондай-ақ аз қамтылған отбасыларына 65,3 млн. теңгеге қайырымдылық көрсетті. Сондай-ақ, Еңбекшіқазақ аудандағы «Саз» АҚ аз қамтылған отбасылары мен мүгедектерге 15,0 млн. теңгеге көмек көрсетті. Ал Ақсу ауданындағы «ПЧ–44» дистанция пути» мекемесі аз қамтылған отбасылары балаларының жазғы лагерьлерде демалулары үшін жыл сайын қомақты қаражат бөлуде. Биылғы жылы мекеме осы мақсатқа 1 млн. теңгеден астам қаржы, сол аудандағы «ТЧЭ–26» мекемесі де 3 млн. теңгеге жуық қаражат бөліп, өз көметін көрсетіп отыр.

2010 жылдың 1 қарашасына бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі бойынша әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру мақсатында кәсіпорындар және мекемелер арасында барлығы 600,7 млн. теңгеге меморандум жасалынды. Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы №523 «Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» конкурсы туралы» Жарлығына сәйкес жыл сайын бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөнінде байқау өткізіліп келеді. Бұл Қазақстанның жеке кәсіпкерлік субъектілерінің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік принциптерін қалыптастыру мен ілгерілету және оларды осы саладағы ең үздік тәрбиені енгізуге ынталандыру мақсатында жыл сайын өтетін республикалық байқау. «Үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорын», «Жылдың үздік әлеуметтік жобасы», «Үздік ұжымдық шарт» номинацияларына және шағын, орта және ірі кәсіпкерлік субъектілері санаттары бойынша конкурс лауреаттары эмблемалармен марапатталады. Олар атақ берілгеннен кейін екі жыл бойы эмблеманы жарнамалық мақсатта да пайдалануға құқылы.

2008–2009 жылдары аталған конкурсқа Алматы облысынан 50-ден аса кәсіпорын қатысты. Байқау нәтижесінде 2008 жылы «Үздік ұжымдық шарт» номинациясы бойынша Алматы облысынан «Алматы канты» ЖШС лауреат атанса, 2009 жылы «Галлахер Қазақстан» ЖШС «Үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорын», «Нүсіпов және К» ЖШС «Үздік ұжымдық шарт» номинациялары бойынша лауреат атанды. Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» конкурсына қатысқан басқа қатысушылар белсенділігі үшін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің Алғыс хаттарымен марапатталды.

Биыл да кәсіпкерлердің «Парыз» конкурсына қатысу мәселелері бойынша белгілі жұмыстар атқарылуда. Облыста үш номинация бойынша 25 кәсіпкерлік субъектілерінен өтінімдер келіп түсті. Олар, «Жартас» ЖШС, «Қазросбройлер» АҚ ірі кәсіпкерлік субъектілері, «Шелек-Болашақ» ЖШС, «Коман» ЖШС, «Алматы-Бетон» ЖШС, «ЖерСуПовер» ЖШС орта кәсіпкерлік субъектілері, барлығы 6 кәсіпорын «Үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорын» номинациясына таңсырса, «TSC-УСМ» ЖШС, «Қайнар–АКБ» АҚ, «Филипп Моррис – Қазақстан» ЖШС, «Р-Күрті» ЖШС, «Тамас» ЖШС, «Сарыбұлақ компаниясы» ЖШС, «Шелек-Болашақ» ЖШС, «Ақсу СР» ЖШС, «Ботабеков Т» ЖК, «Нағашбек» ШҚ, «Қарабұлақ бытком-бинат» ЖК-11 кәсіпорын «Жылдың үздік әлеуметтік жобасы» номинациясы бойынша өтінім білдірді. Үздік әлеуметтік жобалар бойынша Жамбыл ауданындағы «Р-Күрті» ЖШС, Еңбекшіқазақ ауданындағы «Шелек Болашақ» ЖШС, Іле ауданындағы «Сарыбұлақ компаниясы» ЖШС және басқа да кәсіпкерлер балалар мекемелеріне, мүгедектер бірлестіктеріне, ардагерлер қоғамына демеушілік, аз қамтылған отбасыларына және жетім-жесірлерге қайырымдылық көмектерін көрсетіп тұрады.

«Үздік ұжымдық шарт» номинациясы бойынша өз қызметкерлерінің әл-ауқатын, еңбек және әлеуметтік құқықтарын едәуір жақсартатын 8 кәсіпорын – «Алакөл Агро» ЖШС, «Темір-Бетон» ЖШС, «Жетісу су құбыры» МККК, «ТАТЭК» АҚ, «Инфразнерго» ЖШС, «Альтаир» ӨК, «ҚазПочта» АҚ, «Үйғыр орман шаруашылығы» ММ өтінім білдірді.

Қазіргі уақытта өтінім білдірген кәсіпкерлік субъектілердің қажетті құжаттары таннамаға сәйкес келуі үшін және оларды Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне тапсыру мақсатында мемлекеттік еңбек инспекторлары мен аудандық (қалалық) жұмыспен қамту бөлімдері мамандары тығыз жұмыстар жүргізуде.

Халық арасында «Елге қызмет – бәршаға міндет» деген ұлағатты сөз бар. Азаматтық парызды өтеу – ел алдындағы қарызды өтеу. Сын сағатта сырбаздық танытып, бәршаңызды «Парыз» конкурсына қатысуға шақырамыз. «Парыз–2010» бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі конкурс жүлдегерлерінің марапаттау рәсімі Астана қаласында 2010 жылдың желтоқсан айында Мемлекет басшысының тікелей қатысуымен өткізіледі.

Ақсайық КЕЛТБАЕВА,
облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бас маманы.

Болар елдің баласы...

Жаңа команда жасақталмақ

Осыдан бірақ бұрын өңірімізде «Жетісудың жетеуі» атты көпшілігі танымырлар клубы құрылып, бірақ шырқау алғанша екі. Жасырын емірлер, өзі шақырып, бәйге алған жоқ. Әрине, бәрі жүлдеге қатысты болмаса да ойындар мен батырлар, ақындар мен әулеңдер мекені саналатын, тектілігі ежелгі сақалардың тұлғаларын бейнелеп, «Жетісу» жері үшін ойланатын жігіт.

Қажет АҢДАС,
"Жетісу"

Әрине, елкемізгегі түрлі мерекелік шараларда өнер орындарындағы жаңалықтарды мен жастардың жасақталған командалар жақсы қырымен көрініп жүр. Бірақ, солардың бәрін қосып, Жетісудың данасын асырағын «сегіз қырлы, бір сырлы» ғимарат құру іс жетіспей келген еді. Осы жағдайды ескерген Қазақстан «КВН» одағының төрағасы Есеп Елеуметовтің қолдауымен биылғы жылы облыс орталығында Бауыржан Ормашов жетекшілік ететін Талдықорған филиалы ашылды. Құрыла сала қызу жұмысқа кіріскен олар қазан айында мектептер мен жоғары оқу орындарындағы командалардың басын қосып, алғашқы ойынын өткізген еді. Сол байқауда іріктелген командалар І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында тағы да кездесті. Келесі кезекте қыскы Азиада ойындары қарсаңында Талдықорған өңірлік чемпионатын өткізбек. Осы сайыста іріктелген командалар арасынан облыстық құрамда мүшелері жасақталады.

Десе де, сәтті басталған бастамаға құлдырау орындардың қолдауы жетпей тұрған көрінеді. Филиал мүшелері: «Облыстық ішкі саясат және білім басқармалары жағынан қолдау көрсетілсе, ісімізді ілгері басар еді», – дейді бізге бергенсұхбатында. Ал құзырлы мекеме өкілдерінен: «Айтылған ұсынысты назарымызға аламыз!» деген жауап алдық. Сәтін салып, айтылған сөз өз деңгейінде орындалса, келесі жылы республикалық бәсекелерден өзіміздің жаңа командамыз жарқырап өзімізбен тамашалайтын боламыз.

Жастар саясаты

Өз ұсыныстарын білдірді

«Жетісу жастары ұйымының конгресі» жастар қоғамдық бірлестігі «ҚР мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде облыстық семинар-тренинг өткізді. Бизнес, құқық және жаңа технологиялар колледжі ғимаратында ұйымдастырылған семинарға облыс көлеміндегі барлық аудандық және қалалық жастар ұйымдарының көшбасшылары, «Жас Отан» жастар қанатының атқарушы хатшылары, этномәдени орталықтар мен үкіметтік емес ұйым мүшелері қатысты.

Айнұр ӘБДІРАХЫМ,
"Жетісу"

«Жетісу жастары ұйымының конгресі» жастар қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Жомарт Қаратас семинарға жиналғандарды күн тәртібімен таныстырғаннан кейін сөз кезегі облыстық «Жетісу жастары» жастар орталығы директорының орынбасары Гауһар Жармұхамбетоваға берілді.

Пленарлық мәжіліс барысында Іле аудандық «Жас Отан» жастар қанатының атқарушы хатшысы Ардақ Әубекірова ауданда атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, «Жастар саясатының аса маңызды міндеті – бәсекеге қабілетті тұлғаны, болашақ қазақстандықты тәрбиелеу» тақырыбында баяндама жасады.

Семинарда «Салауатты үрпақ – ел тірегі», «Жастарға патриоттық тәрбие берудің бүгінгі күндегі маңызы» және «Заңдарды толық сақтау – төуелсіз өмір сүрудің кепілі» атты үш секция бойынша жұмыс жасалды. Шара соңында «Жетісу жастары ұйымының конгресі» жастар қоғамдық бірлестігінің 2010 жылға арналған жұмыс маусымының жабылу рәсімі өтті.

Құрылғанына аз ғана уақыт болса да аталмыш ұйым ауыз толтырып айтарлықтай шараларды ұйымдастырды. Сөйтіп, олар биылғы жоспарын толығымен орындап, келесі жылға жұмыс жоспарын жасау үшін жастармен кеңес те өткізіп үлгерді.

«Жетісу» жазып еді...

«Тисе терекке, тимесе – бұтаққа...» атты мақаланы талқылаймыз

«Халықтық газет» деген дардай аты бар, заты өсек-аян, «жаптым жала, жақтым күйеден» аса алмайтын, кесемси сөйлеп, бәріне билік айтып, елге жақсы көрінуді ғана көздеп тұратын «Вечерний Талдыкорган» газетін арнайы сатып алып оқымасам да қолыма түскенде көз жүгіртіп өтетінім бар. Онда да жарытымды жаңалық, тұшымды тұжырымы болғандықтан емес, өзіме керекті жарнаманы іздеп қана көз саламын. Алайда, газеттің қарапайым халықты билікке, құқық қорғау органдарына қарсы қоюды, мемлекеттік тіл мен ұлттық мүдделері мансұқ етуді мақсат тұтқан іріткі салушылық пиғылын байқаған сайын «Буковтың бұл қай басынуы? Оның былығын тыятын жан бар ма? Бұл лаңы қашан тәусылады?» деген сұрақтарды кімге қоярымды білмей, зығырданым қайнайтын.

Өзім сүйіп оқитын «Жетісу» газетінің 9-қазан күнгі санынан Нүсіпбай Әбдірахымның «Тисе терекке, тимесе бұтаққа...» деген мақаласын оқыдым. Оқи отырып: «Е, бәсе! Көп асқанға бір тоскан. Көпшіліктің зығырданын қайнатқан бұл Буков шатып-бұтпай енді аяғын аңдап басатын болар» деп сүйіндім. Өзім де іштегі қызылды шығару үшін ғана емес, «билік тарапынан бүлікшіге тиіым болатын шығар» деген оймен қолыма қалам алдым.

«Бүлікші» болғанда қолға сойыл алып көшеге шығу бүлігі емес, одан да зорғысы – әр айта сайын 25–26 мыңның ар жақ, бер жағындағы таралыммен шығатын газеттің жастардың санасын улау, халықты билікке қарсы қою, ұлттар арасына жымысқылықпен ши жүгірту, тағы да басқа іштен іріту әрекеттері арқылы жасап отырған бүлігі.

Нүсіпбай бауырымыздың келтірген фактілеріне тоқталмай, өзімнің оқып, көрген-білгендерімді ғана айтайын.

Газет «Ең ұзын бұрым» атты соңына жетіп, қорытындысы шығып болмайтын конкурс жариялаған болыпты. Қане, суретімен қоса берілген сол бұлдіршіндердің «өз аузымен айтқан» сөздеріне назар салып көрелікші. Әр сөзден ілік ізденсе, сотқа сүйреуге әдеттенген Буков «дұрыс жазбады» деп дауласпас үшін берілген мәтінді сол күйі – орыс тілінде басып отырмын.

Лилиана Кукла, 7 лет, школа № 10, 2 «Г» класс: – Мне в классе нравится Руслан. Он меня защищает. Руслан – храбрый, умный. («Вечерний Талдыкорган», № 35 (638) 03.09. 2010г.)

Динара Дуйсенбекова, ученица 7 «а» класса, школы № 9: – Я пока еще не влюблялась. Но считаю, что настоящий мальчик должен быть умным, добрым, смелым» («Вечерний Талдыкорган», № 39 01.10. 2010г.).

Осы сарындас «сүйіп қалдым» сынды сөздер бұлдіршіндердің «өз аузымен» газеттің әр нөмірінде басылады.

Еулерінен емшек сүтінің уыз дәмі кетіп үлгермеген бұлдіршіндерге «любить», «дружить» деген сөздерді тықпалап, солай айтуға жетелеген «Вечерний Талдыкорганның» ойының зымиян екендігін сезіп отырған шығарсыздар. Бұл мақсатсыз жазылған сөздер емес. Мақсат – ақылдары жетпіп үлгермеген сәбилерді теріс тәрбие алуға ықпал ету. Әрине, «газеттенбіз» деген үлкендердің: «кімді сүйесің?» – деп сұрақ қойып, жауапқа жетелеуінің астарында сұрқия саясат жатқанын бала қайдан білсін? Бұл – ұрпақтың санасын улап, ерте бастан теріс жолға түсірудің жасырын, жымысқы әрекеті деп түсінеміз. Әйтпесе, «Сүйікті ұстазың кім? Ата, бауыр, сіңлінді жақсы көресің бе? Қай пән бәрінен көбірек ұнайды?» деген сұрақтарды қойса, ауыздары қисайып қала ма екен?

Осындай сорақы мысалдарды жіпке тізіп жаза беруге болар еді, бірақ алтын уақытты қор қылғым келмейді және оларды басуға газет беті де көтермейді.

Қарапайым халыққа жақсы көрінеу, «елдің қамын біз ғана ойлаймыз» деген жалған пікір тудыру үшін «Вечерний Талдыкорган» өткен жылы «МАН қызметкерлері тоқтатса – бағынбандар!» деген сынды «ақылкенестерін» жариялаған болатын. Сондағы уәждері: «Жылдамдық шектен аспаса, фарын жанып тұрса, кеуеңдегі белдігіңді тағының отырсаң – олардың тоқтатуға қақысы жоқ». Алайда, қашқын қылмыскерді ұстау, жоғалған машинаны табу немесе «есірткі әкеле жатыр» деген белгі бойынша арнайы операция кезінде МАН қызметкерлерінің сізді тоқтатып, тексеруге неге құқығы болмасын? Ешкімді тоқтатпаса, тексермесе қылмыскерлерді көктен іздеп таппайды ғой.

СЭС-ке, ІІД-ның емтихан алу және тіркеу бөліміне (РЭО), облыстық балалардың құқығын қорғау департаментіне, тағы басқа бірақ мемлекеттік мекемелерге «тисе терекке,, тимесе бұтаққа» деп жөнсіз шүйілгін, сотқа барысың, газеттің жеңіліс табуының өзі-ақ оның дау-дамайға жақын жүретін ландығын байқатады. Талдықорған қаласындағы «Циалковский», «Радищев», «Садовая» көшелерін «Ақдала», «Асыл тас», «Қайнарлы» деп қазақшалап атауға төрттағандап қарсы шығып, өзі сияқтылардың қолын жиюы Буков құрылтайшылық ететін газеттің мемлекет құрушы ұлт – қазаққа деген теріс көзқарасын дәлелдеп тұр.

Осы газеттің бірнеше санында басылған **«Өзіңізбен бірге 2-3 сөздік, қалам-қарындаш әкеліп, қазақша тіл күрсына жазылуыңызға болады. Тіл үйрету күрсын Буков жұрт сезімін оятуға бағытталған позициясын газетті оқыған адам айқын көреді. Әр нөміріндегі жастарды теріс жолға түсіруге бағытталған ойнастық туралы сансыз сандыраттарын жинасаңыз бір кітап болары анық.**

Бұл былық Буковың сонау жылдары Талдықорғанның қақ төріндегі «Арбатта» жастар арасында сүйіспеншілік конкурс өткізіп, «айды аспанға шығарғаны» бар. Абырой болғанда Тұрсын Әбдуәли, Тәкен Әлібай сияқты ұлтжанды ағаларымыз газет арқылы шу көтеріп, ол «жарыс» әрі өрістемеді. Әйтпесе, осы күні жарыс сүйіспеншілік қана емес, одан зорғысынан да өткізіп, маскара болатын түріміз бар екен. «Продаю девственность» деп жарнама басқан газетті «шұтен іріткіш» деуден басқа амал жоқ.

«Айта берсе шөженің қылығы көп» демекші, тізе берсең бұл Буковтың былығы да, шығығы да көп-ау. Қайсы бірін айта берерсің...

Осы жерде «Вечерний Талдыкорганның» тілшілері Зәуре Жотабаева мен Құралбек Мұсабековке айтар ағалық кеңесім бар. Әрине, нан тауып жеп отырған газеттің жыртысын жыртып, намысын қорғау дұрыс қой. Бірақ, «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деген қазақтың ұрпағы екендіктеріңізді әркашан есте ұстағайсыздар. Тіл мен дін, дәл мен ұлт мәселесі сынға түсер шақта ұлттық намыстарыңызды оятып, ар мен адамдықты қамшыламдарыңыз жөн!

Осы жерде типті орындардың бұқаралық ақпарат құралдарының не айтып, не жазып жатқанына бір мезгіл бет бұрып, саралап, бүйректен сирақ шығарғандарға тыйым салып қойғандары жөн-ау, деген ой көкейге оралады. Буков сияқтылардың тіл мен дін, дәл сынды өте нәзік мәселелерді мансұқ етіп, ұлттық намысқа тиер әрекеттерінің «ойынан от шығарып» жіберетіндігі айдан анық болып тұр емес пе?..

Габдул-Сәбит ЮСУПОВ,
«Еңбек даңқы» медалінің иегері.

Тәртіп сақшылары тәртіпке шақырылды

Ішкі істер министрлігі азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету жолында мақсатты бағыттағы жұмыстарды жүргізуде. Облыстық ІІД-нің өзіндік қауіпсіздік басқармасы – осы департаменттегі дербес жедел-тергеу құрылымы болып табылады. Бұл басқарманың қызметі ІІД-нің өзіндік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған және ішкі істер органдары қызметкерлері арасындағы қылмыс пен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға қарсы күресті жүзеге асыру үшін жедел-іздестіру қызметінің жария және жасырын әдістері мен құралдарының астасуындағы заңды қағидаттарға негізделген.

Үстіміздегі жылдың 9 айында өзіндік қауіпсіздік басқармасының қарауына азаматтардан полиция қызметкерлерінің заңсыз әрекеттеріне байланысты арыз-шағымдар бойынша 558 материал келіп түсті және өткен жылдың осы уақытымен салыстырғанда арыздардың анағұрлым артып кеткені анықталды. Қаралған арыз-шағымдардың қорытындысында облыстағы ішкі істер органдары қызметкерлеріне қатысты 12 қылмыстық іс қозғалды. Төрт қылмыстық іс сотқа тапсырылып, олардың үшеуі қаралып, үкім шығарылды.

Өткен жылдың қараша айында заңсыз сыйақы алған кезде ұсталған жол полициясының инспекторы сотталды. Өзіндік қауіпсіздік басқармасы басқа да құқық қорғау органдарымен тығыз байланысты жұмыстар жүргізеді. ҰҚД-нің қызметкерлерімен бірлескен жедел-іздестіру шарасы барысында Қаратал аудандық ІІБ-нің жедел уәкілетті өкілі есірткілік затты сатқаны үшін ұсталып, жазаланды. Тұрғынжайдың қол сұғылмайтындығын бұзу және зорлық көрсету арқылы күәлік етуге мәжбүрлеген Талдықорған қалалық ІІБ қызметкері де төрт жылын түрмеде өткізетін болды. Сонымен бірге, биылғы жылдың артта қалған айларында 10 полиция қызметкері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Асан ЖОЛДЫҒҰТОВ,
облыстық ІІД өзіндік қауіпсіздік басқармасы бастығының орынбасары, полиция полковнигі.

Озық тәжірибе

Жақында Қаратал ауданындағы №13 орта мектепте аймақтық директорлар семинары болып өтті. Аталмыш жиынды Алматы облыстық мамандар кәсібін дамыту институты ұйымдастырып, оған сегіз аудан мен екі қаладан жетпістен аса мектеп директорлары мен аудандық әдістемелік кабинеттердің меңгерушілері қатысты.

Тағылымы мол шара

Ришад ТҰРҒАНБАЕВ,
«Жетісу»

Тәжірибелік мәні зор шара аталған институттың жұмыс жоспарына сай жылына екі рет өткізілп тұрады. Бұған дейін Алматы аймағы бойынша өткен семинар Үйғыр ауданында ұйымдастырылған болатын.

Семинарды №13 орта мектептің директоры Назкен Игенбаев ашып, қатысушыларды шараның ашылу салтанатымен құттықтап, сөз кезегін облыстық мамандар кәсібін дамыту институтының педагогикалық менеджмент кабинетінің әдіскері Бақыт Есімбековаға берді. Бақыт Оразайқызы «Модернизациялау жағдайында білім беру мекемесі қызметін ұйымдастыру» тақырыбын басшылыққа ала отырып, оны толықтай ашып айтуға тырысты. Қазіргі заман талабына сай жаңа үлгідегі интерактивті тақтаны пайдалана отырып, бүтінгі мектепті басқару жүйесіндегі кемшіліктер мен жетістіктерге жан-жақты тоқталды.

Бұдан кейінгі кезекте ортаға мектеп директорлары шығып, жаңа жоспарларымен таныстырып, тың жүйелер туралы ой бөлісті. Көксу ауданындағы Қазақстанның ои жылдығы орта мектебінің директоры Талғат Айтқазының мектепшілік бақылауды ұйымдастырудың тиімділігі жайында жасаған баяндамасы татымды шықты.

Семинардың үшінші бөлігінде жиналғандар М. Горький атындағы орта мектептің директоры, «Үздік IT-менеджер» байқауының жеңімпазы Болатбек Тәжібаевтің жұмыс тәжірибесімен танысты. Болатбек Толқымбекұлы ақпараттық-коммуникациялық технология арқылы мектептегі оқу-тәрбие үрдісін басқару жолдарын пайдалана отырып білім шаңырағындағы барлық жұмыстарды электрондық жүйеге қойғанын, басқару жүйесінде де осы тәсілмен жұмыс жасайтынын көрсетті. Болатбектің озық тәжірибесімен танысқан ұстаздар қауымы өздерінде керекті мәліметтерді алып қалуға тырысты.

Бір күнді тәжірибе алмасуға арнаған ұстаздар қауымы семинар соңында мұндай тағылымы мол шараларды жиі өткізу қажет деген тұжырымға тоқтады.

Жастармен кездесті

Қарашаның 8 күні аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залында «Нұр Отан» ХДП Алматы облыстық филиалының қоғамдық қабылдау комиссиясы жастармен кездесіп, аудан тұрғындарының көкейінде жүрген мәселелерді талқылап, шешімін табу жолдарын қарастырды. Жиынға қоғамдық қабылдау комиссиясының меңгерушісі Айбар Уахитов пен жастар саясаты жөніндегі кеңесші Аманжол Жазықбаев, аудан әкімінің орынбасары Күлпаш Байтаевалар қатысты. Кездесуді «Нұр Отан» ХДП облыстық филиалы төрағасының орынбасары Садық Әбдіқадыров сөз сөйлеп ашты.

«Нұр Отан» ХДП Қаратал аудандық филиалы төрағасының орынбасары К. Өмірәлиев аудан әкімінің көмегімен Үштөбе қаласында 14 жас мамаңның пәтерге ие болып, «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы бойынша 21 жас маманның 14-і несиеге баспана алып, ауылдық жерлерде еңбек етіп жатқанын, жастарға айрықша көңіл бөлінетінін жеткізді.

Кездесуде ауыр атлетикадан облыс құрама командасының мүшесі Ирина Пустовалова қаладағы орталық «Фестиваль» стадионын күрделі жөндеу қажеттігін айтты. Сондай-ақ, Жылыбұлақ, Көкпекті, Қаңабек ауылдарындағы Мәдениет үйлерін қалпына келтіру мәселесі күн тәртібіне қойылды. Жас маман Айнұр Төнірберген қалалық сайбақтың талай жылдан бері күтімсіз қалғанын назарға алуды ұсынды. Жағдайы нашар отбасында бес баланы тәрбиелеп жатқан ана Э. Құланбекова пәтер алуға көмектесуін сұрады. Тастөбе ауылдық округінің өкілі Д. Әшірімбетов Бірлік және Калпе ауылдарына Қаратал өзені қауіп төндіретіндіктен жағаны бекіту қажеттігін алға тартты.

«Нұр Отан» ХДП облыстық филиалы төрағасының орынбасары Садық Әбдіқадыров тұрғындардың түйінді өкілі Д. Әшірімбетов Бірлік және Калпе ауылдарына Қаратал өзені қауіп төндіретіндіктен жағаны бекіту қажеттігін алға тартты.

«Нұр Отан» ХДП облыстық филиалы төрағасының орынбасары Садық Әбдіқадыров тұрғындардың түйінді өкілі Д. Әшірімбетов Бірлік және Калпе ауылдарына Қаратал өзені қауіп төндіретіндіктен жағаны бекіту қажеттігін алға тартты.

Кездесу соңында ауыр атлетикадан республика чемпиондары Надежда Ногай мен Игорь Казак партия қатарына өтіп, сый-сияпатқа ие болды.

А. БАҚЫТҰЛЫ.
ҚАРАТАЛ АУДАНЫ.

◈ *Жаңа маусым*

Әлемде қанша жұрт болса, олар өзінің ұлттық құндылығымен дараланып тұрады. Ал сол құндылықтың қайнар көзі ретінде театр өнерін атауға болады. Десе де, әр театрдың өзіне лайықты бағыты бар. Соның ішінде жерлесіміз сахна саңлағы, кино майталманы Бикен апамыздың атымен аталатын театрдың басып өткен соқпағы, тарих тағылымын, мәдениет мәйегін, әдебиет әлемі мен эн-би өнерін бір арнада тоғыстырған салиқалы да салмақты жолдары әркімді бей-жай қалдырмасы анық. Құрылғанына 35 жыл болса да, республикадағы іргелі өнер отауларымен иықтасып, бағытынан таймай, қоғамның түйіткілді тұстарын түрлі қойылым арқылы көптің назарына ұсынып, адам бойындағы мінезді актерлер шеберлігімен тұщымды сөздан әркімге терең ой, талапты тағылым беріп келеді. «Өзіңді танығың келсе, театрға бар» демекші, бір кездері бос қалған театр залының бұл күндері көрерменге лықа толып тұратыны біріншіден, өнерге деген өршіл ойдың өсіп келе жатқанын, екіншіден, жаңыңды жайсаңдықпен тебіренткіш, рухыңды ұлы мұратпен сергітетін шаңырақта қуана айтатын, мақтана жазатын жұмыстардың сәтті қолға алынғаны себеп болған. Енді олар 36-шы жаңа маусымын ашқалы отыр. Бұл жайында толығырақ білу үшін ҚР Мәдениет қайраткері, театр директоры Базарбек ТЕЗЕКБАЕВПЕН өмірдің өзегіне айналған театр жайлы ой бөліскен едік.



Суретті түсірген Асхат КАЙПЕНҰЛЫ

Базарбек ТЕЗЕКБАЕВ,
ҚР Мәдениет қайраткері, театр директоры:

Өзіңді танығың келсе, театрға бар

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

– Сырт көзге дүниенің рахаты саналатын театр сахнасының шіркі әлемі арпалыса толы болатынын бажайлау қиын емес. Осы тұста қаржының тапшылығы көп іске қолбайлау болатыны да рас. Айтпақшы, биыл өнерге оң көзбен қарайтын облыс әкімшін қолдауымен комақты қаржы бөлініп, театр қорының жаңа қойылымдармен толығып, көрші облыстардағы эріптестерінізде гәштәлтәй қайтқымыздар. Сәтті сапардан салиқалы ой түйіп, үлкен үмітпен оралған ұжымның өзге де қуанышымен бөлісесіз?

– Театр – күлкісі мен қызығы көп өнер. Біз көбінде сахнадағы көріністерді ғана көріп, актер болуға қызығушылығымыз жасырын емес. Алайда, сахна сыртындағы қиындығы мен шыжығы көп тіршілігі бәрімізге бірдей бермейтіні. Оның дені қаржыға байланысты болып жатады. Биылғы жылы облыс әкімі Серік Үмбетовтің қолдауымен ұжымға комақты қаржы бөлініп, қыруар жұмыс атқарылды. Айталық, театр гимаратын жаңалады, ұжымымыз Алматы қаласы, Жамбыл, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстарына гастрольге шығып, өнірімізден өнерін аскақтатып қайтты. Сондай-ақ, Қазақстанның Халық әртісі Алмаған Кенжебекова мен жубайы ҚР Мәдениет қайраткері Кендебай Темірбайұлының 60 жасқа толған мерейтойын дүркіретіп өткіздік. Осы орайда айта кететін тағы бір жаңалығымыз бар. Есіңізде болар, театрға жаңадан келген жас актерлер облыс әкімшін қабылдауында болғанда өнір басшысы: «Қаламызда Тіл сарайы, Достық үйінің іргесі көтеріліп келеді. Енді жаңа театр гимаратын салу жоспарымызда бар. Алдағы уақытта мұны да орындайтын боламыз», – деп қуантып тастап еді. Өнер адамдарының жүрегіне жылылық ұялатқан бұл жаңалық өз күшіне енсе керек, Алмаған Кенжебекова пен Кендебай Темірбайұлының мерейтойында облыс әкімшін бірінші орынбасары Аманбек Баталов: «Бізге облыс әкімшін атынан жаңа театр гимаратын салу туралы тапсырыс түсті. Аманшылық болса, көп өтпей театр қабырғасын бастаймыз», – деп сөзін бөлінді. Бұл жаңа гимаратта қызығты қойылымдарды тамашалайтын күнінің алыс еместігін білдіреді. Міне, осындай қолдау мен жанашырлықтың арқасында өнердің айнасы болған рухани байлығымыз қасиеттілігі, кәстерлілігімен бір белестен тағы бір белеске өрлеп келеді.

– Шаңырақ көтеріп, ұығын қадағалы 35 жыл болған театр бүтінге дейін талай белесті бағындырып үлгерді. Асырып айтқанымыз емес, қай қырынан алсаңта облыстық театр өзге облыстағы өнер ұжымдарының арасында мойыны озық, көш басында келеді. Енді 36- маусымның шымылдығын ашқалы отыр. Осы маусым өткенмен салыстырғанда қандай жаңалығымен ерекшеленеді.

– Жаңа маусымды Мұхтәлі Мақатаевтың «Райымбек, Райымбек» поэмасының желісі бойынша сахналанған спектакльмен ашқалы отырмыз. Мұның өзіндік мәні бар. Байыптап қарасақ, ұрандап жауға шауып, көзсіз ерлік танытатын батырлар бізде ғана болғаны шындық. Міне, бүтінгі тәуелсіздікке қол жеткізуіміз, бодандықтың бұғауын бұзып шығып, еркіндік алуымыз қанымызда бар, ерлік пен ерлікте жемісі. Қойылым арқылы көрермендерді тарихы терең ел екенімізге, ақ найзаның ұшы, ақ білектің күшімен жүріп, осынау алып даланы қорғап қалған батырларымыздың болғанына сендіруді мансұқ еттік. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының халыққа Жолдауында: «Дағдарыс келеді, кетеді. Ал ұлттық мұра, ұлттық құндылықтарымыз бен ұрпақ тәрбиесін есімізден шығармайық», – деген еді. Елбасымыз атап өткен осы мәселенің барлығы театрмен тікелей байланысты емес пе? Ал ерлік пен намыстың өрлігін өзек еткен «Райымбек, Райымбек» спектаклі Алматы, Тараз, Қызылорда, Шымкент сахнасын тәнті етті. Көптің ризашылығына бөленген қойылыммен бастағаннан жаңа маусым тамаша табыспен өрілетіні анық. Сондай-ақ, театр – жаңды өнер. Тынымсыз еңбекті талап етеді. Кинода таспаға бір түсіріп бітті, солай сақталады. Ал бізде басқаша бүтіндігіміз ертеңгіге ұқсамайды. Жанартып, жаңсартып, толықтырып, көрермен жалықпайтындай дайындалуымыз керек. Тағы бір жаңалығымыз, кезінде театр қабырғасынан Бикен апамызға арналған шағын музей ашылған. Биыл мұны жаңалап, толықтырып залға шығарып қойдық. Ондағы мақсатымыз, шаңырағымызға келген көрермендер театр басталғанша мұны тамашалап, Бикен апамыздың өмір жолын, атқарған қызметін, сомдаған ролін, аталған театрдың тарихынан, қойылымдардың барысынан мағлұмат алсын дегендік.

Әлбетте, театр өнерінде бір шеңбердің ішін шарлап жүруге тіпті болмайды. Өнер кеңістігіне шығып, кай театр кандай деңгейде, кай бағытта кетіп бара жатканын аңдап, шығармашылық алмасулар жасап тұру керек. Бұл да бізді басты бағытымыз болып табылады. Қазір репертуарымызда 20-ға жуық спектакль бар. Бір айда 8 рет қойылым қоямыз. Ары қарай есептей беріңіз. Биыл бөлінген қаржыға байланысты 2 спектакльді сахнаға шығарғалы отырмыз. Бұл үшін сол қойылымды сахнаға дайындайтын шебер режиссер керек. Қазір осы міндетті театрдың көркемдік жетекшісі Серік Нұрлалық атқарып жүр. Енді іздеу кезекте жақын шет елдерден режиссер шақырып, тәжірибе алмасақ бергенімізден береріміз көп болатын шығар деген ойдамыз.

– Облыстық театрдың өз сахнасындағы жетістіктерін айтпағанның өзінде өнірімізде өткен мерейтойларға арналған театрландырылған қойылымдар көрермен тарапынан ғана емес, облыс басшысы Серік Әбікенұлының да көңілінен шығып, алғысына ие болғанын біламіз. Бірақ, кейінгі жылдары театрға деген қызығушылық бәсеңдеп, көрермендердің қарасы көп болмайтын болып барады. Облысымыздың абыройын арттырып, беделін көтеріп жүрген театр осы түйіткілді өз тарапынан қалай шешіп келеді?

–Театрды көрерменмен қамту бүгінгі таңдағы басты мәселенің бірі саналады. Оған теледидар, газамтордың мүмкіндігінің артуы, технологияның жаңалануы салдарынан көптеген театр көрермен жоғалтып алды. Біздің театрға келсек, материалдық жағдайымыз қиындығы қиындығы бір күрделі спектакльді төрт түлкі сай етіп көрсетуге мүмкіндігіміз бар. Сондықтан зал адамға толып отырады.

Сондай-ақ, біздің ақпарат құралдарымен тығыз бірлесе жұмыс жасайтынымыз жүтімізді жеңілдетіп отыр. Осы ретте, өнірімізді телеарна, газеттерге ризашылығымызды білдіремін. Қай кезде де бізді қолдап, жаңалығымыз болса, жұртқа жариялап жатады. Театрдағы жаңалықтар туралы айтпағанның өзінде кеше Құрбан айт мерекесіне орай қаламыздағы «Айналайын» балалар үйіне барып, ұжымымыз атынан құрбан шалып, балаларға қуаныш сыйлағын жағдайымызды да жарқырата көрсетіп жатырғандар. Бұған дәл риза-мыз. Осының бәрі көрермен тартуға көп көмек көрсетуде. Әсіресе, бүгінгі жастардың, студенттердің театрға деген көзқарасы мен белсенділігі өте жақсы. Ал, жаңа театр гимараты салынса, жағдайымыз бұдан да жақсы бола түсетініне сенімдіміз.

– Жаңа маусымның ашылуына орай көрермендерге айтар тілегіңіз.

– Біздің театр жас театр болса да, талай белесті бағындырған мақтанышымен ерекшеленеді. «Театр – киім ілгіштен басталады» деген сөз бар. Менің ұстанымым, театрдың көрікті болуы. Театр – тірі ағза десек те болады. Ол – фанограмма, эн, би емес. Сахнадағы тірі дауыс, жанды қимыл арқылы көрерменнің рухына бойлайды. Спектакль бір болекте, оның қабылдануы басты мәселе. Сондықтан біз көрерменнің көңілінен шығу үшін тер төгеміз. Мұны ағайындар да қолдайды деген сенімдеміз. Осы тұста Астана, Алматы, басқа облыстардан келіп, өнер көрсеткен ұжымдар бізден көрермендердің талғамына ризашылығын білдіріп қайтатынын ескерсек, театрға деген ел пейілі жақсы.

Үлкен әсер алып қайттық

Облыс әкімі Серік Үмбетовтің қаржылай қолдауымен облыстық театр өзінің 35 жылдық мерейтойы қарсаңында Алматы қаласы, Қызылорда, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарына гастрольге шығып қайтты. Бұл еліміздегі театр ұжымы үшін үлкен жаңалық ретінде қабылданды. Оны республикалық телеарналар жарыса көрсетіп, газеттер қуана жазғанынан білеміз. Бірінші рет алыс сапарға шығып, көрерменін тәнті еткен облыстық театрдың тағы қандай таңдай қақтырар жаңалығы болды?

Бұл туралы Б. Римова атындағы драма тетрының көркемдік жетекшісі Серік НҰРҒАЛЫҚТАН сұрап едік:

– Айтпақшы, біздің театрды Алматыдағы өнерсүйер қауым қызу қарсы алды. Қойылымдар көрермендер тарапынан қолдау тауып, өнер қайраткерлерінің жоғары бағасын алды. Мұның өзі театріміздің деңгейін көрсетеді деп айта аламын. Ендеше соның біразына тоқталайық. Ақын Иранбек (Иран-Ғайып) Оразбаев: «Спектакльдің атын «Райымбек, Райымбек» демей «Ақтабан шұбырынды» деп атаған жөн шығар. Өйткені, мұнда ары тарихымыздағы Ақтабан шұбырындыдан тартып, соңғы шұбырындыға дейінгі өмір қамтылған екен», – деген лебізі үлкен ойға жетелейді. Осыдан кейін көрермендерді таңдай қақтырып, тамсандырған Бикен апамыздың «Қос мұңлық» спектаклі болды. Оны тамашалаған атамыздың ұлы, әдебиеттанушы ғалым Көбей Құсайынов: «Ардақты анамның асыл мұрасы «Қос мұңлық» кезі тірісінде де, бақилыққа кеткесін де талай театрларда қойылған еді. Қайсысы да жаман шықпаған-ды. Дегенмен, сіздердің сахналауларыңызда белгілі бір кезең адамдарына ғана тән болған өткінші дүние ғана емес, адамзат баласының жаратылысына тән мәңгілік тақырып тұрғысында ойналды», – деп рақметін айтты. Сондай-ақ, апамыздың көзін көріп, тәрбиесін алған, бірге жүріп, қызмет жасаған ағаларымыз ізгі пейілін білдіріп жатты. Бәсқа да қойылымдар, атап айтар болсақ, Баққожа Мұқайдың «Тойы көп үй», Иранбек (Иран-Ғайып) Оразбаевтың «Ана аманаты», Сұлтанәлі Балғабаевтың «Ғашықсыз ғасыр» спектакльдері көрерменнің көңілінен шықты. «Ана аманатына» автордың өзі тәнті болса, «Ғашықсыз ғасырды» тамашалаған «Ақсарай» театрының режиссері Болат Атабаев: «Сіздер әкелген «Ғашықсыз ғасыр» маған жаңаша әсер етті. Бұрын талай театрда қойылған дүние ғой. Жылап-сықтауы көп, артық трагизмімен есте қалған еді. Ал сіздер мәселеге интеллект тұрғысынан келіпсіздер. Ет пен сүйектен жаратылған, жанға жақын, нағыз шынайы кейіпкерлерді көрдік», – деп жоғары бағалады. Алматыдағы өнертанушылардың ыстық ықыласына бөленген қойылымдар Әупе ата жерінде, Сыр елінде, шаңырақ Шымкентте де көрермен көңілінен шықты. Десе де, бұл жолғы гастрольдың бір артықшылығы, театр ұжымы сапар барысында қойылым қоюмен бірге уақыт тауып, елдің сөзін сөйлеп, ағайынның ара-жігін жалғаған үлгілі бастамасымен де ерекшеленеді. Айталық, Әулие ата жеріндегі Қаратау және Жаңатас қаласына көптен бері іргелі театр ұжымы ат ізін салмаған екен. «Бармаса, келмесе ағайын жат болады» дегендей, жерлестеріміз Әулие ата жері мен Жетісу өлкесінің арасындағы үзіліп қалған жіпті қайта жалғап, өнер тынысын түлетіп қайтса, ал 5 қараша талдықорғандық артистер үшін де, қызылордалық тұрғындар үшін де айтулы күн болды. Өйткені, аталған облыстың Жалағаш ауданына ат басын бұрған ұжым мүшелері Талдықорған театрының құрушыларының бірі Тілек Әбжалиевтің атына көше беру салтанатына қатысты. Тілек Әбжалиев атындағы көше біздің қаламызда да бар. Мұны естіген өнер саңлағының жерлестері Жетісу жұртының көңілейілділігі мен ешкімді бөліп-жармайтын, өнер адамдарына құрметпен қарайтын дархандығына тәнті болды. Шырайлы Шымкент сапарында театр ұжымы Қазақстанның халық артисі, еліміздегі ең қарт актриса, 94 жастағы ардагер Айша Абдуллина әжемізге амандаса кетуді ұмытпаған. Талай сахнада өнер көрсетіп, тарлан өнердің майын ішкен ардагер актриса алыстан келген қонақтарын жылы қарсы алды. Тіпті, Жетісу жеріндегі бауырларының өзін ұмытпай, ескере кеткен азаматтығына ризашылығын білдірді. Бұл сапар театр ұжымына қанат бітіргендей болды. Біздің ұжым осындай табысты нәтижелердің алдағы уақытта да көп болатына, елі талай белестерден асып, беделінің өсе беретініне сеніп қайтты.

Маусым шымылдығы

Жаңа маусым шымылдығы сәрсенбінің сәтті күні Мұқағали Мақатаевтың «Райымбек! Райымбек!» поэмасының желісі бойынша Мұрат Ахмановтың режиссерлігімен сахналанған спектакльмен ашылды.

Спектакльге 50-ден аса артист жұмылдырылған. Қойылым аяқталған түста залда отырған өнерсүйер қауым тіксінен тік тұрып, көпке дейін соғылған шапалақ толастаған жоқ.

Зал толы көрерменнің қатарында облыстық мәдениет және өнер саласының өкілдері мен қала тұрғындары болды. Көпшіліктің ыстық ықыласынан кейін мінберге облыс әкімінің орынбасары Серік Мұқанов көтерілді.

–Қымбатты көпшілік!

Бүгін бәріміз тамаша бір қойылымды көріп, көңіліміз көтеріліп қалды. Мұның өзінен-ақ өнер ұжымының қандай деңгейге жеткенін білуге болады. Осыдан біраз жыл бұрынғы жағдайға қарағанда қуана қолдауға болатын құбылыс. Осы ретте, облыс әкімінің тапсырмасымен келесі жылдан бастап жылына 5 жаңа қойылым дайындауға, басқа өңірге гастрольге шығуға жеткілікті қаржы бөлінетінін айта кетейін. Өйткені, өнерге бөлінген қаржы қашанда өтеледі. Тағы бір жағынан, биылғы театрдың үлкен табысқа жетуі мәдениет басқармасына Рахмет Есдәулетовтың, театрға Базарбек Тезекбаевтің басшы болып келгеніндігінен деп қарастыруға болады. Облыс әкімінің бастауымен, ісін аяғына жеткізбей тынбайтын тәжірибелі басшылардың қостауымен әлі де талай биіктерге жететінімізге сенемін, – деді.

Құрбан айт мерекесіне орай елдіктің жалауын көтерген спектакльмен басталып, көрерменін тәнті еткен, облыс басшыларының ыстық ықыласына бөленген жаңа маусымның жағымды жаңалықтарға толы боларына бізде сенеміз.

◈ *Ақын Надежда Лушникованың мерейтойы*

Өлең-жыр таңдайына ұя салған

– Надежда апай, Сіз Үмбетәлі ақындың тұңғыш рет қалай көрдіңіз?

– Алыстап кетті ғой ол жылдар. «Прогресс» совхозының Киров атты орталығында «Тұрлыбек орыс қызын алыпты, беташарына шақырып жатыр» деген хабар лезде, самал желдей сусылдап үйді-үйге тарады. Үш жүз түтінді ауылдың жұрты жиналды. Өз атам Нұрбек кезінде Ақсеңгірден 20 – 30 үйді осынау «Ащысу» дейтін екі өзеннің аңғарынан көгалды жазығына көшіріп әкелген, алғашқы «Киров» колхозын ұйымдастырған басшысы еді, қан майданнан оралмады. Отбасында үш ұлы мен «Ақ апа» атанған (шын есімі – Ибаля) шешесі, жап-жас жары. Алтыбала қалды. Әкелері арбаға мініп, қош-қош айтысқанда бір мүшелге жаңа толған үлкен баласы Қасен арбамен қатарласа жарысып, жылап айтқаны: «Аға, аяғымда етігім де жоқ, қайтып жүрем, қайда кетіп барасың?!» Үш жігітті жеткізу кезінде ауыр болар деген шешімге келген ауылдың әйгілі ұстасы, әрі сырға, білезік соғудың шебері Алмабай соғысқа аттанған әкесінің үлкен ұлын бауырына басады. Ер азаматы сиреген ауылдағы бар бейнет әйелдердің мойнына жүктелді. Жұлдызбен жұмысқа кетіп, кешкі аспанға жұлдыз қалтағанда белдерін шешетін-ді.

Қос жанарындай қос ұлын жесірлікпен жеткізген Алтекендей шешейдің шаңырағына екінші кезең түседі, онысы орыстың қызы екен, аты Надежда деседі, өзі қазақшаға судай, тіпті «Елім менің» деген өлең кітабы шыққан ақын. Беташар күнде өткізілп жатса бір сәрі. Соғыстың аз-кем тәлімі, өртенген жерге гүл боп жарыққа ұмтылған. Ел-жұрттың қызыққа жиналғаны жиі бола бермейтіне де хақ.

Отқа май тастатты, шымылдық құрылды. Қабырғада шүберек-құрақтардан тігілген түс кілемдер. Неке қиылды. Мұсылман деген сөзді алғаш естідім, пионер, комсомолдың шиленінен шықтық емес пе. босаға аттаған қыздың бәрі мұсылман болуы шарт шығар деп бағаладым. «Беташар» салтанаты ерекше бик рух-шаттық ұялатты кеудеме, мен ғана емес, бүкіл жиылған елге.

1964 жылы мен қатысатын Оңтүстік өлкесінде өткен алғашқы ірі айтысқа осы өңірден Есдәулет Қандекұлы төрден орын алғанда, «Үмбетәлі ақын науқастанып кепе алмады, айтыс жиынын құттықтаған сөзін қағазға төгіп жіберді» деп төс қалтасынан төрт бүктелген парақты алып, жиын ағасы ақын, ғалым Әбділда Тәжібайұлына ұсынды. Құттықтауы өте керемет, көрермендер қол соғып, ұзақ қошеметтен еді сонда. Сөзін өзін көрмей қызықтаған маған үлкен аға ақынның бүгін бетімді ашатыны қатты әсер етті. Жүрегіме ұя салған жыр құсым, нағыз қонақтар бағына жеткендей, ерекше еркелегендей ме, шын жанашыр сырлас туысын тапқандай болды Үш-ақ тармақ өлеңмен кісінің кескін-келбет, мінезі берілген шумақтармен қанаттасып, ел күлкісі де төгілген «Беташар» өте-мөте жиынның сәнін келтірді. Бір қойдың етімен той жасап, тоқашы мен сары майы, женті мен құрт-ірімшігі дастарқанға шашылған тағамдар, самауыр-шай. Шай құйып майысқан, орамал тартқан жас келіндер өзінше келісті-ақ. Қатарына отырып Үмекеңдерге кесе өпердім. Ұста атамыздың қалжыңдасып, жырын төгіп-төгіп құрап та айтты, ұзақ дастаннан да үзінділер келтіріп сөзбен арасын жалғап та айтты. Жасы жетпіс бесті еңсерген, қаршығадай ғана кісінің бойы жеңіл, сақал-мұрты сирек, өңіріне қазақша өрнек түскен көк түліш шапанды, қалақтай домбырасы тоқтамай, малдас құрған ақынмен қоса қозғалады екен.

Басына салған ақ орамал шай кесені ұсынған сайын сырғанап түрмай бүлғақтайды. Тойлы жұрт үш-төрт сағат отырып, жырға көңіл қанып, риза-қошпен, бик-бик бата сөзін айтып тарасты. Екі бетім апалар сүйген еріндерден қып-қызыл боп алаулады. Үмбекеңді осылайша түңғыш рет көрдім.

– Үмбетәлі ақын музейін салуға ерекше көп күш-жігер, қайрат, біліміңізді жұмсадыңыз. Музей қашан салынды, кімдер қол ұшын берді?

– Үмбетәлі ақынның күйеу баласы Сейілбай Мұсабеков деген азамат атамыздың жыр жинағын шығарысқан, отырған үйін мұражай жасауға бірер басшылардың есігін қағып, жағдай айтқан. Дәмегүл әпкеміз екеуі де көп жылдар КазПИ-дің ұстаздары-тұғын. Ақкөңіл, адал жандар, жүректерінің нұры күлкілерінен көрінетін кісілер. Әттең, асыл жездеміз өмірден ертерек бақилыққа аттанды, екі ұл мен қызғалдақтай қыздарын ұяда баулып, ұшырған.

Кенен Әзірбаевтың 100 жылдық тойының тұсында, 1984 жылы Алматы облысы атқару комитетінің орынбасары орындығына, бүкіл алашқа аты белгілі, әдебиет, өнер, ғылымға көп еңбегі сіңген, ел басқарған ірі тұлға Өзбекөлі Жәнібеков ағамыз жайғасқан болатын.

Қазақтың кең мандайына бере салған кісі ғой, білім-білігіне жан ілеспейтін ер азамат 1961 жылы Қызылордадағы қазақ қыздары оқитын бастауыш мектептің мұғалімдерін даярлайтын педучилищені бітіріп, атым ол кездерде ақын-қыз атанып қалған кез. Сырдария аудандық комсомол комитетінде хатшылыққа сайланғанымда, Өзекең комсомолдың Орталық Комитетіндегі басшымыз болатын. Кейін, 1971 жылдың басында «Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығын» да қолынан алдым. Бұл уақытта екі жеке өлеңдер жинағының авторы атанған кезім.

Лауреаттық алардан бірер ай бұрын Өзекеңнің кеңсесіне шақырылдым. Талшыбықтай кезіміз, екі ешкім шықпады ма, қайдам. Төрткен Кененқызынан өзгеміз өзіміздің Жамбыл ауданынан болдық, Үмбетәлі Көрібаев туралы айтып, музей ашылсыншы дегенді тілек еттім. Тойдан соң көп үзамай ол кісі хабарласты да: «Ашайық, бірақ өзің басқарасың!» – деді.

Қыркүйектің 11-күні музейді қолға алдым. Үмбетәлі атамның үйінде патершілер бар екен, кіреберіс бөлмесінің төбесінен су ағып, кебір жерінің сылағы түсіпті. Ақынның үлкен қызы Зейнеп өлкемізбен жұмыс-қа кірісті. Сыладық, ақтадық, екі бөлмеді үй пияздай болды да қалды. Ойладым, әжептәуір түтіні бар «Прогресс» совхозына осы бір жатағандау ғана ақынның үйі жараспас. Өзекеңе жолығып, ел келіп-кетіп жататын, жұмыстан соң бала-шағасымен көгалын, гүлін қызықтап демалатын үлкен мұражайды неге салмасқа дегенді айтуға оқтатдым. Айттым да, ақылдастым да. Қиынның қиыны үй салу екен, өсіресе, жобада жоқ дүниені орнату оңай емес екен. Есеп-қисабын сызу-архитектурасын кітапша етіп түптеуге ақша табылды. Музейді салуға қаржы іздеуге, сабылуға тура келді. Министрлігімізде Қамалов деген жігіт құрылыс жағын басқаратын. Өбден таусылғанымда сол кісіден жөн сұрадым. «Бір көмектессе, «Госстрой» ғана қарасады, бергі жақтың бәрі содан бөлінетін қаржыға тәуелді. Смаңқұлов деген жігітке жолығып, жағдайды айтып көргін» – деді. Бардым. «Дүйсенбі күні ауданымыздың атқару комитетіндегі құрылыс-өндіріс жұмыс басқаратын Кенжебек Омарбаев және совхоз директорын алып сағат 11.00-де келетін болыңыз» – дегені. Кенжекең мен «Прогресс» совхозының директоры Епанчинді ертіп Смаңқұловқа бардым. Жақсылап өлең шығардым. Өздекеңнің жай ғана жуқа нәрсеге, маңызы төмен мәселеге тілек-өтінішін айтпайтынын ұғатын жігіт жайраңдап қарсы алды. Маған қарады да: «жүз мың жете ме?» – деді. Басымды изедім. жүрегім қуанғанның дүрсіл қақты-ау. Епанчинге де сауал қойды: «Ауылыңа тағы да қандай мәдени мақсатқа жұмсалуға тиіс қаржы қажет?» Директорым «Жоқ, жоқ»– деп безектеді: «Колхоз кезінде асығыс, ебедейсіздеу салынған клубты қайта салмаймыз ба?» деп ем, жақтырмай қалды мен.

Мұражай құрылысы 1986 жылдың қазан айында басталып, 31 желтоқсанда аяқталды. 1987 жылымыз өдеби ізденіс жылы болды. Ішін жасақтаумен, қазақша-орысша тексерті дайындаумен өтті. 1988 жылдың 8 шілдесінде ашылды. Бәріне де өнерге ақ жол тілеп, тағдырларына үлкен ағалық қамқорлықпен қараған Өзбекәлі Жәнібекұлы болатын.

– Әр музейдің құндылығы – оның экспонаттарының сапалылығында. Музей залдарын таныстырып өтсеңіз?

– Музей орналасқан аула көлемі 53 шаршы метр жер. Музей Алматы облыстық халық депутаттары Кеңесі атқару комитетінің 1988 жылғы 8 шілдедегі № 15-405 шешімімен ашылды. Ақынның өмір жолы мен шығармашылығына арналған көрме залы қор қоймасы 1988 жылы ашылған еңселі ғимаратта.

Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында Қытайға босып кеткен қандастарын қайыруға көп септігі тиген Үмбетәлінің жырлары ел құлағында, кеудесінде қалды. 1946–1947 жылдары Қытайдың СУАР-ынан бір топ өнер иелері қыдыра келгенде, үкімет адамдарынан Үмбетәлі ақынды сұрайды, үйіне барып,жыр жорғасына сәлем беруге ниет білдіреді. Сонда бір-ақ айда, бүгінгі келушілеріне құшақ жайған бұрынғы мемориал үй салынды.

Осы жылдары «Қазақ ел» аталатын араб әрпімен басылатын, Мәскеуден шығып, Қытайға тарайтын газетте Үмбетәлі мен Жамбылдың өлең-дастандары басылып, артынша, Мәскеудегі баспаханадан арабша жазумен Үмбетәлінің жыр жинағы шықты. Редакторы Исабеков, музейге ақынның көп жылдар бойы сақтап келген қадірлі жәдігері – жыр жинағы мен кітапты Мәскеуде шығару жайындағы келісімшартын, «Қазақ ел» газет-журналдың бір данасын, естелігін арнайы сыйға тартты. Не деген ұқыпты азамат десеңші, көзінің қарашығындай қырық жыл бойына бір парағы бүктелмей сақталған.

Халық ақыны Үмбетәлі мұражайының экспозициясы бүгінгі күн талабына сай безендіріліп, ақынның өмірі мен шығармашылығына байланысты құжаттар мен суреттер, сол материал, заманды сипаттайтын тарихи құралдармен жабдықталған.

Жаңадан салынған экспозициялық ғимараттағы көрмелер 14 витринаға орналасқан. Бүйірдегі қос қабырғаға гипстен салынған көрнікстер ақынның айтысы мен поэмасын кескіндейді. Кіреберісінде, сол жағындағы қабырғада қаздай тізілген, қолдан майлы бояумен салынған портреттерден Үмбетәлі ақынның замандастары, шәкірттері қарап қарсы алады. Ол қабырғада түгелдей жеткізген, өзі де күй шығаратын жерпесіміз атақты күйші Шортанбаев Қыдырқожаның қалақтай ғана домбырасы, өзге де ауданымыздың ақын-жазушыларының сыйға тартқан кітаптары қойылған. «Шежіретсіз ұстаз – түп» десе, дәстүрін жалғастырған өнер қонғандардың естелікке деп берген шығармалары, Үмбетәлі ақынды – ұлы ұстаз тұтып, өнерін күйған, дәстүрін жалғастырған, тағлым алған төлім иесі деп бағалайтыны хақ.

Тағы да бір көрме Үмбетәлінің тұсында өмір сүрген ауылдас замандастарына бағышталған. Олар осы өнірде алғашқы мектептерді ұйымдастырған Ленин орденді (1936 ж.) ауылдасымыз арасында Сыдық Әлпбаев, ақынның құрдасы зергер-ұста Алмабай Деңгелбаев, соғыс жылдарында Сталинград қаласының құрылыс жұмысына қатысқан Оралтай Тойбаева, Краснодар өлкесіне өз тракторымен барып, төрт жыл егін екken Нәниса Мамедовалар жайлы құнды деректер мен заттар орналастырылған.

Жалпы музейлік маңызы бар материалдар саны 2288, оның ішінде 944 - ті негізгі қорды құрайды.

– Музей алдында Үмбетәлі мен Нұрила ақындардың ескерткіші тұр. Бұл айтулы екі ақынның қайталанбас ғажап айтысы туралы айта кетсеңіз.

– 1921 жылдың жазында революциядан кейін есін жаңа жиған халықтың бұл алғаш «Ду» деген үлкен айтысы еді. Облыс басшылары да ақындар кірген үйге жайласты. Өнкей тайсалмас жорғалар бас қосқан осы мерекеде Жамбыл той бастап, қыс-қаша өлең айтып сөз соң.

– Бермекелді, Жеке! Ал, енді көпшіліктің айтысына жол ашық, – деді той бастаушы. Домбыра Нұрилаға берілп, сөз асылын төге жөнелді.

Мен болсам Жантудағы Нұрила ақын,
Шығандап шырқағанда шықсын даңқым.
Құбылтып ырғағымен даусым анды,
Тыңдасын ынтасымен сүйіп халқым.

Үмбетәлі ықтан гөрі жел өтін, ылдидан гөрі өрді сүйетін нағыз дауылды дарын иесі еді. Өткір сөз алмасымен көзді ашып-жұмғанша торғай үлген қырғидай талай ақындарды ілп тастап, жүлдеге ат, туйе алып жүргенін бұл өнір түгел білсе де, Нұрила бұл жолы ешкімнен қаймығайын демеген екен, қиядан ақ сүзген сұңқардай шабытты. «Әрине, айтыспаймыз Жамбылменен, басқасының байқасам нарқы төмен» деп түйреп кеткен жаныма тиген Үмбетәлі бірден катты тиісті.

Сүйегімнен Бармақтың сөзі өтіп,
Табанымға зырқырап барды жетіп.
Жамбылдан басқа ақынды көзге ілмей,
Делебемді қоздырды екпіндетіп...
Ала сөйлеп өркімді омырауға,
Ұшырадың, Нұрқ-ау, үлкен дауға.
Аттан байтал аттығып озған емес,
Сен ала сан бұлбұлды қондырасың,

– дейтұғын Жамбыл атамда арнау жырмен өмірбаянды қысқаша ғана дәрегемді ақтайын.

– Неке, сізге ердайым өмір де, өнерде де биіктен көріне беріңіз демекпіз.

Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ.

Устаз жолы

... «Жақсы ұстаз» қандай қасиеттер тілеуге тиісті? Өзінің оқытатын пәнін терең білуі, адал да сезімтал жан-дүниесі болуын...» дегендей ол заманының данышпаны Дидро айтқан екен. Бұл сөз екі ғасыр бұрын айтылғанымен, заман өзгеріп, уақыт алмасқанымен өзінің құндылығын жоймай, мағынасын жоғалтпай келе жатқан жақсы пікір екендігін мойындамаса болмас. Расымен, өзгелердің ықпалысына беленіп, шәкіртінің жүрегінен орын табу кез келген ұстаздың мақсатына жазылса берменттің бақыт болса керек. Қанша жерден білімді, өз пәнінің білгірі саналғанымен, егер мұғалімнің бойында әр шең жан талаптағы, мейірім мен ықылас, көрегендік пен жанашырлық секілді қасиеттер болмаса оның жақсы ұстаз атануы екіталай. Дегенмен, бір бойынан біз айтып отырған қасиеттердің барлығы табылатын ұстаздарды кең байтақ еліміздің кай түкпірінен де кездестіруге болады. Солардың бірі, Шалқоде орта мектебінде ұзақ жылдан бері қазақ тілі мен әдебиет пәнінен дәріс беріп келе жатқан ұлағатты ұстаз Әмина Әлімжанова.



Әмина апай

Шолпан ЖҰМАДІЛОВА,
«Жетісу»

Алтә сайын Сұқаева Ораздының сабағын асыға күтетін оқушы Әминада ол кезде: «Шіркін, дәл осы апайдай мұғалім болсам ғой», – деген бір ғана арман бар-тын. Мектепті аяқтаған соң сол арманының жетегімен педагогикалық институтқа қалағанын төрт жыл бағдарламмен жолы болмай-ақ қойғаны. Бірақ, алған бетінен қайтпайтын қайсар қыз жаздай комбинатының цехына ас дайындап, қыстай сақшыға барып қолы алғанымен қолының кітабын бір тастаған емес. Келер жылы жүрек қалауы орындалып, филология факультетінің студенті атанды. Жылжыған жылдардың көшпесі оқуын абыроймен аяқтаған бойжеткен түгіл ауылына бұл жолы маман болып оралды. Тұрмысқа шығып, өз түсін ұшқан алтын ұя мектебіне мұғалімдік қызметке қабылданды.

Міне, содан бері арада алмағайып тоқсан жыл өте шығыпты. Осынша жылдың ішінде керек кезінде оқушысына қосылып бала да, қожеке жерінде дана да болған, шәкіртінен бере беруді қуанып, бере жылағаны, бірде өзгенің сынына ұшырасқа, енді бірде комиссиялық батасын аралаған Әмина ұстазды алға жетелеп, арқалатырып келе жатқан бір ғана мақсат бар. Ол – жаны қазақ, тілі қазақ, жүрегі қазақ деп соғатын жақсы оқушы тәрбиелеп шығару. Еңбегі зая кетпепті. Жолын кұтқан, үмітін ақтаған шәкірттері бүгінгі таңда елімізден әр түпкірінде жемісті еңбек етіп, ұрпақ өрбітіп, қоғамның бел ортасында жүр. Мереке сайын құттықтаулардың жолдан, конверттер соғып, жылы лебіздерін білдіріп тұрғаны. Міне, ұстаз үшін бұдан асқан мәртебе, бұдан артық сыйлық бар ма?!

Қатар уақыттың талабына қоса оқушыға дәріс берудің үлгісі мен бағдарламасы да өзгеріске түсіп жатқан кезең. Жаңашылдыққа ұмтылып, дамыған елдердің қатарына қосылу үшін ең алдымен мұғалім білімді, жаңашыл, жасы, жақтылы болуы тиіс. Ол үшін кешегі тәжірибемен қолдану аздық етеді. Қайтсеңде мектеп қабырғасында жүргізілетін барлық байланысқа бағдарламаға сай білім беріп қана қоймай, бойына рухани қасиет пен отаншылдық сезімді сіңіруге болады? Бұл кезкелген мұғалімнің өзіне қойр сұрақ та емес, жауабын да табар амалы болуы тиіс. Бұл ретте Әмина ұстаздың өзіндік жолы мен ұстанымы бар. Ол турасында ұстаздың өзі:

– Жұмыста бір басылымнан мынадай бір мәлімет көзім шалып қалды. Жапонияда кез келген адам жылына бірнеше көркем әдебиет оқуға міндетті екен. Өйткені, соңғы кезеңдерде қарағанда компьютерлер жөн қолданатындықтан балалардың түлеуде кемшілік пайда болып, сөйлегенде тілдері күрмелің, ойларын дұрыс жеткізе алмайтын дәрежеге жеткен. Бұл өте құптарлық бастама екен деп қуанып қалдым. Әрине, заман көшінен қалмай техниканың тілін меңгерген дұрыс-ақ. Бірақ, рухани дүниесі сәуі, атақты жазушылар мен ақындардың шығармаларын тана емес, тіптен аты-жөнін білмейтін ұрпақтың болашақты қалай жасамақшымыз? «Абай жолын» оқымай-ақ, мектеп бітіріп жатқан балалар ертең не күтеміз? Осы олқылықтарға жол бермей, алдын алу үшін бірнеше жылдан бері мынадай тәжірибе бойынша жұмыс істеп келемін. Бесінші класқан оқушысына тоқсан сайын жіберіп мақал, жұмбақ жаңылтпаш, сонымен қатар. Мұқағалидың он өлеңін жаттатамын. Тоқсан сонында арнайы сынақ кітапшасына бағасын қойып, тапсырманы қалай орындағанын жазғанда өзімнің шәкіртіме жазамын. Ал 8-9 класта «Абай жолының» бір томын, 10-11 класта үшінші төртінші томын оқып қана қоймай, түсінгенін айтып беруді міндеттеймін. «Бұл мектеп бағдарламасына сай емес» деп бастапқыда маған қарсы шыққан ұсынысымды қостамағаң мұғалімдер мен ата-аналар да табылды. Бірақ, уақыт өте келе мұның оқушыларға қаншалықты пайда әкелгендігін дәлелдеп шықтық. Мысалы, барлық сабақтан үлгерімі жақсы бір оқушым математика пәнінде келгенде сұрініп қала беретін. Осы өзек жегтәу әдетінің арқасында оның есте сақтау қабілеті артып үздік оқушылар қатарына тез қосылып кетті. Оқушыларым аудандық, облыстық байқауларды айтпағанда республика көлемінде өткен жарыстарда бас байгені еншілеп келді. Жамбыл бабамызға арналған республикалық айтыста Бостанова Гүлбағыш деген шәкіртім бас бәйгені иеленді. Қазір шәкіртім журналистика факультетін бітіріп, Қазақ радиосында жұмыс істеп жүр. Сол секілді Мұстафина Бейбітгүлде осы салада өзіндік қолтаңбасын қалдырып келеді.

Соңғы кездеря бұл әдіспен жаңалықтарға бастадым. Оқушылар сабақ соңында бес минут ауадық, облыстық, республикалық газеттерге шолу жасап, елімізде болып жатқан соңғы жаңалықтармен таныстырады. Бұл да оқушының ой-өрісін дамытып, көпті көруге кеңейтуге өзіндік әсерін тигізуде. Бірақшідең, оқушының тілдік қорын дамытса, екіншіден, министрлік басшыларының аты-жөнін біледі. Ел алдына шығып сөйлеуге, ойын жеткізуге машықтанады. Ертеңгі күн мұның барлығының болмаса да әйтеуір біреуінің пайдасы тиері сөзсіз, – дейді ұлағатты ұстаз.

Ара-тұра, әр жерде айтылып қалатын «Ауыл баласының ой-өрісі қала баласынікінен төмен» деген пікірмен де келіскісі келмейтін ұстаз өз тарапынан әйтеуір оқушыға кажет деп тапқан тәжірибенің барлығын пайдалануға, үлгіруге, сынап көрмекке дайын. Жыл сайын аудан көлемінде өткізіліп тұратын Шарын ата атындағы және «Жас талап» байқауда осы кісінің тынымсыз еңбегінің арқасында жүзеге асырылып жатқан игілікті істердің бір парасы.

Шәкірт тәрбиесіне келгенде өмірлік тәжірибесі мол Әмина Әлімжанованың бүгінгі білім саласына қатысты ешқандай ұсыныс-тілегі де жоқ емес.

– Әсіресе, дәрігерлік пен мұғалімдік мамандықты таңдауға келгенде кім болсын жүз ойланып, мың толғанып барып шешім қабылдаса екен деп тілеймін. Өйткені, екеуі де адам тағдырына қатысты, басқаларға қарағанда жауапкершілікті он есе артық талап ететін мамандық қой. Осы ретте педагогикалық университеттерде сырттай білім беретін бөлімдерді өз басым құптамаймын. Екіншіден, журналистика мен өнер факультетіне талапкерлердің шығармашылық емтихан тапсыратыны секілді педагогикалық факультетке қабылданатын жастардан шығармашылық немесе психологиялық тест алынса жақсы болар еді. Себебі, соңғы жылдары қолына мұғалімдік диплом алып жатқандардың көпшілігі жүрек қалаумен емес, тест нәтижесінің бойынша алған балдың жеткендігінен, яғни, амалдың жоқтығынан оқып келіп жатқандар, – деп қоғамның жіберіп отырған кемшілігіне көз жұмып қарай алмайтындығын да ашық білдіріп-ді. Иә, ұлттың қамы мен ұрпақтың болашағы үшін шын жаны ашитын, өз ісінің білігір, ұстаз деген ұлағатты ұғымға сай Әмина апайдай жандар көбірек болса, білімді шәкірттердің де саны бүтінгіден елеулі артығырақ болар еді-ау дейсің.

Мектепті өмірден озған жолдасы Бейсенбайдан сүйген төрт балаға әке орнына әке, шеше орнына шеше болып, жиырма бес жылдан бері енесінен бірге шаңырақтың берекесін кіргізіп, жарасымды тәтулықтың белгісін танытып отырған кейіпкеріміз отбасында да үлгілі ана. Қызының алды жоғары оқу орнын тәмамдап, анасы секілді мұғалімдік жолды таңдап, қазір ұстаздық мәртебені биіктетіп жүр. Ұлдарының бірі – әскери қызметін өтеп келіп, Алматы облысының ішкі істер басқармасында қызмет атқарса, екіншісі Ақтөбе облысында ұлттық қауіпсіздік комитетінің қызметкері. Ал кенжесі Ақмарал Ақтөбе қаласындағы №3 мектеп-лицейінің 11-сынып оқушысы. Ендігі ойы – ата-анасының жолын қуып, ұстаздық мамандықты таңдау. Ал ұстаз-ананың ендігі ойы – балаларының ұлағатты ұстаз болып, ұрпақ тәрбиесіне өз үлестерін қосуы.

Тәжірибе

Жаркент қаласындағы №6 орта мектебінде кейінгі жылдары оқушылардың қоршаған ортаны қорғаудағы белсенділігін арттыру бағытында бірқатар жұмыстар атқарылуда. Оған жыл сайын «Табиғатты ұлы ана деп сана да, жүрегіңмен ұлықызыңды аяла» тақырыбында өтетін пән апталығы дәлел болады.

ТАБИҒАТТЫ АЯЛА

Аталған шара биыл да жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Апталық аясында төменгі сынып оқушылары табиғаттың көркемдігін бейнелейтін суреттер салып, ақындардың осы тақырыпта жазған өлеңдерінен үзінді оқыса, жоғары сынып оқушылары табиғат аясында серуендеп, түрлі мәдени шаралар өткізді. Атап айтар болсақ, 4 «а» сыныбының (сынып жетекшісі Н. Қашағанова) «Табиғат тамашалары» атты брейн-ринг, 3 «в» сыныбының (сынып жетекшісі Р. Құстаева) «Жеміс жесең жетілесің» атты спорттық шара, 2 «а» сыныбының (сынып жетекшісі К. Абдильдаева) «Табиғат – тал бесігім» 4 «а» сыныбының (сынып жетекшісі Г. Мейрманова) «Табиғаттың тарылтпайық тынысын», 1 «в» сыныбының (сынып жетекшісі А. Жұмашева) «Күз мерекесі» атты іс-шаралары тартымды өтті.

Апталық барысында мектеп директорының оқу-ісі жөніндегі орынбасары Нұрзия Ибрайқызы тәрбие сабақтарына қатысып, осы шараның тәлімдік маңызы туралы айтты. Сонымен бірге, ата-аналар да қатысып жақсы лебіздерін білдіріп, алғыстарын жылы сөздермен жеткізді. Тәрбие сабақтары тартымды, әрі қызықты жоғары деңгейде өтті.

К. ӘБДІЛДАЕВА,
№6 орта мектебі бастауыш сыныптар бірлестігінің жетекшісі,
ЖАРКЕНТ ҚАЛАСЫ.

Айтарым бар...

Арқаны кеңге салмайық

Бір шетінен екінші қиырына дейін ұшқан құстың қанаты талып, шапқан аттың тұяғы кетілетін ұлы даланың желдей еркін үрпақтарымыз деп мақтанып, көудемізді соққанда қабырғамызды сындырып жібере жаздаймыз. Ақ найзаның ұшымен ақ білектің күшімен осынау өлкені жау табанына таптатпай, бізге аманат еткен батыр да дана бабаларымыз туралы айтқанда ауызымыздан көпірік шыққанша көсілеміз. Ғасырлар бойы өзгенің езгісінде болып, еркіндік пен ерлік рухынан айырылып қала жаздаған елдің енсесін көтеру үшін бір сәт өткенді айтып мақтанып қойған да дұрыс шығар. Алайда, біздің бүгінгі азат күніміз үшін қасық қаны қалғанша шайқасып, сол жолда жандарын пида еткен ғазиз бабаларымыздың атына лайық-пыз ба? Еңіреп жүріп өткен еркіндіктің іргесін шайқалтпау үшін не істеп жүрміз деген сауалға жауап іздеп көрдік пе? Келер жылы тәуелсіздігіміз 20 жылдығын тойлағалы отырған қазақ елінің ұлттық болмысын қалыптастыра алдық па? Осы турасында ойлаған кезде, өзгені қайдам, өз жүрегім біреу біз сұғып алғандай сыздайтыны бар. Себебі...

Себебі, ел мен жердің нағыз иесі бізбіз деген сезім мен сенім көпшілігіміздің көкірегімізге қонақтамаған сынайлы. Бауырларымыздың әрекеттеріне қарап тұрып, қазақ даласы олар үшін бүгін келіп, ертең қайтып кететін мейманханадай көрініп кетеді. Өкінішке орай, жаңағы айтқан ата-бабаларымыз жанын қиып, қанын төгіп жүріп бізге аманат еткен ұлы даланың қазына-байлығын былай қойып, жерін де келімсектерге мыңмың гектарлап сатып жүрген ағайындарды көргенде осылай демеске лажың қалмайды. Бері де сол көкейді тескен көк қағаз үшін. Қазба байлықтарымызды игеріп, сендерге жұмақ орнатамыз деп келген шет елдік «жарылқаушылар» төрімізде тайранданда. Біздің бауырлар өз жерінде, өз елінде жүріп олардың құлы іспеттес. Осыған да қой дейтін қожа, ай дейтін әже жоқ. Себебін білгіміз келсе, бәрі де сұқ саусағын аспанға шошайтады. Бұл «келімсектердің кердеңдеуіне мүдделі көкелер бар» – дегенді. Құлқыны тескен тағы да сол ақша. Тауық ұрлағанды абақтыға жауып, мемлекет мүддесін сатқандарды қорғап жүрген құзіреттi органдардың бұл қарекеті түрлі пікірге жетелейді. Осындай ойлар келгенде қандастарымыздың намыссыздығына налып, қаның басына шабады екен.

Жә, сатқындардың сазайын құдай берер. Оған бәрібір сіз бен біздің шамамыз келмейді. Өзіміз күнде көріп, кездестіріп жүрген тіршілік түйткілдеріне келейікші. Қазақ тілінің мемлекеттік тілмәртебесін алғанына 20 жылдан асты. «Кешегі туған жас бала, сақалы шығып жат болмай» демекші, еркіндікте дүние есігін ашқан сол сәби бүгін тепсе темір үзетін азамат болған. Ал біздің тіл мәртебесін көтеру жайлы жырымыз – сол жыр. Ұлтжанды аздаған ұлықыздарымыздың жан айқайына құлақ түрер билік жоқ.

Билік дейтін себебіміз, олар қазақшаға көшпей, былайғы жұрт мемлекеттік тілге мойынсұнады деу бекершілік. «Неге қазақ тілінде сөйлемейсіңдер?», – деген сауалға өзге ұлт өкілдерінен

«Алдымен өз қазағыңды сөйлетіп ал!», – деген жауап естіғенде амалсыз тілің күрмеледі.

Ал, ана тілін білмейтін, білмеу қайда, меңсінбейтін қандастарымыздың қаперіне түк кіріпшығар емес. Орыс тілімен-ақ жалғанды жалпағынан басып жүрсе олар неге алаңдасын?! Елдік мүдде, намыс, ұрпақ парызы, тәуелсіздік кепілі деген түсініктер ұлттық негізінен ажыраған қандастарымыз үшін ештеңені білдірмейді. Атажұрт, туған жер оларға тек қалталарын көк қағазға толтыратын құрал ғана ма деген ойға қаласың. Мұхиттың арғы жағынан келетін көк қағазға табынғандардың көбі басына іс түскенде атажұртын тастай қашып, жат елден пана сұрайтынын көріп жүрміз. Ел мүддесі үшін қасқайып тұрып, өлімді де қарсы алатын кешегі батыр бабаларымыздың жолын жалғастырушылар қайда кеткен деген ой осындайда туындайды екен.

Қазақ тілі туралы айтқанда, оның қажеттілігі жайлы мәселе қозғалады. Яғни үйінің табалдырығынан аттап шыққаннан кейін-ақ алдыңнан кес-кестеп қазақ тілі шығуы керек. Оны білмесең дүкеннен – нан, мекемеден – анықтама ала алмағанда ғана тілге деген қажеттілік туындайды. Кешегі Кеңестер Одағының шаңғыһаннан шыққан барлық елдерде тіл мәселесіне тура осындай көзқарас қалыптастырылған. Ал, бізде қалай? Мемлекеттік тілді оқыту орталықтарында дәріс алып шыққан өзге ұлт өкілдері тілді ұстартатын орта таппай қиналады. Қала қазақтарын айтпағанда да, күні кеше ғана ауылдан келген қарақөз ұлдар мен қыздар тілін бұрап, орысша сөйлеуге әуес. Әлдеқандай жағдаймен бағдарлы көліктерге отырғызушы (посадчик) бола қалғандары өздері көріп-білмеген, келмесек кеткен Кеңес өкіметінің кесемдерін насихаттайтынын қайтерсің. Қай көлікке отырсаң да «Ленина, Кирова, Фурманова, Советская» – деп тақылдап, отырған қандастарымыздың кездестіресің. «Ей, бауырым, Ілияс Жансүгіров, Абылай хан, Кабанбай батыр, Бәлпық би» деп айтсаңдар, тақтарыңнан түсіп қаласыңдар ма? Өз атауларымен неге атамайсыздар?», – дей қалсаң, ерегесіп тұрып жоқ көшені айтады ғой. Бұл не сонда? Жеткендік, жетілгендік пе?! Жоқ, бұл ең алдымен намыссыздық. Қазағы, халқы, мемлекет болашағы үшін жаны ашымағандықтан дер едім. Сайып келгенде, бұл мәдениетсіздік пен білімсіздіктен келіп туындаса керек. Осы мәдениет пен білімнің жоқтығынан көк суға сылқия тойып алып, көшеде былапыт сөздерді айтып тұратын да өз бауырларымыз. Ата-ана қанатының астынан ұшып шығып, еркіндікті сезінген он екіде бір гүлі ашылмаған қаракөз қыздарымыздың қаладағы кей қылығын көргенде қолыңды төбеңе қойып, безіп кеткің келетіні тағы бар. Сонда біз қайда барамыз, бауырлар-ау?

Жер көлемі жағынан әлемде тоғызыншы орын алатын, өлкесі қазына-байлыққа толы мемлекеттің мұрагері екенміз шындық. Аттың жалы, түйенің қомында жүріп осынау ен даланы бізге аманат еткен бабалар үмітін ақтай алдық па? Ұлттық рухы өшкен, кеудесінде намысы жоқ, өзіндегі алтынды бағаламай, өзгенің жылтырағына жүгіретін даңғаза, мақтансүйгіш жұртпен жетер бигіміз қайсы? Өзгелердің көңілін қалдырмау үшін ұлттық мүддені құрбандыққа шалып жіберетін намыссыздық, еншіміз бе еді? Ертең де күн бар ғой деп арқаны кеңге салып жүре бермей осы жайды қолға алайықшы, ағайын!

Қуат
ҚАЙРАНБАЕВ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

Имандылық шірімдері



ТАРАСТА МЕШІТ АШЫЛДЫ

Жақында Ақсу ауданына қарасты Тарас ауылында Аллаға құлшылық жасайтын қасиетті ғибадат орны мешіт ашылды. Шалғай ауылдың шырағын жағып, жүрегімізге иман нұрын сепкен рухани мерекеге алыс жақыннан ағайын-туыстармен бірге арнайы шақырылған қонақтар, қазақ өнерінің жарық жұлдыздары қатысты.

Иісі мұсылман бауырларымызды ерекше қуанышқа бөлеген Сағындықовтар әулетіне Алланың нұры жаусын деген ақ тілектер шын ниеттен ақтарылған күн болды. Атағын шығарып, абырой жинау үшін емес, жас еркен балаларымен бірге жол бастар ағa буынның имандылық, иірімнен сусындап, Жаратқан иесіне құлшылық жасасын деп, Алла разылығы үшін мешіттің ірге тасынан бастап, ашылғанға дейінгі барлық жұмыстарын сондай ықыласпен жасаған әулетке алғыстан басқа айтарымыз да жоқ. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деп аталарымыз бекерге айтпаса керек. Сағындықовтар әулетінің ғана емес, асыл дінімізді абыройын көтерген шебер қолды сәулетші Иемберген бауырымыз екені шындық. Дәл сол күні ақ қар жапалақтап жауып тұрды. Ақ қардай ақжарма тілектер бірінен кейін бірі айтылып жатты. Алматыдан арнайы келген эстрада әншілері мен облыстық Сүйінбай атындағы филормонияның әртістері ауыл тұрғындарының қуанышын өн шашуларымен өселей түсті. Ең алдымен ауыл тұрғындарына арналып ас берілді. Өмірден өткен барша мұсылман бауырларымыздың рухына бағыштап құран оқылып, дұға жасалды. Мешіттің ашылу салтанатын сол ауылдың төл перзенті, ақын, композитор Төлеухан Ғұмаров жүргізді. Бірінші болып сөз кезегін алған ҚМДБ-ның Алматы облысы бойынша өкіл имамы Жұманәлі Аманов қасиетті құран аяттарын оқудан бастап, дұға жасағаннан кейін имандылықтың құндылығы мен мешіттің қасиеттілігі жайлы орамды ойын ортаға салды. Қарапайым ауылдан шығып, осындай игі бастамаға мұрындық болған бауырларымызға ақ тілегін жеткізгеннен кейін мешіттің көрімдігі ретінде Елбасының қолдауымен жарыққа шыққан қасиетті Құран көрімді сыйға тартты. Жеті күннің төресі саналатын жұма күні ашылған мешітке жиналған жамағат сапқа тұрып, Аллаға құлшылық жасап, жұма намазын оқып тарқасты.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

Театрдан түйген ой



Қоғамның тамырына қан жүгіртетін жайлы отбасын құру еркімнің арманы болса да, ойға түсау болар ағаттықтар жетерлік. Оның сан түрлі себебі бар. Десе де, бірден-бір себеп – адамдардың өзіне, өміріне, келешегіне деген сенімнен айырылып, уайым шұңқетіне батып бара жатқандығы. Енді бұл түйткілді тарқатуды театр сахнасы да өз құзырына ала бастады. Мүмкін қасиетті сахнадан жастар құлағына жеткен жаңайдай қанжілік болған келеңсіздікке азда болса тосқауыл болатын шығар. Осындай мақсатпен Бикен Римова атындағы облыстық драма театры Сұлтанәлі Балғабаевтың «Бізде ғашық болғанбыз» спектаклін сахналап, көрермен назарына ұсынды.

«БІЗ ДЕ ҒАШЫҚ БОЛҒАНБЫЗ»

Қажет АҢДАС,
«Жетісу»

Өрінеде Балғабаевтың еңбегі кенестік дәуірдің кер самалы есіп тұрғанда жазылғанымен, ол сахна төрінде осы дәуірге сай кескін-келбетімен, көтеретін ойымен, жүрегіндегі сыздатып, айналаға ойлана қарайтын жанжалымен көрініс тапқан. Тіпті бүгінгі күндегі қоғамда ете алған жат қылықтарды ашып айтып, сол арқылы жастарға ой салудың да міндетін атқара білген. Осындай қойылымды сахналаған режиссер Серік Нұрәлықтың еңбегін атай кетпеске болмас. Ұзақ жыл сахинаның қыры мен сырына жетік ол қойылымды шат жана түсіре енгізді. Онда айналамыздағы өмір, тіршілік қамы анық, бейнелі тұрады. Мұның рөліндегі сомдаған актерлер де өз тер төгілгенін байқаысыз. Сондай-ақ, төрт таңғанын нық басқан қойылым көрермедік көңіл тәрапынан да жоғары бағаланып отыр, – дейді облыстық театрдың директоры Бақберген Төрекбаев.

Көрікемдік көңіл жоғары бағаланған қойылымды көрермендер де қызыға отырып тамашалады. Залға ыстық толған көпшілктің дем жастар болса да, өзгеше болумен өрілген шындық, олардың бей-жай қалдырмағаны анық. Ендеше, сахнаға оралайық, оқиға былай өріледі. Жаңа қоныска көшіп келген жас отбасының күнкөмісінде шек жоқ. Күн сайын орындығы биіктеп келе жатқан отағасы мен сұлу жасының да ең ұлайымы болмайтын сияқты сезіледі басында. Оны Дәуреннің рөліндегі Жеңіс Жолдыбаева пен Айжан рөліндегі Аян Қожбановалың шеберлігі шегіне жеткізіпті, көрерсің. Бірақ, олардың тынығатынын бұзған көршісі Сарман болды. Өрінеде, Сарманның шамдағы бой алдырғаны емес, оның жары Зиядың Дәуреннің ажырасып кеткен бұрынғы әйелі болып шыққаны. Дастан Ысқанов сомдаған Сарманның ұшқалақ мінезі мен қомсыланып жалпы барысында Зияда разы сомдаған Сандуғаш Мұқайпасованың шымшыма сөздері және күлдіруге бейім туратын болмысы көленкіз күйді күлдіре отырып, ұятынды ояты, қадап тұрып жеткізеді.

Күле отырып қызық жайларға да сүңгіп кетесің. Қомсыланып шыққан туысында Дәуреннің Зияда бір бірі басқа қырынан таныған бастайды. Тіпті, үлгерген жігіттің үшін қайта жалғанатын сияқты оған да жетелейді. Оған ер көкем білмей өскен, өгей әкемің тепкісін көріп де өмірге деген балғын махаббатын Сарманға арнаған Күнсұлудың құпия өмірі себеп болады. Алайда, Дәуреннің Зиядағы бір кездегі мақаббатын сөптей алмаған Күнсұлудың ажырасудың азабынан жүгедек болған тағдыры олардың ендігі өмірін шәрық құрған өлеңдердің қалпына келтіре алмасы анық еді. Өрінеде, Дәуреннің екінші әйелі Айжанның да өз отбасын қорғау құқығы бар. Өйткені, оның екі баласын тірі жетім қалдыруға қақысы жоқ. Тіпті, Дәуреннен тұрмыстағыны ғанығып көрсе де, оған бола Айжанды ақылсыз жан деп санауға болмайды. Қайта ол тағдырды тарылтпай билетін, табандылығы мен талғамы бар әйел затты. Олай болмағанда Дәуреннің бұрынғы әйелін тәнып, балаларын көргенде мұнсынғаны шағып, ырғып шығуға болар еді Ақырында ақылмен жеңеді. «Кез келгенге көңілдеп жат болады», – деп шешті Ақыры басқа жаққа қаныс аударады.

Бірақ мұнымен де шешім қолы қысқадық жоқ. Қанекей жүгін Дәуреннің мен Зиядың арқалап қала берді. Күнсұлу тағы да өгей анаңның әбектеуінде өсе бермек. Көрермен осы көрнекердің өз өмірінде де келген түстарын байқап, бажайлап қалып отырғаны да жасырын емес. Бұл бүгінгі күннің шындығы емей не? Қысқасы, қазір бұ тек өз басымыздың амандығы, қадір-қасиеті, барлығы мен байлығын ғана ойлайтын болып барамыз. Қоғамдық тәрбие де емірмдің сан тарау жолының адаттай өтуге бағыт сілтейтін әдамгершілік адалдыққа баулитын жан Десе де ұстаз еңбегі қоғам, мектеп, ата-ана арасындағы байланысқа ерекше мән беретіндігі. Осындай маңсатты нақ ұстанған ол сынылта ана-аналармен бірлесе отырып «Балаңды бастан» «Қыз бала тәрбиесі», «Балаңның жас ерекшелігін» «Тәрбие оғлан, кіз» атты тәрбиелік сағаттар циклдастырып, бірлескен әрекеттер ұйымдастырып, ата-аналарға тәпсірмалар беріп отырады. Сонымен қатар, оқушылардың демалыс күндері қаламыздағы мұз-жайлар мен газеремға апарып, олардың тәрбиеге үлгерімін жетілдіруге ерекше мән беретіндігі. Осындай

Өрінеде Балғабаевтың еңбегі кенестік дәуірдің кер самалы есіп тұрғанда жазылғанымен, ол сахна төрінде осы дәуірге сай кескін-келбетімен, көтеретін ойымен, жүрегіндегі сыздатып, айналаға ойлана қарайтын жанжалымен көрініс тапқан. Тіпті бүгінгі күндегі қоғамда ете алған жат қылықтарды ашып айтып, сол арқылы жастарға ой салудың да міндетін атқара білген. Осындай қойылымды сахналаған режиссер Серік Нұрәлықтың еңбегін атай кетпеске болмас. Ұзақ жыл сахинаның қыры мен сырына жетік ол қойылымды шат жана түсіре енгізді. Онда айналамыздағы өмір, тіршілік қамы анық, бейнелі тұрады. Мұның рөліндегі сомдаған актерлер де өз тер төгілгенін байқаысыз. Сондай-ақ, төрт таңғанын нық басқан қойылым көрермедік көңіл тәрапынан да жоғары бағаланып отыр, – дейді облыстық театрдың директоры Бақберген Төрекбаев.

Көрікемдік көңіл жоғары бағаланған қойылымды көрермендер де қызыға отырып тамашалады. Залға ыстық толған көпшілктің дем жастар болса да, өзгеше болумен өрілген шындық, олардың бей-жай қалдырмағаны анық. Ендеше, сахнаға оралайық, оқиға былай өріледі. Жаңа қоныска көшіп келген жас отбасының күнкөмісінде шек жоқ. Күн сайын орындығы биіктеп келе жатқан отағасы мен сұлу жасының да ең ұлайымы болмайтын сияқты сезіледі басында. Оны Дәуреннің рөліндегі Жеңіс Жолдыбаева пен Айжан рөліндегі Аян Қожбановалың шеберлігі шегіне жеткізіпті, көрерсің. Бірақ, олардың тынығатынын бұзған көршісі Сарман болды. Өрінеде, Сарманның шамдағы бой алдырғаны емес, оның жары Зиядың Дәуреннің ажырасып кеткен бұрынғы әйелі болып шыққаны. Дастан Ысқанов сомдаған Сарманның ұшқалақ мінезі мен қомсыланып жалпы барысында Зияда разы сомдаған Сандуғаш Мұқайпасованың шымшыма сөздері және күлдіруге бейім туратын болмысы көленкіз күйді күлдіре отырып, ұятынды ояты, қадап тұрып жеткізеді.

Күле отырып қызық жайларға да сүңгіп кетесің. Қомсыланып шыққан туысында Дәуреннің Зияда бір бірі басқа қырынан таныған бастайды. Тіпті, үлгерген жігіттің үшін қайта жалғанатын сияқты оған да жетелейді. Оған ер көкем білмей өскен, өгей әкемің тепкісін көріп де өмірге деген балғын махаббатын Сарманға арнаған Күнсұлудың құпия өмірі себеп болады. Алайда, Дәуреннің Зиядағы бір кездегі махаббатын сөптей алмаған Күнсұлудың ажырасудың азабынан жүгедек болған тағдыры олардың ендігі өмірін шәрық құрған өлеңдердің қалпына келтіре алмасы анық еді. Өрінеде, Дәуреннің екінші әйелі Айжанның да өз отбасын қорғау құқығы бар. Өйткені, оның екі баласын тірі жетім қалдыруға қақысы жоқ. Тіпті, Дәуреннен тұрмыстағыны ғанығып көрсе де, оған бола Айжанды ақылсыз жан деп санауға болмайды. Қайта ол тағдырды тарылтпай билетін, табандылығы мен талғамы бар әйел затты. Олай болмағанда Дәуреннің бұрынғы әйелін тәнып, балаларын көргенде мұнсынғаны шағып, ырғып шығуға болар еді Ақырында ақылмен жеңеді. «Кез келгенге көңілдеп жат болады», – деп шешті Ақыры басқа жаққа қаныс аударады.

Бірақ мұнымен де шешім қолы қысқадық жоқ. Қанекей жүгін Дәуреннің мен Зиядың арқалап қала берді. Күнсұлу тағы да өгей анаңның әбектеуінде өсе бермек. Көрермен осы көрнекердің өз өмірінде де келген түстарын байқап, бажайлап қалып отырғаны да жасырын емес. Бұл бүгінгі күннің шындығы емей не? Қысқасы, қазір бұ тек өз басымыздың амандығы, қадір-қасиеті, барлығы мен байлығын ғана ойлайтын болып барамыз. Қоғамдық тәрбие де емірмдің сан тарау жолының адаттай өтуге бағыт сілтейтін әдамгершілік адалдыққа баулитын жан Десе де ұстаз еңбегі қоғам, мектеп, ата-ана арасындағы байланысқа ерекше мән беретіндігі. Осындай

Мұғалім – мектеп жүрегі

Халқымызда: «Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға», – деген нақыл сөз бар. Алайда, оның бигіне тек қажыры мен қайраты бекем, жолай келген қиындыққа мойымайтын бір беткей жандар ғана шыға алатынын өмір сан мәрте дәлелдеп берді. Міне өмірін осы салаға арнаған адамдардың еңбек жолынан аңғаруға да болады. Соның бірі – Бақтыбай Жолбарысұлы атындағы №18 орта мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі Үмітжан Қойайдарова.

ІЗГІЛІК НҰРЫ

«Өрмекең тұған жері мысыр шапқан» демекші адам баласына кидық қаны тамып кандық бауы кесілген жерден ыстық болатыны анық. Бізден кемдеріміз қазметті Күренбелдің бір шетіне орналасқан қаймағы бұзылмаған қазақы дәстүрімен ғұмыр кешіп жатқан жиғымағы жарасқан Тастыөзек ауылында дүниеге келді. Сол өңірден түлеп ұшқан ол өзінің педагогикалық тәжірибесі мен білгірлігінен қадір-сырын жетілдіре отырып шәкірттерге сапалы білім мен саналы тәрбие беру жолында әлбай еңбек еткен ұстаз атанды.

Ол бастабында мұғалімдік кәсіпті майтабанның боламын деп ойлаған жоқ. Қоғалы орта мектебін 1979 жылы бітірген соң он жыл бойы туған ауылы Тастыөзектің өнер сапасын әрге бастыруға үлес қосты. Ал 1989 жылы Қоғалы орта мектебіне ауысып келіп, бастауыш сынып мұғалімі болып орналасады. Ұстаздық жолы осы тұстан басталады. Бірақ, алғаш қолына қалам ұстап, оқушыларға білім бере бастаған оған білім мен білгіштігін қажеттілігі туа бастаған. Ақыры сол жылы Талдықорған педагогикалық институтына сырттай оқуға түседі. Бір жағынан оқи жүріп, бір жағынан білім берудің сан қыры сонданын сүріпбен өткен ұстаз білімі толығып, біліктілігі жетілген дер шағында яғни 2001 жылы Талдықорған қаласындағы Бақтыбай жолбарысұлы атындағы №18 орта мектеп-лицейіне табан тірейді.

«Ең жақсы әдамға мың кісіпе орын бар» демекші, ол мектепте талмай қызмет етіп еңбегінің салмақты тиянағы мектептің арқасында шәкірт жүрегіне жол тауып, бағдама жетістікке жетті. Оқушылардың жеке ерекшелігін жазып меңгеріп, олардың әр сабақты терең игеруіне бар күшын салып, сабағын ұтымақты етіп өткізуге тырысты. Сабақ барысында көркем құралдарды тиімді қолданып, балалардың таза оқып анық сөйлеуіне көп көңіл бөлді. Өзі жетекшілік еткен сыныптарда «Менің Отаным Қазақстан» «Ана тілім – алдағым», «Қарттарым – қазынам» «Қазақстан – Республикам менің», «Жыр жампозы – Бақтыбай», «Күз береке – күз мерей», «Нан – Отан байлығы» атты мәнді зор іс-шаралар өткізіп, оқушылардың ұлттық тәрбиеге үлгіруіне күш салды. Сонымен қатар мектептің қоғамдық шараларына белсене қатысып, қыздар арасындағы тәрбие жұмысына жетекшілік етті. Қай қарайын кең

◈ *Жыр – арнау*

Тәуелсіздіктің ақ таңы

Тағдырдың көргені тауқыметі мен
талқының,
Көтерген жауға найза да,
қылыш қалқаның.
Қасиетіңнен айналайын бабалар,
Сыйлаған бізге тәуелсіздіктің
әр таңын.

Желтоқсанында қанығезерлікпен
қорлаған,
Өрмекшідей тоздырып тамды
торлаған.
Арқасында елім деп
туған ерлердің,
Есімі қазақ егемен ел боп орнаған.

Күресіп жаумен ақтық дем
бойда қалғанша,
Талықсып дене, білегі,
белі талғанша.
Армаңы ақ тан, аңсары
Атамекен деп,
Қан төкті талай тұғырды
биік алғанша.

Жотасын желмен сипатып
тауым жатқаны,
Егемен елдің жұртының
жүрек мақтаны.
Көк байрағымен бұлкынып
тұрсын аспаны,
Ата берсін тәуелсіздіктің ақ таңы.

Қуаныш ӨНЕРБЕК,
ЖМУ студенті.

Еркіндік - үлкен бақыт

Жоқ екен еркіндіктен асқан бақыт,
Көз тұнып, көкірек кернеп
бір қарашы.

Мәңгілік қамын ойлап
келер шақтың,
Әлемге өрлеп үмет дабыл қақтым
Өскерер ел мерейін, жер қадірін,
Мәртебе, байлық, бақыт
шамын жақтым.

Тәңдессіз дүниеде сенің құның,
Еркіндік ел басына алған күнің.
Егерде ақылменен сарапқасаң,
Керемет үлкен бақыт жеткен мұның.

Құлайберген ҚОРАБАЕВ.

Бездендіктің бостандық
алып халық,
Ел болдық іргеміз бекіп, әлем танып.
Астана Сарыарқаның төсі түзелеп,
Көк байрақ желбіреді аспанда анық.

Нұрлынған Тәуелсіздік күні тұмп,
Тау-дала, өзен мен көл
жатыр тұнып.
Елбасы болашаққа бағыт сілтеп,
Жол салдық жұртқа жайлы,
әлемге ұлық.

Қазақтың қазыналы кең даласы,
Арманға жеттік бүгін әр баласы.

КӨКТҰМА АУЫЛЫ,
АЛАКӨЛ АУДАНЫ.

Жастардың жігер, сенімі

Желтоқсан таңы – ерлектің
нұры, азат таң,
Құтқарды бізді азаттан
және мазақтан.
Алаңға шыққан жастардың
жігер, сенімі
Тәуелсіз елдің алғашқы
үнін таратқан.

Желтоқсан желі – мұзарты,
бірақ жылы ұлым,
Жігерімді ұштап, жалғайтын
сана үлгім.
Шыңылтыр самал желпіп
өткенде жүзімді,
Іңкәйімін содан Желтоқсанды
қыз үнім.

Желтоқсан қары – ақ емес,
сәуе, қызыл қан,
Айбынды жастың қайсарлығына
жұлынған.
Аппақ қар еді, бояды қызыл
түске ол.

Шапшыған қан мен жұлынған
әрбір бұрымнан.
Желтоқсан лебі – қазағы
көпке тарады,
Ширатып ойды, шырықтырды
санаңы.

Жаныма жылу сыйлайтын
ескек, ерке леп,
Тырнайды кейде жүрекке
салған жараңы.

Желтоқсан үні – арыңды ұсын,
ардың үміт,
Кетпейді естен қыз-жігіт
жыры мәңгілік.
Әрине, ол үн батылдығымен
тән қызып,
«Қазағым, жаса!», – деп тұрады
ылғи жанұрып.

Аманжұр ОРАЗБАЙҚЫЗЫ,
ЖМУ гуманитарлық
факультетінің
4 курс студенті.



◈ *Лебіз*

Рухымыз асқақтай берсін



Бақытхан ЖАДЫҚБАЕВ,
«Күрмет» орденінің иегері,
«ТАЭТК» АҚ президенті:

Қатты толқып тұрмын. Талдықорғанда биыл ғана пайдалануға берілген ең керемет ғимараттардың бірі – «Жастар» әмбебап Спорт сарайындағы ең алғаш өткізіліп отырған аса мәртебелі шара – Ел Тәуелсіздігінің 19 жылдығына арналған салтанатта Елбасы Жарлығымен мемлекеттік наградаға ие болғандар арасынан табыну екің бірне бұйыра бермейтін бақыт екені анық. Сол таңдаулылар қатарынан көрінгенime еңбегімнің елеңгеніне қуанышты екендігімді жасырмаймын.

Бүгін менің «Күрмет» орденіммен марапатталуымда өзім басқаратын акционерлік қоғамның барлық мүшесінің еңбегі бар десем артық айтқандық бола қоймас. Алматы облысының Талдықорған өңірін электр қуатымен тұрақты қамтамасыз етуде, төтенше жағдайларда бірнеше кезектегі қажеттілік болып табылатын электр қуатын тез арада жеткізуде бізден еңбекқорлар есепі еңбектерімен көрінді. Үстімізде гі жылдың қыркүйек айында «ТАЭТК» АҚ оқу-жаттығу алаңында өткен жетінші халықаралық жарыста жеңімпаз атанып, тоғыз елдің арасынан топ жардық. Қызылағашты қалпына келтіру ісіне алғашқы күннен бастап қатыстық және ондағылар бірде-бір күн электр қуатынсыз отырған жоқ. Соның барлығы облыс басшылығының назарынан тысқары қалмағанын бүгінгі марапат дәлелдеп отыр. Елім үшін еңбек ете беремін.

Мемлекетіміздің биыл барынша асқақтаған халықаралық мәртебесі одан әрі артары анық. Алдағы жылы да аса үлкен халықаралық басқосулар күтіп тұр. Елбасының сындарлы басшылығымен биік асуларды біртіндеп бағындыра беретінімізге сенемдімін. Тәуелсіздік мерекесі жаңа тартуларымен қуантсын!

ТӨГІЛГЕН ТЕРДІҢ ТӨЛЕМІ



Бодатбек АБАҒАН,
Қазақстан Республикасы
Күрмет грамотасының иегері:

– Елімізге егемен мемлекет атанғалы да 19 жыл өте шығыпты-ау. Оны айтасыз. 1986 жылдың желтоқсанының ызғарлы күндері жанымызға батқан мазақ пен төнімізден өткен таяққа қарамастан жүрегіміздегі отты алау етіп мызғымастай көрінген өктем жүйеге қарсы шыққан шағымыздың өзі кеше ғана болғандай көрінеді кейде. Біздің, яғни қазақ жастарының сол кездегі жанқиярлық ерекеті еліміздің Тәуелсіздікке барар даңғылының негізін қалағанын бүгінде барша жұрт мойындады.

Одан кейін де қаламды қару етіп, ақпарат майданына араласыппын Тәуелсіз еліміздің мұңын мұңдап, жоғын жоқтап жүрген мыңдаған әріптестерімнің ішінде менің де үнім естіліп жатса, онда халқымның бір керегіне жарағаным-ау деп ұғамын. Соның нәтижесі болар. Тәуелсіздік күні Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен Қазақстан Республикасының Күрмет грамотасына ие болдым. Осынау марапатты маған ғана емес, «Жетісу» газетінде бірге еңбек еткен барша қаламгерлерге көрсетілген құрмет, артылған сенім деп білемін. Басты тілегім – көгімізде еркіндіктің көк туы мәңгілік желбірей берсін!

◈ *Бала ерлігі*

Жасындай Жандос



Талдықорған қаласында Тәуелсіздік мерекесіне арналған салтанатты жиында мемлекеттік наградаға ие болған қоғамның әр саласында қызмет етіп жүрген азаматтар қатарында Райымбек ауданындағы Шәлкөде орта мектебінің 8-сынып оқушысы ІЛИЯС Жандос Бақбергенұлының да есімі аталып, көудесіне «Ерлігі үшін» медалі тағылды.

Ерлан үстіміздегі жылдың көктемінде өз өмірін қатерге тігіп жүріп өрт құшағында қалған үйден 5 жасар Ерасылды аман алып шыққан болатын. Сөйтіп қаршадай баланың қайсарлығы сәбидің өмірін өлімнен арашалады. Жандостың ерлігін ауыл тұрғындары әлі күнге жыр қылып айтады. Сол кездері Қазақ радиосы, «Қазақ әдебиеті», «Жетісу» басылымдары да жасөспірім баланың батырлық ісін «бәрекелділеп» қалың бұқараға жеткізген болатын.

Бейбіт күндегі ерліктің майдандағыдан бір мысқал кемдігі жоқ. Сондықтан Тәуелсіз Қазақстанның ұлықтауға тұрарлық ісі жасаған ұл-қыздарының мемлекет тарапынан марапатталғаны – еліміз үшін үлкен абырой, өскелең ұрпақ үшін үлгі.

Сағыныш
САБЫРЖАНҚЫЗЫ.

◈ *Театрдан түйген ой*



«Күшік күйеу» өлмейтін туынды. Оның өлмейтіндігі – өзегінде ұлт тағдырын тап басатын тіл мен ділге деген қамқорлықтың жатқандығы. Аталған қойылым сахнаға шыққалы ширек ғасыр өтсе де, өзектілігін жоғалтпайтыны да сондығында. Спектакль облыстық театрда 1977 жылы бірінші рет қойылған еді. Сол күнді көзімен көріп, көкейіне түйгендер бүгінде арамызда жүр. Ретін тауып, кезіндегі қойылымда рөлді сомдаған актер Мұса Әжібеков пен сол бір сәттің куәгері, әдебиетші журналист Болат Бисұлтановтан сыр сұыртпақтап көрдік.

«КҮШІК КҮЙЕУ»

Қажет АНДАС,
«Жетісу»

Олардың айтуынша, сахна, ондағы актерлер, декорация қазіргі күнге тән бояумен жаңаша түске енген. Спектакль кейіпкері Тюрячиктің «Қазақшамен нан тауып жей алмайсың?», – деген ашы әжуасын естігенде көрермендер бір сілкініп қалды. Осыдан отыз жыл бұрын да осындай болған екен. Енді отыз жылдан кейін де осылай бола бере ме?

Бірақ, бұлай кете бермейтініне театр мамандары сенімді.

– «Күшік күйеу» спектакліне Ақтаноятын жүректілікпен жазған туындысы. Ол тұста тіл төңірегінде үлкен ой айтудың өзі оңай болмайтын. Ал, шымшыма ойды сахнада өрнектеп, жүректен жүрекке сіңірудің өзінде қандай батылдық жатыр. Отыз жылдың алдындағы толқының осындай батылдыққа құрмет еді. Ал, бүгін тәуелсіз ел атандық. Бізден енді міндетіміз, ойран болған ұлттық құндылықтарымызды қайта жаңғырту. Сахна төрелігі тілге қатысты айтылған жанайқайдың жалпының қолдауына не болғаны – ел болғанымызды, мемлекет тағдырын белгілейтін тілдің өкіл екендігімізді сезіндірген толқыныс, – дейді театр директоры Базарбек Тезекбаев.

Әрине, көрерменін осындай ширықтырып, шиыршық ойға жетелеген қойылым жұрт көңілінен шықты. Өйткені, әрбір көрермен сахнадағы кейіпкерлердің өмірінен, писихологиясынан, мінезінен өзіне бір ұқсастық тауып жатты. Қысылды, қымтырылады, ұялды, ойланды. Оның барысын былайша жинақтауға да болады. Тас қалада өсіп, тасбауыр болып кеткен Гүлжамал мен Бигайшаны да иліктірген бала жауапкершілігі Бекболат пен Қабанбайға тән тірлік үшін жанталастырған жалған болмыс, көргенбаққаны билік пен атақ, өрлік пен өктемдікке толған Кубик пен Тюрячиктің жалған өмірі, Ботқаның алаңғасарлығы, Алманың ақылын ұшқалақтыққа жасырған, жағдайтың шығайына қарай бейімделе білетін бейнесі бір-бірінен оқшау, дара, бірақ жымдасқан, бөлінбес сюжет құрылған. Десе де, автор барлық қайшылық пен қақтығыстың бір ғана шиыршыққа бағынатынын, өмірде жалғандыққа, жалғастыққа, арқан атаққа берілмейтін махаббат деген құдіретті күштің болатынын жоққа шығармайды. Сол пәк сезімнің ұлттық дәмен астарласып жатқанын айшықтап көрсетеді. Қойылымның көрінісі осылай өрілед.

Аталған спектакльді өзге де сахналардан гамашалаған едік. Бірақ, бізді театрда ең жаңаша түс, ыммаға сай бояу, жалпыға бірдей ұнамдылығымен ерекшеленгенін мойындайсың. Бұл «қол шіне қарай бүтіледі» деген жақындықтан емес, қойылымды сахналаған режиссер Серік Нұрғалықтың еңбегі. Тағы бір жағынан, 35 жылды артқа тастап, талай тәжірибе жинаған театрдың осындай биік деңгейге жеткенінің де күәсі болдық. Онда рөл алған майталман актерлер М. Нұрмұханбетова мен Г. Темірбаева және А. Нұғманов, жастардан М. Махмұт, Н. Тұрлыбекова, А. Саурықов, А. Бекманова, Ж. Мерсимова, Г. Тілеуғабыл, Б. Мұнайтпасов, Г. Қырбасовтардың аз еңбек етпегені бізінің түр. Қоюшы суретші К. Шалабаева мен музыкамен көркемдеуші Б. Тоқымтаевка де жұртшылықты ерекше.

Жаңа қойылым, міне, осылай бір белестен тағы бір белеске қарай бетбұрыс жасады. Әрине, алдағы уақытта қойылымның бояуы, оны ойнайтын актерлар есімі жаңалана беретін шығар. Бірақ, бүгінгі қойылым өз бигінде қала береді.

◈ *Тұсаукесер*

Ел ертеңінің жарқын болуына жырларымен үлес қосып, тәуелсіз үрпақ рухын асқақтататын жалынды өндер жазып жүрген Төлеужан Ғұмардың есімі бүгіндері жиірек естіле бастаған. Адам дүниеге келе сала ақын немесе сазгер бола салмайды. Мұндай жоғары атаққа ие болу үшін төңірі берген қасиетті еңбекпен үштап, дамыту қажет. Бойындағы өнердің дәні тереңнен суарылса ғана белгілі бір саладағы бекем азамат болып қалыптасуың хақ. Осы тұрғыдан келгенде Төлеужанның қадамдарына қуанатынымыз сондықтан.

Сөнбес сәуленің Жарығы



Тәуелсіздік таңы атқан тұста алғашқы қарлығаштармен қатар келген ұлтымыздың ұлық өнері – айтыс қайтып оралғанда азуын айға білеген айтулы ақындарымыздың бел ортасында Төлеужанның да төбесі көрініп қалушы еді. Айтыста біраз бағын сынап, дүбірлі додаларда топ алдына шыққаннан кейін ол қасиетті қаламға бет бұрғанын байқадық. Осы кезде Төлеужанның ойлы өлеңдері баспасөз бетінде көріне бастаған.

Өзі мәдениет саласының қызметкері болғандықтан сахнада түрлі кештер мен концерттерді жүргізгенде сүйсіне қарап отыратынбыз. Келісті келбеті, қоңыр да таза үні, ойлы да орамды сөздері жарасым тапқанда сахнаның сәніне айналатын. Енді бірде облыстық «Жетісу» телеарнасына қызметке орналасып, көгілдір экранның көркі болғаны бар.

Өнер қашанда жалғыз-жарым жүрмейді деген рас. Өзі ақын, өзі әнші болғаннан кейін Төлеужанның әуен шығармауға да қақысы жоқ сияқты болып көрінетін. Көп ұзамай-ақ сазгерлік қырынан да танылып үлгерді.

Әсіресе, балаларға арнап жазған өндері тыңдармандардың көңілін баурап алған. Кішкене бүлдіршіндердің жүрегінде Отанға, Анаға деген махаббатты қалыптастырып, жерді, елді аялауды насихаттайтын туындыларын көпшілік жылы қабылдады.

Адам өз еңбегінің жемісін, нәтижесін көргісі келсе, бұл заңдылық. Облыс әкімі Серік Үмбетовтің қолдауымен шығып жатқан «Жетісу» ақын-жазушыларының кітаптары қатарында Төлеужан Ғұмардың «Сөнбес сәуле» атты жыр жинағын оның осы күнге дейін жазған шығармашылық жұмысының түйіні деп қабылдадық. «Темірді қызған кезде соқ» дегендей, іле-шала Төлеужан Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында кітабының тұсаукесер тойын да өткізіп үлгерді. Жыр кешіне келген қауым алдымен кеш иесінің түрлі тақырыпқа арнап жазылған әндерін естіп, құлақ құрышын қандырса, соңынан Бикен Римова атындағы драма театрдың жас актерлері дайындаған әдеби-музыкалық қойылымды тамашалап, жүректерін жырмен тербеткен. Тұсаукесер рәсімінде елкеміздегі балалар әдебиетінің белгілі өкілі Әли Ысқақбай, облыстық мәслихаттың хатшысы Ардақ Сыдық, Ақсу аудандық мәслихатының хатшысы Серік Серпербаев, «Нақ бірлік» қоғамдық қорының төрағасы Аманғазы Шегіров, облыстық мәдениет басқармасының бастығы Рахмет Есдәулетовтер құттықтау сөз сөйлеп, өнердің жолына біржола бет бұрған Төлеужанға сәт салар тіледі.

Қуат ӘБІЛ.

ГНПФ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ
ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

"ГНПФ" ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ" АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ САЛЫМШЫЛАРЫ (АЛУШЫЛАРЫ)!

Жинақталған зейнетақы қаражатыңыздың жағдайы туралы Сізді уақытылы хабарландыру мақсатында, «ГНПФ» зейнетақы қоры Сізге мынадай өтініш білдіреді:

1. ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІҢІЗДІҢ БАРЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРІ ТУРАЛЫ ЖАЗБАША НЫСАНДА ХАБАРЛАУҒА:

- хабарландыру мекенжайы туралы (пошталық және/немесе электрондық);
- жеке сайкестендіру нөмірі (ЖСН), сонымен бірге оны алу туралы;
- «ГНПФ» зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдерін алатын адамдар үшін - банктік деректемелер туралы.

Жоғарыда көрсетілген деректемелерге өзгерістерді енгізу туралы (міндетті түрде фамилиясы, аты-жөні және туылған күні көрсетілген), мұндай өзгерістерді растайтын құжаттың және жеке басты куәландыратын құжаттың, ӘЖК көшірмелері қоса берілген өтінішті Қорға әкеліп беруіңізді немесе пошта арқылы жіберуіңізді өтінеміз.

2. ЖИНАҚТАЛҒАН ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚАРАЖАТЫҢЫЗДЫҢ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ БЕРУДІҢ ТӘСІЛІ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ ЖАСАСУҒА

Келісімді жасасу, Сізге жеке зейнетақы шотыңыздың жағдайы туралы үзіндіні берудің ең ыңғайлы нысанын таңдауға мүмкіндік береді:

- «ГНПФ» зейнетақы қорына өзіңіз келген кезде;
- электрондық пошта арқылы;
- пошталық байланыс қызметі арқылы.

Келісімді жасасу үшін Қорға келген кезде, Сізде мынадай құжаттар болуы қажет: жеке басты куәландыратын құжат (түпнұсқа), ӘЖК (көшірме), салық төлеушінің тіркеу номері (СТН) (көшірме).

Мекенжайы: Алматы облыстық филиалы
040000, Талдықорған қаласы, Төлебаев көшесі, 58/64
8(7282) 24-59-00, 24-43-33, tko@gnpf.kz
Call-орталық 8-800 080 11 77

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау департаментінің 10.03.2005 ж. берілген № 0406000К лицензиясы

◈ *Тағылым*

ЖЕТІСУДЫҢ ГЕОЛОГЫ

Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, геология-минерология ғылымдарының докторы, Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің профессоры, Қазақстанның Құрметті геологы Оспан Бейсеұлы БЕЙСЕЕВ 75-тің желкенін керді.

Өткен ғасырдың орта кезінде елімізде қазақтың инженер болуы некен-саяқ болатын. Аттың жалында, түйенің қомында өскен қазаққа білім алуда ол кезде оңайға соқпағаны анық. Ғылымның бір саласы саналатын тау-кен, металлургия сияқты мамандықтардан қазақтың баласын керу қол жетпес арман еді. Міне, сол кезде секті бұзып, көктемде шыққан бәйшешектей бір жарып, ғылымда қазақтың қарақөздері бой көрсете бастады. Сол заманда Жетісудан Арқаға, Алтайдан Атырауға созылып жатқан қазақтың сар даласын картаға түсіріп, пайдалы қазбасын зерттеу үшін орыс жерінен геологтар ағылып келіп жатты. Бұл өткен ғасырдың 20–30 жылдарын болатын. Қазақты алдыңдағы малын ғана сойғаған қараңғылықтың қамытын киген халық, деп ойлаған орыс геологтарына баянауылдық, жас геолог Қаныш қосылды. Мәскеулік мамандармен пікір таластыра жүріп, Жезқазғанның мыс кен орнын ашып, Одаққа әйгілі болды. Бертін келе Сәтбаев есімі қазақша да ғылымда жатсынбайтын, оны да терең меңгеріп, үйренуге болатынын дәлелдеді. Міне, содан бастап, Қаныштың ізін басар қазақ ғалымдарының елімізде өр бұрымынан төбе көрсете бастады. Сыр елінен Шахмардандар, ізін сала Жетісудан Оспандар геология есігін айқара ашты.

Оспан Бейсеұлы да арман арқалап келіп, С. Киров атындағы ҚМУ геология-география факультетіне құжат тапсырды. Оқуға деген жігерінің арқасында оқуға қабылданып, 1957 жылы кен орындарын іздеу және барлау мамандығын алып шығады.

Хан Тәңірідей шаңға қарап, Шибұт пен Елшібүйрек тауларынан нар алып өскен Оспанға тау-тас кезу таңсық та емес еді. 1935 жылдың қарасұық қарашасында Сарыжазда дүние есігін ашып, киелі Қарасаздан білім алып, балалық шағы дүрбелең Ұлы Отан соғысымен дәп келіп, қиындықтарды өтсе де, қасиетті тауларда өскен болашақ геолог ғылым өлеміне құлаш сермеді.

Ол кезде ғылымға маман тапшы кезғой, жас маманды Қазақ минералдық шикізат ғылыми-зерттеу институтына қызметке шақырады. Кез аяқ, геологияға деген жігерінің арқасында лаборанттан бастаған маман ізденімпаздығының нәтижесі болар, өсу баспалдақтарынан өтіп, ғылым меңгерушісіне дейін көтеріледі. Оспан Бейсеев геология ғылымында өткен еңбектері негізінен ғылыми ізденіс екен. Ұлы Отан соғысы және бейбіт дәуірдегі кен орындарының геологиясы, минерагениясы, олардың заттық құрамын, руданы кешенді пайдалану, кештерді тиімді игеру жолдарын іздестіру, пайдалы қазындылар кен орындарының жаралу жағдайларын және орналасу заңдылықтарын іздеу және бағалаудың ғылыми тұрғыдан негізделген критерийлерін өзірлеу саласында үлкен еңбек етіп, айтарлықтай үлес қосып келе жатқан еліміздегі ТМД және шетел көлемінде белгілі ғалым. Ғылыми қоғамда ол, әсіресе, стратегиялық және арнаулы өндірістік маңызы зор минералдық шикізаттар, ұсақ түйіршікті (асбест асыл тастар, түсті декоративті әсем тастар, алмас, алтын, мыс) рудаларын мұқият зерттеп, зерттеп қана қоймай олардан құнды компоненттерді бөліп алу әдістерін өзірлеу, минералдарды заманды қосындылардан тазартып игілендіру, олардың жаңа қолдану салаларын тауып, практикалық маңызды минералдар санын көбейту бағыттарында жүргізген жемісті еңбектерімен мейлінше танық. Атап айтқанда, О. Бейсеев көп жылдар бойы әскери және арнаулы өндіріс бұйымдарын жасауға қолданылатын өмебебап минерал кегілдір асбестің өте маңызды жаңа түрлерінің Қазақстандағы ірі кен орындарын мұқият зерттеді. Кезінде Оспан Бейсеұлының үсынысы бойынша КСРО-ның арнаулы құпия мамандандырылған мекемелерімен минерологиялық-технологиялық кешенді жұмыстар жүргізіп, аталмыш минералдардан 35-тен аса жаңа жоғары сапалы композициялық және қарыштық, аппараттарда, өйгілі «Энергия-Буран» қарыштық кешенінде, ұшақтар конструкцияларының, жылу және өрттен сақтану жалқыштарында нәтижелі сыналды.

Қазақстанда кеңінен қолданған ғылым геммология (асыл тастар туралы ілім) саласында, геммологиялық жүйелерді дамыту, геммологтар мен зергерлерге дайындау қажеттілігі жайлы түйінді ынта көрсеткен де Оспан Бейсеұлы болатын. Ол 1992 жылы елімізде бірнеше көрнекті ғалым-геологтармен бірге тұңғыш Қазақстан геммологиялық ассоциациясын ұйымдастырып, оның бірінші президенті болып сайланады. Қазақстан зергерлік және декоративті-өрнекті тастар кен орындарының кадастрларын және оналасу карталарын жасады. Сонымен қоса Алматының метросын түсті тастармен безендіру үшін екі мәрте Германия тас өңдеу зауыттарын аралап, солардың технологиясы мен тас өңдеу техникасы негізінде «Алматы метросын қаптауға және құрылыс тастарымен жабдықтауды қамтамасыз ету үшін тас өңдеу өндірісін ұйымдастыруға инновациялық жобасын жасады.

Оспан Бейсеұлы 500-ден аса ғылыми жұмыстың, авторы. Олардың елудей астамы шет ел баспаларында жарық көрген. Ол 22 өнертапқыштар куәлігі мен патенттердің иегері. 1967 жылы кандидаттық, 1990 жылы докторлық диссертация қорғады. 1991 жылы профессор ғылыми атағы берілді. 2001 жылдан Халықаралық дәрежедегі дипломдалған геммолог. Көп жылдар бойы ғылыми-педагогикалық қызмет жүргізіп келеді. Ол 32 жыл бойы жоғары дәрежелі мамандар дайындау, ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды аттестациялау жүйесінде еңбек етуде. Бүгінде мыңдаған шәкірт тәрбиелеп, Қ.Сәтпаев атындағы ҚазҰТУ-де оқытушылық қызметте. КСРО жер қойнауын барлаушы ұздігі, Қазақстанның жер қойнауының Құрметті барлаушысы дипломдарымен және медальдарымен марапатталған. Жетісу өңірінің жер қойнауы байлықтарын зерттеудегі табыстары және аудан экономикасын нығайтуға қосқан үлесі ескеріліп, аудан мәслихатының шешімімен Ерен Райымбек ауданының Құрметті азаматы атағы берілді.

Геологтардың ерен еңбектерін басқа ғылым саяқты емес көпшілікпен көпшілік қалып қояды. Жалпақ жерге жарық болу үшін де халықтың геолог ғалымдарға, еңбегімен таныс, хабардар болу керек. Сол кезде ғана геологиядағы мүйіз қарағайдай профессорлар мен құрметті геологтарымызды жұрт танып, еңбегін бағалай, беретін хақ, әрине, өмірлерінің жартысы жерастты шахталарда, карьерлерде, тауда, одан қалаға микроскоп астында өтетін мамандардың еңбегін бейнет демеске лаж жоқ.

Сөз жоқ, Оспан Бейсеев Қазақстанның қазба байлығын зерттеу, игеруге, оны ел игілігіне жұмсауда зор еңбек сіңірді, демалыс түрін тәннен саналуы геологиялық далаларымызда бірі. Жетпістің бесеуіне табан тіреген ақсақалымыздан мерейінде мерейін асыру шәкіртік парызымыз еді.

Ерқанат ТӨУКЕБАЙ,
шәкірті, геолог.
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ.

● *Жыл көрсеткіші*

МӘДЕНИЕТІМІЗДІҢ МӘЙЕГІ

Бүгінгі таңда облысымызда мемлекеттік жүйедегі 483 мәдениет мекемесі тұрғындарға қызмет көрсетеді. Өткен аптада мәдениет саласының өкілдері 2010 жылы атқарылған іс-шараларды қорытындылап, алдағы жылы алға қойылған міндеттермен таныстық. Оған аудандар мен қаладағы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің өкілдері қатысты. Жиналысты облыстық мәдениет басқармасының бастығы Рахмет Есдәулетов ашып, жүргізіп отырды.

Жетісу
Қажет АҢДАС

Мәдениет ешқашан көрсеткішпен өлшенбейді. Қайта, тұрғындардың рухын байытып, ұлттық өнеріміздің еркендеуіміне көрініс табары анық. Әйтсе де, өткен жылы мәдениет мекемелерін қаржыландыруға 3469,6 млн.теңге, «Жол картасы» бағдарламасы бойынша республикалық бюджеттен 1806,7 млн. теңге қаралтырылып, 33 мекемеге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Олардың материалдық-техникалық базасын нығайтуға 186 млн. теңге игерілді. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 2 есеге артып отыр. Мұның дәлелі ретінде, аталған саладағы жетістігіміздің республикада алдыңғы орыннен көрінгенін атап айтуға болады.

Осындай қолдаудың нәтижесінде көптеген шығармашылық фестиваль мен байқаулар ұйымдастырылып, жергілікті ақын-жазушылардың кітабы шығарылып, музей мен галереяның жұмысы жандандырылды. Халықаралық пәлсаны конференциялар мен республикалық ақындар айтысы, тағы басқа да мәдени іс-шаралар өз жалғасын тапты. Оның дәйекті ретінде өніріміздегі мәдениет мекемелері тарағынан өткізілген 21 мыңнан астам мәдени шараны көрсете кеткен жөн. Сондай-ақ, тас тұғырдан мәңгілікке орын тепкен ескерткіштердің саны артып, ел көңілін сергілтті.

Сонымен бірге, мәдениет күндері аясында өтетін іс-шаралар аясында жаңадан 25 өнер ұжымы тұрғындарға танылып үлгерді. Бірқатар ансамбльге «Халықтық» және «Үлгілі» атағы берілді. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 36-ға артып отыр. Кітапханалардағы кітап қоры мен музейлердегі экспонаттардың саны артып, тарихи-монументалды ескерткіштерді есепке алу, қорғау жұмыстары жанданды. Облыс әкімі Серік Үмбетовтің қолдауымен облыстық театр гастрольдік сапармен өніріміздің өнерін өзге облыс тұрғындарына паш етсе, облыстық Сүйінбай атындағы филармонияның ұжымы Франция, ҚХР, Египет елдерінде өнер көрсетті. Сонымен қатар, Қазақстанның Оңтүстік Кореядағы мәдениет күндері аясында Оңтүстік Кореяның Сувон қаласына барып қайтты.

Өткен жылы облыс өнерпаздарының еңбегі еленіп, мерейленген сәттері де көп болды. Сүйінбай атындағы облыстық филармонияның 17 өнерпазы Мәдениет министрлігінің «Мәдениет қайраткері» атағын иеленсе, әншісі Ерболат Құдайбергеновтің республикалық «Дарын» жастар сыйлығымен марапатталғаны үлкен жетістік болып саналады.

Сала басшысы Рахмет Есдәулетовтың айтуынша, биылғы жылды да мәдениет саласы мол жетістікпен қорытындылайды.

● *Ана тілім – ардағым*

ҚАТАҢ ТАЛАП ҚОЙЫЛДЫ

Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу - бүгінгі күн талабы. Бұл тұрғыда шынын айту керек, халыққа қызмет көрсететін мекемелер арасында «Қазақтелеком» акционерлік қоғамы ерекше көзге түседі. Себебі аталмыш мекеме қызметкерлерінің мемлекеттік тілді жетік меңгеруін басты мақсат еткен.

Жетісу
Айнұр ӘБДІРАХЫМ

Осыған орай «Қазақтелеком» акционерлік қоғамы іс-шараларды жүйелі түрде жүзеге асырып келеді. Жақында «Мемлекеттік тілдің рөлі, оның телекоммуникацияның сервистік қызметтерінде қолданылуы» тақырыбында брифинг өткізді. Оған «Қазақтелеком» АҚ Алматы облыстық телекоммуникациялар дирекциясы телекоммуникация қызметтерін сату орталығының бастығы Айтжамал Әпенова, маркетинг бөлімінің бастығы Арыстан Қадірсейітов, ұйымдастыру бөлімінің бастығы Асхат Туғанбаев пен БАҚ және корпоративтік портал жөніндегі маман Жанар Мырзахметовалар қатысты.

– Осы күнге дейін халықпен тығыз жұмыс істейтін бірінші санатты қызметкерлерімізге қазақ тілінде қоңырау шалған азаматтарға қазақша жауап беру керек деп талап қойған едік. Енді кезекте оларға ауызекі тілде сөйлеп үйреніңдер деп міндет қойып отырмыз, – деді Асхат Туғанбаев шараны ашып тұрып.

Брифинг барысында мемлекеттік тілді оқыту орталығындағы жалғастырушы топтың сабағы басталды. Сабақты ұйымдастыру бөлімінің мемлекеттік тілді енгізу маманы Жанар Сансызбаева жүргізді.

Жалпы мекеменің тілді оқыту орталығында 6 топ бар. Онда 80 тыңдаушы тілді игеруде. Ұйымдастыру бөлімінің мемлекеттік тілді енгізу маманы Сәуле Қажеванын айтуынша, тыңдаушылар белгіленген арнайы кесете бойынша оқытылады. Оқу тапсырмалары әрқайсысына «Лотус» бағдарламасы арқылы жіберіліп отырады. Барлық тыңдаушы жылына бір рет өтетін тест пен емтихан тапсырып отырады. Онда жақсы нәтиже көрсеткендер арнайы сыйақымен марапатталады, ал төменгі баға алғандарының ел қатарлы алып отыратын сыйақыдан да қағылуы мүмкін. Осындай қатаң талап қойылғандықтан болар, төменгі баға алатындар аз дейді орталықтың оқытушылары.

Мекемеде 2003 жылдан бастап мемлекеттік тілді оқыту қолға алынған. Алғашқы жылы тыңдаушылар 750-ден аскан. Жыл санап олардың қатары азайып келеді. Мысалы, былтыр орталықта 97 тыңдаушы болған. Олардың 17-сі емтиханды өте жақсы тапсырып, тіл білетіндердің қатарына қосылған. Ал биыл сексен тыңдаушы тілді білу деңгейін жоғарылатуда. Тілді меңгергендердің қатары көбейіп, тыңдаушылардың саны азайғанымен бұл мақсатқа бөлінетін қаржы жылдан жылға артып келеді. Нақтырақ айтсақ, басшылық шешімімен жыл сайын тілді оқыту құрал-жабдықтарын сатып алуға жыл сайын 500 мың теңгеден астам қаражат қарастырылған.

«Қазақтелеком» акционерлік қоғамы мемлекеттік тілді іс қағаздарына енгізу жөніндегі 2008-2010 жж. арналған бағдарламаны орындау мақсатында құрылымдық бөлімшелер мен бірлік басшылары, қатардағы қызметкерлер кашықтықтан электронды тестілеуден өткен. Аталған тест барысында мекеме қызметкерлерінің мемлекеттік тілді білу деңгейінің орташа көрсеткіші 92 пайызға жеткен. Мекеменің тағы бір жетістігі – 2005 жылдың 1-қаңтарынан бастап барлық құжатты екі тілде жүргізуге толық көшкен. Осылайша «Қазақтелеком» акционерлік қоғамы басқа мекемелерге үлгі болып отыр.

ТӨРТКҮЛ ДҮНИЕ

ҚОЛДАУДЫ ӨТІНДІ

АҚШ президенті Барак Обама Египет билігінде пайда болуы мүмкін бей-берекетсіздікке орын алдырмау үшін «демократияға ұйымдасқан түрде өтуге» шақырды. Ақ үйдің басшысы соған орай Сауд Арабиясының королине, Түркияның, Израильдің және Ұлыбританияның премьер-министрлеріне АҚШ әкімшілігінің үндеуін қолдауды өтінді.

Ақ үй мәлімдемесінде «АҚШ президенті Египеттегі зорлық-зомбылыққа қарсы тұрып, адам құқығын қорғау, Египет азаматтарының мүдделеріне жауап беретін үкімет құру жайын ұйымдасқан түрде қолдау қажеттігін мәлімдеді» делінген.

Египет президенті Хосни Мубарактің ұлтқа арнаған үндеуі жайында сөз қозғаған Обама ел көшбасшысының өз уәделерін орындап, қажетті экономикалық, саяси және әлеуметтік реформаларды бастау қажеттігін атап өтті. Сонымен бірге АҚШ президенті Египет үкіметімен де, оның тұрғындарымен де ынтымақтасуды жалғастыра беруге дайындығын мәлімдеді.

ЖАПОНДАР РЕНІШ БІЛДІРДІ

Ресей мен Жапонияның арасында Оңтүстік Курил аралдарына қатысты кезекті жанжал өрістеуде. Бұл аумақты Токионың өз жері деп есептейтіні белгілі.

Жанжал Ресейдің Өнірлер министрі Виктор Басаргин мен Сахалин облысының губернаторы Александр Хорошавиннің Оңтүстік Курильге сапар шегуді жоспарлауына байланысты туындады. Бұл сапар жапон жағының реніштің туғызып, олар қазірдің өзінде Мәскеуге деген наразылықтарын білдірді.

Басаргиннің Курильге сапары Ресей президентінің өңірді әлеуметтік-экономикалық дамыту жөніндегі тапсырмасын орындауға байланысты ұйымдастырылып отыр.

Ресей президенті Дмитрий Медведев 2010 жылдың қарашасында да Кунашир аралына барып, жапондарды осылайша реніштің қойған болатын. Соған орай Медведев: «Бұл аралдардың барлығы Ресей Федерациясының аумағы. Бұл біздің жер, біз онда адамдардың қалыпты тұрмыс кешуі үшін жағдай туғызуға міндеттіміз» – деген болатын.

ҚАУІПСІЗДІК ҚЫМБАТҚА ТҮСЕДІ

Сочиде 2014 жылы өтетін Олимпиада мен Паралимпиадалық ойындардың қауіпсіздігін камтамасыз ету үшін Ресейдің федералдық бюджетінен 57,8 млрд. рубль (шамамен 2 млрд. доллар) жұмсалатын болады. Бұл деректер «Ведомости» газетінің 31 қаңтардағы санында келтірілген.

Басылымның дерек көзінің айтуынша, тиісті қаражат қазірдің өзінде бөлініп, өткен 2010 жылдан бастап жұмсалына бастаған. Техникалық құралдар сатып алынып, арнайы бөлмелер дайындалуда. Олимпиадалық нысандарды салу кезінде материалдардың құрамында жарылғыш заттың болмауы қадағалануда.

Олимпиаданы қорғау жоспары Ресей президенті Дмитрий Медведевтің Жарлығымен жасалынды. Ол жақын күндері Давоста өткен экономикалық форумда Ресейде өтетін халықаралық спорт шараларының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге үәде берген болатын. Бұл жоспардың анық-қанығы күпия сақталынып отыр.

Инновация, инфрақұрылымдар және инвестициялар институтының директоры Марина Удачина Ванкуверде өткен Олимпиаданың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге 900 млн., ал Афины Олимпиадасына бұл мақсатқа шамамен 1,5 млрд. доллар жұмсалынғанын айтып отыр.

ИНДИЯ СЫНАҚ ЖАСАМАҚШЫ

Индияның қорғаныстық зерттеулер ұйымы 2011 жылы әр типтегі ракеталарды он рет сынақтан өткізбекші. Нақтырақ айтатын болсақ, баллистикалық және дыбыстан жылдам ұшатын қанатты ракеталар, «ауа-ауа» класындағы және сүңгуір қайықтардың баллистикалық ракеталары және ракетаға қарсы зымырандар сынақтан өткізілетін болады.

Аталған ұйым басшыларының айтуынша нетізгі нағар қарсылас нысандарын 5 мың.ға дейінгі қашықтықта зақымдайтын ракетаға аударылмақшы. Бұл ракета контейнерден жіберуге болатын алғашқы үнді ракетасы. Үнді әскерилерінің айтуынша, аталған ракета Қытай аумағындағы нысандарды зақымдай алады.

ӨЗБЕКСТАН АЗАМАТЫН АТЫП ТАСТАДЫ

Түркімен шекарашылары шекарадан заңсыз өтпекші болған Өзбекстан азаматын атып тастады. Тағы бірнеше шекара бұзушы қолға түскен.

Екі ел арасындағы мәжеден заңсыз өтуге барлығы 12 адам қатысыпты. Олардың бесеуі қолға түсіп, біреуі атып тасталды, қалғандары аман құтылып кеткен. Бұлар негізінен көтерме сауда жасаумен айналысатын кәсіпкерлер болып шықты.

Шекарашылардың қандай жағдайда қару қолданғаны белгісіз.

Түркімен шекарашылары Өзбекстанмен арадағы шекараны бұзушыларға жиі қару қолданады. Құқыққорғаушылардың айтуынша, 1993 жылдан 2009 жылға дейін түркімен шекарасында Өзбекстанның 60-тан астам тұрғыны атып тасталынған.

● *Әкімдер есебі*

Табысты жыл болды

Текелі қаласындағы Мәдениет сарайында облыстық мәслихат хатшысы Ардақ Сыдықтың қатысуымен қала әкімі Серікжан Бескемпіров халық алдында есеп берді. Мәжіліске қалалық деңгейдегі мекеме басшылары мен тұрғындар қатысты.

Жетісу
Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Отырысты мәслихат сессиясының төрағасы Константин Нестеров ашып, жүргізіп отырды. Әкім есебінде өткен жылы атқарылған істер қорытындыланып, алдағы жұмыс жоспары талқыланды. Сондай-ақ, қаланың бүгінгі тыныс-тіршілігі мен өңір экономикасының даму жағдайы да айтылды. Онда өнеркәсіп пен кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы, тұрғын үй құрылысы, халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен камтамасыз ету мәселелері, білім беру мен мәдениет, спорт, денсаулық сақтау салалары егжей-тегжейлі баяндалды.

Қазіргі кезде Текелідe 28 мыңнан астам адам тұрады. Өнеркәсіп саласының еркендеуі тұрғындар әлеуетінің жақсаруына зор ықпал етуде. «Суффле Қазақстан ашытқы зауыты», «Шарықтас», «Монтон Минерал», «Гипсо-Газ-Синтез», «Мрамор Тас», «Қазақстан Тексти Лайн», «Текелі Гранит» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінің жұмысы жандануда. Былтыр өнеркәсіп өнімдерінің көлемі 8 млрд. теңгеге артып, алдыңғы жылмен салыстырғанда 29,5 пайызға көбейген. Өңір экономикасының дамуына ауылшаруашылық саласының да қосып отырған үлесі комакты. Қала жұртшылығының сапалы азық-түлікпен, оның ішінде отандық тауармен камтамасыз ету 80 пайызға өскен. Мал басы да көбейде. Ірі қараны асылдандыру үшін екі орталық пункт, мал соятын кәсіпхана ашылған.

Шағын және орта бизнесті дамыту ісі жақсы жолға қойылған. Еңбек етіп, кәсіппен шұғылданам деушілерге барлық жағдай қарастырылған. Қала халқының әлеуметтік жағдайы басты назарда. Осы орайда жергілікті тұрғындардың тұрмысын жақсарту мақсатында тұрғын үй -коммуналдық шаруашылығына өткен жылы 370 млн. теңгеден астам қаржы бөлінішті. Салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында «Алатау», «Дружба» шағын аудандарында екі спорт алаңы бой көтерген.

Елбасы Жолдауының бастау алған «Жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы аясында бюджеттен 315 млн. теңге қаржы бөлініп, 349 жұмыс орны құрылып, 4 инвестициялық жоба іске асырылған. Карттар үйіне, қалалық ауруханаға, жолдарға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, арық жүйелері салынған.

Елімізді болашағы бүгінгі жастардың қолында десек, мемлекет тарапынан жыл сайын білім беру саласына да ауыз толтырып айтарлықтай қаржы бөлінуде. Осы орайда аталған салада 700 млн. теңгеге жуық ақша игерілген. Яғни, бұл көрсеткіш 2009 жылмен салыстырғанда 1,5 жарым есеге өсіп, нәтижесінде білім сапасы артқан. Ауыл тағы Текелі қаласының бауырында орналасқан лагерьлерде 1000-нан астам оқушы тынығып, демалуларын түзеп қайтқан. Сонымен бірге «Балапан» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында үш балабақша ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді, 180 орынды мектепке дейінгі мекеме пайдалануға берілген. Қосымша үш шағын орталық ашылып, 45 бүлдіршін мектепке дейінгі тәрбиемен камтылған. Биыл 140 орынды № 4 балабақшаға күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге қажетті қужаттар дайындалып, 320 орынды балабақшаның құрылысы жобалануда.

Басты – байлық денсаулық. Облыстық бюджеттен денсаулық саласына 400 млн. теңгеге жуық қаржы бөлінген. Демографиялық ахуал жақсарып, бір жылдың ішінде 466 пәрзент дүниеге келіп, қалалықтардың қатарына қосылған.

Мәжілісте қала әкімі Серікжан Ислямұлы қала тұрғындары тарапынан қойылған сауалдарға да жауап қайтарды. Жиын соңында сөз алған «Абзал ана» әжелер ансамблінің төрайымы Мәкен Шалқыбекова, қалалық балалар туризмі орталығының жетекшісі Лариса Саржевская, «Алақай» Текелі кондитер фабрикасының директоры Бауыржан Тұтылбаев, қалалық аурухананың дәрігері Евгений Кан әкім есебіне оң баға бере отырып, қала болашағының жарқын болатындығына сенімді екендіктерін білдірді.

ТЕКЕЛІ ҚАЛАСЫ.

● *Әкімдер есебі*

ӨРЛЕУ ҮРДІСІ айқын сезілді

Еңбекшіқазақ ауданының әкімі Әлихан Тойбаев Есік қаласы және барлық селолық округтер халқымен болған кездесулерден кейін есеп беру қорытынды жиынын аудан орталығында өткізді.

Жетісу
Баянды ЗӘКІРОВ

Аудан әкімі Әлихан Тойбаевтың «Еңбекшіқазақ ауданының 2010 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары және одан әрі өркендеу бағыттары туралы» атты есепті баяндамасында айтылғандай, өткен жыл аудан халқы үшін есте қаларлықтай өрлеу жылы болды. Табысы мол, тұрлары жылдың айтып жеткізгісіз жетістіктері орасан. Есепті кезеңдегі салық жинау бойжамы артығымен орындалған. Аудан бюджетіне жыл ішінде 15 млрд. 161 млн. теңге түссе, оп 2009 жылмен салыстырғанда 7 млрд. 305 млн. теңгеге артық. Оның ішінде жергілікті бюджет 3 млрд. 600 млн. теңгеге жетіп, болжам 119,1 пайызды құраған.

Өңір жаңа индустриялды технологияларды қолдану арқылы өнеркәсіп пен инфрақұрылымдарды, құрылыс және өнім өңдеу саласын дамытып, елімізді азық-түлікпен қамтамасыз ету мақсатында ауыл шаруашылығы өндірісін кеңінен өркендетуге, халықтың өл-ауқатын, әлеуметтік жағдайын барынша жақсартуға жұмылған. Аймақта 230 кәсіпорын мен 13 мыңға жуық шаруа қожалықтары бар. Даму үрдісіне көз жүгіртер болсақ, өнім көлемі 32 млрд. 545 млн.теңгеге жетіп, 763 млн.теңгеге артқан. Тамшылатып суару кеңінен үрдіс алып келеді. Өткен жылы 624 гектарға қолданылған мұндай әдіс биыл 3 есеге артпақ. Қазіргі таңда жалпы көлемі 72 гектарды алып жатқан 125 жылыжай бар. Олардың 104-і өнім бере бастады. Өткен жылы осы жылыжайлар арқылы халық тұтынуына 3,3 мың тонна көкеніс ұсынылған.

Өнеркәсіпте де өндіріс 14 млрд. 570 млн.теңгеге жетіп, нақты көлем индексі 117 пайызды құрап отыр. 4 өнеркәсіп кәсіпорны іске қосылып, 140 жаңа жұмыс орны ашылған. Мұның ішінде «Индустриялдыру картасы» аясында жалпы құны 1 млрд. 192 млн. теңге болатын 2 жоба іске қосылып отыр. Шағын кәсіпкерлік субъектілері 26 млрд. 300 млн. теңгенің өнімін өндірген. Бөлшек сауда айналымы тұрақталып, 10 млрд.190 млн. теңгені құрады. Инвестиция тарту 44 млрд. 192 млн.теңгеге жетіп, игерілу үстінде. Аудан аумағында халықаралық маңызы бар инвестициялық жобалардың да жүзеге асуы қарқын алған. Олар Жетіген – Қорғас теміржол желісімен қатар Алматы – Қорғас алты қатарлы автожол құрылысы.

«Балапан» бағдарламасы шеңберінде 6 балабақша пайдалануға берілп, 16 шағын тәрбие орталығы ашылған. Бұл қосымша 1470 балғын-бөбектің тәрбие мекемесіне баруына мүмкіндік ашып отыр.

Есік қаласындағы көзі нашар көретін балаларға арналған 250 орындық облыстық мектеп-интернат құрылысы аяқталу алдында. Бес елді мекендегі медпункт дәрігерлік емхана болып қайта жарақталып, 25 штат бірлігі енгізілді. Шелек ауылындағы орталық ауруханаға күрделі жөндеу жүргізілп, Есік қаласындағы 250 төсек-орынға арналған аурухана мен күніне 500 адам қабылдайтын емхана пайдалануға берілді.

«Ауыз су» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында 10 ауылдық су құбыры күрделі жөндеуден өтіп, 9 ауылды қамтитын Түрген бас топтық су торабының құрылысы аяқталды. 8 ауылға су беретін Есік топтық су торабының құрылысы жалғасуда. «Жол картасы» бағдарламасын іске асыру үшін берілген 1 млрд. 185 теңге қажетті істерге жұмсалып, 17 инвестициялық жобаны жүзеге асыруға бағытталды. Жол жөндеуге бөлінген 527,9 млн. теңге елді мекен көшелерін жаңартуға жұмсалды. 3196 жұмыс орнының ашылуына мүмкіндік туғызды.

Аудан басшысының жыл ішінде атқарған жұмысын талқылаған Бөлек селолық округінің әкімі Бауыржан Бименов, М. Мақатаев атындағы мектеп директоры Галиналулудова, аудандық мәслихат депутаты, кәсіпкер Жарқын Жүнісбаев, аудандық телекоммуникация кәсіпорнының директоры Жұман Мықыбаев, Шелек орталық ауруханасының бас дәрігері Жақын Желеуов, аудан жастары кеңесінің төрағасы Ержан Есіркеп ұқымдарындағы есепі жылда атқарылған жақсы жұмыстарды атап өтіп, аудан халқының тұрмысының жақсара түсуі үшін берілге басшылық жасап, білімі мен күш-жігерін жұмсап келе жатқан аудан әкімінің жұмысына оң баға берді.

Тобықтай түйінге тоқтатылған сөйлеушілер біртұтастықты тілдеріне тиек етті. Ұсыныстарын да жасырмай ірі елді мекендерге, әсіресе, ауылдарды басып өтетін күре жол бойына бағдаршам қажеттігін, Шелек аймағының малшы қауымы үшін Теректі асуы арқылы Асы жайлауына баратын төте жол салуды сұрады. Бұл ұсыныс іске асса жайлауға шығатын автожол 100 шақырымға қысқармақ.

Жиынға қатысып, сөз сөйлеген облыс әкімінің орынбасары Серік Мұқанов аудан жұртшылығының Елбасына, облыс және аудан әкімдеріне деген шынайы ықыласы, жүргізіп жылдық ұлатқанын жасырмай, аудан тұрғындарына ризалығын білдірді.

Жиын аудан әкімі Әлихан Тойбаевтың жыл ішінде атқарған жұмысы қанағаттанарлық деп бағалады. Ұсыныс-пікірлер, өтініштер ескеріле отырып тиісті қаулы қабылданды.

ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ АУДАНЫ.

БЕРЕКЕЛІ ЕЛДЕ БАҚ ТҰРАДЫ

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасына орай 2005 жылдан бері барлық деңгейдегі әкімдер халық алдында есеп беріп келеді. Дәстүрге айналып кеткен бұл жиында тұрғындар өздерін көптен бері толғандырып жүрген ойларын ортаға салып, билік тарапынан нақты тиісті жауаптарын алады.

Биылғы жиын Ақжар ауылынан бастау алды. Құрамында бірнеше мекеме-ұйымдардың басшылары бар топқа ақжарлықтардың айтар ұсыныстары жылдағыдан аз болды. Аудан әкімі Ерғазы Қошанбековтың баяндамасынан соң жарыссөзге шыққан зейнеткер Дәрия Үркінбаева ауылдағы істелуге жұмыстарға оң баға беріп, есепті кезеңдегі атқарылған істерге қанағаттанғысы келетінін жеткізді. Келесі кезекте сөз алған ауыл тұрғыны Гүлзат Тоқтарбаева мектепке ағылшын тілі пәнінің мұғалімі қажеттігін айтса, зейнеткер Нұржамал Қасабекова «Қазақстан» ұлттық телеарнасы қосылса деген өз тілегін жеткізді. Ж. Барбаев атындағы орта мектептің мұғалімі Сайлаухан Қойбағарова қоян жылы бізге көптеген жақсылықтар сыйласын деп өз ойын түйіндеді.

Ақжар селолық округіне қарасты Аралтөбе ауылында өткен жиында Алтыншаш Тоқбергенова алдағы жылдары ауылға Мәдениет үйі салынса десе, еңбек ардагері Совет Байсұлтанов Ұлы Отан соғысында тылда жұмыс жасағаны үшін төленетін жәрдемақының жолдарын сұрады. Бұл сауалға тиісті мекеме басшылары жауап берді.

Қасиетті мекен саналатын Желтораңғы ауылына түс ауа жетті. Дүмекеннің атажұрты саналатын желтораңғылық ағайындардың айтар өңгімелері мыңдай бағытта өрбіді. Осындағы ардагерлер кеңесінің төрағасы Өскербек Құлбаев мешіт үйінің төбесіне жаңдеу жұмыстары жүргізілсе. Белтірік көшесіне асфальт пен түнгі жарық, орнатылса және құдықтар қайта жанделсе деген бірнеше ұсынысын айтты. Сонымен қатар, осындағы ФАП-қа «Жедел жәрдем» автокөлігі берілсе деген өтінішін айтты. Д. Қонаев атындағы орта мектептің директоры Әлия Ауғанбаева "Димаш атамыздың 100 жылдығы келе жатқанын айта келе мектепке қажетті жиһаздар алуға көмектессеңіздер", – деді. Ұсыныстілектерді денсаулығы бірден шешімін тауып жатты.

Бұдан әрі аудан әкімі бастаған топ Топар ауылына қарай бет түзеді. Бармысқе белгілі, Топар ауылының жан-жағы өзен – көлшектерге толы. Осы мәселе бұл ауылда көтерілмей қалған жоқ. Су алу қаупін сейілту үшін бүгіннен бастап бөгеттер салынса, бөгеттер салынған кезде жеке шаруа қожалықтарына баратын көпірлер бұзылып тасталмаса деген өтініштер айтылды. Сонымен қатар, ауыз су мәселесі де орынды көтерілді. Осындағы пошта үйі ғимаратпен қамтылса, көшеге асфальт төселсе, орта мектепке қажетті жаңғажағармайдың көлемі артса, ұялы телефон байланысы қосылса деген мәселелер өңгіме өзегіне айналды. Пошта үйі туралы мәселені аудан әкімі Е.Қошанбеков сол жерде-ақ шешіп берді. Ал жаңар-жағармайдың көлемі мектептің құжаты жөнделгеннен соң көбейетін анық болды.

Келесі күнгі жиын шапғайдағы Құйған ауылынан бастау алды. Мұндағы көтерілген мәселелер де тиісті шешімін тауып, алдағы жылдары іске асатын болды. Ауылға автобус жүрсе деген өтінішке аудан әкімі тиісті жауабын беріп, ауыл тұрғындарының көңілін көтеріп тастады.

Жидел ауылында болған жиын да жақсы өрнек тапты. Осындағы мектептің директоры Әбдімәнап Абдрахманов ауылға келетін жас мамандарға арналып тұрған үй сонысқа, мектепке шағын автобус берілсе деген тілегін жеткізсе, ауыл тұрғыны Мейкен Өмеров медпункт үйінің күрделі жөнделуден өтуіне көмектесулерін өтінді. Сонымен қатар, жиделіктер тарапынан отын мәселесі орынды көтерілді. Интернет жүйесі үйлерге тартылса деген ұсынысты аудан әкімі де қолдап, осындай маңызды сауалдар жолдап отырған ауыл тұрғындарына өз ризашылығын жеткізді. Отын мәселесін де қолма-қол шешіп берді. Мектепке қажетті шағын автобус та алдағы күндері алынатын болды. Осында алдағы жылдары аурухана ғимаратының салынатынын естіген ауыл тұрғындары бір қуанып қалды.

Балатопар ауылында өткен жиын мамырожай қаласында өтті. Ауыл тұрғындары Сайлау Салқынов, Байболат Момынқұлов және Қанымгүл Достемесова аудан әкімінің жыл ішінде атқарған қызметіне жоғары баға берді. Ал зейнеткер Айнакал Өмірханова тағы да автобус жайын өңгіме өзегіне айналдырды. Ауылға дәрхана қажеттігі де айтылмай қалған жоқ. Осында көтерілген сауалдарды аудан әкімі ескіей келе, «жедел жәрдем» автокөлігі берілетін және тойхана салынатынын айтып ауылдастарын бір қуантып тастады.

Өр ауылдағы жиында аудан әкімі таранынан асыл тұқымды мал өсіру – бүгінгі күннің басты талабы деген өңгіме жиі айтылды. Сонымен бірге, Қапшағай су қоймасындағы су мөлшерінің көп болуынан іле әсенне жіберілетін су көлемі биыл да артатынын айтудан жалықпады. Қаратайым халық осы жағдайдан хабардар болу үшін мал шаруашылығын дамыту мақсатында микрокредит беретін мекеме мен су арналарын тазалайтын мекемелердің басшыларына кезекпен сөз беріп отырды.

Ата-бабамыз «Берекелі елде бақ тұрады» деп бекер айтпаса керек. Қай ауылға барсақ та осы бір көкөйдек жүрген тұрқырым бізге жігер бергендей болды.

Күмісбек ЕРБАЙ.

БАЛҚАШ АУДАНЫ.

● *Тағылым*

Ауыл азаматын ардақтады

Қарасай ауданының орталығы Қаскелең қаласының бір көшесі өнегелі ізі бар, өрнекті өмірі өзгелерге үлгі, Қарасай батыр өнірінің тұмасы, үлкен жүректі азамат Аубай Байғазыұлының есімімен аталды.

Аубай Байғазыұлының мұндай құрметке бөленуі жайлы облыстық «Жетісу» газеті бұрында да жазған болатын. Оның Тура бидей тұрлығы арқасында кеңес өкіметінің тұсынан-ақ басталған ұлтымыздың шығу тегінің дамып, өсу жолдарындағы шежірелі жазбалары кімкімді болса да таңғалдырған еді. Кезінде аудандық, облыстық, республикалық деңгейдегі жауапты қызметтерді атқара жүріп, ата-бабалық шежірені тарата білу көне тарихымыздың тағдыры екенін басты меже санады. Сөйтіп ол «Ауыл шежіресі», «Демалыс», «Бәйтек батыр» атты кітаптарын басып шығарды. «Бәйдібек баба – алып бәйтерек», «Шапырашты» шежірелік кітаптардың жинақтаушысы әрі құрастырушысы болды. Осы және өзге де кейінгі ұрпаққа қажетті тарихи шежірелерді қалыптастырудағы еңбегіне және өнегелі өмірі мен қызметі жайлы баяндап өткен аудан әкімі Л.Тұрашов құрметті азаматтық есімі берілген көше бойындағы кездесуде көпшілікке оның жанкиярлық еңбегі жайлы жан-жақты әңгімелей тұрып, бұрынғы Победа көшесінің Аубай Байғазиев атындағы көше болып аталғандығы жайлы жария етті. Аудан мәслихатының осы жөніндегі арнайы қабылдаған шешімінен жиналған жұртты таныстырып өтті. Дәл сол күні Қаскелең қаласындағы Белинский мектебінде шежіреші, қаламгер әрі кайраткер Аубай Байғазыұлының есімін есте қалдыруға арналған еркін күрестен облыстық деңгейдегі жарыс өткізілді. Бұл ардагерге арналған турнирдің үшінші мәрте өткізілуі болатын. Туған елінде жанкиярлықпен еңбек еткен азаматқа көрсетілген құрмет осы ғана емес еді. Аубай қарияның есімімен аталған арнайы сынып, оның өзі оқыған Абай мектебінде ашылған.

Сөйтіп арманы көп азаматтың ауылдастары оған осылай құрмет көрсетіп, есімін осылай ардақтады.

●Замандас келбеті



ЖІГІТ СЫНЫ

Уалихан ҚАЛИЖАН,
Мәжіліс депутаты,
Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері.

«Сайлау десе жүрегім дір ете түседі». – дедім бірде замандас інім Оразбай Бекеновке. Өйткені мен бірнеше рет Парламент Мәжілісінің депутаттығына кандидат болып сайлауға түскенде Оразбай үнемі қасымда болды. Жылы сөзі мен әзілмәсі еңсемді көтеріп жіберед

– Уәде, сайлау деген немене? Ол халықтың таңдауы. Ал халық кімді таңдайды? Әрине, халық сөзін айтып, жақын жүрген адамды сайлайды. Сондықтан да, қаншама жыл «Жас Алаш», «Егемен Қазақстан» газеттерін басқардыңыз, вице-министр, Жоғарғы Кеңестің депутаты болдыңыз, докторсың, жазушы-журналистсіз. Халық Сізге дауыс бермегенде кімге береді? – деп намысымды қайрап, алаңдаған көңілімде сенім ұялататын.

– Сенің айтуға ғана жеңіл. Сайлауда кейде адамның білімі мен беделі емес, қалтасы шешіп кетуі мүмкін. Мені құдалаған ініш министр болып отыр ғой. «Мен тірі тұрғанда ол депутат болмайды», – дейтін көрінеді.

Осылай көңіл алаңдап, үйкым қашып жүргенде, жақсы адамның қасында болғаны қандай жақсы. Сондай сәттің бірінде Оразбай Бекенов ініммен де талай құжайды көргенін, бірақ халық сенімін алып шыққанын білдім.

...1978 жылы ол Алматы облысы Шелек ауданының «Сәгетті» совхозында партия ұйымының хатшысы болып жұмыс істей жүреді. Абыройлы еңбегімен елге танылып, іскерлік, ұйымдастырғышқабілетімен көзге түседі. Аз 1982 жылы Кеңестер Одағының «Құрмет белгісі» орденімен марапатталады. 31 жасында орден алу құрмет те, бедел де алып келген. Бүкіл Шелек өңірі ғу ете түскен. «Бекенов енді шаруашылық басшысы болады екен», – деп танығаны да, танымағаны да жақсы болған. Партком жұмысы қызмет емес, әрине, директордың аты директор. Оның қолында шақты билік бар. Бірақ жұртшы жел соғы ұшады да кетеді. 1986 жылы Шелек аудандық партия комитеті бюросының шешімімен Оразбай Бекенов Алматы Жоғары партия мектебіне оқуға жіберілді.

Бұл күнде Парламент Мәжілісінің депутаты, кешегі Астана қаласы экономин бірінші орынбасары Самсыбай Есілов.

– Бекенов ініммен Жоғары партия мектебінде бірге оқыдым, бір бөлмеде жаттым. Ол оқудан бұрын бала сүюден алдына жан салмады. Партком кезінде ештеңге қолы тимеген болуы керек. Әйтеуір Үлкен (ініші) (Оразбайдың бойы 2 метр болса болар – ҮҚ) қашықұлға барып келген сайын Аппақ келінші сәбиі болды, – деуші еді бәрі.

– Иә, Үлкен Оразбай ағамыз өмірден өтіп, мәрхұм Ерік Мағтұмұлы Асанбаевтың жетекшілігімен диплом дық жұмыс қорғайды. Ерекше ол кезде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бөлім меңгерушісі еді.

Қолбан келген аласапыран шақ. Мырошниктің орнына Марат Мендібаев деген «құтсыз қайраткер» келіп отырды. Қазақтың талай ұлтжанды азаматтарының басының бағы, астының тағы тайды. Солардың бірі Ерік Асанбайұлы еді. Бірақ О. Бекенов сынған мұздармай өтті. Мемлекеттік емтиханға КПСС Орталық Комитеті бөлім меңгерушісінің орынбасары Чемоданов деген қатысып, «философия өзегі неде?», – деп сұрақ қойды. Сонда Оразбек:

– «Философия дәнегі қозғалыс пен өмір», – деп жауап беріпті. Сұрақ қоюшы ойланып қалыпты. Сонда Оразбай: «Бұл сұраққа енді өзің жауап берші», – деп қарсы сұрақ қойыпты.

– Негізі дұрыс қой, – деп ол әзілмен әрі қарай созбай, «5» қоюға қарсы болмапты.

Осылай О. Бекенов Жоғары партия мектебін бітіріп, экономист, әрі саясаткер болып шықты. Ендеше тосын тұр? Оны білмейді. Әрине, осыдан 4-5 жыл бұрын осындай диплом алып шыққа, кемінде райисполкомның төрағасы болып кетер еді. Енді Қазбиінің қадірлік сыйлығы дос бермейді.

Жол қайтадан Шелекке алып келді. Бұл кезде аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Төребек Әлжасұлы Қосанов еді.

Бірінші хатшы Жоғары партия мектебін бітіріп келген азаматты жылы шыраймен қарсы алған-ды. Бірақ әлгіме ауаны күрт өзгереді. «Лениншіл жас» жарнамаған Есентағы Раушановтың «Қара бауыр қасқалдақ» өлеңін қалай шебер пайдаланды.

Омар Қалдыбаев пен Оразбай Бекенов кандидатуралары жабық дауысқа жіберілді. О. Бекенов жұмайы дауыс алып, партком хатшысы болып сайланған.

Бір жылға жетер-жетпесте аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Төребек Қосанов «Ащысай» совхозына директорлық қызметке ұсынатынын, бірақ тағы да баламалы түрде сайлауға болатынын, тәжірибе жинақтағанына орай сенетінін айтады.

Тағы да сайлау. Бұл жолы бәрі керісінше өтті. Бұл совхозда Жұмакен Сокыров көп жылдан бері директор болып қызмет істеген. Сайлау Нұрбеков те, Оразбай Бекенов те осы ауданның тумалары болса да; басқа ауылдың азаматтары. Бұл сайлау тұсында көп мән атқарады.

Кандидаттардың өмірбаяны таныстырылды. Бірақ Қадырбай ақсақалдың бір ауыз сөзі мәселені шешкен. Ол ауыл ақсақалдары ақылдаса келіп Жұмакен Сокыровты қолдауды жөн көргендерін айтып, Оразбайға бата беріп, үшінші кандидатты танымайтындарын айтып бәтуаласқандарын жеткізеді.

Жеңілсе де бата алып шыққан Оразбайдың жолы болды. 11 адам балама жарыска түсіп, О. Бекенов Кенес Одағының батыры Т. Қабылов атындағы совхоздың директоры болып сайланады.

Осы шаруашылықты 1990-1995 жылдары аралығында басқарған О. Бекенов артына жақсы із қалдырды. Күн бүгінге дейін қара шаңырағын бұзған жоқ. Ауылына барып, елдің жас-кәрісімен кеңесіп, амандасып қайтып тұрады.

Қабылов атындағы ауылға ірі мемлекет және қоғам қайраткерлері Асанбай Аскаров та, кешегі КПСС Орталық комитеті саяси бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы Димаш Ахметұлы Қонаев та келіпті. Оразбай шыңнің шаңырағынан дәм татқан. Басшылар қалай ойлайды деп жалтақтаған жоқ. Ұлы адамдардың батасын алды.

– Сол бір алғашқы сайлауға түсіп жүргенде Оразбай Бекенов інім айтқан осы әзілмәлер мені де көп ойландырған. «Отыздың Ұлығаташының неге сайлауға түспедің» деген әзілмені мен де естігенмін. Бірақ ел әуелі үйкендерге сәлем беріп, бата алып 14 адаммен балама түрде сайлауға түсіп, жеңіп шығумында сол ауыл ақсақалдарының еңбегі зор. Ол кезде бір ауыл бір ақсақалдың ауызына қарайтын. Қазір сол қасиеттердің жұрнағы ғана қалғандай. Қазір ақсақал емес, ақша қалпы...

Оразбай бүгін де абыройлы қызметтің түзінің үстап жүр. Алматы облысы ауыл шаруашылығы комитеті басшысының экономика мәселелері бойынша орынбасары, Алматы облысы КазАгрополис сақтандыру корының директоры. Қаншағай қаласы әкімінің орынбасары, Алматы облысы экологиялық комитетінің бас инспекторы қызметтерін абыроймен атқарды. Қазір Алматы облысы КазАгромаркетинг филиалының директоры.

Өмірі өнегелі, отбасы шырайлы Оразбай Бекеновпен көп жылдан бері ағалы-інілі достық. Үйленген балаларының да, тұрмыска шыққан қызының да той-дастарқанын аштым. Қыспайтын көңілі бар. Орекенің ашық мінезі кімді болса да бауырға алады.

Бір күні телефон шылдыр ете түсті. Келінміз Аппақ екен. Білгенім Оразбайға аяқ астынан операция жасалты. Бір бүйрегін алыпты.

Жедел үкімет ауруханасына жеттім. Орекеннің көзі кіртиіп, сақал-мұрты өсіп, үрпиіп кетіпті. Жалмажан дүкенге барып ұстара мен көпірме сабын әкелін, сақал-мұртын қырып, жиптіктей жігіт жасағандаймын. Аппақ келін тапжылмай екінші күн қасындағы орындықта отырып ұйықтапты.

– Аппақ кетіп қалса жаным бірге шығып кететіндей, – дейді Оразбай інім әлденің алған соң.

Жарасымды наз еді.

Інім ауруханадан шығып, бірер айдың жүзі өткенде Сарыағашқа алып барып, бір желпіптің алғам-ды. Осылай тумаса да туғандай болған Оразбаймен ақыры құданың құдасы болып шықтым. Техника ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Бағалау институтының ректоры болған ағуды құдамыз Самарқан Сайболатовтың қызын менің ұлым, Орекеннің қызын Сәкеннің ұлы алып, екі жақ та немере сүйіп отырмыз.

Алтыс деген ақ беренің оғындай,
Қарын түсер таскөмірдің шоғындай.
Алтыс деген есіңді алар қызық жас,
Жігіттіктің тәусылмайтын шағындай, –

деп сергек те сезімтал Оразбай Бекеновке жігіт сынынан өткен ғұмырлы өмірінің баянды болуын тілейміз...

●Жанында жүр жақсы адам

Ел алғысына бөленген



Аудан орталығы Есік қаласының қақ төрінен жақадан перзентхана ашылыпты. Бұл ғимарат барлық жағынан жаңа заманға толабына сай екен. Орын тепкен жері де тым қолайлы, әрі алдын ала ойластырылыпты, деген қауыншты да жағымды сөздерді ел ауызынан естігенімізбен бұл жайдан тек сырттай ғана хабардар едік. Мың естігенмен де бір рет көзбен көргенге не жетсін демекші, енді міне, осынау перзентхана ғимаратына орнайы бас сұғудың да сәті түсті.

Аумағы ат шаптырым әрі аса мұнтаздай перзентхана айналасы көркті де көзтартарлық темір қоршаумен қоршалыпты. Үш қабатты еңселі де зәулім ғимарат сонадайдан менмұндалап тұр. Орналасқан орнының өзі неткен тамаша десеңізші! Үшуы аса аз. арлы-берлі сапырылысқан автокөлік көпірі мен жаяу жүргіншілер де мүлдем жоқтың қасы. Қысқасы, мұнда арнайы келушілерден өзге некен-саяқ жанды көре алмайсыз.

Кіре берік қақпадан рұқсат бойынша ішке ендік. Бас дәргердің бөлмесі бірінші қабатта болып шықты. Іште де тыста да тазалық пен тәртіптің иісі аңқып тұр. Жұмыс уақтысына тап келгеніміз себепті бас дәргер өз орнында болмай шықты. Сәл күте тұруымызға тура келді. Әйтсе де. аса көп кешіктей ол кісі де қызмет орнына кепіп кірді. Аққұбаша келген бидай өңді, дөңгелек жүзді, бет әлпетінен жылылық нышаны сезілп тұрған орта бойлы адам екен.

Еш кідіртпестен бізді бірден қызмет бөлмесіне бастап кіргізді. Аз-кем танысқаннан кейін әрі арнайы келген шаруамыздың мән-жайынан хабардар болған соң шешіле сөйлеп кетті.

Ана мен бала үшін 2007 жылдың 13 желтоқсанында ашылған перзентхана 100 төсектік. Заман талабына сай жаңа технологиямен барлық түрмен жабдықталған. Мұнда жоғары білімді 33 дәрігер, 100-ден астам мейірбике уақытпен санаспай еңбек етуде. Олардың бірнеңе аты-жөнін атар болсақ, онда бас дәргердің емдеу іс жөніндегі орынбасары А. Смамазгумова. дәргерлер – Ф. Исмаилова. С. Огнев. Б. Шолпанқұлова, акушерлер – Б. Төлепова. А. Байшетова және де басқа біліктілерге тәжірибелі мамандар бар.

Перзентхана республикалық және облыстық бюджеттен қаржыландырылады. Демек, қажетті қаражат пен дәрі-дәрмектің мәселесі толық шешіліп қойылған.

Өткен жылы Елбасы облыста болғанында Еңбекшіқазақ ауданына арнайы ат басын тіреп, бірнеше нысанды аралап, көзімен көрген еді. Сол жолы Президентіміз Есік қаласындағы перзентханаға да барып, тыныс-тіршілігімен танысқан-ды. Жаңа емдеу орны мен ондағы барлық сала қызметкерлерне дән ризашылық сезімін танытқан ол кісі мынандай ыстық ықыласты ізгі лебіз білдіріпті:

«Біз әйелдерді ең бірінші өз денсаулығына қатты көңіл бөліп, күтіну керектігіне үйретуміз керек. Әрбір ана болғысы, нәресте сүйгісі келген әйел өз денсаулығының саулығын қолға алуы тиіс. Болашақ ұрпағымыз таза, дені сау болу керек. Бұл – қазақстандықтардың санын толтыру және тууды көтеру керек деген сөз. Жаңа технология жабдықтарымен жабдықталған мынандай жақсы ғимаратта көсіптік жоғары санатты дәрігердің қызметімен әйел жолдастарға айтарым, денсаулықтары мықты болып, дені сау ұрпақ дүниеге әкеле беруіздер демекпін. Перзентхана ұжымдарына халқымызға сапалы қызмет көрсетіп, талмай еңбектеніңіздер және отбастарыңыз аман болсын. Сіздерге үлкен рахмет!»

Мәнеки, осынау тарихи оқиғадан кейін, яғни. Елбасы перзентханаға арнайы ат басын тіреген бері мұндағы ұжым қызметкерлері еңбектерін бұрынғыдан да еселей түскен. Демек, халыққа қызмет көрсетудегі жауапкершіліктерін айрықша арттырып отыр.

Перзентханада келіп-кетушілерге әрі емделушілерге арналған «Алғыс. шағым кітапшасы да» бар екен. Соның бір бетінен біз мынандай ыстық ықыласқа толы пікізді оқыдық. «Күздің суық та ызғарлы күнінің бірі еді. Қалам аса ауыр болатын. Осындай мүшкіл жағдайда перзентханаға келіп түстім. Түрлі ем мен қан-құю секілді дәрігерлік қарбалас жұмыстар басталып кетті. Оның басы-қасында бас дәрігер Гүлнар Мамырбаева өзі тікелей болып, қамқор қолын ұсынды. Осынау перзентханадағы аз күндік ем қабылдауымның соңы Алматы қаласындағы облыстық ауруханада жалғасты. Балама орай онда да аялы алақанды ақ халатты абзал жандарға тап болдым. Аңығырақ айтқанда дәрігер Мәмбетова Клара Рабатқызының тікелей басшылығымен операция жасалып, қайтадан қатарға қосылдым. Қазіргі күнде анадан жаңа туып, дүниеге қайтадан келгендей күйдемін. Қол ұшын беріп, өлім аузынан арашалап қалған барлық ақ халатты абзал жандарға, оның ішінде Есік қаласындағы перзентхананың бас дәрігері Мамырбаева Гүлнарға алғысым шексіз. Алда да абырой бигінен көріне берңіз»

Еміделуші – Шелек селосындағы Ыбырай Алтынсарин атындағы қазақ орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің ұстазы Кемила Мәмырқұлқызы.

Ел алғысына бөленген Гүлнар 1977 жылы Талғар ауданындағы № 34 орта мектебін тамамдап, 1979 жылы Талғар медицина колледжін өте жақсы бітірген. 1979-1981 жылдар аралығында Алматы облыстық клиникалық ауруханасында мейірбике болып жұмыс істеген. 1987 жылы Алматы мемлекеттік медицина институтын бітірп. 1987-1995 жылдары Алматы облысы клиникалық ауруханасында акушер гинеколог болып қызмет атқарған. 1999-2007 жылдарда Талғар ауданының бас акушер-гинекологі. Үшінші шақырылған сайлауда Талғар аудандық мәслихат депутаты болып сайланған. 1999 жылдан бері «Нұр Отан» партиясының мүшесі. 2007 жылғы қазан айынан қазіргі кезге дейін Есік қаласы перзентханасы мемлекеттік мекемесінің бас дәрігері.

Мамырбаева Гүлнар Сағымбайқызының ұзақ жылғы қызметінің нәтижесі де жоқ емес. «Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ісінің үздігі» атағына ие болған Талғар ауданы әкімі мен аудандық мәслихатының облыс әкімінің Алғыс хатын алған. Басты мақсатым. бар күш-жігерімді ел игілігі жолында еңбек етуге жұмсасам, – дейді Гүлнар Мамырбаева.

«Жалғыздың үні жаңғырық шаңы шықпас» демекші. жеке менің өз қолымнан не келеді, бәрі көппен бітетін іс қой. Сонымен бірге. Мәмбетова Клара Рабатқызы. Кілтбаева Ұлтай Дауылбекқызы. Еділбаева Несіпхан Дүшанғалиқызы. Нұрахметова Зағира Жылқыбайқызы сынды ұстаз-тәлімгерлерімнен үйренгенім көп. Демек, менің осындай дәрежеге қол жеткізуме осы көлдерді. ықпал. ықыласы мен ұстаздық ақыл-кеңестері ерекше.

Мине, осылайша ұстаздан үйренген күнделікті ісінде кедере жарқтып. ел алғысына бөленіп жүрген абырой иесіне біз де сәттілік тілейік.

Ескендір РАХЫМБАЙҰЛЫ,
Қазақстан Республикасының Құрметті журналисі.
ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ АУДАНЫ

●Кеден

Көлік құралдарын рәсімдеудегі

өзгерістер мен жаңалықтар

2011 жылғы 1 шілдеден бастап жеке тұлғалардың өздері пайдалану үшін әкелген көлік құралдарын кедендік декларациялау кезінде жеке тұлғалардың жеке пайдалануына арналған тауарларды Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізу және оларды шығаруға байланысты кедендік операцияларды жасау тәртібі туралы 2010 жылғы 18 маусымдағы келісімнің 5-қосымшасына сәйкес немесе жеке тұлғаның қалауы бойынша жеке пайдалануына арналған көлік құралдарын декларациялау Кеден одағы Бірыңғай кедендік тарифі (КО БКТ) ставкаларын қолдану арқылы жалпы белгіленген тәртіппен жүргізілетін болады.

Бұл шара үшінші елдермен өзара саудадағы барлық шектеулерді жою және саудада бірыңғай сауда режимін қолдануды, сондай-ақ, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының бірыңғай экономикалық кеңістігін қалыптастыру кажеттілігімен шарттталған.

Қолданыстағы кеден заңнамасына сәйкес, көлік құралдарын кедендік декларациялау кезінде кедендік декларацияны тіркеу күніне қолданылатын кедендік бажаларын, салықтарды, тыйым салулар мен шектеулердің ставкалары қолданылатынын атап өткен жөн.

Сондай-ақ, келісімнің 8-бабына сәйкес жеке пайдалануға арналған тауарларды кедендік декларациялауды жеке тұлғалар өздері кедендік шекара арқылы жүрген кезде кеден органына тауарларды бір мезгілде көрсете отырып, жүзеге асырады. Осыған байланысты, жеке пайдалану үшін көлік құралдарын алдын ала кедендік декларациялау рәсімі қолданылмайды.

«ДОСТЫҚ» КЕДЕНІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

●Мәдениет мәйегі

«КӨЛІКТЕР – 2» МУЛЬТФИЛЬМІ

талай баланың арманын ұштайды

Тәуелсіздік алғаннан кейін туған тілдің тұғырын биіктетіп, мемлекеттік дәрежеде мәртебесін өсіру үшін халықтық ынта-ықыласын бұрып, сезімін оятуға біраз күш жұмсалды. Нәтижесі де жаман емес. Осы тұрғыдан келгенде, қазақ тілінің қадірін өсіреміз деп талпынған азаматтардың жаңа бастамасына бәрекелді айтасың. Мұның бір дәлелі – ҚР Президенті «Болашақ» халықаралық стипендиаттарының қауымдастығы, «Алтын қыран» қайырымдылық қоры және «Меломан» компаниясы Cinema Tone Production студиясымен бірігіп, Диснейдің (DISNEY/PIXAR) «Тачки – 2» (бұдан былай «Көліктер – 2») мультфильмін алғаш рет қазақ тіліне тәржімалап, көрермен назарына ұсынғаны.

Жетісу
Қажет АНДАС

Көптен күткен осы әлеуметтік жобаға АҚШ, Ұлыбритания, Ресей мен еліміздің кәсіби мамандары белсене қатысты. Нәтижесінде голливудтық фильм түркі тілдері арасында түрік тілінен кейін тек қазақ тілінде сөйлегенін, қазақ тіл әлемдегі тілдер арасында «Дисней» студиясының өнімі аударылған 39-шы тіл болғанын мақтанышпен айтуға болады. Десе де, айтуға жеңіл болғанымен фильмді ана тілімізде сөйлету оңайға түскен жоқ. Туындының негізгі мән-мағынасын қазақ тілінде дәлірек жеткізу үшін фильм ағылшыншадан қазақшаға тікелей аударылды. Тіпті, кейіпкерлердің сөзін аудару барысында орыс тіліне аударылған мәтіннің екі есеге, ал қазақ тілінде үш есеге ұзаратындығы да ескерілді. Оны дауыстау барысындағы жиілікке де көңіл аударылды. Аударманың осындай қиындығынан жобаға қатысқан отандық мамандар түрлі кедергіге кездессе де, әрдайым жол тауып отырды. Бұл барыстарды басынан өткерген Walt Disney Studios Sony Pictures Releasing-дің бас директоры **Антон СИРЕНКО:**

– Негізгі мәселе – Голливуд студиясының талабына сай келетін режиссер мен кәсіби мәнерін өз дәрежесінде атқара алатын актер табу өте қиын болды. Бұл телевизиялық дубляждан бөлек жанр екенін ескерсек, дубляж саласындағы қиындыққа қарамастан Disney-дегі және Қазақстандағы әріптестерім қолдан келгенін бәрін жасады деуге болады, – деді ризашылығын білдіріп.

«Бітер істің басына, жақсы келер қасына» демекші, «Көліктер – 2» жобасына отандық телехабар саласында ұзақ жыл дубляжбен айналысқан режиссер Айжан Шамшитова лайық деп танылды.

Осындай қатаң талап фильмге дауыс беретіндерді таңдаған кезде де ескерілді. Сондықтан бас кейіпкердің дауысын салатын әртістің дауысы Лос-Анжелес қаласында бекітілген. Тіпті, бір әртістің дауысын бекіту үшін кем дегенде 5-6 үміткердің дауысы ұсынылып, оларды телтума дауыс үлгісімен салыстыра отырып, ең үйлесімдісі таңдалып алынған. Әлеуметтік қатарлы кейіпкерлердің дауысы Алматыдағы «Disney» студиясының ТМД-дағы дубляж тобының қатысуымен бекітілді. Әлбетте, «Көліктер – 2» фильміне 130 қаһарман қатысқан. Алайда, дубляжға қатысқан актерлер одан аз болды. Себебі, бір актер екінші кейіпкерді басқа ырғақ, өзге дауыспен бере алады. Осылайша қазақстандық дубляжды 30 актер абыроймен атқарып шықты. Бұл қатарда жаңжақтылы талдаудан өткен Бақытжан Әлпейісов, Күнсұлу Шаяхметова, Дәулет Әбдіғапаров, Нышанбек Жұбанаев және Азамат Қанапияев «Көліктер – 2» кейіпкерлерінің тілімен сөйледі. Әсіресе, Азамат Қанапияевтің дауысымен берілген Мэтр американдықтарға өте ұнады. Олар: «Бұл әлемдік аудармада біз естіген ең тамаша дауыстың бірі», – деп жоғары бағалады.

Әлбетте, мұнан кино студиясы мен картинаны жасаушылардың өнімнің көрерменге салалы жетуіне үлкен мән бергенін білуге болады. Үлкен күш пен қажырқайрат жұмсалғаны түсінікті. Ал сапалы жасалған дүниенің қашанда қымбатқа түсетіні анық. Осы тұрғыдан келгенде, демеушілер мен қолдаушылардың еңбегіне де бөрекелді айта кеткен жөн. Бұл туралы Walt Disney Studios Sony Pictures Releasing-дің бас директоры Антон СИРЕНКО:

– Шынын айтқанда, бастабында жоғары нәтижеге қол жеткізуіміз мүмкін емес шығар деп ойладық. Өйткені, жоба барысында түрлі қиындық кездесіп отырды. Кейде қолға алған мақсатымызға күмәнмен қараған түсімыз да кездесті. Алайда, жобаға қатысушылардың ынта-жігері өз жемісін берді. Бұл жұмысқа Disney тарапы да, «Меломан» өкілдері де құлшына кірісті. Әсіресе, бастамашы болған «Болашақ» қауымдастығының арқасында әлеуметтік жоба біз ойлаған деңгейден де сапалы шықты. Әрдайым Бауыржан Байбек мырзаның қолдауын шын жүректен сезініп отырдық. Сондай-ақ, қаржылық демеу көрсеткен «Алтын қыран» қайырымдылық қорына айтар алғысымыз мол, – деп жауап берді.

Міне, осылай балдырғандар қызыға тамашалайтын найзағай Мак Күин мен оның адал досы Мэтр қазақ балаларын қызықтыратыны анық.

Ең бастысы, шытырман оқиғалы фильмнің 11 маусымда Астана қаласында өтетін тұсаукесеріне Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қатысады деп күтілуде. Сондай-ақ, балғындар бойына жігер беріп, қазақ тілін түлететін әлеуметтік жобаны балалар үйінің тәрбиешілеріне, мүмкіндігі шектеулі балаларға, бастауыш мектепте ең үздік оқитын оқушыларға (қайырымдылық пен демеушілік көмек шеңберінде) тегін көрсету қарастырылған.

Игі бастаманы қуана қолдаған облыстық мәдениет, білім, спорт және дене шынықтыру басқармалары іс-шара жоспарын жасап, тыңғылықты орындауға кірісіп кетті. Аудан орталығы мен қала көшелеріне баннер, плакат орналастырылып, мектеп, мектепке дейінгі мекеме, балалар кітапханаларында, жазғы лагерьлерде ақпараттық жұмыс басталып, түрлі спорттық шара жоспарға сай жүргізілуде. Ендеше, өңіріміздегі балалар республикамызда алдыңғылардың бірі болып «Көліктер – 2» фильмін тамашалайтын болады.

●Сот

Қазақстан Республикасы егемендік алып, өз алдына тәуелсіз мемлекет болып, экономикасы дамыған алдыңғы қатарлары басқа да елдермен терезесі тең болуы үшін көптеген құқықтық реформа жасалынып, өзгерістер енгізілген.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨМЕК

Зайырлы даму жолына түскен жас мемлекетке өркениетті елдермен қатарласып, өзінің құқығын дәлелдеу оңайға түспегені анық. Осындай мәселелерді дұрыс шешу үшін басқа да мемлекеттермен халықаралық құқықтық көмек көрсету туралы мәселелерді дамытуды дұрыс жолға қою керек болды. Соған орай, мемлекетіміздің істеген жұмыстарын ауыз толтыра айтуға болады. Мысал ретінде 1993 жылғы. 23 қаңтарда Минскіде қабылданған «Құқықтық көмек азаматтық, отбасылық және қылмыстық құқықтық қатынастарда» атты мемлекетаралық конвенциясын айта кетуге болады.

2002 жылғы, 7 қазанда Кишиневта қабылданған құқықтық көмек және азаматтық, отбасылық және қылмыстық қатынастар туралы мемлекетаралық конвенциясының да рөлі зор. Бұдан басқа да мемлекеттер арасында келісімшарттарды зандастырулар туралы заңдарды қолданып, құқықтық байланыстар дамып, бір-біріне осындай заңдарға сәйкес, құқықтық көмектер көрсетіп отырады.

Қазақстан Республикасының экономикалық жағынан да, әлеуметтік жағынан да дамыған мемлекеттермен қатарласып, мемлекетаралық құқықтық байланыстарды шешіп отыруы халқымыздың рухани баюына немесе мемлекетіміздің дамып, өркендеуіне бірден-бір әсерін тигізетін жағдай. Сонымен қатар, біздің мемлекетімізбен тікелей келісімшартта отырған Түркия, Корея, Индия және басқа да дамыған ірі мемлекеттермен қатар бұрынғы Кеңестер Одағынан бөлініп шыққан ТМД елдерінің бәрімен мемлекетаралық құқықтық қарым-қатынас жолға қойылған.

Мұндай мемлекетаралық құқықтық келісімшарттар Қазақстан Республикасы азаматтарының басқа мемлекеттер арасында өздерінің құқықтық қабілетінен басқалармен бірдей екендігінің бірден-бір кепілі. Яғни, қай жерде, қай елде жүрсе де мемлекет өз азаматының құқығын қорғай алады.

Ә. ӨТЕМІС,
Алматы облысының ауданаралық мамандандырылған экономикалық сотының судьясы.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

e-mail: Jetisu2002@mail.ru
www.Zhetysu-smi.kz

●*Әділет*

Заңды тұлғаларды тіркеу

ҚР заңдарымен жеке кәсіпкерлікті реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жалған кәсіпкерліктің жолын кесу және заңды тұлғаларды (филиалдар мен өкілдіктерді) тіркеу тәртібін оңайлату бағытында бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Атап айтқанда, бұрын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу кезінде шағын кәсіпкерлік субъектілерінен өздерінің орналасқан жерін куәландыратын құжат ұсыну талап етілмесе, енді жерде шағын кәсіпкерлік субъектілері де аталған құжатты ұсынуға міндетті.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Заңының 6-бабының жаңа басылымда жазылған 7- тармағына сай, жеке кәсіпкерлік субъектілерін тіркеу кезінде өтінішке құрылтайшы немесе құрылтайшылардың біреуі не Қазақстан Республикасының Үкіметі, мемлекеттік органдар ҚР Ұлттық банк құрылтайшы болатын жағдайларда, құрылтайшының уәкілеттік берген адамы қол қояды және оны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен куәландырылған құрылтай құжаттарын қоса тіркей отырып, тіркеу органына береді. Яғни, жеке кәсіпкерлік субъектілерін алғашқы мемлекеттік тіркеу барысында құрылтайшы –жеке тұлғаның атынан сенімхат арқылы үшінші тұлғаның әрекет етуі мүмкін емес. Енді жерде өзгерістерден кәсіпкерлер үшін тиімді тұстарына келер болсақ, төмендегілерді атап өтуге болады.

Бірінші, заңды тұлғаларды тіркеу мерзімдері нақтыланды, соның ішінде, жеке кәсіпкерлік субъектілерін тіркеу мерзімдері анағұрлым қысқартылды. Нақтырақ айтқанда, шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларды, сондай-ақ өз қызметін ұзақтық жарғының негізінде жүзеге асыратын орта және ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу өтініш берілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізілуі тиіс. Бұрын шағын кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу тоғыз жұмыс күнінде жүргізілін келген еді. Өз қызметін ұзақтық емес жарғының негізінде жүзеге асыратын орта және ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу) өтініш берілген күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізілсе, жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын ұйымдарды, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдарды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу) өтініш берілген күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізілсе, жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын ұйымдарды, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдарды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу) өтініш берілген күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізілуі қажет. Осы кезге дейін жоғарыда аталған заңды тұлғалардың барлығын мемлекеттік тіркеу 15 жұмыс күні ішінде, ал қайта тіркеу 12 жұмыс күні ішінде жүргізілген болатын.

Екіншіден, жаңа өзгерістер шағын кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын шаруашылық серіктестіктерге құрылтай құжаттарын (жарғы мен құрылтай шарты) нотариалды куәландырусыз қызмет етуге мүмкіндік береді.

Үшіншіден, шағын кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер өздерінің жарғылық капиталының бастапқы ең төменгі мөлшерін жүз теңге етіп белгілеуге құқылы.

Қорыта айтқанда, бұл өзгерістердің барлығы да кәсіпкерліктің жан-жақты дамуына жол ашу арқылы ел экономикасы мен халықтың ал-ауқатының қарқынды өрлеуіне мүмкіндік туғызу болып табылады. Сондықтан кәсіпкерліктің серпінді дамуына мүмкіндік туғызу және оны мемлекеттік қолдау, кәсіпкерлікті реттейтін заңнамалық актілерді жетілдіру елімізде үшін күн тәртібінен түспек емес.

Д. БЕКЕТОВ,
Қарасай аудандық әділет басқармасы заңды тұлғаларды тіркеу қызметінің бас маманы.

●*Өнер*

І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында Сүйінбай атындағы облыстық филармониясының 39 маусым алдар концерті өтті. Оған облыс әкімінің орынбасары Серік МҰҚАНОВ, облыстық мәдениет басқармасының бастығы Рахмет ЕСДӘУЛЕТОВ, филармония директоры Ержан ҚОСБАРМАҚОВ бастаған облыстық басқарма және мекеме басшылары мен өнерсүйер қауым қатысты.



Жаңа маусым

Жақсы жетістіктен басталды

Жетісу
Қажет АНДАС

Міне, осындай жетістіктерге жеткен өнер ұжымының маусым ашар концерттік бағдарламаға үлкен шабытпен дайындалғаны көрініп тұр. Абыз қарттың ақ пілегімен басталған шара осыдан кейін «Қобыз сарыны» фольклорлық-этнографиялық ансамблінің сүйемелдеуімен орындалған нөмірлермен жалғасты. Ықыластың «Кертолғауы» Ерболат Сая Төлеутай, Құралай сиқты дастүрлі әншілердің орындауындағы «Ән шашу» Пәззат Жанаманова цыдықаған «Қазақтың тойына», Абылай Қармысовтың «Мақтанышым елім», Мырзахмет Мұқаманов орындаған Қалқаның ән «Қапқа», «Жерұйық» әндері көпшілікті бір сілкіндірді.

Келесі кезекте Мұқан Төлебаев атындағы халық-аспаптар оркестрінің сүйемелдеуімен, Арман Аманжолов пен Дариға Әбдіғалиқызының «Туған жер» ән сазына төрінде қалықтаса, Әли Алпысбаевтың дирижерлігімен Т. Алшабековтың «Қазақстан поэмасы» Әсем Сембинаның орындауындағы Н. Тілендиевтің «Кел еркем Алатауына», Есенгелді Раз мен әншілер тобының орындауындағы «Тәуелсіздік елім бар» әнмен жабылды.

●*Жастар саясаты*

Алматы облыстық «Жетісу жастары» жастар орталығының, Сарқан аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен аудан әкімдігінің мәжілісі залында жастарды қоғамдық өмірге қалыптастыру, олардың арасындағы жат қылықтардың алдын алу мақсатында «дөңгелек үстел» басында әңгіме өткізілді.

БОЛАШАҚ ИЕСІ

Жиынға шақырылған аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің қызметкерлері, мектеп директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, мектеп психологтары, жас мамандар алдында облыстық «Жетісу жастары» жастар орталығы директорының орынбасары Гауһар Жармұхамбетова сөз алып, жастардың бойында патриоттық, келешекке деген жауапкершілік сезімін қалыптастыру бағытында өңірімізде өткарылып жатқан іс-шараларға тоқталды.

Әңгімелерді қолдауын Талдықорған өңірлік орталығының психологы Марал Әділбекова жастар арасында кездесіп қалатын суицидке бастап баратын келеңсіз жайттардың алдын алу жайында жан-жақты мәселелерді кеңінен талдап, қатысушыларды сұрақтарына жауап берді.

Жиында аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Аманжол Шоңжікенов, жастар атынан І.Алтынсарин атындағы мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, мектеп психологтары, жас мамандар алдында облыстық «Жетісу жастары» жастар орталығы директорының орынбасары Гауһар Жармұхамбетова сөз алып, жастардың бойында патриоттық, келешекке деген жауапкершілік сезімін қалыптастыру бағытында өңірімізде өткарылып жатқан іс-шараларға тоқталды.

Әңгімелерді қолдауын Талдықорған өңірлік орталығының психологы Марал Әділбекова жастар арасында кездесіп қалатын суицидке бастап баратын келеңсіз жайттардың алдын алу жайында жан-жақты мәселелерді кеңінен талдап, қатысушыларды сұрақтарына жауап берді.

Жиында аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Аманжол Шоңжікенов, жастар атынан І.Алтынсарин атындағы мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Әнуар Төлеу сөз сөйледі.

«Дөңгелек үстел» басындағы әңгімені аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бастығы Мұрат Түсіпов қорытындылады.

Жомарт ИГІМАН.
САРҚАН АУДАНЫ.

●*Жемқорлыққа жол жоқ*

Сыбайластық жарға жығады

Мемлекеттік қызметкерлер арасындағы құқық бұзушылық жыл сайын көбейіп отыр. Облыстық қаржы полициясының мәліметіне сүйенсек, құзырлы орган жыл басынан бері сыбайлас жемқорлыққа қатысты 131 деректі анықтаған. Оның дені мемлекеттік қызметтегі пауазымды тұлғалардың араласуымен 59 іс тіркелген. Бұл көрсеткіш өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 2 есеге артқан. Пауазымды тұлғалардың бұл әрекеті кәсіпкерлердің несіп табуына кедергі келтіріп отыр. Тіпті кәсіпкерлердің құжаттарын реттеуге де пара талап еткен 20 дерек анықталып, жемқорлыққа қатыстылығы анықталған. Олардың үстінен тергеу іс жүргізіліп, сотқа жолданған. Бұл туралы І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде, өткен «Сыбайлас жемқорлыкпен күрес жүргізудің саяси құқықтық, әлеуметтік-экономикалық қырлары және кәсіпкерлікті қорғау» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция да сөз болды.

«Нұр Отан» ХДП облыстық филиалы және облыстық экономикалық қылмыс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес департаменті мен І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті бірлесіп ұйымдастырған шарага құқық қорғау органдарының өкілдері, университет оқытушылары және магистрлер қатысты. Онда кәсіпкерлік саласында орын алған сыбайлас жемқорлық жайы сөз болып, оның алдын алу жолдары қарастырылды.

Конференция барысында І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің ректоры Өбдәмәнап Бектұрғанов, облыстық экономикалық қылмыс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес департаментінің (қаржы полициясы) бастығы, қаржы полициясының подполковнигі Уәлихан Діндәбаев, облыстық соттың апелляциялық алқасының төрағасы Ерхан Нұханұлы, «Нұр Отан» ХДП облыстық филиалы төрағасының орынбасары Садық Әбдікәдіров, облыстық ішкі саясат басқармасы бастығының орынбасары Гүлмира Маупашева, облыстық ішкі істер департаменті бастығының бірінші орынбасары, полиция полковнигі Берік Қожамбердиев, облыстық әділет департаментінің бастығы Нұржан Нұрпейісов, облыстық салық департаментінің бастығының орынбасары Құлмұхамбет Исақов, І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті заң факультеті қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының меңгерушісі Болат Серіков және аға оқытушылар Болат Молдабеков пен Ербосын Белгібеков баяндама жасап, сыбайлас жемқорлықтың өуелі халықтың тыныс-тіршілігіне, мемлекеттің дамуына, еліміздің халықаралық беделіне зиян келтіретін әрекет саналатындығын тілге тиек етті. Сондай-ақ, гасыр дертінен айығудың жолдарын көрсетті.

Қ. ШАКЛИН.

●*Қайырымдылық – ізгілік*

Талдықорған қаласындағы «Қамқор» балалар үйінде Мүгедектер күніне орай «Бар жақсылық балаларға» атты қайырымдылық шарасы өткізілді.

Еңбек бөлмесі ашылды

Жетісу
Айгүл БАЙБОСЫНОВА

– Мерекеге жиналғандар алдымен мекеме алаңында орналасқан жылжайдың жұмысымен танысты. Кешен ішінде өсірлетін сан түрлі гүлді күтіп-баптау арқылы балалар бір мезгіл дене жылынына ерік беріп, бой сергітеді, – дейді гүл баптаушы Ирина Хурсанова. Сонымен бірге, бұл мүмкіндігі шектеулі жасөспірімнің денсаулығы үшін өте пайдалы іс екенін де айтты. Ал көрмеде балалардың дайындаған қолөнер бұйымдары келгендерді тіптен таң-тамаша етті. Содан соң қонақтар кәрті жеміс талабына сай жабдықталған екі қабатты ғимарат ішін тұтастай аралап көрді. Онда тамақтанатын, ем қабылдайтын, демалатын, оқу оқитын бөлмелерімен танысып, тазалығына да сүйсінді.

Балалар үйінде атқарылған істерге қысқаша шолу өткен «Қамқор» балалар үйінің директоры Айгүл Байсымакова аяқ киім және көйлек тігетін еңбек бөлмесінің салтанатты ашылуын жариялады. Шеберхананың деңгейін еңбек ардагерлері Күлаш Тұменбаева мен Әмина Рахимова қимп, жиналғандармен шке енді. Осы сәтте Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары **Галиаскар Сарыбаев** бұдіршіндерге деген ақ тілегін жеткізе отырып, қалалық жомдықтің атынан түрлі-түсті телевидарды сыйға тартты. Мерекелік шараның соны балалардың концерттік бағдарламасына ұласты.

Разработан и передан на рассмотрение в экологическую экспертизу рабочий проект с разделом ОВОС по объекту: «Реконструкция вдольтрассовых ВЛ-10кВ МН «Атасу-Алашенькоу». Всем заинтересованным лицам обращаться по телефону: **8 (7282) 21-40-26 ТОО «Электросервис».**

●*Премьер-лига*

Қазақстанның футбол біріншілігінің 31 тур ойындарын Талдықорғанның "Жетісуы" сырт алаңда Шымкенттің "Ордабасы" командасында қонақта болып қайтты. Жерлестеріміз Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы орталық стадионында өткен кездесуде қарсыласын 1:2 есебімен жеңіп, олжалы оралды. Ауадай қажет үш ұпай қоржынға түсті.

«ЖЕТІСУ» ЧЕМПИОНДЫҚҚА ҮМІТКЕР

Кездесудің бас төрешісі Сергей Паськоның ысқырығын күткен футболшылар бірден-ақ шабуылдатып, қауіпті жағдай туғызды. Бірінші таймның 36 минутында "Жетісудың" №11 ойыншысы Алексей Щеткиннің тепкен добы "Ордабасы" командасының қақпасынан табылды. Бұдан кейін алаң иелері басымдық танытып, ал жерлестеріміз қорғанысқа қатты мән берді. Айтқандай-ақ, шымкенттіктер есепті теңестіріп кетті. Алаң ортасынан сытылып шыққан № 4 ойыншысы Мұхтар Мұхтаров голдың авторы атанды.

Сәл салғыттық танытқан қонақтарға чемпиондықтан қол үзетін қауіп төне бастады. Тең ойында қанағат тұтпаған талдықорғандық аяқдопшылар қарқынын үдете түсті. Кездесудің тең аяқталуы біздің командаға үшін тиімсіз. Олай дейтініміз бізді өкшелеп келе жатқан Қарағандының "Шахтері" ел чемпиондығына бірден бір үміткер команда. Олай болса тек жеңіс керек. Мұны жақсы түсінген «Жетісудың» № 21 ойыншысы Милош Михайлов кездесудің аяқталуына шамамен үш-төрт минут қалғанда таразы басын теңеп, командасын алға шығарды. Нәтижесінде ойыншыларымыздың мерейі өсті. Олар 38 ұпаймен турнир кестесінің бірінші сатысынан ойып тұрып орын алды.

Қазанның 15 жұлдызында таңдаулы алтылықтың кездесулері аса тартысты, шиеленісті өтті дегеніміз жөн. Қарағандының "Шахтері» өз алаңында Павлодардың "Ертісін» қабылдап, 3:1 есебімен басым түсті. Сондай-ақ, «Астана» футболшылары "Ақтөбені" 3:2 есебімен тізе бүктірді.

Біздің "Жетісу" футболшылары 22 қыркүйек күнгі кезекті 31тур ойындарын өз алаңында «Шахтермен» күш сынасады. ҚР футбол федерациясының вице-президенті М. Гурман айтқандай, Қазақстан чемпионы сол күні белгілі болды. Бүгінгі күнге дейін «Шахтерда» – 36 ұпай, «Астанада» – 33 ұпай, «Ертісте» – 29 ұпай, «Ақтөбеде» – 28 ұпай және «Ордабасыда» – 25 ұпай бар. «Жетісуды» жеңіс бигінен көрейік, жерлестер!

Болат БИСҰЛТАНҰЛЫ.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫС ЖИНАҚ БАНКІ

САЛЫМШЫ ЖИНАҚТАЙДЫ, АЛ «ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫС ЖИНАҚ БАНКІ» ЕСЕЛЕП, КӨБЕЙТЕДІ

Әр адам өз тұрмыстық жағдайын жақсарту мақсатында қаражатын көбейтуді қалайды, талғамы мен мүмкіндігіне қарай әртүрлі жолды таңдайды, ал сабырлы мен ұқыптылардың назары «Тұрғын үй құрылыс» жинақ банкінде. Оның негізінде, баспана мәселесін шешудегі тиімді де дәлелді бағытты сілтеген тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі жатыр.

Соңғы кездері елімізде тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі қарқынды даму үстінде. Өйткені, басшына мәселесі шешілмей жүрген адамдар «өз сәтін» асыға күтуде. Пәтер сатып алу немесе үй салу – адам өміріндегі үлкен қаржылық салым. Баспана алу үшін дереу комиссы сомаңы жинастыру мүлдем оңай емес. Сонымен қатар, құрылыс және пәтер алу несиелерінің сан түрлі ұсыныстары бар. Қысқасы, әлі шешуін таппаған осы мәселеге көзқарас сан түрлі болып келеді.

Тұрғын үй алуға нарықта көрсетілген барлық ұсыныстардың арасында тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесіне ерекше көңіл бөлген жөн. Мұндай үлгі азаматтардың тұрғын үй проблемасын мемлекеттен бірге отырып шешуге мүмкіндік береді. Жинақ жүйесі – батыс және шығыс Еуропа елдерінде баспана сатып алудың дәстүрлі атрибуты болып табылады. Неге біз шет елде баспана алу бағасының арзандығына таңданамыз, өйткені онда тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі кеңінен қолданылуда. Әрине, көпшілікте мәнді сұрақ туындайды – бағалар көтеріліп, оған қоса пәтерді жалға алып отырсақ, пәтерге қаражатты қалай жинаймыз. Сөйтіп, кейде біз іс жүзінде пәтер алу мүмкіндігінен үміт үземіз. Тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесінің барлық артықшылықтары мен кемшіліктерін ұғынған «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің» салымшылары бұл айтылғандармен толықтай келіседі.

Бізбен алғашқы сұхбаттасушы мемлекеттік қызметкерлер – Марат пен Айнұрдың отбасы. Олар бір жыл бұрын танысқан болатын. Тағдырдың қалауымен көп ұзамай үйлену тойын өткізгеннен кейін, бірден пәтер мәселесі туындады. Қазіргі шақта жас жұбайлар мерзімі 3,5 жылды құрайтын «Бастау» тарифтік бағдарламасы бойынша пәтерге қаражат жинақтауда. Тұрғын үй несиесінің пайыздық мөлшерлемесі – жылдық 5% құрайды (жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі – 5,3% дейін).

Әскери қызметкер Александр және оның жұбайы Венера «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» қызметі жөнінде таныстарынан кездейсоқ білп, мерзімі 5,5 жылды құрайтын «Өркен» тарифтік бағдарламасы бойынша шартқа отырыпты.

Тұрғын үй несиесінің пайыздық мөлшерлемесі – жылдық 4,5% (жылдық тиімді сыйақы мөлшері – 4,7% дейін). Қандай да бір жағдайға қажет болады деп есептеген ойлары дүниеге екі бірдей егіз қыз бала келгенде жүзеге асты. Ата-аналары тұрып жатқан үйлерінің тарлығына төзбей, бір бөлмелі пәтерді сатқан қаражатты жинақ шотына аударды. Тура сол уақытта несиені төмен пайыздық мөлшерлемемен алуға болатыны туралы банктің хабарландыруы шыққан болатын. Банкте оларға екі нұсқаны таңдауды ұсынды. Бірінші – алдын ала берілетін заемды өтеуді үш жылдан көп емес мерзімге ұзартуға болатын, жылдық сыйақы мөлшерлемесі – 9,5% (жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі – 15,7% дейін) құрайтын «Жеңіл» бағдарламасы бойынша аралық тұрғын үй несиесі. Ал екінші таңдау жасалған – алдын ала берілетін заемды төмендетілген жылдық – 8,5% (жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі – 17,5% дейін) пайыздық мөлшерлемесі бойынша өтеу мүмкіндігі бар аралық несие.

Мемлекеттік қызметкерлер Қайрат пен Алияның отбасы кең, жеке үйді армандаған болатын. Осылайша үй құрылысына қаражатты асықпай жинақтауды жөн көрген. «Тұрғын үй құрылыс жинақ» банкінің тарифтерін ұғынып, 8,5 жылдық жинақтау мерзімді «Кемел» бағдарламасына тоқтады. Тұрғын үй несиесі бойынша сыйақы мөлшерлемесі – жылдық 4% (тұрғын үй несиесінің жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі – 4,2% дейін).

Жыл сайын тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесінің салымшылар саны артып келе жатыр; салымшылар арасында студенттер де бар. Мысалы, медицина академиясының үшінші курс студенті Абай, өзі оқып жүріп, жұмыс жасайтындығына қарамастан, ол банк салымшысы болып табылады. 15 жыл мерзімге «Болашақ» тарифтік бағдарламасы бойынша шартқа отырған. Тұрғын үй несиесі бойынша сыйақы мөлшерлемесі – жылдық 3,5% (тұрғын үй несиесінің жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі – 3,6% дейін).

Бұл бағдарламаның жинақ мерзімі жас жігітті қинамайды, ойткені шарт талаптары кез келген мезетте аз уақыт ішінде тарифті ауыстыру мүмкіндігі бар.

Болашақта Абай өзін жоғары білікті хирург және үлкен тату жанұяның өнегелі отағасы ретінде көреді. Ол үшін жеке пәтер болуы қажеттілігін толық сезінеді. Жоғары оқу орнын аяқтап, жұмысқа тұрғаннан кейін жас жігіт пәтерді иемдене алады.

Тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі тұтынушыларға алдын ала жинақсыз берілетін заемдарды да ұсынады. Бұл мақсатта алдын ала тұрғын үй несиесі бар және пайыздық мөлшерлеме жылдық – 11% төмендетілген (тиімді мөлшерлеме – жылдық 15,1% дейін).

«Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» қазақстандықтарға пәтер сатып алуға, құрылыс және жөндеу жұмыстарына заемдар ұсынады. Жинақ жасау барысында жинақ үстіне жыл сайын жылдық 2 % сыйақы мөлшерлемесі мен мемлекет тарапынан 20% көлемде (200 айлық есептеу көрсеткішіне дейін) сыйлық ақы тағайындалатыны қызықтырады. Ұзын сөздің қысқасы, салымшы жинақтайды – «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» еселеп көбейтеді. Осы ақжат тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі негізінде қаланған. Өйткені жеке үй мен пәтер – ертеңгі күнге тұрақтылық пен сенімділіктің кепілі боп табылады.

Ибраһим КАППАСОВ.

Қосымша ақпараттарды «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-ның аймақтық филиалынан ала аласыздар. Мекенжайы: Талдықорған қаласы, М. Төлебаев көшесі, №86 үй, тел.: 24-40-48, 24-79-72 немесе www.hcsbk.kz сайтында.

АО "Тау-Кен Самрук" уведомляет о том, что подана заявка на проведение Государственной экологической экспертизы проекта поисковых работ на участке россыпного золота Предгорный Кетмень в Райымбекском и Уйгурском районах Алматинской области.

Всем заинтересованным гражданам представляются возможность выразить свое мнение в период проведении Государственной экологической экспертизы разработчику проекта ТОО «Геолог-А» по тел.: **8-(727)-2 98 31 48, 8701-337 52 94**, АО «Тау-Кен Самрук» по тел.: **8-(717)-2 500 629.**

Утерянный Государственный акт на право собственности № 0083532 от 29.04.02 г. с кадастровым номером 03-046-276-002 общей площадью 0,18 га принадлежащий ДГП РГП «Казахстан Темир Жолы» считать недействительным.

Алматы облысы әкімдігі, Алматы облыстық мәслихаты облыстық мәслихат аппаратының бас маманы Бижамал Әбенқызы Байтасоваға ішкі

Ақпардың

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты туғандықтарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Алматы агроөнеркәсіптік кешені қызметкерлері кәсіподағы қоғамдық бірлестігінің ұжымы Райымбек аудандық кәсіподағының төрағасы Көкімбаев Қазыбек Құлжабайұлына әкесі

Құлжабайдың

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Орталық Азия университетінің ұжымы профессор Ақшалова Майрағ туған әпкесі

Әлия Алмабекқызының

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты катты қайғырып, көңіл айтады.

Аяулы әке, ата, бауыр, құдамыз

Әлімханов Қайырғалының

қайтыс болуына байланысты отбасына қайғырып көңіл айтамыз.

Бір топ бауыр, туыс, жолдастары, құдалары.

Газетіміздің келесі саны сенбі, 22 қазан күні шығады.

Жетісу

МЕНШІК ИЕСІ: Алматы облыстық "Жетісу" газеті шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімі

Бас редактор Жақыпжан НҰРҒОЖАЕВ

Қабылдау бөлмесі және факс – **27-41-50** байланыс телефондары: бас редактордың орынбасарлары – **21-01-90, 27-41-83,** жауапты хатшы – **24-38-16,** ауылшаруашылығы, экономика және спорт бөлімі – **27-42-34,** саясат және парасат әдебиет және мәдениет бөлімі – **24-36-07,** уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі – **24-32-43,** білім және ғылым бөлімі – **24-30-57,** фототілшілер –**27-41-93,** заң және ақпараттар бөлімі – **24-29-82,** есеп-қисап бөлімі – **24-35-28**

Алматы қаласындағы тілшілер қосыны – **279-13-37** (факс), **79-13-86, 79-36-43.**

Меншікті тілшілердің аудандардағы телефондары: Үшаралда – **2-12-57** Панфиловта – **5-12-21** Райымбекте – **2-22-05,** Іледе – **2-19-33.**

Газет табыс етілмесе – **72-59-01** телефонымен хабарласу керек.

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2002 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАЗАНДА ТІРКЕЛІП, №3322-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Алты машинкелік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы — Болашақ" ЖАҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылды.
М 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
П 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.

Газет алтасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.

Компьютерге терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат

КӨЛЕМІ – 2 баспа табақ.
ТАПСЫРЫС – 1150.
ТАРАЛЫМЫ – 42 548.
ИНДЕКСІ – 65469.

Кезекші редактор: Айгүл БАЙБОСЫНОВА.

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Жетісу

■ Газет 1918 жылғы маусымнан шығады ■ № 73 (17629) сенбі, 30 маусым, 2012 жыл ■ e-mail: Jetisu2002@mail.ru www. Zhetysu smi.kz ■ Бағасы келісімді

ТІЛ САРАЙЫНДА

ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ ЖАРШЫСЫ

журналистерді облыс әкімі Аңсар МҰСАХАНОВ қабылдады

Облыстық Тіл сарайының үлкен мәжіліс залы өнеріміз ғана емес, күллі қазаққа танымал әкім-жазушы, журналистерге толды. Қасқа-жайсаңның басын қосуға басты себеп – «Журналистер мерекесі». Облыс әкімі Аңсар МҰСАХАНОВТЫҢ құттықтауы мен қабылдауы. Облыстық, қалалық, аудандық газет-журналдардың редакторлары мен қатардағы тілшісіне дейін осы ғимарат астында, әкімнің құттықтауын тыңдап, өз ағыстарын мен ой-көкжарастарын ортаға салды. Дөңгелене отырған қауым алдында жиырды тікелей өзі басқарған Аңсар Тұрсынханұлы Елбасы сөзсатымың толыққанды іске асуы жолында теле-радио мен баспасөздің маңызының зор екеніне, осыдан келіп журналист атауының еңбегі ерен деп бағаланатынына тоқталды. Соңғы жылдары қалаларға қауымына әкімдік тарапынан жасалып жатқан қамқорлық пен мүмкіндіктер де тыс қалмады. Редакцияларды заман талабына сай жайдықтау, бүгінгі күн сұранысына орай шаптыған жұмыс істеуі үшін жаңа жүйе, тың бағыттарға қадам жасау, соңғы үлгідегі техникамен қамтамасыз ету жолында шешімнет тарапынан қолға алынып жатқан игі істерді айта кеткен жөн.

Алмас НҰСІП
"Жетісу"



Облыс көлемінде ғана емес, жалпы республикамызда барлық сала бойынша атқарылып жатқан істер мен қол жеткізген жетістіктерге шолу жасай келе, осынау шараларды халыққа жеткізу, насихаттау жолында тер төгіп, көз майын тауысқан, «төртінші билік» саналатын қалықтың көзі, тілі һәм құлағы – баспасөз бен теледидар қызметкерлеріне алғыс айтты. Сондай-ақ, бұлтыр ғана қалықаралық, деңгейде дүркіреп өткен Мұқағалидың 80 жылдығы кезінде де осы саладағы бірқатар азаматтар азаматтар тер төгіп, ұлы тойдың жаршысы бола білгендігін атап айтты. «Алдағы уақытқа жоспарланып отырған Әнуар Әлмұхановтың ауылында өтетін дүбірлі мерекені де бірлесе өткізуге атсалысарсыздар», – деп сөзін білдірді.

– Бүгінгі басқосуға өлкеміздің әр түкпіріндегі бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері келіп отыр. Жыл сайын осы мереке қарсаңында өздерімізбен кездесіп, құттықтап, пікір алмасу қалыптасқан дәстүрге айналған. Сол үрдісті бұзбай жалғастырып, қоғамның ең ықпалды тәрбиешісі болып жүрген өздерімізбен тағы да бас қосып отырмыз. Тәуелсіздік жылдарында елді бірлікке шақырып, елдікке үндеп, жас мемлекетіміздің аяққа тұрып кетуіне өз үлесін қосқан журналистердің еңбегі орасан. Сондықтан, сіздерге зор денсаулық, шығармашылық табыс, жазарларыңызда жақсылықтар көп болсын! – деді әкім.

Сондай-ақ, өз ойлары мен құттықтауларын айту үшін бірқатар азаматтарға сөз берілді. Солардың бірі Ж. Қорғасбек өз кезегінде журналистика саласында соңғы жылы атқарылған шаруалар мен жетістіктерді түгендеді. Соның ішінде жақында ғана ашылған, 17 газетті қарамағына алған «Медиахолдинг «Жетісу» Ақпарат» акционерлік қоғамының жұмысын сәтті бастауы биылғы жаңалықтардың алды деуге болады. Жетісулық басылымдарды бір орталықтан басқарудың қаншалықты тиімді екені тұрасында да біраз әңгімелер айтылды. Олай дейтініміз, бұдан кейін сөз алғандар да бұл тақырыпты аттап өткен жоқ. Жаңа құрылған холдингтің төрағасы Н. Әбдірахым өз кезегінде акционерлік қоғамның жұмыс барысымен таныстырып, алдағы жоспарларымен бөлісті.

Көбіне сын бағытындағы «Жас Алаш» газетінің бас редакторы Р. Сәрсенбайұлы да өз ескертпелерінің ескерусіз қалып көрмегенін, бұл тарапта облыстық әкім аппаратымен түсіністікте жұмыс істеп келе жатқанын айтты. Басқаны былай қойғанда, бүгінгі кездесуге ешкімді алаламай, тегіс шақырғанының өзі көрегенділік», – деп түйіндеді.

Байқағанымыз, облыстық баспасөз қызметкерлері облыс әкіміне, қазіргі таңда атқарылып жатқан шараларға риза екен. Оған дәлел, баяндамашылардың кез келгені алдымен әріптестерін құттықтап, артынша әкімдік аппаратқа алғыстарын жаудырып жатты. Тіпті, отырыстың соңына қарай кезек тиген Қарасай аудандық «Заман жаршысы» газетінің бас редакторы Ө. Құбиев Аңсар Тұрсынханұлына деген арнауын да оқып жіберді. Мұның бәрі, қорыта айтқанда, ақын мен әкім арасындағы үндестіктің, бірліктің көрінісі деуге толық негіз бар.

Отырыстың соңы облыс әкімінің жақсылықтың жаршысы болған журналистер құрметіне арнап жайылған ақ дастарқанда жалғасатыны хабарланып, көптен көріспеген қаламдас достаныстар «Жетісу» мейрамханасын бетке алды.

Жедел хат * * * Жедел хат * * * Жедел хат

Құрметті «Жетісу» газеті редакциясының ұжымы!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Баспа, теледидар және радио қызметкерлері күнімен құттықтаймын!

Күнделікті жедел жұмыстарыңыздың арқасында Жетісу өңірінің халқы күн сайынғы еңбектеріңіздің жемісін пайдаланып, еліміз бен аймақтағы іске асырылып жатқан реформалар мен мемлекеттік бағдарламалар, сонымен бірге әлеуметтік және экономикалық маңызы бар оқиғалар туралы уақтылы хабар алуда.

Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің еңбегі күрделі де жауапты. Өйткені сіздердің қолыңызда «ең күшті қарудың бірі – сөз» бар деп айтуға болады. Халық көңілін билікке жеткізуге және де билік органдарының халыққа жақын болуына сіздер тікелей ықпал етесіздер. Сіздер бар күш-жігер мен жинақтаған іс-тәжірибелеріңізді ел тіршілігінің өзекті оқиғаларын уақтылы да жан-жақты жария етуге жұмсаудасыздар.

Осынау мерекелі күні сіздерге зор денсаулық пен бақыт, шығармашылықта шабыт, қызметте жемісті табыстар тілеймін.

Құрметпен,
Қазақстан Республикасы
Президентінің Іс басқарушысы С. ҮМБЕТОВ.

СПОРТ



Бейсенбіде Талдықорған қаласындағы «Жастар» сарайында облыс әкімінің жүлдесіне арналған қазақ күресінен «Жетісу бөрісі» облыстық ақтық турнир өтті.

Мұрат МҰҚАШ
"Жетісу"

ЖЕТІСУ БӨРІСІ

Облыстың барлық ауданынан жиналған сайдың тасындай балуандар сайысын тамашалауға арнайы келген меймандар арасында облыс әкімі **Аңсар Мұсаханов** пен облыс әкімінің бірінші орынбасары Аманбақ Баталов және халықаралық дәрежедегі төреші әрі «Қазақ күресі» федерациясының вице президенті Марат Шамшіңұров болды. Облыс әкімінің жарыска қатысушылар мен жанкүйерлер тарапына айтқан құттықтау сөзі мен ел тарихының өткен кезеңдері көрініс тапқан қойылымнан кейін жарыс басталып кетті.

Айта кетуіміз керек, бұл доданың басты мақсаты – облыстың ең мықты балуандарын іріктеп қыркүйек айында Астана қаласында өтетін «Қазақ барысы» республикалық сайысына жолдама алатын балуанды анықтау болатын. Облыс орталығында жалауын көтерген ақтық бәйгеге дейін әр ауданда қазақ күресінен жарыстар ұйымдастырылған. Соның нәтижесінде өз ауданында қарсылас шақ келтірмей жеңімпаз атанған балуандар іріктелін, енді облыстың шын мықтысын анықтауға боз кілемге шыққан-ды. Бір аудан екі балуанын үкілеп қосқан бәйгенің өте жоғары деңгейде өткізілгенін айтуға болады. Жарыс басталмас бұрын ортаға шығып өзінің көпшілікке танымал «Біздің жігіттер» әнін орындаған Ерболат Құдайбергенов те жамбасжер ніскемеген алыптар күресінің көргіш қызығына түсті.

Балуандардың белдесу тәртібі олимпиадалық жүйемен өтіп қарсыласына есе жіберген боз кілем шеберлері жарыстан шығарылып отырды. Жан алысып жан берісken белдесулерде еш балуан аянып қалмай барлық айла-тәсілін пайдалануға тырысты.

«Жетісу бөрісі» қазақ күресінің маңыздылығы айтпаса да түсінікті. Себебі осынау жарыста топ жарған жеңімпаз күзде облыс намысын «Қазақстан барысы» республикалық байрақты бәсекесінде қорғайтынын айтып өткен болатынбыз. Осыған орай жарыстың ұйымдастырылуы жоғары деңгейде өткізіліп, балуандардың белдесуіне төрелік етуге тәжірибелі әрі білікті төрешілер тағайындалған.

Өте тартысты өткен сайыс қорытындысы бойынша жарыстың бірінші тұғырына Көксу ауданынан келген Айдос Қанлыбаев көтерілсе, тиісінше екінші және үшінші орындарды Қарасай ауданының атынан сынға түскен Бауыржан Рақышев пен Ілелік Ермек Қалеков бөлісіп алды.

БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ

БАЛҚАШҚА БАРЫП ҚАЙТТЫ

Жылдағы дәстүрдің жалғасы ретінде таяуда Талдықорған қаласындағы мүмкіндігі шектеулі, әлеуметтік аз қамтылған отбасыларынан іріктелген 150 оқушы Балқаш көліне барып қайтты. Қала әкімдігі арқау болған іс-шара оқушылардың демалысын ұйымдастыруға негізделген «Жаз–2012» бағдарлама аясында өткізілді.

Ғалымұрат ЖҮКЕЛ
"Жетісу"

Демалысқа жолдама алған балалардың көбісі, қалтанын таяздығынан бола, алып көлге алғаш келгендігін баяндады. Балқашқа аттанған өрендер І. Жансүгіров атындағы ЖМУ-нің «Құлагер» демалыс аумағына орналасып, емін-еркін суға түсіп, қуанышқа бөленді. «Жерде бір бала күлсе, көкте мың періште қуанады» деген аталы сөз осындайда айтылар. Қала әкімдігіндегілер демалушылардың тағамына дейін ойластырыпты. Бір күндік сапар болса да, жаз бойы ұмытылмастай әсер қалдырған бұл күн балалардың көңілінен шықты.

Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Галиаскар Сарыбаев шараның алдағы уақытта да жалғасатындығын жеткізді.

ТАҒАЙЫНДАУ

Алматы облысы әкімінің өкімімен **КЕЛЕМСЕЙІТ Ермек Әбілмажінұлы** облыс әкімінің кеңесшісі болып тағайындалды.



ҚҰТТЫҚТАУЛАР

Құрметті Жақыпжан Нұрғожаев! Құрметті «жетісулық» әріптестер!

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың кіндік қаны тамған қасиетті Жетісу жерінің төл баспасы журналистикадағы ең бик асу, ең мәртебелі – «Алтын Жұлдыз» сыйлығын иемденуі қазақ баспасөзінің тағы бір үлкен жеңісі деп білемін. Осы бір сәтте сіздердің қуаныштарыңызға ортақтасып, газет ұжымына шығармашылық табыс тілеймін. Қаламдарыңыз мұқалмасын, газеттеріңіз жұқармасын. «Алтын Жұлдыз» – «Жетісу» газетінің тарихындағы жаңа белес, данғыл жолдың бастауы болсын деген жүрекжарды тілегімді білдіремін.

Сейітқазы МАТАЕВ,
ҚР Журналистер одағының төрағасы.

ҚАДІРЛІ ЖЕТІСУЛЫҚ ҚАЛАМГЕРЛЕР

Өздеріңізбен жылдар бойы сырлас болып, газет бетінде шыққан әр мақаланы әңгіменің арқауы қылып, әр нөмірді асыға күтетін оқырмандарыңыздың атынан құттықтаймын. Облыстық «Жетісу» газеті өңірімізді бас баспасы, әрі бас жаңашыры, бағыт-бағдар берушісі екендігі баршамызға аян. «Алтын Жұлдыз» газетке құтбереке әкеліп, талантты журналистерді қалыптасын ұшқан ұтқыр ой, оқырманды ары қарай қуанта берсін. Бұл сыйлық жақсылықтың басы болсын!

Ерлан БАЙЖАНОВ,
«Нұр Медиа» медиахолдингінің президенті.

ӨНЕР

Ән мен күйді бесігінде тербеткен

Жетісу жері ән мен күйдің, жыр мен терменің, мың бұралған бидің, күмбірлеген күйдің құт мекені саналады. Осындай шұрайлы жерде Сүйінбай, Жамбыл, Кенен, Бақтыбай, Сара Тастанбекқызы, сондай-ақ, кәсіби композиторлар мен музыканттар қатарында КСРО халық әртісі, «Біржан – Сара» классикалық операсының авторы Мұқан Төлебаев, КСРО халық әртісі, композитор, дирижер, Мемлекеттік фольклорлық – этнографиялық «Отырар сазы» оркестрінің негізін қалаушы, халық қаһарманы Нұрғиса Тілендиев, профессор, композитор, қазақ ұлттық аспаптары оркестріне арналған көптеген шығармалардың авторы М. Әубәкіров сияқты өнерпаздар өніп, өсті. Киелі өнерді зерттеп, зерделеген ғалым А. Затаевич, Б. Ерзакович, А. Темірбекова, Н. Кетегенова, К. Төлеутаев. Б. Сарыбаевтар да ел мақтанышына айналды. Осы тұрғыдан келгенде, өңірдің өнер саласы тың жаңалықтармен өрілуге мол мүмкіндігі бар.

Қажет АНДАС
"Жетісу"

Қандай қоғам болса да оның ең басты тірегі – адамның жан дүниесі, ақыл-парасаты. Түркітің ұлы данасы Мұстафа Кемаль Ататүрік: «Біздің кез келгеніміз депутат та, президент те болуымыз мүмкін. Бірақ кез келгеніміз өнер адамы бола алмаймыз. Сондықтан да өнер адамдары біздің қолымыздан емес, біз өнер адамдарының қолынан сүюміз керек», – деген сөзі айтпақшы болған ойымызды толықтай түседі. Бұл ретте олке өнерінің ұйытқысы болған Сүйінбай атындағы облыстық филармонияның жетістіктерін таратып айтуға болады. Әрине, рухани, мәдени құндылықтарды насихаттап, жалпақ жұртқа жария етуде Сүйінбай атындағы облыстық филармонияның алар орны ерекше. Бүгінде филармония құрамында Мұқан Төлебаев атындағы халық аспаптар оркестрі, «Алтынай» мемлекеттік халық би ансамблі, фольклорлық-этнографиялық «Сазген», «Адырна», «Қобыз сарыны» ансамбльдері, жеке дауысты әншілер мен дыбыс жазу студиясы бар.

Ұжымда 200-ден астам адам жұмыс істейді. Оның ішінде ҚР еңбек сіңірген қайраткерлер, ҚР-на еңбек сіңірген әртістер, мәдениет қайраткерлер, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегерлері, тәуелсіздіктің 10 жылдығына арналған мерекелік медальдардың иегерлері, Жастар одағының «Серпер» сыйлығының, халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаттары бар. Филармония ұжымы облыс көлемінде ғана емес, Франция, ҚХР, Корей, Египет, тағы басқа да елдерде өз өнерін көрсетіп қайтса, көптеген халықаралық, республикалық байқауларға қатысып, өнер намысын қорғады. Өзге облыстардағы гастрольдік сапар барысында Жетісу жұртының мерейін өрлетті.

Қай қырынан келсек те, өнір өнерін еліміздің, тіпті әлемнің әр шалғайына паш етіп жүрген қарашанырақтың бүгінгі тыныс-тіршілігі көңіл қуантады. Олар 39-концерттік маусымды да жақсы нәтижелермен қорытындылады. Бұған Б. Римова атындағы облыстық театрда өткен маусымның жабылуына арналған салтанатты кеште көз жеткіздік.

Концерттік бағдарлама ҚР Мәдениет қайраткері Айнаш Қабыкеева жетекшілік ететін "Қобыз сарыны» фольклорлық-этнографиялық ансамблінің орындауындағы Ықыластың «Жез киік» күйімен шымылдығын ашты. Осыдан кейін "Қобыз сарыны» ансамблінің сүйемелдеуімен Ерболат Шалдыбеков Жамбылдың «Ақындарға арнауын», «Сазген» ансамблінің сүйемелдеуімен ҚР мәдениет қайраткері Абылайхан Қармысов Кенен Әзірбаевтың «Басты өленің», «Адырна» ансамблінің сүйемелдеуімен Шолпан Мойтапова халық әні «Баянайдың» нақышына келтіріп орындап, жұртты бір шырқатып алды. Ал жетекшілердің «Дайдидауы», қобызшылар орындаған Абайдың әні «Айтым сәлем Қаламқас», домбырашылардың күй тартысы, Ботагөз Дүйгенбаева мен Арман Аманжолов орындаған «Тико-тико самбо», «Сазген» ансамблі орындаған Атай Оғанбасевтың «Маш ботой», дәстүрлі әншілердің «Ән шашуы», «Адырна» ансамблі орындаған әр ұлттың әуендерінен құралған «Попури» тыңдармандарын тәнті етті.

(Соңы 2-бетте).

АСТЫҚ – ЕЛ БАЙЛЫҒЫ



Халықтың бір байлығы – жер. Алақандай жері бар адамның өзін асқақтататын сол жерден шыққан өнім. Ал, негізінен аграрлық салаға басымдық берілген еліміздің кез келген жері өзіндік ерекшеліктерімен белектенеді. Әр өңір әртүрлі дақылымен мақтанады. Мысалы, Қызылордада жұртшылығы қауын-қарбызымен шаттанса, Солтүстік Қазақстан халқы жайқалған егінін алға тартады. Ал, Жетісу жерінің аса құнарлы өңендігі соншалық, шаншыған шыбық пен қараусыз қалған ағаш арба өніп кететіні көпшілікке белгілі. Бұл жердің қасиеті мен су көзінің молдығынан болса керек.

АРПА-БИДАЙ АС ЕКЕН...

Алматы облысында алуан түрлі дәнді дақыл мен дәнді бұршақ өсіріледі. Мысалы, 2011 жылы 470500 гектарға дән себілді, одан 1 млн. 119 мың тонна астық жиналды. Оның ішінде бидай 405500 тоннаға, арпа 318400 тоннаға, жүгері 343100 тоннаға, күріш 46200 тоннаға, сұлы 4297 тоннаға, қарабидай 1071 тоннаға, тары 436 тоннаға жетті. Қазіргі таңда облыста өндірілген астықты сақтап, өндіріске кемелге жеткізетін 25 астық кәсіпорны мен элеватор бар. Олардың басым бөлігі дирмен. 16-сы астық қабылдау кәсіпорны. үшеуі – жүгері екшеу зауыты. біреуі – ашытқы зауыты. Аталған кәсіпорындардың ішінде астықты сақтау құқығын беретін мемлекеттік лицензиясы бары – 7 астық қабылдау кәсіпорны. Көптеген астық қабылдау мекемелері іс-әрекеттерінің бағытын өзгертуде. Себебі, аймақта өсірілетін астықтың аздығынан элеваторлар мен астық қабылдау кәсіпорындары толық қуатта жұмыс істей алмайды. Кейбіреуі қаржылық қиындыққа байланысты жұмысын уақытша тоқтатып тұр.

Жыл сайын лицензиясы бар астық қабылдау мекемелері біліктілік талаптарына сай екендігі және жаңа орылған астықты қабылдауға дайындығы тексеріледі. Бүгінгі таңға 7 лицензиясы бар астық қабылдау кәсіпорны мен элеватор 2012 жылдың жаңа орылған астығын қабылдауға материалдық-техникалық базаны дайындап жатыр. Атап айтқанда «Алакөл-Нан» ЖШС астық қабылдау кәсіпорны 2 астық қоймасының шатырын цинктелген шифрмен жауып шықты және 1 автокөлік түсіргіш орнатты «Боздақ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі астық қабылдау кәсіпорны 3 астық қоймасының шатырын жаңадан цинктелген шифрмен жаңартты «Агро-фуд» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі астық қабылдау кәсіпорны құны 4 млн. теңгеге тең сағатына 100 тонна астық өңдейтін 2 астық тазалау қондырғысын өз есебінен орнатты. Бұл дегеніміз солтүстік облыстардан келіп түскен астықтың сапасын ұн зауыттарына әте жақсы сапада дайындайды деген сөз. «Байсерке-Агро» ЖШС астық қабылдау кәсіпорны биыл жаңадан «СНЕҒСД 6А/60» жаңжақты астық кептіргш агрегатын Ұлыбритания мемлекетінен алдырып, орнатты. Сағатына 26/8 тонна астық кептіретін құрылғының құны 67 млн. теңге.

Бүгінгі күн облыста 386,2 мың тонна бидай қабылдай алатын астық қоймалары мен элеваторлар бар. Аймақты азықтық бидаймен қамтамасыз ету үшін облыстағы астық өңдеу диірмендері және астықты тұрақтандыру қоры мен Солтүстік Қазақстан облысының аудандары арасындағы іскерлік қарым-қатынастың арқасында 220000 тонна 3-ші сұрыпты бидай алуға қол жеткізілді. Қазіргі таңда 85000 тонна астық келіп түсті. Келіп түскен астық өңделіп, халық қажетіне жұмсалуда.

Облыстағы астықтың сапасын, сақталуын АШМ жанындағы Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Алматы облыстық аумақтық инспекциясының жанындағы астық және тұқым инспекциясы бөлімінің мамандары қадағалап отырады.

Астықты өндіру, сақтау және сату үдерісі кезінде пайда болатын қатынастарды ҚР «Астық туралы» Заңында көрсетілген ережелер реттеуге көмек береді. Астық инспекторларының негізгі міндеттері осы «Астық туралы» Заңын орындалуын қадағалау. Сонымен бірге, астықтың сапасына, астықтың сандық, салалық есебінің дұрыс жүргізілуіне, астық қабылдау кәсіпорындарының астықты сақтау қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сай екендігіне, астық қолхаттарының берілулеріне, олардың айналымы және жабылу ережелерінің сақталуына мемлекеттік қадағалау жүргізе алады.

Облыс аумағында орналасқан элеваторлар және астық қабылдау кәсіпорындарындағы қоймаларды астықпен толық қамтамасыз ету үшін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді несиемен немесе жалға беру тәсілімен дәнді-дақылдар өсіруге бейімдеу керек. Атамыз қазақтың: «Арпа-бидай ас екен, алтын-күміс тас екен» деген нақыл сөзінің астарында дәнді дақылдың қаншалықты маңызды екендігі айтылады.

Айтбай ЕШАНОВ,
ҚР АШМ Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Алматы облыстық аумақтық Инспекциясының Астық және тұқым инспекциясы бөлімінің бас маманы.

ҮШТҰҒЫР: ТӘРБИЕ, БІЛІМ, ҒЫЛЫМ

Отбасында әкенің орны қандай?

Әрбір бала үшін өмірде ана мен әкенің ыстық махаббатына шомып өсіп, өмірдегі ең жақын жандарының аялы алақан жылуын сезінуден артық қуаныш бар ма? «Әке – асқар тау, ана – баурайындағы бұлақ, бала – жағасындағы құрақ», – демекші, әр шаңырақ толықтығымен бақытты. Алайда, бұл қуанышқа әрбір бүлдіршін қол жеткізе алмайды. Ортамызда ата-ана жауапсыздығынан қорғансыздың күйін кешіп, тірі жетім атанып, болмаса ерлі-зайыптылардың тіл табыса алмай ажырасуы салдарынан жүректегі үлкен сызатпен өмір кешіп жүрген немесе әкенің ішімдікке салынып, отбасының шырқын бұзуынан бақытсыздық қамытын киіп өсіп келе жатқан жеткіншектеріміз қаншама! Осының бәрі бірінші кезекте анадан бұрын әкенің бала тағдырына бей-жай қарауынан орын алатын жағдай. Өйткені, ана отбасының берекесін қанша кіргізбек болса да, әке кейін тартып тұрса, ол үйдің тәрбие қазығы бекем қағылған деп айта алмаймыз. Осыған орай біз бүгін «Отбасында әкенің орны қандай?» деген сауал төңірегінде Ақсу ауданындағы оқырмандармен әңгіме өрбітуді жөн көрдік.

Алма ЕСЕНБАЕВА
"Жетісу"

БАЛАЛЫҚТЫ ДАНАЛЫҚПЕН БАҒАЛА

Н. ҚАСЫМБЕКОВ:

– Жасыл желекті жайқалып өсіп келе жаткан жастарға қамқорлық жасап, ақыл-кеңес беріп, заманымыздың жаңа талаптарына лайықты тәрбиелеп, тұлға ретінде жетілуіне бірден-бір жол ашатын жан – ата-ана.

Рас, бүгінде ұлттық тәрбиеде бәрі жақсы деп айта алмаймыз. Ел болған соң, шіркін «естісі де, есері де болады». Әңгімелердің ирағында «ақылмен жүріп, анық басып», ұрпағын тәрбиелеп өсіріп, абырой-беделмен жүріп-шылыққа үлгі-өнеге болып жүргендер жетерлік. Сонымен бірге өмір бойы жинап-терген алдаған жақсы қасиетіне не бола алмай, осалдық танытып шашыратып алып, қайтадан тере алмай жүрген кейбір осал әкелердің де бар екенін мойындаймыз. Отбасында ұлағатты өсиеттің орнына ией кезде мән-мағынасыз бос сөздің айтылатынын, тәрбиелеп отырған ұлқылын алдында іркіліп да ішіліп, көк түтіні көмілің, темекінің де мәдайтынын көріп те жүрміз. «Болған-толған» осы екен деп, тәубаға келе алмай құдайшылықты ұмытып кететін «жетесіз әкелердің» де арамызда кездесетіні қынжылтады.

Ұлттық рухани асыл мұрамыздың ұзағындағы үгіт-насихат, талим-тәрбие жүйесі түрде жүргізілмей төмен деңгейге болуының салдарынан күнделікті тоқасыз теледидар және басқа да жолмен беріліп жатқан ағыс-шағыс, жорық-жомбалық, апыл-ғұпыл кешу, адамдарды ажуасыз қылжақ ету сияқты жағымсыз жайттарды ести алып, бүгінгі жастардың өмірлік ұстанымдарының бәйгеге тігіліп, ұлттық құндылықтарымыздың ұмытылып бара жатқаны жасырын емес.

«Болса тарпа, жоқ сау өскен қыпшақ» дейтін, бәлкім ұлтқа, халыққа жүрегі жоқ тағылып» – дегендей, отбасындағы әке-шешесінің, қоғамдық ортаның талап-тәрізін күшейтілмей, саналы тәрбие де, сапалы, мағыналы өмір де болмайды. Қазақтың «Ата – балаға сыншы» деген сөзі ежелгі дәрежелі ұғылсын, әрнамысына тисін, ұғылсын. «Ақылсыз айқай тіл шығарады», – дегеп, әр кәрсете мән бере отырып, сөзіңді дұрыс жеткізе білсең, естігің құлақта, тыңдайтын ойлы бала да табылады. «Ата – балаға сыншы». Дегенмен, «балаңның балалығына – әкенің даналығымен» қара, қандай істі болсын қасыңа шақтырмай, байлатып, сабырмен шешіп отырған жөн.

Соңғы уақытта көпшілік әке тәрбиеден шет қалуда. Баласының тәрбиесін анаға жүктеп қою жиі кездеседі. Мектепке жиналысқа барамын да көбінесе ана, балаға бірнәрсе кажет болса, соны таудың беретін де – ана. Ал әке рөлі төмендеуде. Бұған бірнеше себеп: жайбарақаттық пен жалқаулық. Осының салдарынан үйдегі әйелінің балаңар үшін алатын жәрдемақысына немесе отбасында қария болса, соның зейнетақысына күнелтіп, уйқұшақ, масыл болып отырған әкелер қаншама? Уақытын қалай өткізерін білмей, ші пысып, әр нәрсеге бір соқтығған ер азаматта қандай бедел болсын. Оған деген жарының, балаларының құрметі де төмен болады.

Ішіп алып теппірсіп көше кезіген әкенің терс тәрбиесінен балаларың да болашағына балта шабылады. «Алма алма ағашынан алысқа түспейді», – дегендей, осы сорақы қылықты көріп өскен бала ертеп оны қайталайды. «Әкем шеді, неге маған да шішеске» дегеп ой шікі түйсігінде қылаң беріп тұрады. Ал шімдіктің салдарынан қаншама отбасы ойран болып жатыр. Өйткені, отбасының діңі, темірқазығы – ер адам. Үй-ішінің жайлы өмір сүруі, бала-шағаның тәртіпті болып өсуі – отағасының ақылы мен еңбеккорлығына байланысты. Әйел қанша табыс тапсын, оңымен ол кейбір жыртықты жамауы мүмкін, бірақ отбасының көсегесіи көгертіп алмайды. Ал еркектің тапқан кішкене нәпақасының шаңырақтың шаттығын асырып, іргелі іске жұмсалып жататындығын өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Сондықтан әйел үйінің берекесін келтірсе, сол берекеге берік негіз қалайтын ер адам екенін ұмытпайық. Әке мақты, көрегенді болса, одан таңдар тарпан бала да жалыңды, жігерлі, мәрт жүректі болып өсері хақ.

ӨНЕГЕ БІЛІММЕН ҰШТАССА...

К. АБЕУОВА:

– Қазіргі кезде ата-ана, көбінесе әкелер тіршіліктің күйбеңімен алысұрып, жұмыс бастығынан арыла алмай, ақша тауып отбасын асырау, материалдық жағдайын жасау қамымен жүр. Ал, тәрбие екінші орынғаысырылып қалған. Оған себеп жеткілікті: әкелер отбасында үнемі бола алмайды, үйден тыскары жерде жұмыс істеп, бала-шағасын ұзақ мерзім көрмейді. Сол себепті бала тәрбиесі анаға ғана тиесілі болып қалған. Отбасында әке тәлімі жетпей жатқанда, мектеп жасындағы балаға әке тәрбиесінің жұрнағын бере алатын ер ұстаздар қатары да сирей түскен. Бүгінде ер мұғалімдер ұжымдағы ұстаздардың 5-10 пайызын ғана құрайды. Онда да сынып жетекшілік, яғни тәрбиешілік қызмет атқармайды, көпшілігі дене шынықтыру және технология пәнінің мұғалімі болып келеді. Ал, ұл бала тәрбиесінде әкенің, атаның, жалпы ер адамның алатын орны ерекше. Әйел қанша ақыл айтқанмен ол баланың жетесіне жетпеуі мүмкін, ал әкенің бір кесіп айтқан өктем сөзі ерекше әсер етеді. Ол балаға мың күн язық. Өзімізде бала кезімізде әкемізден қас-қабағына қарап өстік. Ер адамның айтқан сөзі бір үшін зая болды. Одан жаман болғанымыз жоқ. Бүгінгі балаға бұрынғыдай тәрбие беріп, қатал ұстау мүмкін емес шығар. Дегенмен де әкенің көмегімен бала көшеге күшеген отбасының қорғаушысы, асыраушысы екендігін сезініп өсуі тиіс. Сондықтан әке қажет кезінде баласының қасынан табыла білІп, әртүрлі тақырыпта, оны мазалап жүрген сұрақтарға жауап беретіндей жан әңгіме-дүкен құруы керек. Баласының мәселелері әке үшін маңызды екенін сездіріп, перзенті алдында өзінің әлсіздігін, білместігіп көрсетпеуі тиіс.

Тәрбие дұрыс берілуі үшін үйде ата-ананың, мектепте ұстаздың айтқан сөзі үндесіп жатуы керек. Әр отбасындағы тәрбие – өзінше жеке ілім, жеке дәстүр. Әкесі бар бала мен әкесі жоқ жеткіншектің тәрбиесінде елеулір айырмашылық кездеседі. Әкесі қайтыс болған отбасындағы бала үшін «Әке» деген сөз қасиетті, оның бейнесін анасының айтуымен, өзінің білуімен ұлғі етіп, өмірге бейім, өзіне ғана сенетін, анасына қамқор, намысшыл бала болып тәрбиеленеді. Ер адамның сөзіне, ақылына құлақ асады. Ол үшін досының әкесі де, ағалары да ұлғі. Әкесі масқүнем, үнемі ағай-шу шығарып жүретін отбасындағы бала ашуланшақ, жасық, сабаққа ынтасы болмай, өзін өзгеден төмен санап, қорланып өседі. Әке тәрбиесінің дұрыс берілмеуі бала болашағына үлкен әсерін тигізеді.

Мысал ретінде айта кетсем, мектеп ішінде өткен сынып сағатында мұғалімнің: «Қазіргі аталардан өсиет немесе нақыл естіп көрдіңдер ме?» – деген сұрағына оқушылар: «Жоқ, естіген жоқпыз», – деп жауап берді. Осының өзі әкелер мен аталардың ұрпақ тәрбиесіне жеткіліксіз деңгейде атсалыса алмай отырғандығының бір дәлелі.

Өз тәжірибемде байқағаным, қазіргі әкелердің тоқсан пайызы баласының сабағына алаңдамайтындығы. Мектепке перзентін ертіп келіп, ұстаздың алдында ғана ұялып, қызарып тұратын әкелер аз емес. Ер ұстаздарды мектепке көптеп тарту үшін ұстаз беделін барынша жоғарылату қажет. Біздің кезімізде үлкен кісілер алғыс айтып, бата берушеді. «Мұғалім бол, балам!» – дейтін. Неге десеңіз, ол заманда ұстаздың рөлі биік еді. Ауылдағы ең құрметті адам саналатын. Бүгінде мұғалімнің табысы төмен, материалдық жағынан кеп нәрсеге тәру. Сондықтан жас жігіттер ұстаз болуды армандамайды, мұғалім мамандығын меңгеріп, мектепте жұмыс істеуге ұмтылмайды.

Отбасындағы әке рөлін, баланың әкеден алатын тәрбие-тәлімін басқа ешпене де ауыстыра алмайды. Алыска бармай-ақ әкесіз отбасында тәрбиеленген балалардың өміріне зер салу арқылы-ақ бұған көз жеткізуге болады. Бұл тек материалдық жағдайға ғана қатысты емес. Анасы қанша ақылгөй, парасатты, қажырлы, қайратты жан болса да әкенің орнын жалғыз өзі толтыра алмақ емес. «Әке – асқар тау», – деп бекер айтылмаған ғой. Ол – балаға да, оның анасына да пана, қорған, сүйенің болатын адам. Бірақ, барлық әке осы атқа лайық емес пе?! Мектепте де солай...

ЖЕТІ ҚАЗЫНА

Тазыны бақтаған, ақ алған


Тазы бақтаушы АЙБЕК.

Қазақ қашанда наным-сеніммен ғұмыр кешіп, ұрпақ тәрбиелеген емес пе?! Ата-бабамыздың өмір сүру қағидасында жеті қазынаның алар орны ерекше болғандығы ақиқат. Жалпы, жеті санын ерекше қастер тұтатындықтан болар адамның тұрмыс-тіршілігін де жеті қазынамен байланыстырғаны белгілі. Тегінде жеті қазынаны шаңырақты асыраушы ер-азаматтың өмірімен ұштастырған халқымыз оған мыналарды жатқызған екен: жүйрік ат, қыран бүркіт, құмай тазы, берен мылтық, қандыұлы қақпан, мәйданғы ау, атжіп көздік.

Бүгінде жиі қолданысқа енген денсаулық пен ақ жаулық та жеті қазына ұғымының мәнін арттырып қана қоймай, тәрбие тірегіне айналуда. Біз жаңа айдарымызды адамға серік әрі тұрмыста қамқоршы болған, қиын-қыстау кезеңде ауыл үйдің асыраушысына айналған ит тұқымдастардың төресі – тазы жөнінде өңгімемен ашпақпыз. Себебі ол, жеті қазынамыздың бірі ғана емес, қатары сирек бара жатқан, қадір-қасиеті жоғары хайуанаттар қатарынан.

Үйсінбай ИСАБЕК
"Жетісу"

Талғамы мен сымбатын сәйкестіккен

Аңшылық кәсіпті тұрмысына тірек еткен қалқамызда тазыны ерекше құрметтеп, оған аса мән берген белгілі. Ан соңына түскен тазының жүгіргендегі көз ілестірмес жүйріктігіне бірде бір ит атаулы шексіз алыстан көрінеді. Оның шалт қимылы мен епті ілгері, ширақтығынан тырнағына ілінген аңның қай-қайсы да құтыла алмайтын болған. Тазының тегіп зерттеу ертеден басталғанмен дерек көздерінде кешінен баяндалады. Онда қазақ тазысының бозмыс-бітімі басқа елдердің тазыларынан әлдекайда ұзын әрі салмағының артық, дене бітімінің өзгешелігімен ерекшеленетіндігі жазылады. Сонымен «Тұғырынды күтпей, тазы күт, тазыны бақпа, тойғаң жүрт» деген тәмсілі тілге тиек етіліп Алматы қаласының тұрғыны, халық емшісі Жүрсін Бұралқиевтың тазы өсірудегі мақсаты – халқымыздың мақтанышына айналған тазының санын көбейтіп, сақталуына себін тигізу екендігін әңгіме ауанынан түсіндік.

Алматыдай алып шаһардың кең ортасында емшілік кәсіпетімен жанына шипа іздеген жандарға кеңінен танылып, науқастарға қол ұшын беріп отырған әдемінің қорасы толған тазы дегенге кім ілана қойсын?! Бірақ, оның солай екендігіне сенген емес, көрген бізбен көз жеткізіп қайттық. Қыс қыырына мініп, ақпан күндерге қарамастан жүртшы жаппай жылдық көңіл-күйі ортаймаған Айналадағы мерекелік безендірулер мен жасыл шыршалар көңілге шуақ шашып, жаңа күннен үміттендіреді. Алатаудың жиегіне жаңа ізденген бұтасы күннің себезгілеген сәулесінен болмашы жылу бөлініп, сарышұнақ аязды бетін қайтарғандай болғанымен, суық дене қариды. Апақ қарменшағылысқан күн сәулесі ақ мәрмәрдай шашыла жылтылдайды. Жаңарғанның көрінісі көрініске балаша қуанасың. Алаңдағы шашқын келеді кір шалмаған ақ қарды. Табан астында сықырлаған қардың дыбысы да жанына жағып, көңілің шалқытады. Аяғы күшті, қимылдағы көп болғанымен қыстың да өзіндік қызығы барын жүректің сезінесің.

«Естіген құлақта жазық жоқ», – демеуші ме еді?! Тақырыпқа сұранып тұрған тазылардың қай шамада екенін елден естіп түсналдаған мен, алып қала ортасындағы ірігелі ауданның әкімшілігі жанындағы қысқа көшені бойлап келемін. Көше атауы мен үй нөмірне тіпті назар аударместан, бар жайынм әр аулада шәуілдей үрген иттің үнінс ауған. Сондағы ойым, қай үйден топ иттің даусы естілсе, менің бет алған кейіпкерімді дәл табамын. Жоқ, анығы айналған тазыдан бұрын несі көзіме шалынды. Қолына шелек көтерген жігіт ағасын көрген бойда сонадайдан жүгіре басып келемдесе, жөн сұрағанымда мен іздеген емші Жүрсіннің дәл үстінен түскенімді ұғындым. Ауладан иттің үні көрінбейді. Тіптен, иткс толы дейтін қораның бары да байқалмайды.

- **– Шынымды айтсам, мен сіздің үйді үлкен қора мен көп иттің жарыса шулап үргенінен табармын деп едім, – дедім өзімді таныстырған соң.**

– Тазы жай иттер сияқты шабаланбайды. Адамға өте жақын, үрп, қауып мазаны алмайды, – деген емші ортемен келгендердің алдынғыларына емін жүргізе отырып, әңгімесін өрбітті.

Байқауымша, мұнда ауруына араша іздеп келген кісілердің карасы күн көтерілмей-ақ көбеє бастағанға ұқсайды. Келіп, жетуіне қарай кезекке тұрғандар қатарында әр түрлі жас деңгейіндегі адамдарды кездіктіресіз. Қай-қайсының жанарынан сенім мен үміт оты ұшқындайтындай. Алақанынан болшетін биоэнергиямен және Құранның дұғаларымен науқастың дертіне шипа бол жүрген Жүрсінге емшілік кәсіет жеті атадан дарығандығы тілге тиек болды. Арғы тегін айтпағанда, бергі Райымбек ауданының Жалаулы ауылында тұрып, бертін келе дүние салған Қуандық атаның алдынан өтпеген науқас кемде кем болған шығар. Кеңестік дәуірдің оңашс науқастардың дәрігерлерден бұрын осы кісіге көбірек жүгінетіндігі бала кезімізден есімізде қалыптасқан. Ал есімі ел жадында қалған емші Қуандық атаның құрдасы талай жылдар имам болған Сәнияз ақсақалдың да бойына ерекше қасиет дарыған екен. Осы аталарының жолын қуып, тамыр басып, дертін анықтап, ем-домын жасап жүрген Жүрсін Нұрмұханбетұлының тазы өсірумен айналысқанына 7-8 жылға жақ басқан. Таза тазының тұқымын тауып, оны көбейтуді өзіне мақсат қылысқанына қойған ол алғашында бірді-жарым тазы ұстаса, кейіндеп келе олардың санын 20-ға жуықтаткан көрінеді. Қатар қолында солардың 10-нан астамы қалған.

– Халқымыз тазыны тек саятшылыққа пайдаланған ғой. Қоражайды, малды күзетуге төбеттерді өсірген. Құмай тазы деген өте жүйрік, қуғанын алмай қоймайтын мықты мағынасында айтылған. Әкем көп жылдар бойы қой бағып, жаз – жайлауда, қыс – қыстауда өмірін өткізді. Саят құрып, аң ғана түсетін кездері аз емес еді. Қолында малын иткұстан қорғайтын тайыншадай төбеттері мен түлкі, қояң атаулының адымын аштырмайтын тазылары да болды. Сондықтан иткс құмарлық бала кезімізден қалыптасқан. Әсіресе, тазыны өсірудің өзі рахат дүние емес пе. Оны ит деп атау орынсыз. Тазының тазалығы мен сұлулығы көрер көзді қыздықтырады. Ата-бабаларымыз сол себепті оған киз үйінің ең жағына киз төсеп, арнайы орын сайлап берген. Менің әкем де солай ететін. Жүні сидам болғандықтан басқа иттер сияқты қатты сыққа аса төзе бермейді.

- **– Онда тазының талғамы да жоғары болар. Оларды немен қоректендіресіз? Тазы түлігі балашағаны әзер асырап отырған мынандай қымбатшылықта тамағын табу қиынға соғып жатқан жоқ па?**

– Бүгінгі ата-бабаларымыз ит-ті жеті қазынаның бірі дегенмен, оның үйге кіруіне, ыдыс-аякка бас қоюына қатаң тыйым салған, жолатпаған ғой. Солардың ішінде тазының ғана үйге кіруіне мұрсат берген. Өйткені, тазы өте таза, ер нәрсені жей бермейтін кіршіяз, талғампаз боп келеді. Қыста үй ішінде жатқан. Мен тазыларыма өлім сүтке ботка қайнатып беремін, базардан ет алып азықтандырамын. Қалтаға салмақ салса да, асыраугә зәресіп. Себебі тазы – халқымыздың мақтаны. Соған қарамастан саны тым азайып барады. Ұлтымыздың құндылықтарын әспеттеп, оған үлес қосуды міндетім санаймын. Қымызымызды – немістер, қазақ үйімізді тағы біреулер меншіктеп алыпты дегенді естіген сайын сай-сүйегім сырқырайды. Сондықтан да, тазыны бағып-қағу мен үшін мақтаныш.

Оларды қорада қамап қоймай, күшігімен қоса қала сыртына алып шығып, қосілтіп жүгіртіп, қоянға, түлкіге, қарсаққа жіберіп, ан ғдеп, із кесуге баулып тұрамыз. Қалада тазыларды қорғау федерациясы жұмыс істейді. Қазағымыздың ұлттық мақтанышына, брендіне айналған тазыны қорғап, оның көбеюіне ықпал етіп отырған осы федерацияның мүшесімін. Жеті қазынаның бірі – тазылардың қамқоршысы болған жігіттер бұл орайда ауыз толтырып айтарлық жұмыстарға ерекше қолдау көрсетсе. Сәкен Жүнісовтің романында оны басқа қырынан танисыз. Зерттеушілердің еңбегіне сүйенсек, Ақан Ақтоқтымен сөз байласып жүріп, некесіз қиылған Үркия атты қызға ғашық болып, оны алып қашады. Төре тұқымына ұзатылғалы тұрған қызды алып қашу ел арасындағы егеске әкеліп соғады. Бірақ, көшпелілер заңының кейбір мүмкіндігіне сүйенген дала соты Ақанды ақтап алады. Үркиядан екі балалы болған Ақанның сонда да бойындағы желіқті басылмайды. Кейін Ақтоқтыны Жалмұқанға ұзатар түста айналып келіп, Ақтоқтыны алып қашып, оның өлімне себепкер болады. Аңызға сүйенсек, «16 қыз» анн Ақан жазған, орыс қыздарына ағпаш ғашық болып, кейбір ұнамсыз қылыққа барғанда Ақан дейтін тәкаппар кездеседі. Қарап отырсаңыз Ақан – пендешілдігі басым, қайшылығы мол тұлға. Әрине, пендешілдік әрқаның басында бар. Өйткені, біз аңықат деп сезінген дүниелер басқалар жағынан қателік болуы мүмкін. Біз қате деп жасаған кесімді, енді біреулер дұрыс жағымен қабылдауы да табиғи құбылыс. Жалпы қарай адамның таным-түсінігі өзгермелі келеді. Пендешілдіктің де түп-тамыры осында. Бірақ, сахнаның міндеті – көрерменге замана тұрғысынан әңгелеліп, бәреке-бірлік тұрғысынан талім беру. Сондықтан тек қана тарихқа қатып қалу қойылымның бағын ашпайды. Мақсат – кейіпкердің ең үнамды түстарын тапдап алу әрқилы. Сол жолдан мән-мағына тауып, көрерменің талғам таразысына ұсыну.

Шынтуайтына келгенде, Ақан жасаған дәуірдің өз отарлық пен ұлт болып қалудың ортасындағы жанталасқан қайшылықты дәуір. Сондықтан дәуірдің адамға белгіл денгейде әсер етуі мүмкін. Ақанның да кей істі шала ойлап, шалт қимылдауы, бытайша әңгімеңде пендешілдікке бой алдыруын жоққа шығара алмаймыз. Ал дің мен өнер ортасындағы әр дәуірдегі пайым мен түсініктің қалай болғанын мақалаңын басында айтып кеттік. Бұл міндетті Түркия биғігі күннің идеясының ерекшелік режиссердің сахтына жүк сарапшындығы деңе. Сондықтан сахнадағы Ақанның бейнесін үнамды жағынан жіктеп, ақтоқтыны Ақанға сәйкес жұп ретінде көрсетуге ұмтылғанын сездік.

Осы қойылымдағы ең нәзімды немесе жағынды рөл Ақанның бейнесі. Расында, қазақ өнер тарихындағы шынайы Ақанның өмірі де, тірлігі де, ұстанымы да ерекше, қалтарысы мол кейіпкер. Егер Ғабеңнің пьесасында Ақанды аңша, Науан хазретті сұрқия адам ретінде көрсетсе, Сәкен Жүнісовтің романында оны басқа қырынан танисыз. Зерттеушілердің еңбегіне сүйенсек, Ақан Ақтоқтымен сөз байласып жүріп, некесіз қиылған Үркия атты қызға ғашық болып, оны алып қашады. Төре тұқымына ұзатылғалы тұрған қызды алып қашу ел арасындағы егеске әкеліп соғады. Бірақ, көшпелілер заңының кейбір мүмкіндігіне сүйенген дала соты Ақанды ақтап алады. Үркиядан екі балалы болған Ақанның сонда да бойындағы желіқті басылмайды. Кейін Ақтоқтыны Жалмұқанға ұзатар түста айналып келіп, Ақтоқтыны алып қашып, оның өлімне себепкер болады. Аңызға сүйенсек, «16 қыз» анн Ақан жазған, орыс қыздарына ағпаш ғашық болып, кейбір ұнамсыз қылыққа барғанда Ақан дейтін тәкаппар кездеседі. Қарап отырсаңыз Ақан – пендешілдігі басым, қайшылығы мол тұлға. Әрине, пендешілдік әрқаның басында бар. Өйткені, біз аңықат деп сезінген дүниелер басқалар жағынан қателік болуы мүмкін. Біз қате деп жасаған кесімді, енді біреулер дұрыс жағымен қабылдауы да табиғи құбылыс. Жалпы қарай адамның таным-түсінігі өзгермелі келеді. Пендешілдіктің де түп-тамыры осында. Бірақ, сахнаның міндеті – көрерменге замана тұрғысынан әңгелеліп, бәреке-бірлік тұрғысынан талім беру. Сондықтан тек қана тарихқа қатып қалу қойылымның бағын ашпайды. Мақсат – кейіпкердің ең үнамды түстарын тапдап алу әрқилы. Сол жолдан мән-мағына тауып, көрерменің талғам таразысына ұсыну.

Шынтуайтына келгенде, Ақан жасаған дәуірдің өз отарлық пен ұлт болып қалудың ортасындағы жанталасқан қайшылықты дәуір. Сондықтан дәуірдің адамға белгіл денгейде әсер етуі мүмкін. Ақанның да кей істі шала ойлап, шалт қимылдауы, бытайша әңгімеңде пендешілдікке бой алдыруын жоққа шығара алмаймыз. Ал дің мен өнер ортасындағы әр дәуірдегі пайым мен түсініктің қалай болғанын мақалаңын басында айтып кеттік. Бұл міндетті Түркия биғігі күннің идеясының ерекшелік режиссердің сахтына жүк сарапшындығы деңе. Сондықтан сахнадағы Ақанның бейнесін үнамды жағынан жіктеп, ақтоқтыны Ақанға сәйкес жұп ретінде көрсетуге ұмтылғанын сездік.

ТЕАТР

Төрт құбылысы Тең қойылым

Ақан сері–Ақтоқты – әдебиеттанудың көрнекті сөз зерттеуші Рабит Мүсіреповтің алғаш қламмасын пұшпақ жариялаған жарық жұдырығы болған атақты әртістер ойнап, Ақан сері бейнесін Ш. Айманов, Ақтоқтыны Ш. Жиндербекова, Науан хазретті К. Бәдыров, Жалмұханды Ғ. Өмірзақов, Қоңқабайды С. Қожамқұлов, Мыңқұлды К. Күлмырзаев сомдаған еді. Әу дегеннен, шығарма қазақ драматургиясы мен театр өнерінің жарқын жаңа бір белесі деп бағаланды. Сол күнмен есептесек, «Ақан сері–Ақтоқты» сахна төрінен түспей келе жатқанына жетпіс бір жыл толыпты. Сол қойылым өткен жылы шаңдық-орындық көрермендс жоғ тарихқа еді. Түсукөсерінде-ақ, жұртшы өзіне бөгреп алған қойылым облыстық театр сахнасында бірнеше рет қойылса да, жаңғыпаңдыпы, шарпымдылығы, заманил сәй үйлесімділігімен көрермендің алғысын бөлестіп келеді. Осы тұста мұндай шығармалық қойылымның сәтті қойылғаны ма? Әлде Ақанға деген сүйіспеншілікпен жоғарылығы ма? Жоқ, театрға деген көрермендің ықыласының нығаюына себеп болды ма? деген сұрақ көпшілікті ойландырады.

Қажет АҢДАС
"Жетісу"

Өлбетте Ақан сері әңгіме ғана емес, өзі жасаған дәуірдегі келеңсіздікке батыл қарсы шыққан күрескер. Десе де, бүгінгі жастар Ақанды әңгіме және сері ретінде қабылдайды. Сондықтан қойылымды тамашалауышыларда басында сондай көңілкүйменіғы. Ақанның өнін тыңдап, сусаған көңілге сәуле түсіруді мақсат етіп келетіндей жасыра алмаймыз. Алайда Ғабеңнің қолынан шыққан «Ақан Сері–Ақтоқты» пьесасы Кеңестер одағы тұсында айта берсек, коммунистік идеологияның «Ақ дегенін алпыс, қара дегенін қарпыс» болып тұрған мезгілде жазылды. Сондықтан оның сол қоғамдық жүйенің ұстанымынан шықпай, бағытынан ауытқып кетпейтіндігі анық. Тіпті, 1958 жылы қазақ мәдениеті мен өнерінің он күндігі өткенде «Ақын трагедиясы» деген атпен Мәскеу сахнасында көрсетілген пьесаны сахналаудың бір қарағанда еш күпия сыры қалмағандай көрінуі мүмкін. Жоқ, олай емес. Коммунистік дүниетанымдық идеология қалыбынан шыққан шығармаларға бүгінгі көзбен қарағанда: «Осы қалай болар екен?» – дегізетін түсініксіз тұстары көп кездеседі. Мысалы, ол заманда елдің санасына дін қызметшілері – қожа, молдалар халықты қанаушы үстем тап өкілдері, олар бай-мәнапгармен бірігіп, қарапайым қалың бұқараны тұқыртып, санасын дін әсіресімен әдейі ұлап тастап отырды дегендн тыжғылаумен болды. Сол себепті бұрынғы көрермен Науан хазретке қаны қарайып, қиналысына қыбы қанып, іс-әрекетіне жек көрініс қарасқ, сол кешегі дәнсіздіктен маңғұрттенгіп кете жаздап, қазір ғана ес жинап, дүниеге жаңаша парасат көзімен таяу бастаған бүгінгі көрермен мүлде басқаша пайымдайды. Сондықтан аталмыш қойылымды бүгінгі сахнаға шығаруда көп қиындықтың туындайтыны айдан анық. Бірақ, Б. Римова атындағы облыстық театрдың жас режиссері Ұлан Ахмет бүгінгі Ақанды өзіндік өмірдегі орнын тауып, өзіне лайық әйелін табуға ұмтылған, жалықпас Ақанға сәйкестендіре отырып, жаңашыл шешім қабылдаған екен. Ұлан Ахметтің ойынша, «Ақан сері–Ақтоқты» – ақын, жұртшы өзіне бөгреп алған қойылым облыстық театр сахнасында бірнеше рет қойылса да, жаңғыпаңдыпы, шарпымдылығы, заманил сәй үйлесімділігімен көрермендің алғысын бөлестіп келеді. Осы тұста мұндай шығармалық қойылымның сәтті қойылғаны ма? Әлде Ақанға деген сүйіспеншілікпен жоғарылығы ма? Жоқ, театрға деген көрермендің ықыласының нығаюына себеп болды ма? деген сұрақ көпшілікті ойландырады.

– Халқымызда: «Отыншыға орда бұзбасаң, қырығында қырат аспайсың». – дейтін ұлағатты сөз бар. Ал жұмысында жүгіріп шығып, жұртты елең еткізгендерді қалай бағаламайсың? Әрине, «Барекелді!». – деп жетістігіне желпінеміз. Кейде: «Жас емес пе? Мақтауды көтере алмай желпіп кетпесін». – деп сабырға шақырамыз. Дей тұрғанмен, арамызда ондай жандар санаулы ғана. Соның бірі – аталған спектакльдің қоюшы режиссері, жасы алпыстың да тоғасына қоймаған Ұлан Ахметов. Адамның бағын кейде әзіліңмен, кейде жүрген ортасы ашып жатады. Ұланға Тәңірқорған қаласының төрт жақты десек те артық айтқандық болмайды. Мұнда оның таланты біздің қалаға сәуле шашқан шығар. Студент кезінде ел үйренген облыстық театрға бір жола жұмысқа тұрған оның қолтығы жазылып, жолы ашылды. Айталық, «Ұйық» қойылымы арқылы жұртты елең еткізді. Міне, енді екінің бірі үлкен дайындықпен баратын «Ақан сері–Ақтоқты» драмасын жоғары деңгейде, көркемдік тұрғыда көрермен көз айдынына айналдырды.

Аталған драма бүгін дейін де қазақ сахнасының сөнбе айналғанын жасырмаймыз. Әр жылдары әр театрда өзгеше болмыс, соны ой, салмақты жаңалығымен ерекше тауып келді. Өйткені, «Ақан сері–Ақтоқты» – классикалық туынды. Оның қамтитын ауқымы кең, тақырыбы сан алуан. Мұнда бір дәуірдің тұтас көрінісі, тыныс-тіршілігі, әлеуметтік қайшылықтары бейнеленеді. Сондықтан оны сахналауға да аз күш кетпейтіні анық. Тіпті, рөлдерді сомдайтын әртістердің шеберлігі де жоғары болуы тиіс.


Бірақ, Ұлан мұның бәрін оңтайлы шешті. Расында шығармадағы оқиға Ақанның басынан жастық жалының есіп, бойындағы дарыны тасып, «Ақан жыр», «Ақан сері» аталып жүрген тұсы еді. Ал Ақтоқты болса 16–18-дегі сезімге елтіп жүрген әрмдей жас қыз. Әріптестерімнің айтуынша, Ұлан салмақты классикалық туындыны игере ала ма деген күдік-күмәнда болған екен. Тіпті, бұл қойылымды белгілі режиссер. Ұланның ұстазы Жанат Хаджиев 50 жасында, сахнаның тілін терең меңгерген тұсында қолға алыпты. Десе де, өзі жас, жастық жалының бойында паулап тұрған режиссерге шығарманың ирімін ирп әкету қиындық тудырған жоқ. Қойылымды көріп отырып, қоюшы режиссердің негізгі мақсаты – Ақанның өнердегі дарынын ашу емес, ол өмір сүрген кездегі алеуметтік теңсіздікті ашып көрсетуге ұмтылғанын сездік.

Осы қойылымдағы ең нәзімды немесе жағынды рөл Ақанның бейнесі. Расында, қазақ өнер тарихындағы шынайы Ақанның өмірі де, тірлігі де, ұстанымы


Режиссер – Ұлан АХМЕТ.


Қоюшы-суретші – Қарлығаш ШАЛАБАЕВА.


Жарық шебері – Аманбек ЕРДЕНБЕКОВ.


Ақан сері рөлінде – Еркебұлан АЙДЫМБАЕВ.

Театр – өнерп құбылысы кең өнер. Өйткені, театр арқылы өмір қоғамның ұнамды–ұнамсыз келбетін көресіз, сол арқылы ең бойындағы адамдық, азаматтық немесе басқа жақсыққа қастершілігін шенесыз. Дұрыс адам болуды үйренесіз, бұрыстық пен бұрыстықпен ұзақ шласыз. Бір қарағанда шынын ішіп сахнадағы әрпшстер ойыны спектакль көрінгенмсп, жанды дүние, шұпшстай бір таем. Осындай рухани оңаң қоздау мен қамқорлыққа зәру болмаса екен дейсіз. Әрине, бәрімз Оңтүстік пен Солтүстік, Шығыс пен Батыстың өнер ошуларын Жетісу құрғынын театр өнері арқылы жақын, сара жол салған Бикен Римова ашындағы облыстық театр ұжымының қандай бір өнер бәйгесіне қатысса да, қпқжақасының шоқ қайтпасының көрін келемз. Бұл бәрімзге орлық ңбырой. Тіпті, облыстық деңгейдеғы кез келген шараға қатысып, театрландырылған көрпістерп әрқилы-ақ ел ықласынан бағасын ұзаерсіз. Жыл сайын жаңа бес қойылым дайындап, оны көрермен тағарына ұсынудың өзі оңай шруа, ол дүние емес. Сондықтан қанағы жеңілмсп, қарымы қлпайған облыстық театр ұжымы мен оның шығарғын бүкпесіз жүрсіп әрпшстердің алдағы сыпдәрбін сүрпбей өтіп, Бикен апамыздың 90 жылдық мерейтойына шын пиғиу ұсынының сәтіне келіп жетті.



● Жыл келді!



Өмірқұл АЙНИЯЗОВ, Сүйінбай атындағы облыстық филормонияның өнішісі.

Жақсылықтың бастауы

– Ұлтымыздың барлық асыл қасиеті, салт-дәстүрі, өнері паш етілетін жаңымызға ерекше жақын мейрам – Наурыз. Бұл – халқымыз үшін ең қастерлі, көнеден жеткен тамырлыды мереке. Сондықтан да оның мәні зор, мағынасы терең.

Саралап көрейікші, тарихи тамырын тереңнен тартқан Наурыз – бар жақсылықтың бастауы, көктем мен еңбектің, жаңару мен рухани тазарудың, өнеуел бәйге елдістің, ірелеп өсіліс бірліктің, ырыс пен ынтымақтың жаңарған да мерейлі мерекесі. Бұл күні аспан денелері өздерінің ең бастапқы нүктелеріне келіп, күн мен түн теңеліп, адамзаттардың аузы ақ тілін, жер бетіне шаттық орнайды, дала тәсі дүбірге бөленеді. Аяйын-туысқан қауышып көрісіп, бір-бірін Наурыз көжеге шақырып, өткенге салауат айтып, болашаққа адал көңілмен, жақсы үмітпен қарайды.

Осынау қасиетті мерекеде, жаллы келіп отырған жылан жылында елімізге тыныштық, береке-бірлік тілеймін. Әрбір шаңырақта жолшылық болып, дастарқанымыз ақ қа толсын! Келген жылдан жақсылық күтетін қазақ деген көкпейілді, дархан жүрек халықтың тілегені дәйім орындала берсін!

ТАНЫМ

Қыдыр ата – ұғым, Қыдыр ата – киелі

Тарихты парақтап отырсақ, әр ұлттың әр кезеңдегі наным-сенімі, таным-түсінігі және тіршілік негіздеріне сай ойлап- тапқан аңызға бейім, бірақ, ақиқатқа жақын ұғымдар болған. Соның бірі – ұлтымыздың Қыдыр ата туралы пайым-түсінігі. Қиыр қонып, шет жайлаған бабаларымыз: "Ұлыстың ұлы күні Қыдыр ата келіп, ел мен жұртқа амандасады, жүрегі таза, пейілі бекем жандарға оның ықыласы ауып, бақ пен дәулет шаңырағына қонады", – деген сенімге иландай сеніп келген. Тіпті, барлық пен жоқтықты, байлық пен кедейлікті сол ұғымның төңірегінен қарастыратынымыз да жасырын емес. Бір мезгіл кеңестік саясат бұл ұғымды өшіруге тырысып, оның орнын Аяз ата сияқты ұғыммен айналдыруға күш салды. Дей тұрғанмен, тәуелсіздіктен кейін қайта түлеген қазақы таным, ұлттық сана жүрек түпкіріндегі сол ақиқатты қайтадан қозғап, жаңа қырымен жарқырата түсті. Бүгінде Аяз атадан гөрі Қыдыр атаға деген сүйіспеншіліктің арта түскенін байқап жүрміз. Осының себебін өңірдегі бірқатар өнер саласының өкілдерінен сұрап көрген едік.

Серік НҰРХАЛЫҚ, "Күрмет" орденінің иегері:

– Менің пайымымша, Қыдыр ата туралы сенімнің түп төркіні бүгінгі күннен қарауға болмайды. Ол ұзақ уақыттық сыннан өткен салиқалы ұғым. Қазіргі таңда көптеген адамдар Қыдыр атаны дінмен немесе Аяз атамен байланыстырып жатады. Бұл – дұрыс емес. Кеңінде өңірде өткен Наурыз думандарда Қыдыр атаның рөлін сомдадым. Сонда мерекелік шараны режиссерлердің шешімімен қобыз үнімен үндескен, Қыдыр атаның бастауындағы шерумен бастайтынбыз. Мұнда қобыз үні қазақ халқының арғы тарихынан сыр шертетіндігін ескеріп, Қыдыр ата жайындағы танымның арғы қабаттарынан көпшілікке ұғындыру еді. Тіпті, бұны – Адам атаның халық жадындағы жаңғы бейнесі деуге де болады.

Базарбек ТОҚЫМТАЕВ, Б. Римова атындағы облыстық драма театрының әртісі:

Халықтың санамында Наурыз айының 21-і күні Қыдыр ата ауыл-аймақ, үй-үйді аралап, амандасып шығады дейтін сенім қалыптасқан. Атаның бір сауысқы бұйынсыз жаратылыпты. Сондықтан қос қолдап амандасады екен. Осы кезде атаның бұйынсыз сауғасын сезінген адамға бақ қонып, дәулет дәріпті деген таным да бар. Біздің қос қолдап амандасу әдетіміз міне, осы ақиқатқа асасып жатыр.

Бүгінде ұғымымызда Аяз ата деген термин қалыптасқан. Шынтуайтына келгенде, Аяз атаның түп төркіні Қыдыр ата туралы ақиқатта жатыр. Әрімізге аян, түптұқиянымыз саналатын Ғұндар батыска ауып, ұйқыда жатқан Еуропаны құлдықтан азат еткендігін тарихи деректер растап берді. Сол кезде Ғұн жасақтарының соғыстан түсірген олжаларын Қыдыр ата барлық жасауылға тең-тедей бөліп береді екен. Бұл жосық кейінгі бейбіт өмірде Аяз ата болып түлғаланып, Еуропа жұртының санасына берік орныққан. Кеңес одағы кезінде бұл үрдіс бізге де жетті. Қысқасы, Аяз ата негізінде бабаларымыз парасатының үшқыны болған Қыдыр атаның прототиві деп ойлаудың тарихи құндылығы мол. Бір сөзбен айтқанда, кезіндегі көшпелі халыққа мейірімділікті, көпшілдікті, береке-бірлікті, молшылықты үлгі еткен Қыдыр ата Аяз ата болып қайта оралып отыр. Сондықтан жаңа жылда балаларға сауға ұсынатын Аяз атаның орнына Қыдыр атаны ауыстырудың еш ұятты жоқ деген ойдамын. Қайта, бұл – саналық тұрғыдан балалардың таным-түсінігін терендете түсетіндігі анық.

Кендебай ТЕМІРБАЙҰЛЫ, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері:

– Халқымызда: "Батамен – ел, жауынмен – жер көгереді" дейтін мәкал бар. Осы тұрғыдан келгенде Қыдыр атаның ең басты артықшылығы – қалың қауымға бата беріп, оларды болашаққа жетелейтін ұлы қасиетінде жатыр. Әлбетте, батаның сан түрі бар. Бірақ, Қыдыр ата жалпы қауымның атынан сөйлейтіндіктен, ондағы әрбір сөздің астарында терең мағына жатуы керек. Сонымен қатар, Қыдыр ата елді, әсіресе, жастар мен балғын балаларды болашаққа деген сенімге жетелеп, олардың балғын санасына ұлтжандылықты ұялатады. Дегенмен, әр жылдың өз ерекшелігі бар. Сонымен қатар, біз қазір тәуелсіз мемлекет ретінде өркениет пен өрліктің туын биік ұстап, болашаққа өз үнімізбен, жолымызбен бет алып бара жатқан елміз. Сондықтан, осы кездегі мерекелік шараның беташар батасында міндетті түрде осындай игілікті істер қамтылуы керек. Жастарды патриоттыққа үндейтін:


"Елбасымыз алысты көрсін,
Ел-жұртымыз табысты болсын.
Қыздарымыз сұлу,
Ұлдарымыз намысты болсын" дегендей, ойға жалын, бойға жігер беретін ұғымдар қамтылуы керек. Сондай–ақ, Наурыз бата үлкенге де, кішіге де ортақ ұғым қалыптастырады. Былайша айтқанда, әр жастағы адам бата сөзінен өзіне керекті нәрсені тауып, сол арқылы бойындағы жақсылығын асыра ды, жамандығын түзетеді. Ал Аяз ата балаларға базарлық таратады. Расында, оның кішігірім сыйлығына қызыққан аңқау балғындар Аяз атаны асыға күтіп жүретінін жасырмаймын. Алайда, үлкейе келе бұл қылығынан ұялатыны тағы бар. Өзімізде сондай көңіл күйді бала шағымызда бастан кешірдік.

Біраз жыл облысымызда өткен Наурыз думандарда Қыдыр ата рөлін сомдап келдім. Әрине, басқа сахналық рөлдерге қарағанда оның жүгі ауыр екенін мойындаймын. Расында сахнада жүрген жылдарымда көбіне батыр, би, қаһан, хандардың рөлін көп ойнадым. Онда өңменен ызғар шашып, көзінен жалын есіп тұру керек. Тағы бір жағынан, қаһарлы немесе карапайым болып көрінуің керек. Ал Қыдыр атаның бойынан өмірде қандай кейіпкер болса соның барлық қасиеті, ішкі дүниесі көрініс табуы керек. Көпшілік сенің үніңнен, жүрісіңнен, кимыл-қозғалысыңнан адамдық болмыстың барлық сипатын көріп тұруы керек. Ол үшін көп еңбектенген жөн. Қыдыр ата рөлін "Сегіз қырлы, бір сырлы" әртіс қана сомдай алады. Сахна өнерінен хабары жоқ адамдар бұл рөлді сомдаса күлкіге қалатыны анық. Ал Аяз ата бейнесінен аса көп құпияны күтудің керегі жоқ. Ұзын шапаны, салалы сақалы, қолындағы таяғы болса болғаны. Осы заттардың шінде кім тұрса да балалар оны Аяз ата деп таниды. Ал үлкендер үшін қызықсыз. Қысқасы, Қыдыр ата тек мерекенің сәнін кіргізуші емес, ұлттық мәдениеттің ұшқырлығын танытушы кейіпкер.

Түйін: **Қалай айтсақ та, Қыдыр ата ұғымының халқымыз өмірінде ерекше қадірлі екенін түсінеміз. Дей тұрғанмен, осы қасиетті ұғымды жете түсініп, қадірлей алмай жүргенімізде жасырын емес. Басында айттық, бата - қазақ ұрпақтары үшін құнды мұра. Бірақ, арамызда дұрыстап бата жасап, елдің ықыласын алатын аталарымыз азайып барады. Неге? Оған атеизмді әбден санамызға сіңірген Кеңестік таным кінәлі. Сондықтан осы және бұдан да басқа құндылығымызды қайта түлету үшін Қыдыр ата дәріптеудің орны бөлекше деп ойлаймын. Осы қасиетті есімді жылына бір рет келетін Наурыз мейрамында ғана емес, оның жолын ұстанып, қасиетін бойымызға ұялататын іс-шаралар жүйелі түрде жүргізілін, жас буынның санасына сіңірсек, нұр үстіне нұр болар еді.**

Дайындаған К. АНДАС.

НАУРЫЗ НАҚЫШТАРЫ











Суреттерді түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ пен Аслан ҚАЖЕКЕ.

Көктемде

МҰҚАҒАЛИ.

Мына келген
көктем бе?!
Сүйісуде кептерлер.
Көз ұшында,
көк белде,
Түйісуде көк пен жер.
Түлап,
тасыр арналар,
Нөсер
құйып кеткесін.
Қыздырынып
тау қалар,
Жалаңаштап
көк төсін,
Тау бөктерлеп биледі,
Тамашалап ақ сағым.
Бөктер жақтың
үйлері –
Сарайындай
патшаның.
Қызыл-жасыл,
сарыала,
Аспа көпір шұғыла.
Екі жағын қадаған,
Екі таудың шыңына.
Аспан асты,
жер үсті,
Ойхой,
неткен көкпеңбек!
Кеңейтті ғой өрісті,
Көптен күткен
көктем кеп.
Мініп алып құр атқа,
Жігіт-кектем
шертіп тұр.
Бір келіншек
шуақта,
Есінейді елтіп құр.

Жетісу

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімдігі

МЕНШІК ИЕСІ: "Медиахолдинг "Жетісу Ақпарат" акционерлік қоғамы.

Директор-бас редактор Жақыпжан НҰРҒОЖАЕВ

Қабылдау бөлмесі және факс — 27-41-50, байланыс телефондары: бас редактордың орынбасарлары — 21-01-90, 27-41-83, жауапты хатшы — 24-38-16, ауылшаруашылығы, экономика және спорт бөлімі — 27-42-34, әдебиет және мәдениет бөлімі — 24-30-57, уақыт және әлеуметтік мәселелер, заң және ақпарат бөлімі — 24-36-07, білім және тағылым бөлімі — 24-32-43, фототілшілер –27-41-93, жарнама бөлімі — 24-29-82.

Алматы қаласындағы тілшілер қосымша —279-13-37 (факс), 279-13-86, 279-36-43.

Меншікті тілшілердің аудандардағы телефондары Үшаралда — 2-12-57, Панфилова — 9-12-27, Райымбекте — 2-22-05, Іледе — 2-19-33.

Газет табыс етілмесе — 8 (7282) 24-34-55 телефонымен хабарласу керек.

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2002 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАЗАНДА ТІРКЕЛІП, №3322-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы — Болашақ" ЖАҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.
М 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
П 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.

Газет аптасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.

Компьютерге терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат

КӨЛЕМІ — 2 баспа табақ.
ТАПСЫРЫС — 411.
ТАРАЛЫМЫ — 48 654.
ИНДЕКСІ — 65469.

Кезекші редактор: Қажет АНДАС.

Газетіміздің келесі саны бейсенбі, 28 наурыз күні шығады.

Жыл оқушысы

Басеке – ұмтылыс пен тәжірибе жинақтаудың жолы. Осы тұрғыдан келгенде мектеп оқушылары арасында өтетін сайыстар олардың білімін жетілдірумен қатар, біліктілігін де шыңдайды. Оның үстіне басқа да оқушыларға шабыт пен жігер береді. Сондай шараның бірі облыстық «Жетісу» газетінің демеушілік көрсетуімен қаламыздағы №16 орта мектеп-гимназиясында өтті. «Жыл оқушысы – 2013» деп аталатын мектепішілік байқауда бірқатар дарынды шәкірттер білгені мен түйгенін ортаға салып, жақсы қырларымен танылды. Байқауды мектеп-гимназияның директоры Салтанат Сүлейменова құттықтау сөзбен ашып, үміткерлерге сәттілік тіледі.

ШАБЫТ БЕРГЕН ШАРА

Аталмыш байқауға 10 үміткер қатысып, олар төрт кезең бойынша сынға түсті. Оларға облыстық «Жетісу» газетінің бөлім меңгерушісі Қажет Андас, №16 орта мектеп-гимназияның оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Бақыт Ахметова бастаған әділқазылар төрелік етті. Алдымен әр қатысушының өзі, отбасы, ұстаздары, достары, оқу үлгерімі, тағы басқа да мәліметтер жинақталған портфолиосын көріп шыққан әділқазылар, келесі кезекте үміткерлердің өзін-өзі таныстыру шеберлігіне куә болды. Содан кейін олардың шығармашылық шеберлігін сыннан өткізіп, алдын ала дайындалған тест сұрақтары бойынша білімін де сараптап шықты.

Расында, біз бүгінгі балаларды қанша қырынан сынасақ та, кейде олардың білімге деген құштарлығы мен білетінінің молдығын көргенде іштей риза болатынымыз бар. Байқау барысында да сондай ризашылыққа бөлендік. Әсіресе, 10 «а» сынып оқушысы Мадина Тәнірбергенованың өнер саласында жеткен жетістігі бізді қуантса, 10 «в» сынып оқушысы Амина Биахметтің спорт саласындағы жаңа қадамдары таңғалдырды. Ал 9 «а» сынып оқушысы Ақжан Ақбайдың қолынан шыққан қолөнер бұйымдарының түрі оның келешекте қазақ өнерін биік белеске шығаратын, он саусағынан өнер тамған шебер болып шығатындығын ұғындырды.

Қай қырынан келсек те сайыс тартысты өтті. Нәтижесінде Мадина Тәнірбергенова (10-сынып оқушысы) бас жүлдені, Амина Биахмет (10-сынып оқушысы) бірінші, Ақжан Ақбай (9-сынып) екінші, Зарина Ілиясова (10-сынып) үшінші орынды жеңіп алды. Қалғандары да арнайы тағайындалған номинациялармен марапатталды. Оларға диплом табысталды. Сол қатарда облыстық «Жетісу» газетінің ұжымы бас жүлдегерге ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың өлеңдер топтамасын сыйлап, демеушілік танытты. Бұл өз кезегінде мектеп оқушыларына үлкен жігер, шабыт берген қолдау болды.

Жанар АДАМОВА,
№16 орта мектеп-гимназиясы директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Шығармашылық кездесу

Қос тарлан

Туған жердің топырағы ыстық. Бұл жай ғана айтыла салған сөз болмаса керек. Оған Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, қазақтың мақтанышына біткен бұлбұл үнді әншісі Нұрғали Нүсіпжанов пен КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның халық әртісі, қазақ киноөнерінің майталманы Нұржұман Ықтымбаевтың жетісулық тұрғындармен кездесу кешінде көз жеткіздік. Екі ағамыз да қазақ өнерін жоғары биіктен көрсетіп, елдің ықыласына бөленіп жүрген жандар. Әсіресе, олардың тума талантына бас иіп, тәнті болып, сырттай тілектестік білдіріп жүресің. Бірақ, көзбе-көз кездесіп, пікір алмасқаның орны бөлек екен. Сондықтан болар кеш басталмас бұрын қаламыздағы баспасөз өкілдері І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында екі ағамызбен кездесіп, өнер мен өрлік, өмір мен басқа да білмек болған сұрақтар төңірегінде жауап алуды жөн көрді.



Қажет АНДАС
«Жетісу»

Кездесу келісті өтті. Себебі, журналистердің сұрағы ұтымды болса, көпті көрген, көп сөйлеп төселген ағаларымыздың жауабы да тартымды шықты. Расында жетпістің екеуіне келген Нұржұман ағаның көптеген фильмде басты рөлді сомдап, өнерсүйер қауымның жақсы сырласына айналса, Нұрғали ағамыз қазақ өнерін тамырлыжыта орындап, сахнаның сөнбес жарығын келтіріп, ән қанатын шарықтатып жүрген біртуар талант. Тамаша әңгімемен өрілген сыр-сұхбат барысында тағы бір жайға қанық болдық. Нұрғали ағамыз Талдықорғанды жиі келіп жүргенімен талдықорғандықтарға арнайы бір рет те концерт бермепті, ал Жетісудың тумасы Нұржұман ағамыздың туған ауылына ат ізін салмағалы елу жылдан асыпты. Бұл, әрине, «Өзі болған қыз төркінін танымайды» дегенді білдірмейді, «Жігіттің бағы емес, жұмыстың бабы билейтіндігін» көрсетеді. Басында Мосфильмде, кейін Франция, Италия, Америка, тағы басқа да шетелдік киностудияларының, кейінгі кезде Қазақфильмнің түрлі ұсыныстарымен киносаласындағы қиындығы мен қызығы мол уақыттарын өткізгендіктен елге келіп, түрғындармен кездесуге уақыты жар бермеген көрінеді. Ал «Туған жерге сағыныш» атты шығармашылық кеш сол балалық арманын ұштаған, жастық жалынына жігер берген туған жерге келуіне орай болды. Осы ретте, екі ағамыздың елге келіп, мауқын басуға республикалық Қалыбек Жалайыр атындағы қоғамдық қор мұрындық болды. Кездесу барысында аталмыш қордың төрағасы Өмірәлі Қопабаев ізгілікті іске із салған игіліктің ұрпақ жалғастығы, өнер тамырластығы үшін өнегелі бастама болатынын, бұл шараға облыс әкімі Ақсар Мұсахановтың да қолдау танытқанын айтып берді.

Бастасөз өкілдерімен кездесуден кейін екі ағамыз І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында шығармашылық кештің шымылдығын ашты. Кеш барысында Нұрғали Нүсіпжанов Сүйінбай атындағы облыстық филармонияның Мұқан Төлебаев атындағы оркестрімен бірлесіп, сазды әуенімен тыңдармanың төнті етсе, сол арада Нұржұман Ықтымбаевтың кино саласындағы рөлдерінен сыр шертетін шағын фильм көрсетіліп, одан соң Нұржұман ага тыңдармандардың кино өнері жайлы қойған сұрақтарына жауап берді.

Әңгіме мен актер екі саланың өкілі. Десе де, екі өнердің басын бір қазанда қайнатқан кештің тыңдарман жүрегінен терең орын алғаны анық.

Жас талапкер – 2013

Биылғы мектеп бітіруші түлектер алдында мамандық таңдау деген үлкен сынақ тұр. Олардың бірі болашақта қандай кәсіптің тізгінін ұстайтындығына нық сенімді болса, енді бірі әлде де шешім шығара алмай жүргені анық. Мұндайда белгілі бір бағыт-бағдар беріп, талапкерлердің таңдауына мүмкіндік ашу қажет-ақ.



ҚАНДАЙ ОҚУ ОРНЫН ТАҢДАЙСЫҢ?

Алма ЕСЕНБАЕВА
«Жетісу»

Жастар үшін мамандықпен қатар болашақта білім алатын оқу орнын да дұрыс таңдай білудің маңызы зор. Осыған орай Талдықорған қаласындағы орталық алаңда «Жас талапкер – 2013» атты мектеп бітіруші түлектерге арналған жоғары оқу орындарының жәрмеңкесі өтті. Оған еліміздегі іргелі деген 20-ға жуық оқу орны қатысты.

Шарада Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Галиаскар Сарыбаев сөз алып, жастарға мамандық таңдаудың маңыздылығы туралы айта келіп, бұл жәрмеңкеде олардың жоғары оқу орнын таңдауға мүмкіндік ашылып отырғандығын жеткізді.

Шараға қатысқан университет талапкерлер тарту үшін өзіндік жеңілдіктерін де ұсынып барады. Мәселен, Халықаралық бизнес академиясы оқу орнына 25 жылдығына орай талапкерлерге арнап «МЕГАШАНС – МАБ 25» байқауын өткізбекші. Онда логикалық ойлау тестінен және эссе жазудан сүрінбей өткен 25 талапкер ҰБТ немесе кешенді тестілеудің нәтижесі ескеріле отырып, жыл сайынғы оқу төлемақысының 25 пайызынан босатылмақ. Сондай-ақ, «Болашаққа – қазақ тілімен бірге» бастамасымен мемлекеттік тілді дамытуды қолдауға орай Халықаралық бизнес академиясының қазақ тобына түскен алғашқы 100 студентке 100 мың теңге жеңілдік қарастырылып отыр. Алматы қаласында орын тепкен «Қайнар» университеті де география, физика, биология, Қазақстан тарихы, шет тілі пәндері бойынша олимпиадалар ұйымдастырып, оның жеңімпаздарына 100 грант ұсынбақшы.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті былтыр білім беру гранттына, ақылы бөлімге де 70 бала бойынша талапкерлер қабылдаса, биыл аграрлық мамандықтарға 60 балмен түсуге мүмкіндік ашылып отырғандығын алға тартуда.

– 84 жылдық тарихы бар университеттің әскери кафедрасында жас ұлдар жыл сайын тегін білім алады, – дейді аталмыш оқу орнының өкілі, биология ғылымының кандидаты, есімдіктер шаруашылығы факультетінің оқытушысы Гүлсім Бақдолова.

Ал Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде әлеуметтік жағдайы төмен, бірақ, сабақ үлгерімі жақсы студенттерге 50 пайызға дейінгі жеңілдіктер қарастырылған. Бұл білім ордасы басқалардан студенттерді үш мезгілдік тегін тамақтандырумен ерекшеленді. Сондай-ақ, білім алушылардың жайлы жатақхана мен электронды оқу залдарымен қуанта алады. Барлығының бір жерде орналасуы студенттердің алынысқы білім алуына зор мүмкіндік туғызады.

Облыс орталығындағы І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде жыл сайын «Ректор гранты» тағайындалып тұрады. Оған республикалық, облыстық пән олимпиадалары мен ғылыми жоба байқауларының І, ІІ, ІІІ орын жеңімпаздары, халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері қол жеткізе алады. Грант «жақсы», «өте жақсы» оқу үлгерімі жағдайында 4 жыл бойы сақталады.

Спорт шеберлеріне оқу ақысы төмендетіледі. Ата-ана қамқорлығынсыз қалған жетім балалар жатақханада тегін тұрады. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балаларына жатақханада тұру ақысы жеңілдетілген. Оқу ақысын төлеуде ынғайлы жүйе қарастырылған.

Жәрмеңкеге қатысқан «Сымбат» – дизайн және технология академиясы колледжінің директоры Салтанат Омарбекова жас талапкерлерге «стеногрaфия» сахнаға шығатын әртістердің бет-әлпетін әрлеу мамандығын ұсына отырып, колледжге 76-80 балмен грант негізінде оқуға түсуге болатындығын алға тартты.

Сондай-ақ, шарада қатысқан Алматы экономика және статистика академиясы, Абылайхан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Халықаралық бизнес университеті, Алматы гуманитарлы-техникалық университеті, Еуразия нарық институты, Қаржы-экономикалық колледжінің өкілдері өз оқу орындарының артықшылықтарын айтып, жастарды қызықтырған сұрақтарға егжей-тегжейлі жауап берді.

Шара барысында оған қатысушы оқу орындарының әнпаздары концерттік бағдарлама, қызықты ойындар ұсынып, жеңімпаздарға сыйлықтар табыс етті. Мұндай маңызды шарадан жас талапкерлер көкейіндегі көп сауалға жауап тауып, қай оқу орнында оқуға болатындығы жайында бағдар алып, мамандық таңдауда да өзіндік бір шешім шығарып қайтқаны анық.

Премьер-лига

АҚЫСЫН ТӨЛЕСЕҢ...

Өткен сенбі күні футболдан премьер-лига ойындарының он бірінші туры аяқталды. Бұл жолы талдықорғандық «Жетісу» футбол клубы өз алаңында Қостанайдың «Тобыл» командасын қабылдады. Жерлестеріміз бұған дейін «Тараз» командасымен сырт алаңда ойын өткізген болатын. Таразбен тең тарқаған жерлестеріміз қоржындарына жалғыз ұпайды салған еді. Жалпы өткен жылдан бері өкініштен өзегін ортеп жүрген талдықорғандық футболшылар, жанкүйерлерін қуантатын түрі жоқ. Бұл жолы да жанарларымен жер шұқып, өз алаңында «Тобылдан» тас-талқан болып ұтылды.



Ришад ТҰРҒАНБАЕВ
«Жетісу»

Жанкүйерлердің қолдауымен шабыттанып, қарсыластарын жеңеді деп ойлағанбыз басында. Ол ойымыз бекер болды. Ойын басталысымен-ақ, алға ұмтылған қостанайлықтар есеп ашып та үлгерді. Тепкен добын голға айналдыратын Богданов бұл жолы да ерледі. Жетісулық аяқ доп шеберлері сылбыр қимылдады. Қорғанысты бекітіп, қарсыны шабуылдарға тосқауыл қойды. Арасында шабуылдарды да ұйымдастырды. Әйтсе де қонақтар қақпасының осал тұсын табу қиынға соқты. Дегенмен, кездесудің жиырма бірінші минутында Юнизович есепті теңестіріп, жанкүйерлердің көңілін бір серпілтіп тастады. Артынша Қостанайдан келген футболшылар төпелеткен шабуылынан көз аша алмай қалдық. Бірінші таймның соңында таланты шабуылшы Н. Жұмасқалиев таразы басын өзіне аударды. Сонымен кездесудің бірінші белігі қонақтардың пайдасына шешілді.

Екінші таймда үлкен серпіліспен шығып, олқылықтың орнын толтырады деген жерлестеріміздің жігері тіптен төмен болды. Қостанайлықтардың алдында қауқарсыздық танытқан талдықорғандық клуб тас-талқан болып ұтылды. Бұған қарызға белшесінен батқан «Жетісу» футбол клубының айтар жауабы дайын. «Ақысын төлесең, боқысын шығарамыз», дейтін болар. Екі бірдей гол соққан Бугаев есепті төртке жеткізді. Уақыт аяқталмағанда екпіні басылмаған «Тобыл» командасы есепті одан ары көбейте бермек түрі бар. Аға жаттықтырушы қаражат мәселесін кездесу соңында болған баспасөз мәслихатында да тілге тиек етті. Әрине, бес айдан бері жалақының түрін көрмеген футболшылардан жеңіс талап етудің өзі әбестік болар. Сонымен жерлестеріміз осы ойынның нәтижесімен бар болғаны алты ұпай жинап, турнир кестесінің ең соңғы сатысынан ойып тұрып орын алды. Ал одан көтерілу үшін ақша емес, жеңіс қажет. Көшбасында 24 ұпаймен «Ақтөбе» командасы келеді. Он бірінші тур ойындары бойынша қалған командалардың нәтижесі төмендегідей: «Шахтер»– «Восток» 2:0, «Ақтөбе» – «Ордабасы» 1:0, «Ертіс» – «Қайрат» 2:1, «Ақжайық» – «Атырау» 4:0, «Астана» – «Тараз» 3:1.

Жемқорлыққа жол жоқ

Қазіргі кезде еліміз бойынша көз келген заңсыздыққа, оның ішінде қоғамды жегі құрттай кеулеп бара жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруға қатысты нақты шаралар қолға алынып, олардың алғашқы нәтижелері де көрініс бере бастады. Соның ішінде Елбасы бастамасымен қолға алынып, ел өңірлерінде жүзеге асырыла бастаған қоғамдық қарсы ымырасыз төзімсіздік таныту туралы тапсырманың алар орны, атқарар міндеті ерекше.

ӘР АДАМ ӨЗІНЕН БАСТАУЫ КЕРЕК

Заңсыздықтың үлкен-кішісі болмайды. Кез келген құқық бұзушылық өзінің лайықты жазасын алуға тиісті. Егер ондай болмаса «жазаланбаған заңсыздық, жаңа қылмысқа жол ашады» дегеннің кері келіп, қоғамды бейберекеттік, немкеттілік жайлап апары анық. Осы орайда, дәл қазіргі кезде мемлекеттік тұрғыда назар аударылып отырған қылмысқа, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте басты міндеттердің бірі сот сапасына жүктеліп отырғанын айрықша атап кеткен жөн. Сот алдына келген істі қолданыстағы заңдар аукымында егжей-тегжейлі қарап, тиісті шешім немесе үкім шығаруға тиісті. Алайда, жаза кесілгеннен кейін, барлығы қалпына келеді десек, қатты қателесеміз.

Осы тұста жоғарыда айтылған қылмыстың кез келген түріне қарсы ымырасыз төзімсіздік танытуды отбасында, балабақшада, мектепте, оқу орындарында қалыптастырудың қажеттігін баса айтқанды жөн көріп отырмын. Сонда ғана, еліме, жеріме адал қызмет ететін жандарды тәрбиелей аламыз. Осындайда «Жас шыбықтың тузу сымбатты немесе қисық-қыңыр болып өсуі оны қалай егіп, күтіп-баптағанға байланыстылығы туралы» тәмсіл ойға орапады. Отбасында тағылым, балабақша мен мектепте саналы тәрбие мен сапалы білім алған баладан жаман азамат шықпасы анық.

Бекболат ДҮЙСЕНБЕКОВ,
Сарқан аудандық сотының төрағасы.

ЕСКЕ АЛУ



Раймбек, Панфилов аудандарында ұзақ жыл әкім орынбасары болып қызмет істеп, елінің еңсуі азаматы бола білген ардақты әкеміз **Ибраимов Әкімбек Абыханұлы** тірі болғанда 20 мамырда 66 жасқа толар еді. Ұл-қыздарының ардақты әкесі, анамыздың аяулы жары бола білген әкемізді сағына еске ала отырып, жатқан жері жарық, топырағы торқа, барған жері жұмақтың төрі болсын. Алланың мейіріне, пайғамбардың шапағатына бөлене берсін деп тілейміз.

Аскар шың Алатаудай ардағымыз,
Біз үшін қасиетті аруағыңыз.
Жаннатта болсын жаның әрқашанда,
Қабыз болсын оқптын құранымыз.

ЕСКЕ АЛУШЫЛАР: зайыбы – **Рая,** балалары – **Арман-Назгүл, Мейрамгүл, Рустам-Бейбітгүл, Данияр-Айана,** немерелері – **Шұғыла, Әкімжан, туған-туыстары және достары.**



Кербұлақ ауданы Қызылжар ауылында тұрған асыл әже, немерелерінің сүйікті атасы, отбасымыздың тірегі болған **Ақшолақов Әбдіхан Әбдімомынұлының** дүниеден өткеніне 24 мамырда 1 жыл толады. Әкеміздің жарқын бейнесі жүрегімізде сақталады. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа, иманы жолдас болсын.

Қайран әке, сағындық-ау өзіңді,
Қаншама үміт сізді ойлаумен көз іледі.
Балаларың, бауыр, жарың, аналар да,
Еске алады қайран жігер, төзімді.

Күндер, өтіп жатса-дағы зымыран,
Бір өзіңді сағынумен өтеміз.
Қуат алып сіздің қайсарлығынан,
Сіз жеткеген биікке біз жетеміз.

Топырағың торқа болсын ендеше,
Өзіңізді асқар тау деп ұғамыз.
Бір Алладан әр қашанда тілейміз,
Қабыл болсын бағыштаған дұғамыз.

ЕСКЕ АЛУШЫЛАР: анасы, жары, балалары, немерелері.

Раймбек ауданы Кеген ауылында тұрған аяулы қызымыз **Ысқақбек Бибіңұр** тірі болғанда 22 мамырда 29 жасқа толар еді. Өмірінің осындай қысқа болаты- кім білген. Қызымыздың жарқын бейнесін, анықылдаған мінезін ешуақытта ұмытпаймыз. Бибіңұрды әрдайым сағына отырып, жатқан жері жайлы, жаны жаннатта болсын дейміз.

Ғұмырың да қысқа болды тірлікте,
Шақырушы ең бәрімізді бірлікке.
Сенімсен бір жүрегінде амал не?
Сағынудың қиындығын білдік те?

Бізге қымбат екеніңді қанша лық,
Арамызда жүрген кезді аңсадық.
Сенің әрбір мінездің еске алып,
Отырамыз осы күні тамсанып.

ЕСКЕ АЛУШЫЛАР: Ысқақбек әулеті, баласы – **Жақсылық** және **нағашылары.**

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Алматы облысының жолаушы көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ-і жолаушылар мен багажды автомобильмен республикаішілік тұрақты тасымалдаудың маршруттарына қызмет көрсету құқығына конкурсты қайта өткізеді.

Аталған конкурс 2013 жылдың 19 маусымда сағат 15.00-де Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 26, № 102-кабинетте өтеді.

Конкурсқа төмендегі маршруттар салынады:

ЛОТ № 26
№ 304 маршрут «Өтеғұлов а. (Іле ауданы) – Алматы қ. т/ж вокзалы 1»
ЛОТ № 27
№ 302 маршрут «Бәйсерке а. (Іле ауданы) – Алматы қ. өмбебап базары «Сәлем»
ЛОТ № 28
№ 211 «а» маршрут «Қайрат а. (Іле ауданы) – Алматы қ. «Саяхат» а/в» ЛОТ № 29
№ 301 маршрут «Көктерек а. (Іле ауданы) – Алматы қ. өмбебап базары «Сәлем»
№ 307 маршрут «Бәйсерке а. (Іле ауданы) – Алматы қ. т/ж вокзалы 1» ЛОТ № 30
№ 300 маршрут «Өтеген батыр к. (Іле ауданы) – Алматы қ. «Саяхат» а/в»
ЛОТ № 31
№ 221 маршрут «Дәулет а. (Талғар ауданы) – Алматы қ. «Саяхат» а/в»
№ 222 маршрут «Жаңалық а. (Талғар ауданы) – Алматы қ. «Саяхат» а/в»
ЛОТ № 32
№ 219 маршрут «Қайнар а. (Талғар ауданы) – Алматы қ. «Саяхат» а/в» ЛОТ № 33
№ 251 маршрут «Ынтымақ а. (Іле ауданы) – Первомайский к. (Іле ауданы) – Алматы қ. т/ж- вокзалы 1»
№ 252 маршрут «Жаңаталап а. (Іле ауданы) – Жаңадәуір а. (Іле ауданы) – Алматы қ.т/ж вокзалы 1»
ЛОТ № 34
№ 263 маршрут «Дмитрий саяжайлары (Іле ауданы) – Алматы қ. «Саяхат» а/в».

Конкурсқа меншік нысанына қарамастан меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде автокөлік құралдарын иеленуші кез келген жеке және заңды тұлғалар қатысуға құқылы.

Конкурсқа қатысуға тілек білдірушілер «Алматы облысының жолаушы көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ-ке конкурстық құжаттардың жинақтығын алуға жазбаша өтінімді Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 26, № 107-кабинетке ұсынуы тиіс.

Конкурстық құжаттаманың бағасы 4971.00 (төрт мың тоғыз жүз жетпіс бір теңге, 00 тиын) теңге.

Конкурстық құжаттарды алуға өтінімдерді қабылдаудың және конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі: **2013 жылдың 6 маусым күні, сағат 18.00.**

2013 жылдың 27 мамыр күні сағат 15.00-де конкурстық комиссия конкурсты өткізу мәселелері жөніндегі конкурс алдындағы конференцияны өткізеді.

Анықтамаларды келесі телефон арқылы білуге болады: **8 (7282) 27-13-96; 27-39-14.**

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімдігі

Директор-Бас редактор Жақыпжан НҰРҒОЖАЕВ

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 2002 жылғы 16 қазанда тіркеліп, №3322-Г куәлігі берілген.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат

Жетісу

e-mail: Jetisu2002@mail.ru
www. Zhetysu-smi.kz

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында терілді, беттелді.
Газет әптасына үш рет — сейсенбі, байсенбі, сенбі күндері шығады.
Сұрақтарға қатысты ұсыныстарды жауап беруді
Компьютерге терілгенде ә баттан ақпан материал қабылданбайды.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

МЕНШІК ИЕСІ: «Медиахолдинг «Жетісу Ақпарат» акционерлік қоғамы.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы — Болашақ" ЖАҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.
М 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
П 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

КӨЛЕМІ — 2 баспа табақ. ТАПСЫРЫС — 708. ТАРАЛЫМЫ — 44 240. ИНДЕКСІ — 65469.

Кезекші редактор: Қажет АНДАС.

Қабылдау бөлмесі және факс – 27-41-50 байланыс телефондарық бас редактордың орынбасарлары – 21-01-90, 27-41-83, жауапты хатшы – 24-38-16, ауылшаруашылығы, экономика және спорт бөлімі – 27-42-34, саясат және парасат, әдебиет және мәдениет бөлімі – 24-36-07, ұлық және әлеуметтік мәселелер бөлімі – 24-32-43, білім және ғылым бөлімі – 24-30-57, фототілшілер –27-41-93, заң және ақпарат бөлімі – 24-29-82, жарнама бөлімі – 24-29-82

Алматы қаласындағы тілшілер қосымша – 279-13-37 (факс), 79-13-86, 79-36-43. Меншікті тілшілердің аудандардағы телефондары Ұшаралда – 2-12-57, Панфиловта – 9-12-27, Раймбекте – 2-22-05, Іледе – 2-19-33. Газет табыс етілмесе 8 (7282) 24-34-55 телефонымен хабарласу керек.

/e-mail: Jetisu2002@mail.ru www. Zhetysu-smi.kz/

БЕРЕКЕ мен МЕРЕКЕГЕ айналды

(Соңы. Басы 1-беттен).

«Алматы қаласы маңында азық-түлік белдеуін дамыту» бағдарламасы аясында бірқатар жұмыс ойдағыдай жүзеге асып жатыр. Соның нәтижесінде ауыл шаруашылығы өнімдерімен облыс тұрғындарын түгелге жуық, Алматы қаласы тұрғындарын 58 пайызға қамтамасыз ету жолға қойылыпты.

Тұрғындарды көкөністен қамтамасыз ету тек маусымдық мезгілдермен шектеп қоймау керек. Оның да жолдары қарастырылуда. Осы мақсатта аумағы 63,3 гектар жерді құрайтын 469 жылжымай құрылысы жүргізілу үстінде. Ағымдағы жылы жұмыс істеп тұрған жылыжайлардан 7350 тонна өнім жиналды. Міне, осындай мәліметтерді тілге тиек еткенде ел ертеңіне үмітпен қарайтынымыз анық. Алматы қаласын отандық азық-түліктен қамтамасыз ететін күндер де алыс емес шығар деген ойға келесіз.

Шаруалардың арзан да сапалы өнімдерін қала тұрғындары қуана-қуана сатып алып жатқандарының куәсі болдық. Әсіресе, Райымбек ауданының еңбеккерлері әкелген ет пен сүт өнімдеріне, картобына деген сұраныстың мол болғаны ұзын-сонар кезектен-ақ анық аңғарылып тұрды. Өнімдерінің тоқтассыз өтіп жатқанына риза болған сатушы қыздың сөзге тарқан едік

– Біз Сарыжаз ауылынан келіп отырмыз. «Ақниет» шаруа қожалығының өнімдерін саудалап жатырмыз. Шаруашылығымыздың негізгі өнімі – ет пен сүт өнімдері. Шаруа қожалығымызда 1000 қой, 70 сиыр, 50 шақты жылқымыз бар. Бізге жақ малға өте жайлы болды. Міне, бүгін өнімдерімізді қала тұрғындарына ұсынып жатқанымызға қуанышты мыз. Жәрмеңкеге жыл сайын қатысамыз. Бұл шараның ауыл адамына да, қалалықтарға да тигізер пайдасы мол деп ойлаймын, – дейді шаруа қожалығының мүшесі Айсұлу Мәжен есімді бойжеткен.



Көрбұлақ ауданының өнімдері де көз қуантады. Аталған ауданның Ойтуған ауылдық округінің әкімі Серікбай Тұрарбекұлы жәрмеңке туралы өз ойын ортаға салды.

– Негізгі бізнің өмір мал және егін шаруашылығымен айналысады. Бүгінгі жәрмеңкеге ауданымыздың 17 ауылдық округі өз өнімін әкеліп отыр. Бұлғы жиын-терін жаман емес. Бидайымыз бітік шықты. Шөбімізді де шүйгін болды. Қазіргі таңда ауыл адамдары ел ертеңіне зор үмітпен қарайды. Жыл сайын ауыл-шаруашылық саласында оң өзгерістер байқалуда. Соған қарап қуанамыз. Ауыл адамдары да берішін еңбек арқылы келетінін жақсы түсіне бастады. Сондықтан да осындай жәрмеңкелердің жиі-жиі ұйымдастырылуы бәрімізге ортақ қуаныш – дейді ол.

Қолында сүйретпе арбасы тауарға толы, екі жағында екі немересін ертіп алған қала тұрғынынан жәрмеңке жайында әзкем әңгімелеп беруді өтіндік. Өзін Бекетай деп таныстырған ақсақалдың жүзі қуаныштан бал-бұл жайнап тұрғандай.

– Жетісу жәрмеңкесінің ашылуын тағатсыздана күтеміз. Жыл сайын осында келу мен үшін дәстүрге айналды. Немерелерімді де өзіммен бірге ертіп келдім. Өйткені, мұнда ауыл өнерпаздарының концерті болады. Бір жағынан арзан өнімге кенелесің, екінші жағынан рухани азық алып қайтасың. Жәрмеңкенің тәрбиелік маңызы өте зор, – дейді Бекетай ақсақал.

Облысымыз ауыл шаруашылығының өнімімен ғана емес, мәдениетінің өсуімен де көпшіліктің назарын аударады. Жәрмеңкеден сөмкелері толы шыққан жұрт бірден үйге қайтуға асықпайтын сияқты. Бұл – қалалықтардың ауыл өнерпаздарының өнеріне деген сүйіспеншілігі. Бишілгі жәрмеңкеге елімізге әйгілі «Құлансаз» ансамблі де арнайы келіпті. Олардың орындауындағы ән мен күй, мың бұралған би көрушілерді тәнті етті. Жетісу өнерпаздарына алматылықтардың дуылдата қол соққаны соның дәлелі.

Жырдан шашу шашылды

Газетімздің өткен санында хабарлағанымыздай, жұма күні Алматы қаласындағы Жамбыл атындағы мемлекеттік жасөспірімдер кітапханасында Алматы облысының Алматы қаласындағы мәдениет күндері аясында «Жетісудың ақын-жазушылары Алматы төрінде» тақырыбымен кездесу болып өтті. Сәкен Сейфуллин атындағы Алматы облыстық өмбебап кітапханасы мен Алматы қаласындағы филиалының ұйымдастыруымен өткізілген бұл шара «Бір ел – бір кітап» акциясына байланысты Ләйлә Фариза Оңғарсынованың «Дауа» кітабына арналған «Поэзия патшайымы» атты және саз өнерінің саңлағы Мұқан Төлебаевтың туғанына 100 жыл толуына орай безендірілген «Өнер көгіндегі қарық жұлдыз» атты кітап көрмесімен басталған болатын. Кездесуге Алматы қаласының жоғары оқу орындарында білім алып жатқан студенттермен бірге Жетісудың Алматы аумағындағы аудандардың кітапханашылары да келген екен.

Жұртшылықты кездесуде құрметті қонақтарымен таныстырған Жамбыл ауданды кітапханасының қызметкері Айжан Керімқұлова алғашқы сөз кезегін облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының мәдениет шарасын ұйымдастыруды қамтамасыз ету, саралау және мониторинг бөлімінің басшысы Нұржау Қажаевқа берген.

– Туған өлке тарихын әспеттеп, елге деген құрметін өлең жырмен өрнектеген ақындар мен өмердің өзін көркем шығармаға айналдырған ардақты жазушылар бүгінгі шараға арнайы шақырылып отыр, – деді Нұржау Байдалыұлы. – Жер жаннаты Жетісудың танымал ақын-жазушыларын Алматы қаласында өтіп жатқан облыстық мәдениет күндері аясында оқырмандармен жүздестіру мәні мен мазмұны терең шара деп түсінемін. Бұл қаламгерлердің шығармашылық жұмысын насихаттаумен қатар жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беруге де септігін тигізбек. Ендеше бүгінгі отырысымыз қызықты әрі пайдалы болады деп сенемін.

Осыдан кейін мінберге ұзақ жылдар бойы баспасөз саласында қызмет жасап, қалам қарымымен өлкеміздің өркендеуіне өзіндік үлес қосқан қаламгер, Облыстық «Жетісу» газетінде Қарасай аудандық «Заман жаршысы» басылымында жемісті еңбек еткен Шекербек ағаның қол жеткізген табыстары да аз емес. Осы орайда оның Ұзақ Бағаев атындағы сыйлықты, Жамбыл атындағы халықаралық сыйлықты жеңіп алғанын, Қазақстанның Мәдениет қайраткері, Қарасай ауданының Құрметті азаматы атақтары бар екенін айтсақ та жеткілікті. Көргені мен түйгені мол Шекербек Садыханұлы кездесуге жиналғандарға әдебиет хақында өлең туралы ойларын айта келіп, соңғы жылдары қаламгер мен оқырман арасындағы байланыс өлеңге бастағанын қынжыла жеткізген. Сөзінің соңын ала ақын өзінің бірнеше өлеңдерін оқып берді. Кездесудің қызықты болуын ойластырған кітапханашылар кезекті кезекте өнершіміздің арнаған Ермек Жұмағалиевтың сөзіне жазылған Нұрлан Ташевтің «Қарасай елім» әнін Қарасай ауданынан келген қос өнші мәнсіне келтіре орындады.

– Осыдан бірнеше жыл бұрын аудандардың мәдениет күндерін өткізу тәртібі рет Алматы облысында бастау алған болатын, – деді өз кезегінде Қазақстан Журналистер одағының жүлдегері, онжан аса кітаптың авторы, ақын, драматург Талғар ауданының Құрметті азаматы Мұса Жаңеділов. – Одан кейін үш ауданның бірігіп, бір өлкеде басқосу дәстүрі қалыптасты. Енді міне, Елбасының бастамасымен облыстардың мәдениет күндері үлкен ауқымда өткізілп жатыр. Бұл шаралар билік пен халық арасындағы байланысты нығайтып, аудандар мен облыстардың өнерпаздары мен әдебиетшілерінің тәжірибе алмасуын нығайта түспек. Демек, мәдениет күндерінен ұтарымыз көп деп есептеймін. Осылай деп келе Мұса Жаңеділов кітапханашыларға арналған өлеңін жұртшылыққа тарту етті. Мұса ағаның 50-ден аса өлеңіне ән жазылғаны көпшілік назарында болса керек. Осы орайда Қаныш Талымұлы шығарған «Талғардың сұлу қыздары» атты әнді Панфилов ауылдық кітапханасының қызметкері Нағима Ақанова орындады.

Түсімде де өлең жазам кейде мен,
Сырласамын өзім сүйген бейнемен
Алтын таққа мінгің келсе мінгізіп,
Сені бақта өлеймін мен дейді өлең. – деп ақынның өзі жырлағандай, Жетісу өңірінің танымал туындыгері, 20-дан астам кітаптың авторы, Халықаралық және Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Еңбекшіқазақ ауданының Құрметті азаматы Шәкімет Қусайынұлы өнірімен ұзаққа созбай, бірден шуақты өлеңдер оқуға кіріскен. Сол сияқты Қазақстан Жазушылар одағының басқарма мүшесі, көптеген жыр жинақтарының авторы, сазгер әрі сатирик, 200-ге жуық өлеңдеріне ән жазылған Есенқұл Жақыпбеков те өзіне тән қуақылықпен өзіл арапастыра сөйлеп, жинапғандарды күлкіге көмдіріп алды да өлеңдеріне кезек берді. Оның «Өйелімнен өңгіме» атты өлеңі көпшіліктің көңілінен шыққаны анық. Бұл жолы Есенқұл Серікбайұлының «Өзімді аңсап» деген өлеңі шырқалды.

«Талант қашан да жалғыз қонбайды» – деген сөз бар. Сол айтқандай ақындық пен сазгерлікті, өнділікті қатар меңгерген Мақпал Жұмабайқызы ортаға гитарасын ала шықты. Ол өз өлеңдеріне ән шығарып, әуелге орындауды әдетке айналдырған екен. Мемлекеттік «Дарын» сыйлығының иегері, журналист Мақпал қарындасымыздың өнері де көпшіліктің көңілінен шықты.

Кездесуде ақын, мұқағалитанушы Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Айтақын Әбдіқалп, Бақыт Беделхан, Қуат Қайранбаев та мінберге көтеріліп, жиналған жұртшылыққа өлеңдерін оқыды. «Орамал тон болмайды, жол болады» дегендей, Алматы облыстық өмбебап кітапханасының директоры Мақпал Нұрғалиева кездесуге келіп, ерелі өлеңдерімен тыңдармандарын шуаққа бөлеген ақындарға алғыс білдіріп, естелік сыйлықтарын табыс етті. Осылайша қаламдарын қару етіп, қазақтың рухани қазынасын қалыптастыруға атсалысып жүрген жандар оқырмандарымен ой бөлісіп, сергіліп қайтты.

Қуат ӘБІЛ.

АЛМАТЫ.



Суреттерді түсірген автор.

● *Қоғамдық қабылдау*

Экологиялық ахуалға назар аударылды

Жақында Талғар ауданына іссапармен атбасын бұрған Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрі Нұрлан ҚАППАРОВ «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы Талғар аудандық филиалының кезектен тыс XIV конференциясының жұмысына қатысты.

Үлбосын ИСАБЕК
"Жетісу"

Конференция жұмысы аяқталған соң М. Бейсебаев атындағы Талғар агробизнес және менеджмент колледжінің қабырғасында министр мырза қоғамдық қабылдау жасады. Қабылдауға келген аудан азаматтары тұрғындардың тұрмыс-тіршілігі үшін аса маңызды экологиялық мәселелерге назар аударттыы Атап айтсақ, ең алғаш боп сөз алған аудан ақсақалы Сайлаубек Боскынбаев Ақдала ауылындағы мектептің жарамсыз боп қалған жай-күйін жеткізсе, аудандық тұрғын-үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің бастығы Еркебұлан Усманбаев Жалғамыста салынуға тиіс жаңа қоқыс алаңының құрылысы үшін қыруар қаржы қолбайлау болып тұрғандығын тілге тиек етті. Ал ауданның Құрметті азаматы Жанат Байкенов болса Талғар өзеніне қауіп төндіріп тұрған тас-құм өндейтін зауыттардың жұмысына аса алаңдаушылығын білдірді. Тау қойнауынан келіп жатқан өзен арнасы күнде қазыла берсе, өзенге экологиялық қауіп төніп қана қоймай, аяққы ауылдар нәрсіз қалатындығын құлаққағыс жасады Сонымен қатар, Талғар ауданы жұртшылығының қабырғасына аяздай батып отырған ауызсу мәселесінің шешім табуында топтықсу жүйесінің жұмысы аяқталғанымен ауылдардың ішіне құбыр тарту жұмыстарының ақсап тұрғандығынан хабардар болған Қоршаған ортаны қорғау министрі Нұрлан Жамбылұлы алдағы уақытта аталған мәселелердің аяқсыз қалмай, шешім табуына министрлік тарапынан атсалысатындығы жөнінде баспасөз өкілдеріне берген сұхбатында баян етті.

ТАЛҒАР АУДАНЫ.

БӘРІМІЗ БІРДЕЙМІЗ

КЕМСІТУДІ БІЛМЕЙМІЗ

Өмірге құштарлық

Мүгедектер тән саулығын аңсаған, Біреуге аяқ, ал біреуге қол қайғы, – деген жолдарды тағдырдың тауқыметін тартып жүрген жандар терең сезінері анық. Мәлімет көзіне сүйенсек, бүгінде елімізде 500 мыңға жуық мүмкіндігі шектеулі жан тіршілігін жалғауда, ол ел халқының 2,9 пайызын құрайды. Оның бірқатары облысымызда тұрады. Әлбетте, жыл сайын мүгедек жандарды әлеуметтік жағынан қолдауға қыруар қаржы бөлініп, игілікті жұмыстар атқарылуда. Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы өкілдерінің айтуынша, биылғы жылы мүмкіндігі шектеулі жандардың емделуіне, сауықтыруға, тағы басқа да әлеуметтік жақтан қолдау алуына қыруар қаржы жұмсалып, бірқатар жұмыстың басы қайырылған. Бұл – Үкіметтің, халықтың, қоғамның қолдауы десек те, көптеген мүмкіндігі шектеулі отандастарымыздың талғырдың сынына төтеп беріп, әр салада өнімді жұмыс атқарып, өз ырзалығын тауып, тіпті, он екі мүшесі сау кейбір азаматтың қолынан келмейтін жетістікке жетіп жүргенін де көріп келеміз.

Бәрімізге мәлім, 2008 жылы желтоқсанда Елбасының БҰҰ-ның мүгедектердің құқықтары туралы Конвенциясына қол қоюы елімізді елеулі оқиға болды. Осыған орай, Қазақстан Республикасы Үкіметі тарапынан мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың құқықтарын іске асыру бойынша мемлекеттік саясатты сатылы әрі жүйелі жүргізуге бағытталған мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ете және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспары қабылданып, жақсы нәтижелер көрсетті. Сол игілікті одан ары ілгерілету мақсатында үстіміздегі жылдың 7 маусымында Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ұйымдастыруымен «Бәрміз бірдейміз – кемсітуді білмейміз» атты республикалық сайыс өтті. Он номинациядан тұратын сайыста мүмкіндігі шектеулі болса да нағыз өнерпаз жандарды анықтау көзделді. Міне, сол байқау осыдан кейін облыстарда өткізіле бастады. Жаңалықты алдымен насихаттауға дайын тұратын жерлестеріміз ағілікті істі ілгері өкетті. 14-шілде мен 14-тамыз аралығында аудан, қалаларда облыстық байқауға қатысатын үміткерлерді іріктеді. Жалпы 10 номинация бойынша сынға түскен 674 мүмкіндігі шектеулі тұлғаның арасынан оқ бойы озып шыққан 68 жеңімпаз облыстық сынға жолдама алған болатын. Олар 19–21 қыркүйек арасында облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының ұйымдастыруымен Талдықорған қаласында бас қосып, жүлделі орындарды сарапқа салды.

Аталмыш байқаудың алғашқы шымылдығы Талдықорған қаласындағы Ардагерлер үйінде басталып, ашылу салтанатында сөз алған облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бастығы Қанышбек Айтжанов мүмкіндігі шектеулі жандардың шығармашылық өлеуетін дамытуға жәрдемдесу қоғам өмірінің барлық салаларында мүгедектерге басқа адамдармен тең мүмкіндік тұғызуды мақсат ететін шараның маңыздылығына тоқталып, үміткерлерге сәттілік тіледі. Сол күні олар Ардагерлер үйінде «Үздік әлеуметтік жоба», «Кәсібінің үздігі», «Үздік студент», «Ақылдылар», «Алтын қауырсын» номинациялары бойынша сынға түссе, келесі күні Өтенай ауылдық Мәдениет үйінде «Үздік би», «Үздік орындаушы», «Ең таңдаулы отбасы», «Үздік жасампаз» номинацияларын бойынша бақты.

Несін жасырайық, басында арбаға таңылған немесе өлде бір мүшесі кемс туылған, көз көрмейтін, сөйлей білмейтін мүгедек жандарды кездестіргенде бірақ ойланып, мұсіркей қарағанымыз рас. Бірақ, сайыс барысындағы олардың бойындағы жалынды, өмірге құштарлығын, тасқындаған жігерін, оймында ұшқындаған үмітін көргенде күдіктен сейілп, шынайы ризашылығымыз орнды. Кәсіби өнерлерге жетпесе де, көңілді тербейтін үнемен, қол-аяғында кемістігі болса да, бұрала билеген бимен, көзі көрмесе де көркем санасымен салған суреттерімен, бірінің қолы, енді бірінің тілі болмаса да, тату-тәтті отбасылық ынтымағымен, арбаға таңылса да аясымен сурет салып, өлең жазып, сахнада түрлі өнер көрсеткен табандылығымен көрерменді тәнті еткендер көп болды. Тіпті, кәсіпкерлікпен шұғылданып жатып, талай атпал азаматқа жұмыс тауып берген мүмкіндігі шектеулі бауырларымыздың үздік жобалары мен өмірге құштарлығы бізді сүйіншілі ойға қалдырғанын несіне жасырайық. Қысқасы, аталмыш байқау бізге айналмызға, әсіресе, мүмкіндігі шектеулі адамдарға мүсіркеп емес, оларға сеніммен қарауды керектігін ұқтырғандай болды.

Сайыстың әділқазыларының айтуынша, екі күндік сайыс жоғары деңгейде өтті. Сондай-ақ, көмескіде көрінбей жүрген талай талант осы сында көрермен назарына ілініп, ертеңгі болашағына жол ашқандай болды. Сондай нәтижелі жетістікке жеткен бір топ сайыс жеңімпазы да сұрыпын алға шықты. Сол қатарда, «Үздік әлеуметтік жоба» номинациясы бойынша Талдықорған қаласынан Асқар Уәлиев, «Алтын қауырсын» номинациясы бойынша Панфилов ауданынан Олжас Байдолда, «Кәсібінің үздігі» номинациясы бойынша Талдықорған қаласынан Жанатбек Бекбаев, «Үздік студент» номинациясы бойынша талдықорғандық Анатолий Мигай, «Үздік жасампаз» номинациясы бойынша талдықорғандық Назым Бекжүнісова, «Үздік орындаушы» номинациясы бойынша талдықорғандық Жасұлан Бекенов пен Аслан оралған, «Үздік би» номинациясы бойынша Қапшағай қаласынан Назерке Оразбаева, «Ең тату отбасы» номинациясы бойынша Көксу ауданынан Әбдірасыловтар отбасы, «Үздік спорттық» номинациясы бойынша Іле ауданынан Айнұр Байдулдаева жеңімпаз атанды. Аталған жеңімпаздар қазан айында Астана қаласында өтетін республикалық сайысқа қатысып, облыс намысын қорғайтын болады.

Иә, осындай жылылық пен сүйініш қатар толқыған сайыстың қорытындысы І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында шығарылды. Жиналыста қорытынды сөз сөйлеген облыс әкімінің орынбасары **Серікжан Бескемпіров** өңіріміздегі мүмкіндігі шектеулі жандардың құқықтарын қамтамасыз етуде атқарылған іс-шаралар туралы кеңінен тоқталып, мұндай қолдау мен көмектің алдағы уақытта да жалғаса беретінне сенім білдірді. Сондай-ақ жеңімпаздарды марапаттап, олардың Астана қаласында өтетін республикалық сайыста топ жарып, жеңіспен оралуына тілектестігін білдірді.

Шараның соңы байқауға қатысушылардың қатысуымен өткен концерттік бағдарламаға ұласты.



ЖЕР-ЖАҺАН
Әлем жаңалықтары

Ангела Меркель қайта сайланды



Германияда 22 қыркүйекте өткен парламент сайлауында канцлер Ангела Меркельдің партиясы жеңіске жетті. Сайлау қорытындысы бойынша Ангела Меркель елді қатарынан үшінші мерзім басқарады.

Дауыс беру қорытындыларына қарағанда, Меркельдің консервативтік Христиан-демократиялық одағы мен оның одақтасы Христиан социалдық партиясы 41,5 пайыз дауыс жинаған. Бірақ басқарушы коалициядағы серіктесі Еркін демократиялық партиясы парламентке өтуге қажетті бес пайыздық межені жинай алмады.

Меркель сайлауда 25 пайыз дауыс жинап, парламенттегі екінші ірі партияға айналған солшыл Социал-демократиялық партиясымен келіссөздер жүргізуге дайын екенін мәлімдеді.

Сарапшылар басқарушы коалиция құруға бірақ келіссөз қажет деген болжам айтады.

Ангела Меркель – екінші дүниежүзілік соғысы аяқталған уақыттан бері Германия тарихында Конрад Аденауэр мен Гельмут Кольдан кейін үшінші мерзімге сайланған канцлер болып отыр.

АҚШ-тың ең қауіпті қаласы



Федералды тергеу бюросы АҚШ-тың ең қауіпті қаласын анықтады. Бұл туралы kp.ru сайтынан хабарлады.

Зерттеу барысында анықталғандай, бұл қала – 3 миллионға жуық тұрғыны бар Чикаго.

Федералды тергеу бюросының мәліметтеріне қарағанда, дәл осы Чикагода ең көп қылмыс жасалған көрінеді. Қаладағы адам өлімі күннен-күнге жоғарылауда. 2011 жылы бұл қалада 431 адам өлімі тіркелсе, 2012 жылы аталған қылмыс саны 515-ке жетіп отыр.

ФТБ статистикасына сүйенсек, әр демалыс сайын қалада 6-8 адам өлімі болатын көрінеді. Чикагодан кейінгі қауіпті қалалардың қатарында Нью-Йорк, Детройт, содан соң Филадельфия мен Лос-Анджелес тұр.

Қытайда қаза тапты



Қытайдың оңтүстігінде Үсаги дауылы тұрды. Бұл әдетте осы маусымда болатын ең күшті тынықмұхит дауылы болып саналады. Филиппиннен өткеннен кейін дауылдың жылдамдығы төмендеген, қазір 43 мс құрайды. Филиппинде дауылдан екі адам каза болған.

Чжунсиньшэ агенттігінің ақпаратына қарағанда, Қытайдың оңтүстігінде болған «Үсаги» дауылынан кем дегенде 21 адам қаза тапты. Гуандун провинциясының Шаньтоу қаласында екі адамды құлаған ағаш басып қалған, бірнеше адам із-түссіз жоғалып кеткен.

Гонконгта жарнама бағанының құлауынан зардап шеккен әйел ауруханаға түсті. Ал Тайвань аралында электр сымдары үзілген. Ағаштар кирап, электр желілері үзілуде, тіпті кейбір мекемелер де зиянын шеккен.

Гуанчжоу, Шэньчжэнь және Чжухай сияқты ірі қалаларда пойыз қатынасы тоқтады. Тайшань қаласында 5 мыңға жуық турист қауіпсіз жерге көшірілді. Сонымен қатар Гонконгтағы Чек Лап Кок халықаралық әуежайының жұмысы уақытша тоқтатылған. Мұнда 400-ден аса рейстің кестесі өзгерді.

Содырларға қарсы операция



Кения әскерилерінің хабарлауынша, арнайы операция барысында Найробидегі сауда орталығында содырлар кепілге алған азаматтардың көпшілігі босатылды.

21 қыркүйекте "Әл-Қаида" ұйымымен байланысы бар "Шебаб" тобының қарулы мүшелері сауда орталығына басып кіріп, біраз адамды кепілге алған еді. Соңғы деректерге қарағанда, 21 қыркүйектен бері 68 адам қаза тапқан.

Reuters агенттігінің хабарлауынша, қорғаныс министрлігі "кепілге алынғандардың көпшілігі босатылып, сауда орталығының көп бөлігін қауіпсіздік күштері бақылауына алғанын" мәлімдеген. Бірақ сауда орталығында қанша адам ұсталғаны және неше адам босатылғаны айтылмай отыр.

Бұған дейін Associated Press агенттігі каза болғандардың арасында АҚШ, Франция, Канада азаматтары мен Кения президенті Ухуру Кениаттың туыстары барын хабарлаған еді.

"Әл-Шабааб" тобы шабуылды "Сомалидегі халықаралық бітімгершілік операцияларына Кениямың да қатысқаны үшін жасағанын" мәлімдеді.

Исламиаданың шымылдығы ашылды



Индонезияда Ислам елдерінің бүкіләлемдік үшінші спорт ойындары басталды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, 46 мұсылман елінен 1800 спортшы төрткүл дүние көз тікken дүбірлі додаға қатысып, бақ сынайды. Соның ішінде, саяси тұрақсыздық жайлап, толқудан көз ашпай отырған Мысыр, Ирак және азаматтық соғыс шарпыған Сирия елдерінің өкілдері де дүбірлі додадан сырт қалмады.

Алайда, Суматра аралындағы Палембанг қаласында болып өткен айтулы шараның ашылу салтанаты қаражаттың жеткіліксіздігінен, бөлінген қаржының дәттеген жерине дер кезінде жеткізілмегендігінен «әжептәуір қыздым тойындай» тым жұпынылығымен ерекшеленді. Мұның себебі, Иран Исламиаданы өткізуден аяқ астынан бас тартқандықтан, Индонезияның тынғылықты дайындалуға мұршасы болмады.

Исламиада алғаш рет Сауд Арабиясында өткенін айта кету керек. Шарғат талаптары қатаң сақталатын осынау елде ерлер мен әйелдердің жарысы бөлек өткізіліп, әйелдерге қысқа киім киюге рұқсат берілген жоқ. Бұған қоса, ерлер жағы әйелдердің суда жүзу жарысын тамашалай алмады.

Индонезия бұл шектеулер мен тыйымдарды алып тастады.

Спорттың 11 түрі бойынша өтетін жарыс қазан айының 1-не дейін созылады.

Құнды жәдігерлер табылды



Рио-де -Жанейродa метро құрылысын жүргізу кезінде іші қазынаға толы он шақты сандық табылды, деп хабарлайды segodnya.ua сайтынан.

Археологтардың айтуына қарағанда, 200 мыннан аса бұл бағалы заттар Бразилиядағы император отбасына тиесілі көрінеді. Сандықтың ішінде асыл тастар көп емес, алайда бірнәшe құнды заттар кездеседі. Мысалы, піл сүйегінен жасалған, қыны жібек болып келетін тіс щеткасына «Бразилияның ұлы мәртебелі императоры» деген жазу сызылған.

«Бұндай олжа 100 жылда бір рет қана шалдеседі. Бұл жәдігерлер сол заманның ақсүйектері мен патша өмірін терең тануға мүмкіндік береді», – деді археолог Клаудио Парада де Мелло.

ЖЕР-ЖАҺАН
Әлем жаңалықтары

ХАЛЫҚ ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА

«Қазақ дегенде жүрегі шын соғатын, қазақ үшін жанын қиған – алашордашылардан артық ешкім болған емес», – дейтін әкеміз Балғабек Қыдырбекұлы. Ол кезде «Алашорда» деген біз үшін «Амангелді» киносындағы Құрманбек Жандарбеков жасаған жағымсыз бейне ғана болатын. Басқа ешқандай мәлімет жоқ. Тіпті, Гүлнар апа фотоальбомындағы әкесі Мыржақып Дулатовтың суреттерін қарап отырып, суреттегі кісі мен киножағы рөл бір адам ғой деген ой да келмеген.

Қазақтың даму процесін тек қана тәуелсіз жеке мемлекет ретінде көрген «Алаш» партиясының атын атауға 70 жыл бойы тыйым салынған. Аталар, ағалар сыбырлап айтатын «Алаш» басшылары – Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Әлихан Бөкейханов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев есімдерінің өзі біздің үрпаққа Тәуелсіздіктің алғашқы лебімен ғана жетті. 90-шы жылдардың басында басталған «Алаш» партиясының, оның мүшелерінің ақталуы әлі күнге дейін жалғасуда.



… Иса-тілмаш, Иса төре, Иса ақын… «Әділет іздеген, арызданған қазақтың бәрі Алматыға барып, Иса-тілмаштың жағалайтын» – дейтін ауыл қариялары, ақырын ғана сыбырлай.

Төмендегі зерттемені бастауға себеп болған көрнекті жазушы, драматург Алтыншаш Жағановшының сөзі болды. Бұдан бірнеше жыл бұрын Мәриям Хәкімжановаға арналған көрме үстінде, жиналған қауым ақынның туған топырағы Төргай өңірі «Алаш» қозғалысының бесігі деп айтылып, әңгіме Алашқа ауып кетті. Сондағы А. Жағановаңың «Жетісуда «Алаш» болған емес» – деп кесіп айтқаны таңданғызды. Жетісу қазақ елінің үлкен бір аймағы бола тұра, неге «Алаш» идеяларынан тыс қалды екен? деген ой мазалай берді. Осы тұста «Мектеп» баспасы В. Галиевтің «Книга, разбудившая народ. Размышления о Мыржакыпе Дулатове и его сборнике «Проснись, казах!» кітабын жарыққа шығарды. Кітапты оқу барысында негізгі сауалға жауап алдық: Жетісуда «Алаш» қозғалысы әлбетте болған және оның мүшелері бүкіл іс-шараларын орталықпен ақылдаса, келісе отырып жүргізген. Мұхаметжан Тынышпаев, Ибраһим Жайнақов, Бақырбай Мәметов, Сатылған Сабатаев, Иса Тергеусізов...

Иса Тергеусізұлы. Еске кішкентай кезімізден құлаққа оралған талай әңгіме түсе кетті. Иса-тілмаш, Иса төре, Иса ақын... «Әділет іздеген, арызданған қазақтың бәрі Алматыға барып, Иса-тілмашты жағалайтын» – дейтін ауыл қариялары, ақырын ғана сыбырлай. Әсіресе қазақты шиналған тақырыпқа талай әңгімені Байжұма ақсақал айтатын. Байжұма Естаев 1908 – 1912 жылдары Верный қаласында көпес Габдолвалиевке жалдаушы жүргенде, Исамен талай кездескен болар. «Исаның ақы» деп сағынышқа, сары уәйымға толы әуендерді сала отырып, әжелер қазір сүртіп қоятын. «Исаның өлеңі» деп олар ұлтшылдық пиғылмен тұрған ұш шумақ өлең оқитын, кейін, 30 жыл өте, ол М. Дулатовтың «Оян, қазақ» өлеңі екенін білдік.

Иса Тергеусізов 1882 жылы Жетісу облысы Верный уезінің Күрті болысындағы ауқатты қазақ отбасында дүниеге келген. Ресми деректер (ЦГА РК. Ф.94. Оп.1. Д.2740) бойынша ол 1892 жылы Верный гимназиясына оқуға кіріп, алты жыл оқып, үш класстық білім алып шығады. Ұзынағаш болысында хатшы, кейін Отар учаскелік приставының аудармашысы қызметін атқарып жүріп білімін жетілдіреді. Бірнеше шығыс тілін үйренеді.

1908 жылы Иса Тергеусізов Жетісу облысы Әскери губернаторының бұйрығымен мемлекеттік қызметке кеңсе қызметшісі болып тағайындалып, Верный уездік басқармасында жазбаша аудармашылықпен айналысады. 1911 жылдың қазан айында Иса Тергеусізов кенеттен Ферғана облысындағы Әнді-жан қаласына іссапарға шығуға бұйрық алады. Ол жақта 1912 жылдың мамыр айына дейін болып қайтады. Сол іссапарда көмкездері басқа бір бейнеи көргендей болып, толқып кетті: «Алыр-ау, мынау, біздің Асан емес пе?» – деп бетін сипап, іштей дұғасын бағышталғандар болды. Расында, 1975 жылы Құрмәнғазы атындағы консерваториясының театр факультетінде КСРО халық артісі Шәріпа Жандарбекова мен Қазақстанның халық артисі Ғабит Мүсірепов Исаның «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» пьесасымен ашқан болатын. Сол тарихи оқиғада театр көрермендерне бірнеш көрнеи артіс Қарабай ролиндегі Асан Исаев еді.

Былайша айтқанда, жаңа театрға бірнеш қадам басқан Асан Исаев қарапайым ғана отбасында, көңіл тоғысқан Ахмет пен Гүлбарам ананың шаңырағында дүние есігін ашты. Балалық шағы қасиетті Түркістан өңірінде өтті. Кейін Шәуілдірдің сапқын аузасымен жылынып, тарихы терең Отырардың ұлылығымен жастық шағын жебеді. Сондықтан оның ұлы істердің түйінін таратуға ұмтылып, тарихтың терең қатпарына үңіліп, есерлеп, алғабасар, тынымсыз болуы заңды еді. Оны бір ұмтылыс, Асаның ұзақ қажырлы бітеу өмір жолында ешқашан тоқтап қалмады. Ол әрқашан алға ұмтылды, ізденді, жаңаны іздеді, жаңаны ашты. Ол – Қазақ театрының ұлы ұстазы, ұлы ізденімпаз, ұлы жаңашыл, ұлы шебер, ұлы ағартушы, ұлы ұйымдастырушы, ұлы ұстаз, ұлы ақын, ұлы драматург, ұлы режиссер, ұлы актер, ұлы суретші, ұлы композитор, ұлы сәулетші, ұлы ғалым, ұлы ойшыл, ұлы философ

● Өнер өлкесінде



Сахнадан көрініс.



Театр актерлері (солдан оңға қарай) Баян Имашева, Торғын Тасыбекова және Шынар Жаңысбекова.



ҚР халық әртісі, Жастар одағы сыйлығының лауреаты Қуман Тастанбеков.

Сахна саңлақтарының сапары

Өткен сенбіде Текелі қаласына М. Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының бір топ сахна шебері моноқалаларды дамыту бағдарламасы аясында гастрольдік сапармен келіп, қала халқының алдында өнер көрсетті.

Араларында атақ-даңқы әйгілі сахна саңлақтары – Қазақ Республикасының Халық әртістері Қуман Тастанбеков, Нүкетай Мышбаева, Торғын Тасыбекова, еліміздің еңбек сіңірген әртістері Рәшида Хаджиева, Баян Имашева, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ғайникамал Байқошқарова және басқалары қалалық Мәдениет үйінде жұртшылықпен жүздесіп, пікір алмасты.

Мәртебелі меймандарды бастап келген «Тарлан» сыйлығының лауреаты, «Парасат» орденінің иегері, профессор Есмұхан Обаев қойылым алдында сахна төрінде жұртшылықты өзінің ұжымымен таныстырып, келген сапарларының мән-мақсаты төңірегінде сөз қозғады.

Сосын сахнагерлер Башқұртстанның еңбек сіңірген қайраткері, Ресей мемлекеттік сыйлығының лауреаты Флорид Бөлековтың шығармасы бойынша сахналанған «Отыз ұлың болғанша...» мұңлы комедиясын көпшілік назарына ұсынды. Қарттар үйіндегі әйелдердің қилы тағдыры, күнделікті тұрмыс-тіршілігі төңірегінде өрбіген спектакльде басты кейіпкерлер Ақлима, Фатима, Сәлима, Бибіхан, Абдолла және бастық бейнелерін сомдаған сахна майталмандарының шеберліктеріне тәнті болған текелiліктер дүркін-дүркін ду қол шапалақтап, қошемет көрсетіп отырды.

Қуман ТАСТАНБЕКОВ:

– Текеліге түңғыш рет келуім. Сонау сұрапыл соғыс жылдарында әкем осы жердегі Текелі қорғасын-мырыш комбинатында еңбек еткен. Сондықтан осы өңірді көруге құмар болып жүр едім. Керемет жер! Жалпы Текелінің халықтың денсаулығын түзейтін курорттық аймаққа айналдыруға лайық сияқты.

Торғын ТАСЫБЕКОВА:

– Сахнада жүргеніме 55 жыл толды. Еліміздің түпкір-түпкірінде, шет елдердің біразында болып қайттым. Алайда, осы Текеліге жолым түспепті. Теледидардан көріп, тамаша табиғатына тәнті болушы едік. Енді өз көзіммен көріп, тау самалына сусындағаныма қуаныштымын.

Театр ұжымы ертесіне Ескелді ауданының орталығы Қарабұлақ кентінде қарт адамның ауыр тағдыры жайлы паш ететін Бексұлтан Жакиевтің «Жүрейік жүрек ауыртпай...» қойылымын қойды.

Шора БАТЫРБАЕВ.

ТЕКЕЛІ ҚАЛАСЫ.

Құттықтаймыз!



Есік қаласының тұрғыны, «Алтын алқалы» асыл да ардақты ана, мынау жарық дүниедегі ең қымбатты жанымыз **Қуаныш МАМЫРХАНОВАНЫ** 20 қараша күні 70 жас мерейтойымен қуана құттықтаймыз! Құшағы кең, жүрегі ыстық, көңілі жайдары, мінезі ашық анамыз халқының, ұл-қыздарының сүйікмдісі болып келеді. Өкпесі екеуі балапандарын баулып өсіріп, өрісін ұзартты. Мұқағали, Шәрғын секілді таланттар дүниеге келген қасиетті өлкеде өмірге келіп, өз де өлеңмен сырласып, жырмен тілдесіп өмірден өткен асқар таудай өкпесі Сауытпен бірге ұл мен қызын өмірге әкелп жарық күнді сыйлаған анамызға қуаныш пен бақытты, ұзақ, ғұмырды, шөбере-шапшеңтіп, қызығын тілейміз! «Алтын алқалы» асыл анамыз ортамызда аман-есен жүре берсін, жақсылығын тізе берсін, қылығы балдан тәтті немерелерінің жүзінен сүйе берсін!

Көз алдында Шәлкиедей — Жетпіс жасың келді шаттық
Гүл дапан, — жолы боп.
Тілеуіңді тілеп қыз бен — Бақытымыз ортаймайды сен
жүр балаң, — жүрсең,
Жүзге келіп, асыл ана, — Сауыт атты өкпеңдей көз боп
жан ана, — Нұр сыйладың мынау бала-
Бізге мынау жарық күнді — шағаңа.
Сыйлаған, — Аман-есен өмір бағын арала.
Жыр арнадың, жақсылықтың — Қартаймайды анасы бар адамдар,
кезі кеп, — Құтты болсын 70 жасың, жан ана!

ІЗГІ ТІЛЕК, ҮЛКЕН ҚҰРМЕТПЕН: барша балалары – **Сейсен-Гүлім, Асхат-Жанаркүл, Гүлбадан, Саят-Гүлжан, Архат-Әкерке, Майгүл, Айдос-Назгүл, Марат-Назира, Ернат-Сенния, Кенже-Роза, Қайрат-Жанар, Жанарбек-Мақпал, Айнұр** және **немерелері.**



Талдықорған қаласында тұратын анамыз **НҰРБЕККЫЗЫ Гулмарияны** 70 жас мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!

Бүгінде Сіз ұл мен қыз өсіріп, бір отбасының береке-бірлігін кіргізіп отырған ана, еріңіздің абыройына абырой қосып отырған асыл жарсыз. Жүзіңізден шуақ кетпей, біздің ортамызда күліп-ойнап, шаттыққа кенеліп, бақытқа бөленіп жүре беріңіз. Денсаулығыңыз мықты болсын, немерелеріңіздің қызығын көріңіз.

Ақын да туған анадан,
Батыр да туған анадан.
Ананың биік тұғыры,
Анадан туған бар адам.
Пайғамбарымыз Мұхаммед,
Ананы құрмет санаған.
Анаға мәңгі борыштар,
Әлемде жүрген бар адам.

ТІЛЕК БІЛДІРУШІЛЕР: балалары, немерелері.



Талдықорған қаласының тұрғыны **БЕЙІСБАЕВА Гүлнұр Қайратқызын** 19 қараша күні 27 жасқа толған туған күнімен құттықтаймыз! Гүлдей жайқалып өсіп келе жатқан өркеніміздің әрбір сәтті басқан қадамы, бал күлкісі, арманына ұмтылғаны бізге қуаныш, бақыт сыйлайды. Ғұмыр жасы ұзақ, денсаулығы мықты болып, қызғалдақ гүлдей күлпырып өсе беруіне тілектеспіз!

Жас мінез, шат күлкіңмен нұрланды күн,
Жол ашқан қуанышқа думан бүгін.
Тілеміз аппақ гүлдей аппақ тілек,
Гүлнұржан, құтты болсын туған күнің.
Қамқор болғын жанашыр, кішілерге,
Әрқашан доналасын ісің өрге.
Арманың алғы күнге жетелесін,
Сен бізге қымбат жансың түсінерге.
Гүл жайна!
Бізмей өткін мұнаюды,
Шашу ет жүректегі шуағыңды.
Жүрейік бақытыңа күз болып,
Шалқыған шаттық жусын шырайыңды!

ІЗГІ НИЕТПЕН ҚҰТТЫҚТАУШЫЛАР: Серікжановтар әулеті.

● Мәдениет

Бармасаң, келмесең...

Әрімізге мәлім, Елбасының «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай – 20 қадам» атты еңбегінде: «Мәдениет күндерінің жалпыға бірдей мәдени-ақпараттық кеңістігінің беріктігі – аймақаралық қарым-қатынастың дамуына айрықша әсер береді», – деп атап көрсеткен болатын. Бұл бастама бүгін де өз деңгейінде атқарылып, еліміздің әр өңірі арасындағы мәдени алмасулар қанат жайды. Осыған орай, Алматы, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстарының әкімдері Өскемен қаласында бас қосып, ауыл шаруашылығы мен өндіріс салаларында ғана емес, сонымен бірге, мәдени-рухани байланысты да жандандыру қолға алған болатын. Сол бастаманың алғашқы тұсауы Талдықорған қаласында кесіліп, К. Станиславский атындағы Қарағанды мемлекеттік орыс драма театры сырлы қойылымымен, сондай-ақ, Павлодар облысы мен Шығыс Қазақстан облыстарының өнерпаздары сұлу сәз, әсем әнімен жерлестерімізді ризашылыққа бөлеп айтты.

Қажет АНДАС
"Жетісу"

Үш сұлу

Іргетасы 1930 жылы қаланып, содан бергі өнер сапарында қазақ, орыс, шетел драматургтерінің таңдаулы туындыларын ұсынумен көрермен қауымға танымал Қарағанды театры жетісулықтарға В. Красногоровтың пьесасы негізінде сахналанған «Үш сұлу» спектаклін тарту етті.

Спектакль адам өмірінің жасы ұлғайған шақтағы құпиясын ашып бергендігімен құнды. Тағы бір жағынан қойылымдағы үш сұлудың бейнесін Қазақстанның еңбек сіңірген әртістері Н. Штоколова – Нина, И. Городкова – Майя, Т. Федоренко – Лариса рөлдерін сәтті сомдап, арман биігіндегі арулардың шынайы болмысын терең сомдағанымен де айшықталды. Сондай-ақ, жас ұлғайған сайын қатары сиреген адамдарға балалары да, туыс-туғаны да бөтен көзбен қарайтыны жасырын емес. Сондай шақта оларға жақын құрбыларының қолдауы көп жеңілдік беретіндігі анық. Қойылымның басты мақсаты да осы. Сол сындағы әйел, аналарды өз жасындағы тағдырдың салмағына төтеп беріп, көрілік өмірді де өз тұрғысында қарсы алуға шақырады.

Керекуден жеткен ән

Халқымыздың жүрегінен терең орын алған Иса мен Естай сияқты өнер саңлақтарын дүниеге әкелген Керекудің құнарлы топырағынан өніп шыққан өр өнерді ұлықтаған Иса Байзақов атындағы Павлодар облыстық филармонияның камералық хор және «Ретро» вокальді ансамблінің концерті де жерлестерімізді ризашылыққа бөледі.

Қонцерт барысында камералық хор дирижері Мадина Жармұхамбетова мен хор жетекшісі Мадина Нұрғожинованың ұйымдастыруымен қазақ, орыс және шетел композиторларының бірқатар туындысын нақышына келтіріп орындаса, Сәуле Балтина жетекшілік ететін «Ретро» вокальді ансамблі төрт дауыстың қатысуымен күй сандықтың сүйемелдеуінде өткен ғасырдың 70-80-ші жылдарындағы сағынышқа толы әндерді орындады. Үнсіз толқыған көңіл күй мен дуылдата соғылған шапалақ үнінен қонцерттің көп көңілінен шыққанын білдік.

Қонцерттің соңында Иса Байзақов атындағы Солтүстік Қазақстан облыстық филармонияның директоры, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері Мұхтар Байжұманов жерлестерімізге алғыс білдірсе, облыстық мәдениет басқармасының бөлім басшысы Төлеужан Ғұмаров керекулік әріптестеріне жетісулық жұртшылық атынан ризашылығын жеткізіп, сыйсияпат жасады. Ал өзге өңірдің өнерін тамашалап, әсерленген көпшілік жаңа бастаманың өмршеңдігіне көз жеткізгендей болды.

Шығыстың шырайы

Ілияс Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында шымылдығын ашқан Шығыстың шырайлы өнері талдықорғандық тыңдармандарды тәнті етпей қоймады. Концерт барысында дәстүрлі әншілер мен жеке дауыстағы солистер және халық аспаптар оркестрі өнер көрсетіп, қаймағы бұзылмаған шығыстың дәстүрлі өнерін тарту етті. Сол қатарда шығармашылық ұжымның орындауындағы қазақ сазгерлері мен әлемге танымал шетел композиторларының шығармалары зал толы көрерменнің талғамынан шықты.

Жетісу өңіріне бірінші рет ат басын бұрған өнер ұжымын облыс әкімі Аңсар Мұсахановтың атынан әкім орынбасары Серікжан Бескемпіров құттықтап, жетісулықтардың ізгі ниетін жеткізсе, Шығыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Жақсылық Омар көршілес жатқан екі облыс арасындағы интеграциялық байланыстың артуы аймақтағы биліктің, бизнестің, экономиканың, мәдениет пен өнердің қарым-қатынас механизмін жетілдіріп, «Қазақстан – 2050» Стратегиясын жүзеге асыруға серпін беретіндігін атап өтті.

«Бармасаң, келмесең жат боласың» деген нақыл міне, осылай өз шындығын дәлелдей түсті Жетісу жеріне келген өзге өңірдің өнерпаздары тұрғындардың өнерге деген құрметіне, сүйіспеншілігіне, талғамының биіктігіне ризашылығын білдіріп, шабыттанып қайтқанын көрдік. Бұл олардың шығармашылық шабытын шалқытуға дем бергендігі анық. Осы орайда, жерлестеріміздің де сол өңірлерге барып, үлкен шабытпен оралғанын қоса кетелік.

● 20 қараша – Дүниежүзілік балалар күні



«Бала – өмірдің гүлі» деген сөзді жиі естиміз. Жиі айтылатындықтан ол жай сөз болып естілуі мүмкін, дегенмен, оның мағынасы тереңде жатыр. Шындығында балалар – біздің болашағымыз, өміріміздің мәні. Олардсыз мына әлемді көзге елестету мүмкін емес. Бүлдіршіннің әсем күлкісі, тәтті қылығы галамды нұрландырып жебереді емес пе? Осындай тәп-тәтті ботақандарды қорғап, олардың балалық шақтағы әр күнін бақытты ету біздің қолымызда.

Балғынның бал күлкісін мұң шалмасын

Балаларды бал күлкіге орап, жылы шуаққа бөлейтін бірқатар мереке бар. Солардың қатарында 20 қараша – Дүниежүзілік балалар күні ерекше орында тұр. Осыған орай Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің бастамасымен үстіміздегі жылдың қараша айының 1-19 аралығында «Біз XXI ғасырдың балаларымыз. Біздің құқықтарымыз бен міндеттерміз» атты тақырыпта барлық аудан, қалаларда Дүниежүзілік балалар күні аталып өтеді.

Шараның мақсаты – БҰҰ Бас Ассамблеясының 1989 жылы 20 қарашада қабылдаған Бала құқықтары туралы Конвенциясының негізгі ережелері бойынша жасөспірімдердің білім деңгейін арттыру. Айтылы күн аясында «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» кең ауқымды науқанына байланысты семинарлар, «дөңгелек үстел» отырыстары ұйымдастырылуда. Бұл мереке жыл сайын Бала құқықтары туралы Конвенцияның қағидалары мен ережелері, жеткіншектер жағдайын жақсартудағы мемлекетіміздің атқарған шаралары жөнінде халықты, соның ішінде, балаларды ақпараттандыру және олардың құқықтық білімін көтеруге бағытталған дәстүрлі шараға айналуда.

Аталмыш мерекені 1956 жылдан бастап барлық елге енгізуді БҰҰ Бас Ассамблеясы ұсынды. Балалар күнін әр мемлекет өздеріне орынды болып келетін күні мен нысанда өткізуі ұсынылды. Бас Ассамблеяның ресми құжаттарында 20 қараша көрсетілген. Өйткені, 1959 жылдың 20 қарашасында «Балалар құқықтарының декларациясы», ал 1989 жылы Бала құқықтары туралы Конвенция қабылданды. Конвенция ерекше маңызға ие құжат, өйткені онда бала адамзаттың ажырамас бөлігі ретінде танылған, оларды алалауға жол берілмейтіндігі айқындалған. Осы конвенцияда балалардың әлеуметтік топтарына, яғни жетім, мүгедек, босқын, құқық бұзушы жасөспірімдерге мемлекет пен қоғамның ерекше қамқорлық жасау қажеттігі көрсетілген. Қазіргі уақытта қарашаның 20-сы күнін бүкіл әлем бала құқықтарын қорғау күні ретінде атап өтеді. Мерекенің жалпы қоғам үшін маңызы зор. Ол барша адамзатты бала құқықтарының сақталуына назар аударуға шақырып, жеткіншектердің өмірі, денсаулығы, оларға қажет көмек, мазалайтын мәселелері туралы ойлануға жол ашады.

А. ҮШКЕМПІРОВА, облыстық балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқарманың бөлім басшысы.

«ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ-НАН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТЕХНИКАЛАРЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫҢ ЖАҢА БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

ЖЕДЕЛ НЕСИЕ – өтініштің қаралуы 5 күн

***Пайыздық ставкасы** – жылдық 5,8%*
(субсидия өскеріле отырып)
***Қаржыландыру мерзімі** – 5 жылға дейін*
***Аванстық төлемі** – техника құнының 30% бастап*

Б/П ТЕХНИКА ЛИЗИНГІ

***Пайыздық ставкасы** – жылдық 12,8%*
***Қаржыландыру мерзімі** – 10 жылға дейін*
***Аванстық төлемі** – техника құнының 15% бастап*

"КазАгроҚаржы" АҚ Алматы облысы бойынша филиалы
Талдықорған қ., Гагарин қ., 136/140 үй
Телефон: +7(7282) 594403, 594404
E-mail: almaty@kaf.kz

"КазАгроҚаржы" АҚ Алматы қаласы бойынша филиалы
Алматы қ., Аманғалды қ-сі, 59А, «Шар-тас» БО, 9 қабат
Телефон: 8(7272) 58-11-04
E-mail: credit_alm2@kaf.kz

WWW.KAF.KZ

ҚАЗАГРОҚАРЖЫ

Ірі қара малының бруцеллез ауруына қарсы егілетін «РБ-51» вакцинасы сатылады. «РБ-51» вакцинасы патенттелген және оны американдық «Колорадо Серум» компаниясы өндіреді.

«РБ-51» бруцеллез ауруына қарсы ең жақсы күрес! Colorado Serum Company /АҚШ/ жасалған. Мекенжайымыз: **Алматы қаласы, Райымбек даңғылы 221.**

Байланыс телефоны: 8-7754342872.

ХАБАРЛАНДЫРУ

4 бөлмелі үй, тұшпара жасау цехын, дүкен, 30, 50 куб тоңазытқыш құралын сатамын. Талдықорған қаласы, Сыпатаев көшесі, 91-үй.

Телефон: 87071966670.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің колледжін 2011 жылы құқықтану мамандығы бойынша бітірген **Төлеубаева Назым Қапаткызының** атына берілген дипломның жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Алматы облысы бойынша МАЭС 04.11. 2013 ж. үйғарымымен «Болашақ энергетиканың технологиялық орталығы» ЖШС-ның банкроттығы туралы іс қозғалды.

***

Определением СМЭС Алматинской области от 04. 11.2013 г. возбуждено дело о банкротстве ТОО «Технологический центр энергетики будущего».

Газетіміздің келесі саны сенбі, 23 қараша күні шығады.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімдігі

МЕНШІК ИЕСІ: "Медиахолдинг "Жетісу Ақпарат" акционерлік қоғамы.

Директор – бас редактор Жақыпжан НҰРҒОЖАЕВ

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2013 ЖЫЛҒЫ 27 ҚЫРКҮЙЕКТЕ ТІРКЕЛІП, №13898-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат

Жетісу

e-mail: Jetisu2002@mail.ru
www.Zhetysu-smi.kz

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында терілін, беттелді. Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.

Компьютерге терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Алты машинкалық беттен асатын материалдар қабылданбайды.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы — Болашақ" ЖАҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Кезекші редактор: Нұржамал ӘЛІШЕВА.

КӨЛЕМІ – 2 БАСПА ТАБАҚ. ТАПСЫРЫС – 1530. ТАРАЛЫМЫ – 41 012. ИНДЕКСІ – 65469.

Қабылдау бөлмесі және факс – **27-41-50**. байланыс телефондары: бас редактордың орынбасарлары – **21-01-90, 27-41-83,** жауапты хатшы – **24-38-16,** ауылшаруашылығы, экономика және спорт бөлімі – **27-42-34,** саясат және парасат, әдебиет және мәдениет бөлімі – **24-36-07,** уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі – **24-32-43,** білім және ғылым бөлімі – **24-30-57,** фототілшілер –**27-41-93,** зақ және ақпарат бөлімі – **24-29-82,** жарнама бөлімі – **24-29-82** Алматы қаласындағы тілшілер қосымы – **279-13-37** (факс) **79-13-86, 79-36-43.** Меншікті тілшілердің аудандардағы телефондары Үшаралда – **2-12-57**, Панфиловта – **9-12-27**, Райымбекте – **2-22-05,** Іледе – **2-19-33.** Газет табыс етілмесе — **8 (7282) 24-34-55** телефонымен хабарласу керек.

ФАКТЫ, СОБЫТИЯ, ХРОНИКА

МАССОВЫЙ СПОРТ

Поощрили юных спортсменов

Важность развития массового спорта в своих ежегодных Посланиях народу Казахстана постоянно подчеркивает Лидер нации Н.А.Назарбаев. Накануне главного праздника страны акиматом областного центра была проведена церемония награждения талдыкорганских ребятишек и педагогов, добившихся отличных результатов в спортивных соревнованиях по итогам прошлого учебного года.

Мурат ТУГАНБАЕВ

Мероприятие открыл аким Талдыкоргана Ермек Алпысов. Он отметил, что руководство города уделяет пристальное внимание развитию физкультуры и спорта. За последние годы открылось множество спортивных объектов, переоборудованы спортплощадки при школах, возведен новый стадион для занятий индоор-хоккеем. Сердечно поздравив присутствующих с наступающими праздниками, аким обратился к молодежи со словами: «Ничуть не сомневаюсь в том, что в этом зале сидят будущие чемпионы мира, Азиатских, Олимпийских игр. Вы – наше будущее, уверен в том, что совсем скоро именно вы прославите наш Казахстан! А мы со своей стороны приложим все усилия для дальнейшего развития физкультуры и спорта в Талдыкоргане».

По итогам спортивного года были награждены почетными грамотами и благодарственными письмами ряд руководителей школ, учителей физической культуры, тренеров дворовых футбольных команд и спортклубов. К радости ребятишек, Ермек Амантаевич вручил спортивный инвентарь: мячи, шахматы и многое другое дворовым клубам. Отдельной церемонии награждения удостоились ребята из детского дома «Камкор», достойно выступившие в нынешнем году в Южной Корее на Специальных Олимпийских играх. Каждого юного спортсмена ожидал комплект новеньких лыж.

В ответном слове ребятишки и представители учебных заведений поблагодарили акимат города за заботу и внимание.



СЛОВО О ВЕТЕРАНЕ

Жить любимым делом



Жамиш Зейнешевой, сотруднице надзорного органа, посвятившей свою жизнь любимой профессии, исполнилось 90 лет.

Жамиш Зейнешева родилась 14 декабря 1924 года в селе Жамши Коунрадского района Карагандинской области. Ее родители умерли, когда Жамиш была еще совсем маленькой. После их смерти она воспитывалась в семье старшего брата, который был одним из интеллигентов того времени. В 1932 году семья брата Жамиш переехала в город Балхаш, после этого дружная семья проживала в разных городах Казахской ССР.

В 1933 году Жамиш пошла в начальную казахскую школу города Семипалатинска. В 1940 году в Петропавловске закончила восемь классов средней школы. В 1941 году, когда брат ушел на фронт, Жамиш пришлось вернуться на родину в г.Балхаш. В январе 1942 года она устроилась на работу в геологоразведочное бюро Коунрадского рудника, где за активное участие в комсомольской работе ее избрали членом бюро рудничного комитета комсомола. За период работы на Коунрадском руднике Жамиш регулярно награждали почетными грамотами и ценными подарками от дирекции рудника. А в 1946 году ее наградили медалью «За доблестный труд в Великой Отечественной Войне 1941-1945 гг».

Спустя два года Жамиш поступила в двухгодичную Алма-Атинскую юридическую школу Министерства юстиции Казахской ССР, которую закончила в 1950 году. В августе этого же года приказом Талды-Курганского облпрокурора была назначена народным следователем Дзержинского пограничного района Талды-Курганской области, где проработала пять лет. В 1954 году приказом Генерального прокурора КазССР Жамиш была признана лучшим следователем Талды-Курганской облпрокуратуры. В 1955 году в связи с присоединением Дзержинского района к Андреевскому Талды-Курганской области ее перевели следователем в Андреевскую межрайонную прокуратуру.

В 1957 году приказом прокурора республики Жамиш направили в город Харьков на Всесоюзные пятимесячные курсы усовершенствования следователей и в июне 1958 года перевели следователем Аксуского района. В 1960 году за хорошую работу приказом Генерального Прокурора СССР Р. Руденко ее наградили именными ручными часами.

С 1963 года Жамиш работала помощником районного прокурора и в этом же году поступила заочно на юридический факультет Казахского Государственного университета по специальности юрист, который закончила в 1969 году. В 1967 году приказом Генпрокурора КазССР Жамиш была назначена прокурором Аксуского района. В этот же год Указом Президиума Верховного Совета КазССР ее наградили Грамотой Верховного Совета Казахской ССР. В июне 1973 года ее перевели на должность прокурора Капальского района, где она проработала по август 1982 года и была освобождена от должности прокурора в связи с уходом на персональную пенсию республиканского значения.

В мае 1982 года Указом Президиума Верховного Совета КазССР Жамиш было присвоено почетное звание «Заслуженный юрист Казахской ССР». За период ее продолжительной безупречной работы следователем и в должности прокурора неоднократно была награждена медалями, а также ежегодно поощрялась Генпрокурором Казахской ССР и прокурором области ценными подарками.

О ее скромном труде и проделанной предупредительной работе по нарушению законности периодически публиковались статьи в печатных изданиях. В 1982 году к юбилейной дате 60 лет Прокуратуры Союза ССР издана Почетная книга «Советская прокуратура», в которой о ее трудовой деятельности написано в статье под названием «Главное – предупредить».

Габит МИРАЗОВ,
прокурор Алматинской области.

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ

Книга о земле обетованной



Фото Руслана КАДЫРОВА.

Казахский народ, наравне с мировой цивилизацией ставший свидетелем всех общечеловеческих эпох, сформировавший свою собственную и своеобразную культуру, и сегодня развивается в ногу со временем.

Хасан ЕСПАНОВ

Необъятная степь великих кочевников, простирающаяся на огромной территории мирового пространства, во все времена была цитаделью богатой культуры и цивилизации. Проведенные на этих бескрайних просторах историко-археологические раскопки позволяют нам узнать о секретах созидательного труда наших предков, соприкоснуться с нашими истоками, со страницами истории. Примечательно, что наряду с развитием науки и техники, с каждым разом укрепляется любовь и бережное отношение людей к этому наследию.

Безусловно, нельзя рассматривать историю казахской степи, разделяя ее. Тем не менее, особое место в сокровищнице исторического наследия занимает край Жетысу. Поэтому оно требует более глубокого и осмысленного изучения. В первую очередь, наш край богат историческими ценностями. Ярким примером мастерства человеческого являются красивейшие здания и строения нашей земли, великолепные дворцы, памятники искусства, удивительные писания и многое другое. Все они и по сей день не растратили своего богатства, величия и первозданности.

Они ничем не уступают мировому наследию. К примеру, несравненным достоянием служит национальный природный парк «Алтын Емел», который по праву принято считать музеем под открытым небом. Неподдельный и большой интерес вызывают древние городища Қойлық, Талхиз, Қаракемер, места «Таңбалы тас», «Бесшатыр», Поющий бархан и Аулие агаш, Тамшыбулақ и Шарынский каньон.

Эти и многие другие исторически важные сведения о культуре, духовных ценностях неповторимого края семи рек представлены в новой книге «Жеруйық мекені» известного журналиста, редактора отдела культуры и литературы областной газеты «Жетысу» Кажета Андаса. Новое издание содержит материалы о становлении и развитии культурного наследия казахских предков, в нем представлены имена знаменитых личностей, золотыми буквами вписанные в историю казахского народа. Кроме того, в ней можно найти необходимые публикации о музеях, мемориальных памятниках истории, театрах, библиотеках, а также современных очагах культуры Жетысу.

Красочно оформленная иллюстрированная книга выпущена в апреле уходящего года, а ее официальная презентация состоялась на днях в городе Таразе, во время прохождения дней культуры нашего региона в Жамбылской области. Она была издана при поддержке депутата Мажилиса Парламента РК Серика Умбетова и бывшего акима области Ансара Мусаханова. За короткий период она нашла свой круг читателей, а также была оценена на самом высоком уровне Главой государства Нурсултаном Назарбаевым и занесена в книжный фонд Президентской библиотеки.

По словам автора Кажета Андаса, при написании книги он руководствовался целью изучить состояние культурного наследия нашей области, характеризующегося многовековыми традициями, памятниками истории и культуры. На сегодня по программе «Культурное наследие» создана разветвленная сеть государственных музеев исторического и этногеографического профилей, мемориалов, посвященных памятным событиям истории Казахстана. Поэтому главная задача современности заключается в пропаганде среди населения, и в особенности молодого поколения, всех историко-культурных фактов казахского народа.

Жетісу
WWW.zhetysu-smi.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

БІЗДІҢ ЕЛДІҢ ЖІГІТТЕРІ

№141
15
20. 12. 2014 ж.

МЕНІҢ ЗАМАНДАСТАРЫМ

Бүгінгі әңгіме желісіне арқау болып отырған кейіпкер қоғамның қазандай қайнаған тірлігінің ортасында жүрген азамат. Қызметімен, қызықты өмірімен, адами қасиеттерімен есімі елдің аузындағы адамның жақсы істерін өзгелерге айтып, жеткізу қиынның қиыны екенін сезінемін. Міне, бүтін сондай күйдемін. Өзім жақсы көретін, құрметтеп, қадірлейтін адамдар жайлы ой-орманымды аралағанда осындай күй кешемін.



Жақсылар жолы жаңылдырмайды

Сайлаубек БАЙДҮЙСЕНҰЛЫ
"Жетісу"

Омархан бауырым жайлы ойымдағы сәуле-сезімдерімді көпке ұсыну көңілімде жүретін. Соның сәті түскен сияқты. Себебі, Омархан Нұртайұлы Өксікбаев – 60 жасқа толды. Алпыс деген аскаралы биіктің шыңына көтерілгенде киелі қасиетін өріп, өмір жолын өрнектеп, не болмаса өсиет етіп айтатын кездің келгені осы болар деп түйіндегенмін. Дей тұра «өмір шіркіннің өткіншілігін осындайда ғана таныңп-білуге ұмтыламыз-ау» деген қорқыр ойдың көлденеңдейтіп бар.

Ажарынан адалдық төгіліп тұратын азаматты қай уақыттан бері білетін едік. Әрине, мұндай сұрақтан соң жылдар жылжып, оқиғалар ойына орала береді.

Әңгіме басы балалықтан басталғандықтан адамның тәтті шағы – еске оралады. Балқаш бойы, кәрі Іленің жағасы, ата-бабасының құтты қонысы ескі Көктал деп аталатын жерде дүние есігін ашты. Жазира жалпақ даланың ауасын жұтып, топырағына аунап, суын ішіп, өсті.

Мұны айтып отырғаным, осыдан бірнеше жыл бұрынғы оқиға ойыма түсті. Кішкене ғана ауылда тұратын туған әжесі, Омарханның өзі "аға" деп кеткен Нұртай ақсақалдың үйінде кездескенім бар. Әңгімеден әңгіме қозғалып, сөздің басы бала жайлы болған соң Омархан Нұртайұлы:

– Сонау жылдарда «Литературная газета» деген үлкен басылымның тілшісі Лев Балян деген жазушының ағамен немере арасындағы әңгімесін оқыдым, – деп сөзге араласты. Алдымен күліп алды да:

– Немересі атасына қарап, «Ата, сіз қашан өлесіз» деп сұрақ қойыпты. Оқыс қойылған «суық» сұрақтан сасынқырап қалғанымен, сәбидің кірпаксіз көңілін көріп, белгісіз дүниені білгісі келіп отырғанын сезген-ау. Кідіріп қалса да немересін ойлауға келікке шықты. Күрделі жолдан өту бір адамға оңай жүк емес. Драматург Қалтай Мұхаметжанов ағамыз «Біз де періште емеспіз» деп кеткендей періште болу қиын, әрине. Дегенмен адамға тазалық қажет. Адалдыққа талпыныс арлы адамның ісі. Бұл қасиет адам бойына бала кезінен қалыптасса, ол өмірлік болып қалатыны бар. Міне, әкемнің біздерге, балаларына қалдырып кеткен қасиеті осы.

Бір қарағанда ата мен немере арасындағы әңгіменің желісі қорқынышты ұғымнан басталып тосын көрінсе де, мәнінің мағыналы екені талассыз, – деп әңгімесін аяқтаған еді.

Кейіннен бір ауылдың азаматы ретінде Мемлекеттік қаржы- бақылау комитетінің төрағасы Омархан Өксікбаевпен кездесуге тура келді. Әрине, қайда жүрсе де, қандай қызметтер атқарса да көз алдымызда, теледидардан болсын, баспа беттерінен болсын сөйлеген сөздерін көңілге тоқып жүру әдетке айналған. Өйткені, ол Балқаштың байтағында тәрбиеленіп, білім-тәлім алып, республикалық деңгейде қызмет арқалап жүрген жерлесіміз.

телеуді мақсат санап «қошақаным-ау, сен қашан өлсең, сол күні мен де өлемін» деп жауап беріпті. Немере емес, оқыс айтылған ойды естіген адам ойланбай қоймайтыны сөзсіз. Кеше ғана өмір есігін ашқан еркесіне өлім тілегендей болған қарттың сөзі таңғалдырлық еді. Ал, шындығына жүгініп көрейік, – деді де әңгіме желісін қайта жалғады.

– Байқап қарасақ, олай болуы мүмкін екен. «Адам өлген күні өлмейді, ұмытылған күні өледі». Немерем-ау, сен жақсы болсаң, ұзақ жасасаң менің есімім өлмейді. Сіз де, мен де біреудің немерелеріміз. Олардың аты біз тұрғанда өлмейді. Өксікбай атамның сұлу әңгімелерін әлі ұмытқан жоқпын. Қыздаркүл әжемнің сары самаурынынан шай ішіп отыратын кездерім көз алдымда. Кеше ғана өмірден өткен әрі әкем, әрі аға деп кеткен Нұртай Өксікбайұлының, анам Зылипа Болысбайқызының есімін еске алған сайын ол кісілер жүрегімде жүргендей сезінетінім бар.

Әуелгі жұмысын жай, қарапайым жұмысшыдан бастаған әкем Нұртай Өксікбайұлы қоғамдық-саяси ұйымдарды, шаруашылықтарды басқарды. Еңбегіне қарай ілгерілеп өсті. Адал еңбектен таймай еліне қызмет етті. Аудандық партия комитетінің хатшысы қызметін атқарып жүріп зейнеткерлікке шықты. Кіші інейіл қалпын бұзған емес. Соған қарамастан, мүмкін қандағы қасиет болар, айтатын жерде ойындағысынан тартынбайтыны бар. Қажетті тұста пікірін дәлелдеу үшін қарсы тұратын кездері жиі ұшырасатынын байқаймыз. Ондайда бетің бар, жүзің бар демейді. Ойын ашық ортаға салады. Әрине, тура айтудың қатты да, тәтті де жағын ескермеу естілікке жатпайды. Оны жақсы біледі. Қайтеді?! Туа біткен мінез солай. Мұндай қасиет те адамға таңдап қонатын сияқты. Омарханның түсінігінде ақиқаттан артық ештеңе жоқ. Өзі айтқандай «өтіріктің балын жегенше, шындықтың ащы дәмін татқан» дұрыс. Өмірдегі басты ұстанымы еді.

Біз білетін Омархан Нұртайұлы осы жолдан адаспаған емес. Атадан, әкеден қалған тәрбиенің төресі – адалдық. Қуаныш – сезім де, өмірге сенім де, мұң мен наз да, ащы сын да ой бойынан өткенде оның адалдыққа сүйінетіні содан. «Кім болсам екен» деген сұрақ мектеп қабырғасынан мазалайтын. Жастардың жарасымды ойлары жарысып, әр түрлі мамандықты алдына көлденең тартатын. Ол кезде оқуға түсу оңай шаруа емес. Сондықтан Омархан жаңа жол іздеді. Алдымен қаражат қажет екенін ойдан шығарған жоқ. Осыны мақсат етіп алған ол аудандағы ондатр өсіретін шаруашылыққа жұмысқа орналасты. Бұл оның алғашқы еңбек жолы еді. Мұнан соң студенттік шақ. Үйлену, үй болу. Жан-жары Раиса екеуі қиындықты да, қыспақты да көрді. Әркімнің еңбек жолын бастаған алғашқы ұжымы өзіне ыстық. Алматы облысының қаржы бөлімі ол үшін осындай еді.

Алматыдағы төрт жылдай еңбек қаржы мәселесінің қаншалықты қиын екенін көрсетті. Өзіне салса бірдеңе үйреніп, тәжірибе жинақтағандай көрінді. Бірақ экономикада майдашүйде деген болмайды. Сағат сайын үйренуге, күн сайын ізденуге тура келді. Бұл жауапкершілік Алматы облыстық егістік жерді суландыру басқармасының жоспарлау-экономикалық бөлімінде қатардағы экономистік қызметке барғанда сезінді.

Мұнан соң осы басқармаға қарасты Балқаш ауданында жаңа ашылған «Тыңның 25 жылдығы» атындағы кеңшарға бас экономист болып барды. Жаңа шаруашылықтағы адамдарға еңбекақы төлеу, өндірістік-техникалық жоспарларын жасау сияқты жұмысына кірісті де кетті. Шаруаның басы есептен басталмаса тарыдай шашырап кетері анық. Шаруаның экономикалық шамасын шамалау шығармай екшеп, саралау қатал сынақтан да қиын. Оның сыртында бас маман ретінде жаңа кеңшардың өзге де шаруасы жетіп артылады.

Қайсар мінезді азамат адалдығымен, алғырлығымен алға жылжи берді. Сөйтіп, Қаржы министрлігінің Бас тексеру-бақылау басқармасына аға тергеуші-ревизор болып орналасты. Жұмыстағы қызметін адал орындаған іскер маман еңбекте ширай түсті. Бақылау-тексеру басқармасы (КРУ) бастығының орынбасары дәрежесіне дейін өсті. Сол кезеңде еліміз жаңа жүйеге көшті. Тәуелсіз Қазақстан бұрынғы КРУ-дің негізінде мемлекеттік қаржылық-бақылау комитетін құрды.

Бұл – 1996 жыл болатын. Осылай Омархан Нұртайұлының қызметтегі саяси бағыты басталды. Ол қызмет істейтін есеп комитетінде 23 қызметкер бар еді. Бір ғажабы, осы орынға таңдалған азаматтар бес жылға ғана қызмет ететін. Бұл Ата Заңмен айқындалған. Осыған дейін есеп комитеті мекемелердің қаржылық жағдайын тек өздері берген ақпарат арқылы біліп отыратын. Міне, осы жайдың қаржыны бақылауда жеткіліксіз екенін дәлелдеуге тура келеді.

– «Біз сараптамалық қызметпен көп нәрсенің байыбына барып, бетін аша алмаймыз», – деген ойын Омархан осы тұста ашып айтқан еді. Бақылаушы органдардың бірлескен, топтаса жұмыс істеуі, бірлесе қимыл етудің нәтижесінде комитеттің жұмысы басқаша көрініс тапты.

Қайда кімді тексерсе де, оның ойынан кетпейтін бір ұстаным – ол мемлекет мүддесін қорғаушы екендігі. Қаржылық шығын қажетті іске жаратылуы тиіс деген мақсат қашанда бірінші орында тұрды.

Кейіннен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттік комиссияда, Қауіпсіздік кеңесте жүргенде Оралбай Әбдікәрімов ағасының тәлім-тәрбиесін, көмегін көрді. Қауіпсіздік кеңестегі хатшының екі орынбасарының бірі болды. Экономист, қаржыгер ретінде еліміздің экономикалық қауіпсіздігі саласын басқарды. Кейін ол арнайы бөлімге айналды. Омархан сол бөлімге кураторлық жасады. Еліміздің экономикалық саласындағы проблемаларды қарастыруда кең ауқымды жұмыстар осы тұста жасалды.

Аталмыш қызметте жүргенде Президент әкімшілігінің жанынан Бас бақылау инспекциясы құрылды. Елбасының өзі шақырып:

– Қаржы саласының қыр-сырын жетік білесің. Осы инспекцияны басқарасың, – деген. – Бұл бұрын-соңды болмаған басқарма, – деп өзі бағдарбағыт берген. Сөйтіп, ең әуелі Елбасы тапсырмаларының орындалуын қадағалау жұмысы басталды.

Омархан Нұртайұлы Қауіпсіздік кеңесінде жүргенде көтерген бір мәселе, бүкіл тексеру жүйесін шоғырландыруды қайта қолға алып, қозғау салды.

Кейін Елбасының қабылдауында қайта болды. Мемлекет басшысы оған Қауіпсіздік кеңесінің хатшысы қызметін жүктеді. Әрине, жүрексіну болды. Сенімін білдірген соң шегінуге жол жоқ. Осы қызметте бір жыл еңбек етті. Аз уақыт болса да мемлекеттік мәні үлкен істер атқарылды. Маңызды шешімдер қабылданды. Әскери доктринамызды, сыртқы істер доктринамызды, экологиялық, экономикалық қауіпсіздік стратегиямызды және басқа да өмірімізге қажетті маңызды концептуалды мәселелер қамтылып, пайдалы шараларға қадам жасалды. Осы істердің басы қасында Омархан Нұртайұлы Өксікбаев жүрді.

Бүгінгі күшін де міндеті жеңіл емес. Омархан Нұртайұлы – Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты. Халықтың қамы, заң шығару мен заң талаптарының нақты жұмыс істеуі, ел мүддесінің орынды шешімін табуы сияқты депутаттық жұмыспен айналысып, халықтың аманатын арқалау оңай шаруа емес. Елінің сенімін ақтап, ар мен намысын қатар ұстап, әділеттілікпен еңбек етуде. Әрине, елі мақтаныш ететін азамат болып қалу – екінің бірінің қолынан келе бермейді. Ондай қошеметке ие болу – марапаттың биігі. Осы жолда талай қиындықтардың кездесері анық. Бүгін алпысты аттап отырған Омархан Нұртайұлы Президентімізбен бірге тәуелсіздіктің туын жоғары көтеріп, елінің ертеңі үшін аянбай еңбек етіп келе жатыр. Халық қалаулысының жұлдызы жоғарыдан жана берсін дейміз. "Жақсылардың жолын қуған жаңылмайды" деген осы.

ЖАҢА КІТАП

«ЖЕРҰЙЫҚ МЕКЕН»
Президент кітапханасына қойылды



Қуаныш ТҰҢҒАТАР
"Жетісу"

Әлемдегі ең алып құрлықтың алтын кіндігі ежелден қазақ елінің атақонысы саналады. Бұл өлкеден батыс пен шығысты жібекпен жалғаған даңғыл жол өтіп, дала рухын төрт тарапқа таратты. Мұнда зерлі қабырғадан құрылған зәулім үйлер, көк күмбезді көркем ғимараттар көшпенді елдің сәулетінен сыр шертті. Тұлпардың тұяғы талатын осынау дала төсінде теңдесі жоқ көшпенділер мәдениеті қалыптасып, текті халықтың жүрегі тек өнер деп соқты.

Жуырда Алматы облысының мәдениеті мен өнерін қамтыған «Жерұйық мекен» атты кітап-альбом жарық көрді. Жетісудың өні мен жырын, рухани ұызы мен киелі өнерін арқалаған құнды мұраның авторы – қаламдас әріптесіміз әрі өнірге белгілі журналист Қажет Андас. Атап өтерлігі – жинақта жер жаннатының мәдени тынысы тұңғыш жүйеленіп, қағаз бетіне бір ізбен түсіп отыр.

Кітап-альбом Жетісудың ең көрікті жерлерін паш ететін фотолардан тұрады. Сонымен қатар, кітапта облыс басшыларынан бастап мәдениет саласында тер төккен тұлғалардың есімі суреттерімен қоса берілген. Әрбір театр мен кітапхана, әрбір музей мен филармония туралы мәлімет мәтіндері деректі фотолармен толыққан.

Кітап авторы жаңа жинағының бір данасын жуырда Жетісудың төл перзенті, Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлына жолдап, ыстық ықыласпен сыйға тартқан болатын. Көп ұзамай, ҚР Президенті кеңсесінің бастығы Махмут Қасымбековтен жылы лебізге толы жауап келді. Автордың өңір өнері туралы еселі еңбегін Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жоғары бағалап, Президент кітапханасына сақтап қойыпты.

«Құрметті Қажет Андас! – делінген хатта. – Жіберген хатыңыз бен сый ретінде жолдаған кітабыңыз Мемлекет басшысына таныстырылды. Президент сый-құрметіңіз үшін алғысын және Атамекендегі өміріңіз бен қызметіңіздің сәтті қалыптасқанына шынайы қуанышын жеткізуді тапсырды. Елбасы сізге зор денсаулық пен шығармашылық табыстар тілейді. Жіберген кітабыңыз Президент кітапханасында сақталатын болады».

– Қазақ халқының кешегісі мен бүгінін зерделеу, Жетісу жерінің айрықша белгілерін айқындау – осы еңбектің басты түйіні, – дейді кітап авторы. – Кейінгі жылдары мемлекетіміз дамыған елу елдің қатарына өтіп, еңсеміз көтеріліп, елдігіміз артты. Ал ендігі мақсат дамыған отыз елдің қатарына еніп, беделімізді бекемдеу болып отыр. Бұл – Мәңгілік Ел құрудың шығар биігі. Мәңгілік Ел болуды экономикалық өрлеу ғана емес, өнер мен мәдениеттегі жетістіктеріміз де құрайды.

Жетісу өлкесінің өнерін өрнектеген көлемді кітап «Рухани ұыз» және «Мәдениет мәйегі» деп аталатын үлкен екі тарауға топтастырылған. Жинақтың бірінші бөлімне «Өнер» деген ортақ атау қойылып, Б. Римова атындағы облыстық драма театры мен Сүйінбай атындағы Алматы облыстық филармониясының құрылу тарихы сөз болады.

«Өнер – халықтың өзегін жарып шыққан уыз мәйегі. Мәдениет арқылы ұлттың мәйегі айқындалар болса, қазақ өнерінің жалпы әлемдік өркениетте өзіндік сүрлеуін салғаны, өрнегін айшықтағаны анық. Сол қаймағы бұзылмаған шырайлы өңірі Жетісу ән мен әуеннің, жыр мен терменің, мың бұралған бидің, күмбірлеген күйдің құт мекені саналады», – деп жазылған кітапта. Оқырман қауым осы бөлімде Талдықорған қаласындағы және Жаркент өңіріндегі Әбілхан Қастеевтің Көркемсурет галереяларымен кеңінен танысады. Әрі облыстық халық шығармашылығы орталығы туралы мағлұмат та аталған бөлімде ұсынылған. Сондай-ақ, облыс орталығының рухани мұраларын толықтыратын Сәкен Сейфуллин атындағы облыстық әмбебап кітапханасы, қала сәулетіне сән қосқан Ілияс Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайы һәм Достық үйі мәдени кітаптың мәнін ашқан.

Альбом жыр сүлейі Сүйінбай мен жыр алыбы Жамбылдан басталатын Жетісу ақындарын жіпке тізеді. Әсіресе, кітап авторы жыршылық дәстүрдің бастауына Қабан жыраудың өнегелі толғауларын қояды. Бұлардан кейін Үмбетәлі Көрібаев, Кенен Әзірбаев және Бақтыбай Жолбарысұлы сынды қара өлеңнің қаймақтары қазақтар кітаптан орын алған. Қазіргі қаламгерлер мен суырыпсалма айтыскер ақындар «Шындық – сөздің жебесі», «Біздің елдің жігіттері» атты тарауларда аталады.

Бұл бөлімде автор Жетісу дәстүрлі ән-жыр мектебінің негізін қалаушыларға, қылқалам шеберлеріне, танымал сазгерлерге, кино мен театр саңлақтарына, тележурналистер мен фототілшілерге кеңінен тоқталады. Жетісу ән мектебінің кәсіби негізін қалаған Жеңібек Кәрменовті һәм осы өлкеде өнердің шамын жаққан Шалтабай Арпаұлы, Қапез Байғабылұлы, Пышан Жәлмендеұлы, Сәдіқожа Мошанұлы және Қожеке Назарұлы сияқты тарихта есімі сирек кездесетін тұлғаларды алға тартады.

– Жетісу – мәдениет пен тарихқа бай өңір. Тарихи деректерге сүйенсек, осыдан 4 мың жыл бұрын Жетісу өлкесін егін өсіріп, мал баққан, қос дөңгелекті арба жасап, алыс-жақын шетелге жортуылға шығып, құдіреттілігін әйгілеген тайпалар мекен еткен. Дәл осы өлкеде сақтар тұңғыш өздерінің мемлекетін құрды. Дәулеті мен сәулеті асқан бұл ел Жетісудың шұрайлы табиғатын пайдаланып, ірі де кемел мәдениет үлгісін қалыптастырды, – дейді кітап авторы.

Кітап Жетісудағы өнер ұжымдарының тарихын ғана емес, қазіргі тынысынан да керек дерек келтіреді. Жетісудың рухани өмірінен мәлімет беретін құнды жинақтың «Мәдени мұра» бөлімінде тарихи-өлкетану музейлері қамтылған. Тереңнен тамыр тартқан өзенді өлкенің тарихын 21 музей әңгімелейді. Альбомда әр музейдің құнды жәдігері мен қазіргі қызметі туралы толыққанды мағлұматтар айтылады. Автор альбомның екінші бөлімінде жер жаннатының сұлу табиғатын сөз етеді. Табиғаттың құйып қойған құдіретті мүсіндерін жеке-жеке айшықтайды. Оның қатарында әйгілі Хантәңірі шыңы, Тамшыбұлақ, Әулиеағаш, Айғайқұм бар. Сонымен бірге, автор тарихи ескерткіштерге тоқталып, кітапқа ерте дәуірдегі қалашықтарды енгізген.

Сиясы кеппеген жаңа жинақтың жауапкершілік жүгі салмақты. Ғасырлар қойнауынан толғатқан қазақтың төл өнері мен мәдениеті бүгінгі буынның рухани мұрасымен ұштасып жатыр. Осынау ұзын-сонар мәдениет желісін шашау шығармай, көлемді кітаптың аясына қондыру оңай соқпағаны белгілі. Кітаптың соңғы сөзінде автор: «Осы бір еңбек өскелең ұрпақтың елім деп, жерім деп соққан жүрегіне қарлығаштың қанатымен су сепкендей болса да елжандылық сезімін ұялата алса, маған одан артық қуаныш жоқ», – деп тамамдайды.

Жаңа кітап – біртұтас қазақ мәдениетіне қосылған елеулі рухани үлес. Тарих пен өнерді алтын арқау еткен еңбек тағдырдың тар соқпағымен Жетісу топырағына қоныс аударған түрлі ұлт өкілдерінің төл мәдениетін де байыта түсері сөзсіз. Кітап авторы мәдениет пен өнердің тілі ортақ деген түйінге келіп, Елбасы ұсынған «Мәңгілік Ел» идеясын болашаққа бағдаршам етеді. Бір сөзбен айтқанда, автор «өлкемздің мәдениеті мен өнерін бағамдап, өскелең ұрпақтың қолына ұстатсам деген ізгі мақсатпен осы еңбекті қолға алған».

Алатау
Кабанбай батыр көшесі, 32.
Тел.: 24-12-84, 24-58-87. Факс: 24-75-66.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.k@mail.ru



Жуырда Алматы облысының Жамбыл облысындағы мәдениет күндері аясында Тараз қаласында тұсауы кесіліп, оқырмандардың қызығушылығын тудырған, белгілі журналист, облыстық «Жетісу» газетінің тілшісі Қажет Аңдастың бұл іргелі еңбегі – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын арқау еткен құнды шығарма. Алматы облысы әкімі және облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының қолдауымен жазылып, жарық көрген кітап-альбомда жер жаннаты Жетісу өңірінің тарихи жадігерлері мен мәдени мұралары, сонымен бірге, өнер [illegible]асының дамуына атсалысып, мәдениет [illegible]асында ұзақ жылдар талмай қызмет атқарған ұжымдардың еңбек жолынан мағлұмат береді.

ТҰСАУ КЕСЕР

Қандай ел болмасын, оның тарихи жағынан қалыптасқан тіршілік-тұрмысы, салт-дәстүрі, қоршаған ортамен біте қалыптасқан түйсік-сезімі мен ойлау жүйесіне сай төл мәдениеті болмақ. Мәдениеті мен өнеріне қарай ел өмірі мен оның рухани тұлғасы, бет-бейнесі мен беделі айқындалады. Мәдениеті ілгері дамыған кез келген елде қоғамның көп мәселесін жан-жақты зерттейтін өнертанушылары да өз алдына отау тіккелі қашан?! Соның бір дәлелі – «Жерұйық мекен» Алматы облысының мәдениеті мен өнері атты кітап-альбомда келтірілген деректер мен мәліметтерде жатыр.

Жетісу өркениеті

Жетісу жерін ежелгі Сақ, Қаңлы, Үйсін тайпаларынан бастау алған жартылай көшпелі, жартылай отырықшы халық мекен еткені тарихтан белгілі. Осынау ұлан-ғайыр аймақтағы халықтың бүгінгі күнге дейін ел басқарған азаматтарының деректері мен Алматы облысының тарихы қамтылған еңбекте сонау ерте замандағы уақыт, бүгінгі ғылым мен техника дамыған кезеңге дейінгі тыныс-тіршілігі толығымен қамтылған. Шындығында есейе келе адамзаттың ақыл-ойы кемелденіп, туған өлкеге деген сүйіспеншілігінің артуы заңдылық. Сондықтан да аталмыш туындыда Жетісу жерінің өзіне тән қасиеті мен мәдени құндылығының қыр-сыры баяндалады.

Соның бір дәлелі Айғайқұм, Таңбалытас, Шарын шатқалы, Әулиеағаш, Қаракемер қалашығы, Алтын адам, Бесшатыр сынды күллі әлем назар аударған тарихи ескерткіштерде жатқаны анық. Сайын далаға жүргізілген экспедициялар мен археологиялық қазба жұмыстары ғалымдардың қызығушылығын арттыруда.

Жетісу топырағы ғұлама ғалымдар, адуынды батырлар мен от ауызды, орақ тілді ақындарға кенде болған жоқ. Батырларымыз елін, жерін қорғауда қайсарлық танытса, ақындарымыз елдің бірлігі мен ынтымағына ұйытқы болды. Бабалардан қалған ән мен жырдың қайнар көзі дала даналығынан туындаса керек. Айтыстың арнасын қозғасақ, Жетісу өңіріндегі дүлдүл ақындардың тізімі тізбектеліп шыға келері анық. Қабылиса жыраудан бастап Сүйінбай Аронұлы, Жамбыл Жабаев, Кенен Әзірбаев, Үмбетәлі Кәрібаев, Бақтыбай Жолбарысұлы сынды ақындарға жалғасқан айтыс өнерінен кейін де көптеген дара тұлғалар түлеп ұшты.

Бүгінгі таңда, көненің көзі, асылдың сынығы сияқты болған тарихи жәдігерлер қатпар-қатпар тарихтан сыр ағытады. Ал ата-бабамыздан қалған тәбәріктерді қолымен ұстап, көзбен көру үшін мұражайға атбасын бұрамыз. Алматы облысына қарасты 23 мұражай бар, оның әрқайсысы тарихтың әр қатпарынан ақпар береді. Қабанбай батыр атындағы тарихи-өлкетану мұражайы, Райымбек аудандық тарихи-өлкетану мұражайы, Ілияс Жансүгіров әдеби мұражайы және тағысын тағы мұражайлар қазақ тарихында есімі алтын әріптермен жазылған тұлғалардың болмысын танытады. Бұл ата-бабаларымызға, өнерге, ұлтқа құрметпен қарауымыздың бір айғағы. Яғни, Жетісудың әдебиеті мен мәдениеті облыс деңгейінде осы кітапта толығымен қамтылған. Өскелең ұрпақтың бойына ұлттық рухты сіңіру, бабамыздан қалған асыл мұрамызды, әдебиетіміз бен мәдениетімізді, салт-дәстүр мен тіліміздің дінімізді ұлықтау азаматтық міндетіміз. Асанқайғы бабамыз желмаясымен Жетісу өңіріне келгенде: «Бұл жердің қойнауы құт, жері шұрайлы, топырағы киелі» деген екен. Қазақ жерінің қаймағы бұзылмаған Жетісу өңірі ән мен жырдың, күмбірлеген күйдің, әдебиет пен мәдениеттің ортасы екені баршаға белгілі. Бұл кітап барша жұртты өнеріне бас идірген Бердібек Соқлақбаев, Мұқан Төлебаев, Абдулла Қарсақбаев, шебер, ұста атамыз - Дәркембай Шоқаруұлы туған өлкенің бүгінгі мәдениеті жоғары, соларды мансұқ тұтатын жұрты бар екенін білдіреді. Қажет ағамыздың бұл кітабы жастарды өлкетануға, еліне, жеріне құрметпен қарауға тәрбиелейтіні анық. Елімізге келген шетел азаматтарына Жетісу өңірінің табиғаты мен тарихи мәдениетімен таныстыруына болатын энциклопедия іспеттес. Ал, осы тақырыпта ғылыми жұмыстар жазып жүрген жастарымызға бұл кітаптың берері көп. Сізге шығармашылық табыс, қаламыңыз қарымды болып, жазарыңыз көбейе берсін деген тілек білдіреміз.

Ербол АБДРАСИЛОВ.

● ТЕАТР

"ІЛИЯС" ДРАМАСЫ САХНАЛАНДЫ

ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ. ТУҒАН ЖЕРІН СҮЙГЕН ОТАНШЫЛ, ЖЕТІСУДЫҢ ТАУЫНДА ТУЫП, ТАСЫНДА ӨСКЕН, ӨМІРДЕН ЖАЛЫНДАП, ЖАНЫП ӨТКЕН ДҮЛДҮЛ АҚЫН ЕДІ. ЕЛГЕ «ҚҰЛАГЕР», «КҮЙШІ», «КҮЙ» ПОЭМАЛАРЫМЕН БЕЛГІЛІ ҚАЗАҚ ПЕРЗЕНТІ СТАЛИНДІК РЕПРЕССИЯНЫҢ ҚҰРЫҒЫНА ТҮСІП, ҚҰРБАНЫНА АЙНАЛЫП КЕТЕ БАРДЫ. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНЕ ӨЛШЕУСІЗ ҮЛЕС ҚОСҚАН АҚЫН ӘДЕБИЕТТІҢ ӘРБІР ЖАНРЫНА ҚАЛАМ ТАРТТЫ.



Б. Римова атындағы облыстық драма театрында сахналанған пьеса Ілиястың дүниеге келуінен дүниеден көтуіне дейінгі тұтас ғұмырын арқау еткен. Қойылымда келі түйіп, бала босандырып алатын эпизод көрініс табады.

Ілиястың кемеліне келіп, парасаты толысқан салиқалы болмысы актердің шеберлігімен әдемі әрі нанымды сомдалған. Қойылымның басында, ортасында, шарықтау шегінде де зия[illegible] қалпынан ажырамаған ақын [illegible]нің әрбір оқиғалары туралы [illegible]голғап отырады. Бұл дра[illegible]а авторының да, режиссердің [illegible]де сәтті таңдалған шешімдері деп білдік. Ал, Ілиястың атақты Мамания мектебінде оқыған бозбала шағын театр актері Еркебұлан Айдынбаев тиісті дәрежеде ойнап шықты. Сондай-ақ, ақын осы мектепке келгенде ғашық болатын қыздың да рөлі сондай сүйсінерліктей жарасымды сомдалған. Ақын өмірі мен шығармашылығына ықпалы болған Молықбай күйші образы да қойылымда қылаң береді. Ілияс дүниеге келгенде оның есімін қойып, кейін анасының түсінде көргеніндей күйші тағдырын қайталайтынын ана жүрек сезген болатын. Бұл ұлттық наным-сенімнің бір айғағы ретінде қойылымда көрініс табады. Яғни, ұлттық философияның айқын дәлелі дәп осы болса керекті. Кейіннен ақын өзінің тағдырына әсер еткен Молықбай шал туралы «Күй» поэмасын жазады.

Демек, ол жай ғана сенім ғана емес, шынайы көрінісі екені анық аңғарылады. Мамания мектебінде оқып жүргенде онда атақты саңлақ әнші Майра, аты жұмлә қазақ жұртына мәшһүр болған ақын Әсет келіп, оқушылармен кездеседі. Сонда, Майра бұлбұл үнімен балаларды тамсандырса, Әсет те өз өнерінен шашу шашады. Осы кездесуде ерекше көзге түскен болашақ ақын Ілияс Майра апасының ризашылығын алып, Әсет ақынның ақ батасына бөленеді. Сөйткен Ілияс кейін осының барлығын маржан сөзбен жыр-дастан етіп қалдырады. Естіген көргенін үнемі қойын дәптеріне жазып алып отыратыны оның болашақта зиялы, парасатты адам болатынын аңғартып тұрған еді. Ілияс Жансүгіровтің әдебиет пен өнерде өшпес мұралар қалдырғаны осындай тағылымды кездесулердің әсерінен болғандығын айғақтап тұрады.

Қойылымда Ілияс Жансүгіровтің құғынға ұшырап, қудалауға іліккен кезі сондай аянышты әрі сенімді сомдалады. Кеңес Үкіметінің жандайшаптарының қатыгез, шаш ал десе бас алуға дайын тұратын әсіре бұйрықшыл тобы көрерменнің жек көру сезімін туғызды. Бұл қазақ халқының жақсы-жайсаңы мен зиялы деген жұртын жаппай қырып тастаған Кеңестік идеологияға, қала берді сол дәуірді жек көруге әкелетіні сөзсіз. Бір сөзбен айтқанда, бұл қойылым Ілияс өмірі арқылы ұлттық сананы қалыптастыруға жетелей алатын қойылым. Драманың авторы филология ғылымдарының кандидаты Мұратбек Иманғазинов, ал режиссері Назым Өтеулинова. Осы күнге дейін Ілияс туралы спектакль жоқ екенін ескерсек, «Ілияс» драмасы соның орнын толтыруға үлесін қосқанын жасырмаймыз.

Шынаргүл ОҢАШБАЙ.

БАЙҚАУ

Талдықорған қаласы І. Жансүгіров атындағы мәдениет сарайында Алматы облысы әкімінің жүлдесі үшін «Жетісу жұлдыздары - 2014» атты облыстық балалар шығармашылық байқауы өтті. Облыс орталығының іргесінде орналасқан аудандардан 70 үміткер қатысты.

БҰЛАҚ КӨРСЕҢ КӨЗІҢ АШЫ

Айтулы шараның басқасында жүрген Алматы облыстық мәдениет, мұрағат және құжаттама басқармасының бөлім бастығы Төлеужан Нүсіпжанұлының сұхбатынан:

– «Жетісу жұлдыздары – 2014» атты балалар байқауы облыс әкімінің қолдауымен биыл 12-ші рет өткізіліп отыр. Үстіміздегі жылдың қыркүйек айында өткізілген аймақтық іріктеу турына әр аудан, қалалардан 160 үміткер қатысып, облыстық байқауға 70 үміткер жолдама алды. Байқау жас шамасына қарай екі топ бойынша өткізіледі. Кіші топ 5-9 жас аралығы, үлкен топ 10-15 жас аралықты көрсетеді. Байқаудың мақсаты - балалар шығармашылығын дамыту, музыкалық эстетикалық тәрбие беру, жас таланттарды насихаттау, республикалық үлкен сахналарға шығару біздің басты міндетіміз.

Байқауға Алматы облысына қарасты аудандардан іріктеліп келген үміткерлеріміз бақ сынасты. Әуелеткен әнші де мың бұралған биші де көрерменнің көңілінен шықты. Бәсекеге түскен бүлдіршіндер әнді айтқанда, өте ауыр әндерді тамылжытып, нақышына келтіре орындады. Ондай әндерді қазақ эстрадасында жүрген кез келген әнші орындай бермейді. Әсіресе, Талдықорған қаласынан Нұржан Әбілқасымовтың, Еңбекшіқазақ ауданынан Әсел Рақымжанның, Жамбыл ауданынан Табыс Ердостың салған әндері тыңдарманды орнынан тік тұрғызды. Талғар ауданынан келген «Балауса» би ансамблі, Талғар ауданынан «Ару» би ансамблі мен «Айзада» би тобы, тамаша өнер көрсетті. Барлық өнерпаздар өздерінің ішінде қайнап жатқан таланттарын байқатты. Қазылар алқасының мәдениет, өнер саласынан құрылғанын айтпаса да белгілі. Олардың қатарында: Республикалық, облыстық байқаулардың лауреаты, Жетісу Мемлекеттік Университетінің қоғамдық мамандықтар факультетінің деканы Серікбол Төлеутайұлы. Алматы облыстық халық шығармашылығы орталығы директорының орынбасары Айгүл Сабитова. Талдықорған қаласының «Шағала» би ансамблінің көркемдік жетекшісі Гүлмира Смағұлова. Республикалық, облыстық байқаулардың лауреаты, «Талдықорған әуендері» фольклорлық-этнографиялық ансамблінің өншісі Медет Тұзбаев болды. Бұндай байқаудың тартысты өтетіні айтпаса да белгілі.

Қазылар алқасының қорытындысымен бас жүлдені ән номинациясы бойынша Талдықорған қаласының әншісі Нұржан Әбілқасымов, би номинациясынан Талғар ауданының «Балауса» би ансамблі қанжығасына байлады. Байқауға қатысқан үміткерлердің барлығына бағалы сыйлықтар мен дипломдар тапсырылды. Елімізде осындай игі шараның өтуі - балалардың өнерінің дамуына септігін тигізері анық.

Е. БАТТАЛҰЛЫ.

Үш Бәйтерек



Үш әулие – үш биім,
Үш батырым – үш күйім.
Үш бәйтерек атанған,
Төрімдегі – үш Күнім.
Өздеріңді тұлғам деп,
Мақтанамын мен бүгін!
Ту көтердік тәуелсіз,
Түр желбіреп көк туым.
Әлем түгел таныған,
Ерлікке толы әр күнім.
Барымды бар деп,
жоғымды
Түгендедім шықты үнім.
Бастау алған Сіздерден,
Халыққа деген адалдық.
Ұрпағыма ой салған,
Сөздеріңде даналық.
Ескелді, Балпық,
Қабылиса,
Үш бәйтерек, үш алып!

Өнегесі ерліктің,
Керегесі бірліктің.
Ұрпақтарың ұстаған,
Үлгісін биік достықтың.
Ақ Ордасын орнатқан,
Жетісуға халықтың.
Қасиетті, қастерлі
Үш бәйтерек алыпсың!
Тыңда бүгін бабалар,
Ұрпағыңның жан сырын.
Терме жырды төгілтіп,
Ақтарайын, ой-күйін.
Алатаудай асқарым,
Шексіз ақыл – аспаным.
Ерлік туын көтерген,
Өздеріңсің дастаным.

Бақтыбайдың жырынан,
Ақын Сара сырынан,
Жамбыл ата толғаған,
Толғаулардан ұғынам.
Ел аузында жыр қалды;
– «Сырдарияның бойынан,
Қармақшының ойынан,
Елін қоймай жинаған.
Текелінің ойына,
Қараталдың бойына,
Қоныс тойын тойлаған» –
деген жырдың мәні бар,
Ұрпақтарың ойланар.
Жоңғарды қуып жерімнен,
Орын алған төрімнен.
Көшіп келіп жеріме,

Қазып тоған егінге.
Су шығардың суғарар,
Бөктердің қия өріне.
Қараталды бұрып ап,
Нұраның жазық төріне.
Сарыжазық жайқалып,
Бөленді алтын егінге.
Тоғанға толып кең жазық,
Ырыс болды еліме.

Жайлау етіп кең қоныс:
– Ойсаз, Қойтас,
Сарытөр,
Суықтөбе, Сарноқай,
Текелі тау, Күйелі,
Төлектің биік төрі де!
Алтынемел, Матай тау,
Ілеге дейін жеріде.
Үш қалқанды жағалап,
Кербұлақтан ары асып.
Бақаназы аралап,
Шықтың Балқаш көліне.
Қараталмен қайта өрлеп,
Үштөбенің беліне.
Бақалы мен Дауылбай,
Сарыкөлдің көлі де.
Сарбұлақ пен Көкталдың,
Тұтас кірген өрі де.
Қоржынкөлдің беткейі,
Теректінің төрі де.
Балдырғантау ол жатыр,
Шажа бойлап керіле.
Қоғалы, Шағаң, Алтуайт,
Лабасы тауы да.
Арқарлы мен Мақпалым,
Малайсары жоны да.
Мұнша жерді жайлаған,
Баршылық еді елің де.
Бүгін өсіп-жетілдік,
Сол тұстағы кезіме.

Үш әулием ұрпағың,
Отырғызды төріне.
Сәнді қала орнаған,
Тоған қазған жеріңде.
Талдықорған атанған,
Бүгінгі менің бас қалам,
Бақыт төккен еліме.
Бол риза бабалар,
Біз көрсеткен пейілге!
Ие болар ұрпағың,
Шығармай шашау жеріңе!

Әбіжан ОМАРҚҰЛОВ.

✦ *Жаңа кітап-альбом*

Кітапханашы Толқын

Кітап – біздің рухани құндылығымыз, теңдессіз байлығымыз. Өткен замандардың тұңғиық тереңінен сыр шертетін тарихты да, әдебиетті де кітапханадан табамыз. Кітапхана – оқырманмен кітап арасындағы алтын көпір. Ал кітап пен кітапхананың тіршілігіне жан беретін, ұлттық құндылықтар мен оқырмандар арасын жалғастырушы - кітапханашылар.

Жұртшылықтың іздегенін тауып, қолынан келгенше көмегін аямайтын, дүйім оқырманның кітап жайлы бағыт-бағдар алуына тынбай қызмет атқарып жүрген парасатты жандар қаншама?!

Солардың бірі аудандық кітапханада сегіз жылдан бері жұмыс істеп жүрген Толқын Дінияқызы Бойтанова. Жетісу ауылының тумасы, аудан орталығындағы Ш.Уәлиханов атындағы орта мектеп-гимназиясының түлегі. Мектеп бітіргеннен кейін Талдықорған қаласындағы І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде ағылшын тілі пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша білім алған. 2006-2012 жылдары кітапханашы болып істесе, соңғы екі жылда кітап қорын толықтыру және өңдеу бөлімінің меңгерушісі болып қызметін жалғастыруда.

Аудандық кітапхана қорына келіп түскен әрбір кітапты назардан тыс қалдырмай, оқырмандарға таныстыру – осы салада қызмет атқарып жүрген қызметкерлер үшін жауапты жұмыс.

Толқын Дінияқызының қолындағы бұл кітап үстіміздегі жылы облыс әкімінің қолдауымен «Таймас» баспасынан жарық көрген «Жерұйық мекен» атты кітап-альбомы. Кітапта Алматы облысының мәдениет пен өнер саласында тынбай еңбек еткен мәдениет қызметкерлері туралы баяндалған. Айта кететіні, кітап-альбомға ауданымыздың Құрметті азаматы, Қазақстан Республикасының Мәдениет Қайраткері, жазушылар одағының мүшесі Сәбит Биболов пен белгілі сатирик Қыдыр Байдүйсеновтың суреттері де орын алған.

М. САНДУҒАШ.

СУРЕТТЕ: аудандық кітапхана қорын толықтыру және өңдеу бөлімінің меңгерушісі Толқын Бойтанова жаңа кітапты оқырмандармен таныстыруда.



Деген екен...

Күйеуі жұмысқа кетіп бара жатып әйеліне:
- Сен менің пиджагімді тазалап қойдың ба?
- Әрине, тазаладым.
- Ал шалбарымды ше?
- Иә, тазаладым.
- Ал аяқ киімімді ше?
Әйелі:
- Не, онда да қалта бар ма? - деген екен.

* * *

Сүрбойдақ айна алдына келіп шашын тарай бастайды. Шаш дегенде үш тал шашы ғана бар екен. Тойға барады ғой, сәндену керек. Ол тарай бергенде, бір тал шашы түсіп қалды. Ашуланып, тағы тараған екен, екіншісімен қоштасады. Айнадан бір тал шашы қалғанын көрген тақырбас:
- Мейлі, осылай үйпа-түйпа боп кете берейінші, - деген екен.

Шаттанам шалқып...

Биікке беттеп, өсумен келем күн санап,
Әлде бір сезім бермейді маза тұмшалап.
Жаһанды кезіп, келеді кеткім, қиялым,
Белдерден асып, әлемді әне, жүр шарлап.
Сырғиды уақыт, сусылдап бейне, құм-сағат,
Бұл өмір мектеп, әр күнің болар бір сабақ.
Алақан тағдыр, сипаса сені мүсіркей,
Түтеді кейде, жатқандай жабы жүн сабап.
Айдынды көлде, асыр сап ойнап ақ шабақ,
Үлбіреп күлте, ырғалса желмен гүл-сабақ.
Қаз бауыр бұлттар толқындай жүзіп көгімде,
Табиғат сұлу, жадымда жайнап тұр ғажап.
Арманға беттеп, мақсатым - жетпек, күн санап,
Келемін толқып, әлде бір сезім тұмшалап.
Самалға ерке, оянған ерте таңменен,
Шаттанам шалқып, желегін желпіп тұрса бақ.

Қ. ДОСАЙ.

✦ *Білгеннің артықшылығы жоқ*

Қазақта тұңғыш...

- "Қасым ханның қасқа жолы атты заң негізін жасаған Қасым хан (1445-1520ж.)
- тарихшы, жазушы, ғалым Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати (1499-1551ж.)
- орыс-қазақ арасындағы елші (1594ж. Төуке хан тұсында) Құлмұхамбет, қаһарман батыр шапырашты Қарасай (1590-1670ж.)

ҮШ АҚИҚАТ

1. Қымбат - шындық.
2. Арзан - отірік.
3. Дауасыз - кәрілік.

ҮШ ҚУАНЫШ

1. Алғыс алу. 2. Өзіңді көптің іздеуі.
3. Ісіңнің өшпеуі.

ҮШ БИІК

1. Билік. 2. Дәулет.
3. Даналық.

✦ *Ауылдың айтқыштары*

Таспен және баспен

Қали бірде мәшинесімен келе жатса алдынан "МАЗ" кездесіп, оның дөңгелегінің астынан үшқан тас алдыңғы әйнегіне тиіп сындырыпты. Гаражына келіп кіре берсе, шекесі жылтыр бір таз жолдасы ішіп алған, сүрініп кетіп мұның мәшинесіне басымен соғылады. Сонда Қали:

- Апыр-ай, бүгін жолым болмады. Әуелі "МАЗ" келіп таспен соқты, сосын таз келіп баспен соқты! - деген екен.

Түгел

Ферма бастығы Шүйішев Алпысбай деген кісі шаруашылық аралап, кешке үйіне келсе, әйелі Болған:

- Осы үйдің әйелі де, еркегі де өзім! Бәрі менің мойнымда! - деп ашуланса керек.

Сонда Алпысбай:

- Е-е, бұл үйдің адамдары - әйелі де, еркегі де түгел екен. Мен кете берейін, - депті.

Сонда әйелі мырс етіп күліп, қабағы жазылып қоя беріпті.

ТІЛ! Тілдің не нәрсе екенін білмейтін адам жоқ, бұл жалғанда... Ал, білмейтіндер болса, менің осы әңгімемді оқыған соң білетін болар деп ойлаймын... Оқымай қалғандар болса, оқығандардан сұрап алсын... Жаратушы иеміз, бізбен қоса тілді де жаратқан кезде, әу баста, тіл үшін екі бірдей қызмет атқаруды міндеттеген. Соның бірі - сөйлеу, ұғынысу болса, екіншісі, астың дәмін татып көру... Жан-жануарлар үшін, тіл қызметінің екінші түрі аса пайдалы сияқты... Телебізірден көргенім бар, шетелдік бір шегіртке, тасалау жерде бой тасалап, тығылып тұрады екен де, шаруасын шаруалап, өз бетінше ызыңдай әндетіп келе жатқан шыбын-шіркейге қарай аузындағы ұзын тілін «сумаң» еткізе лақтырып жіберсе болғаны, «обед готов!» Қарны тоқ, қайғысы жоқ... Соның бәрі, әрине, сумаң ете қалатын тілінің арқасы...

Ал енді, тілдің қосымша неше түрлі қызметтері бар екен. Мысалы, жылан үшін (Тыһ, көпірдің түрінің суығын-ай! Құдды бір, «НКВД»-да қызмет істейтіндердің түрі сияқты). Иә, сол жылан үшін тіл барлау және барлаушының рөлін атқарады. Барлаушы болғанда да қандай, нағыз - Штирлиц! Соңғы кездері, сиыр деген жануар мен мына біздің, адамдардың тілінің арасында бір ұқсастық барын байқап жүрмін... «Атап айтқанда?» - дейсіз бе? Атап айтар болсақ, былай енді... Мәселенки, автобуста келе жатырсың дейік... Автобус болған соң, оның іші адамдарға лық толы... Қарсы алдыңда, үріп ауызға салғандай бір періште тұрады... Бойжеткен! Әп-әдемі, кеудесі, бөксесі бәрі орын-орнында... Әрине, сен оған сүзіле қарайсың... Қарағаң сайын, оның оны-мұны, оғаштау қылықтарына көзің жете береді... Бір уақытта күйіс қайырған сиырдай малжаңдағанын көресің... Астапыралла! Бұл енді, бойжеткеннің «жоғары мәдениетке» қолы жетіп, нағыз шетелдік-терше сағыз шайнағаны... Осы

Тәй

Әзіл әңгіме

кезде ауылдағы алаңның ала сиырының күйіс қайырғаны түседі есіңе ... Бір кезде ...

О, тоба! Саулық қойдың қоздайын деп жатқан «мәментін» көргеніңіз бар ма? Көрсеңіз, қозы жарық дүниеге шықпастан бұрын әуелі қағанағы көрініп, үлкейе келе «бырш» ете жарылып кетуші еді ғой. Тура сол сияқты мына бойжеткеннің де аузынан бірдемесі домалана бері қарай шыға береді де, «сарт!» ете жарылып кетеді. Астапыралла, тағы да! Бойжеткен болса сүйріктей тілін сүйреңдете шығарып, үстіңгі ерніне, танауына шашырай жабысып қалған «пәлесін» жалма-жан «жалап-жұқтап», тілімен жинап алып, қайтадан аузына тығып жібереді... Дәл сол кезде, ауылдағы апаңның ала сиырының қызыл тілімен екі танауын кезек-кезек жалағаны және есіңе түседі... Көрдің бе, «Ала сиыр мен адамдардың арасында бір ұқсастық бар» дегенім де сол емес пе... Жаратқан ием, сиырға тілді танауын жалау үшін берсе, адамдар үшін тіл - сөйлесудің, ұғынысудың басты құралы ғой... Әйтпесе, бәленбай миллиард халық қалай өсіп-өнер еді...

Қазақтар тілге өте бай халық қой... Бай болғанда, бір қазақтың аузында екі немесе үш бірдей тіл салақтап жүр екен деп ойлап қалмаңыздар... Сөз қорына өте бай екенін айтамын... Бір мемлекет әйелдеріне: - «Бала тумаңдар, халқымыз жерімізге сыймай кетті!» - деп тыйым салғаны сияқты, біздің қазақ та сөз қорымыз бұдан ары көбейе бермесін деген сыңаймен: - «Күніне жүз сөйлеген адам - өледі!» - деп, «запретный» мақал да шығарған кезінде... Жоқ, әлде әйелдері көп сөйлеп бара жатқан соң шығарды ма екен сол бір мақалды? Ал енді, тілдің тәттілігін қайда қоярсың... Қойдың тілі ме, сиырдың тілі ме, асып жесең де, қуырып жесең де бәрібір... Ал жаңадан сөйлейін деп, ар жағынан «қақолы» түртіп келе жатқан, өзінше былдырлай бірдемелерді айтуға талпынған бүлдіршін баланың тілін айтсаңшы, бәрінен де... Бал ғой, шіркін, бал!... Айтпақшы, тілдің мүкістігі де болады... Баяғыда, біздің ауылда бір Жолтай деген бала болған ...Әбден ерке, шолжың болып өсті. - «Атың кім?» - деп сұрағандарға: - «Шолтай!» - деп, шолтаң еткізеді, сақаулана... Шамасы, үнемі аузынан құрт, кәмпит түспейтіндіктен болар. Сонысы өзіне жаман әдет болып кеткен болуы керек, кейін есейіп, өзіне дүкімент алған кезде де: - «Шолтай» деген-ау деймін, кейін бір көргенім бар, шағын мекемеге үлкен бастық болыпты... Секретарь келіншек, - «Шолтай Балтайыч! Шолтай Балтайыч!» - деп зыр қаға жүгіріп жүр екен соңынан... Шамасы, соңғы атадан бері қарай әкесін қоса отырып тарқатар болсақ, Әлтайдан - Балтай, Балтайдан - Шолтай, тойыс, Жолтай туса керек... Сөйтіп, Шалтай Балтайыч болған да шыққан... Қой, осымен аяқтайын, әйтпесе, осы әңгімені оқып отырған оқушым аяқ астынан: - «Балтай-шалтайды доғар, давай!» - деп ашуланып жүрер маған... **Ал ашуланбайтын ағайындарға, тілімізді қадірлей, қастерлей білейік демекпін... Тіл болғанда да, отыз жыл отасқан әйеліңмен ұғыныстыратын, әдемі келіншектермен әзілдей жұғыныстыратын, арақтың ащы, шыбын жанның тәтті екенін айырып беретін, өз аузымыздағы сүйегі жоқ сүйреңдеген қызыл тілді ғана айтып отырғаным жоқ. Қазағымның, халқымның, Анамыздың ардақты тілін айтып отырмын...**

Қыдыр БАЙДҮЙСЕНОВ.



Қазақстанның тәуелсіздікке қол жеткізуі тарихымыздағы «ақтаңдақтардан» арылуға және ұлттық құндылықтардың қайта жаңғыруына жол ашты. Осыған байланысты Елбасы Н. Назарбаев: «Біздің мақсатымыз, ғылымды жаңадан жасап, оны ешнәрсеге жарамай қалған, ескірген идеялардан тазартуға тиіспіз. Әсіресе, мұны қоғамдық ғылымдар саласына қолдануымыз керек», – деп атап көрсеткен. Осыған орай, Отан тарихында әлі де үстірт қарастырылған немесе мүлдем зерттелмей, тарихи тұрғыдан шынайы бағасын ала алмаған мәселелер аз емес. Соның бірі – Қазақ халқының әдет-ғұрыптық заңдарының Қазақстан Республикасының Конституциясымен сабақтастығы, тамырлас, өзектестігі.

АТА ЗАҢМЕН ТАМЫРЛАС ҚАЗАҚЫ ҚҰҚЫҚ

Дала заңының ережесі мен құқықтық қорының сақтаушысы, реформаторы, әрі жүзеге асырушы күш – билер болды. Белгілі тарихшылар В. Бартольд, А. Левшин, Л. Гумилев және басқа да ғалымдардың осы тақырыпты кең ауқымда зерделеп, зерттеп жазғаны, оған берген бағасы, сөз жоқ, Қазақ құқығы мен билер соты төрелігі – қазақ мемлекеттілігінің феномен екендігінің тағы бір дәлелі іспетті. Шындығында қазақ құқығының ерекшелігі мен билер сотының төрелік айту тәсілі басқа халықтардың сот жүйесінде бұрын-соңды кездеспеген жайт, қазақ тарихындағы ғажайып құбылыс. Жазу, сызуы келмеген қазақтың билері жасаған заң жүйесінің бізге дейін бұзылмай, бүтін жетуінің өзі керемет емес пе?! Қазақ құқығы мен билер сотының шешімдері исламдағы сот ісін жүргізу негіздері және шариғат заңдарымен сабақтасып, үндестік тәуіп жатқаны да терең зерттеуді қажет ететін тақырып. Мысалы, қасиетті Құран Кәрімнің «Маида» сүресінің 45-ші аятында: *«Оларға Тәуратта: жанға жан, көзге көз, мұрынға мұрын, құлаққа құлақ, тіске тіс және жараларға да, қарама-қарсы төлеу (қысас) жазылық. Дегенмен, біреу оны кешіріп етсе, сонда ол оған каффарат болады. (Өз күнәсі кешіледі.)»*, – делінген. Бұл Тәураттағы бұйрықтарды Құран Кәрімнің құдіреті адамзатқа растағаны деп білу керек.

Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар айтқан хадисте: *«Сөздер үш түрлі: біреуі жәннатта болса, екуі – тозақта. Жәннатта болатыны – ақиқатты біледі және ақиқат бойынша қазылық етеді. Ақиқатты біледі, бірақ әділетсіз шешім шығаратын адам және өзі жазіл (надан) бола тұрып, адамдарды соттайтын адам да (би де) тозақта болады»*, – делінген. Тағы да: *«Кімдікі ақтауға себеп болса, ақтауға тырыс, кінәсіз жаза берегенше кері ақтауда жаңылысқан жақсырақ»* және де *«Күмәнданып жазалама, ұлы адамдарға сүйеніңде кешіре біл. Ақылы шамалайық істеме дегенді естігендерді кешіргін жазала»*, – деп жаза берудің үлгісін озық көрсетеді. Осыған ұқсас жаза түрлері мен дауларды шешу тәсілдері қазақтың әдет-ғұрып құқығында да болған, мақал-мәтел, қанатты сөздер ретінде келген, билер соны өз орнында тиімді қолдана білді.

Қазақ қоғамында билер сайланбаған, тағайындалмаған. Би болатын адамның бойында ерекше қасиеттер болған. Халық соған қарап оны би деп таныған, әділдігіне жүгінген. Ондай қасиеттерге тоқталсақ, біріншіден, би қазақтың дәстүрлі әдет құқығын жете түсінген. Екінші, билерге шешендік, ақындық, заңгерлік, бітімгерлік, батырлық, саясаткерлік, даналық, ойшылдық, білімпаздық, көрегендік сынды қасиеттер тән болған. «Қарамола» заң ережесінің авторы, «ақылдың бас саудагері», хакім Абай осы қасиеттерден басқа бидің бойындағы ең басты қадір-қасиет – әділеттілік, шыншылдық болу керек дегенді баса айтқан.

Осы белгілерге қарап, қазақ халқының билерге қоятын талабының өте жоғары болғандығын байқаймыз. Қазақ биленіне бай, хан-сұлтан, қараөкпетін ұрпағы болу шарт болмаған. Қайта жан-дүниесі таза, көзі ашық, көкірегі ояу, адамгершілігі мол, ақылды, білімді, салт-дәстүрге жүйрік, мынаған оған тұлпарлар таңдалған. Қазақ тарихында өшпес із қалдырып, «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген қағиданы берік ұстанған атақты билер өте көп. Демек, атаның қанынан, ананың сүтінен дарыған, тумысынан талантты, шешен билер мен бектердің көптен шығуы шын мәнінде ғажайып емей немене?! Қазақ даласында түрме, абақты, бас бостандығынан айыру жазасы мүлдем болмаған. Керісінше, ізгіленген заңдар мен биді таңдау құқы болған. Билер сотының артықшылығы туралы қазақтардың тұрмысы мен әдет-ғұрпын зерттеумен айналысқан орыс зерттеушісі А.Гейнстің: *«Билер соты ашық және барынша әділ жүргізіледі. Сондықтан да оны қазақтар ғана емес, орыс зиялылары да құрметтейді, олардың көпшілігі билер сотына барын шағынады»*, – дегені және сондай-ақ, *«Қазақ билері – халқының салт-дәстүрі мен өткен тарихын да жақсы біле ді»*, – деуі көп нәрседен хабар берсе керек.

Демек, қазақтың билер соты шынайылығымен халыққа ең жақын құқықтық орган болған. Құқықтық құрылымы және сот ісін жүргізуде өзіндік қалыптасқан бай тарихы бар, әлемдік үлгідегі классикалық соттарға кай жағынан да үйлесе алатын бірегей сот жүйесі екеніне көптеген ғалым нақты көз жеткізіп отыр. «Би білімді болса ел-жұрт берекелі болады, би алаяқ, жемқор болса ел-жұрты азып-тозады», «Ханда қырық адамның ақылы бар, биде қырық адамның ары мен білімі бар» деп қараған қазақ халқы би боламын деген адам сөз бен іс-қимылда, көпшілдік пен кешірімде, киіну мен жемдікте, ішіп-жеуде, адалдық пен ақиқатта, салт-дәстүрде, кісілік қарым-қатынаста, алыс-беріс, ауыс-күйісте көпке үлгі-өнеге болуы керек деп есептеген.

Бітімгершілікке құлақ аспау көргенсіздік, тексіздік ретінде бағаланған. «Бітімшілікке тоқтамағанның – береке іздеме» деген тәмсіл осыдан шыққан. Соның бүтінгі сабақтастығы «Медиация» заңынан көрініс табуда. Қазақ халқы жон сөзге құлақ асып, мәнін түсіне, кастерлей білген. Былайша айтқанда, қазақ қоғамындағы құқықтық сана өте жоғары болған. Тәуке ханның тұсында «Билер кеңесі» хандық билікті шектеу құқығына ие болған әрі соттық билікті де атқарған. «Билер кеңесінің» қазіргі баламасы Конституциялық сот екендігі белгілі.

Қазақ қоғамында билердің рөлі мен орны қандай болды дегенге келсек, халық даналықтарына, зерттеуші ғалымдардың магдұматтарына сүйене отырып, мынадай қысқаша тұжырым жасауға болады. Біріншіден, би – қоғам қайраткері, саясаткер, ханның негізгі тірегі, кеңесші. Екіншіден, ел ішіндегі дау-жанжалды шешіп отыратын сот қызметін атқарды. Олардың бірі айыптаушы (прокурор) қызметін атқарса, екіншісі – ақтаушы (адвокат), ал үшіншісі төрелік айтушы болған. Үшіншіден, көкірек көзі ашық, көпті көрген, елдің өткені мен бүгінін, болашағын болжай білген, халықтың қамын жеген ел мен ердің арнамысын ту етіп көтерген көсем. Төртіншіден, биге тән ерекше қасиет – қызыл тілден май тамызған шешендік өнер. Сөздің ең мәйегі мен нәрін пайдаланып, билік айтқанда жұртты ұйытып, иландырып тастаған. Бесіншіден, олар заң шығару ісімен де шұғылданды. Мәселен, Майқы биді «түгел сөзі», әз-Жәнібек ханның «әдет-ғұрыптары», «Қасым ханның қаска жолы» «Есім ханның ескі жолы», «Тәукел ханның тура жолы», «Әз-Тәукенің Жеті жарғысы» мемлекет атынан қабылданған заң деңгейіне жеткен. Алтыншыдан, би қазақ қоғамының идеологы болды. Қазақ халқының аса бай дәстүрлі рухани қазынасын сақтау, насихаттау және дамыту саласында билердің атқарған еңбегі ерен. Жетіншіден, ол – дипломат, елші. Сегізіншіден, тәрбиеші, ұстаз міндетін де атқарды. Би адамның жан-дүниесін, мінез-құлқын бірден тани білген, бүгінгі тілмен айтсақ, психолог еді. Тоғызыншыдан, билер сыртқы жаудан қорғануды ұйымдастырушы, әскери қайраткер болды. Олар жалынды сөздерімен өз халқын жауға қарсы тұруға, туған елді қорғауға шақырды. Сонымен қатар, билер соты шығарған шешімдердің тағы бір ерекшелігі – құқықтық үлгі ретінде жиі қолданылғаны. Әділеттілікке негізделіп кескен үкімдер мен шешкен даулары өзіндік құқықтық норма сипатына ие болған. Сол арқылы жандаған туындаған дау-жанжалды, нақты бір қиын істі шешкен ереже, қағида, нақыл сөздер – прецеденттік үлгі, нұсқа ретінде ел арасына кең тарап, келешекте орын алған соған ұқсас даулы істерде қолданылған. Атақты Қазыбек бидің шешімдерінің ішінен соттық прецедентке айналған нормалар көптеп кездеседі. Мысалы: «Тепсің тапқанға тегін бер, қосағымен қоса ағарсың», – деген шешімі неке жағдайында малға сатылмай, сүйгеніне қосылған қазақ қыздарының құқын қорғап, моральдық тұрғыдан үлкен нормативтік сипаты бар шешім екендігін аңғаруға болады.

Патша үкіметі XIX ғасырдың басында билер сотын тарата бастады. 1822–1824 жылдары «Сібір қазақтары туралы» және «Орынбор қазақтары туралы» жарғылар шығарып, Орта және Кіші жүздегі хан лауазымын жойды. Аталған жарғылар би лауазымын халықтың мойындауы арқылы емес, оған сайлаумен қол жеткізуге рұқсат етті. Соның нәтижесінде жемқорлық пен әділетсіздік белең алды. Түптеп келгенде, қазақ даласына Ресей империясындағы сот жүйесін енгізуді көзделі. Осы мақсатта 1854 жылы «Сібір қазақтарын Ресей империясының жалпы заңдарына қарату» және 1867-1868 жылдары қабылданған «Уақытша ережелер» қазақ билерінің мәртебесін жойып, олардың орнына мемлекеттік шенеунік санатына қосылған халық сотының судьяларын үш жыл мерзімге сайлауды енгізді. «Билер соты, 50 жыл бойғы орыс саясатының жеріне қарамастан, бізге дейінгі жүздеген, балкім, мыңдаған жыл бұрын қандай болса, сол қалпында қалды», – деп билер сотына жоғары баға берген көрнекті ғалым Шоқан Уалихановтың «Сот реформасы жайында жазбасындағы» мына бір пікірі көп нәрсені аңғартады: *«...Жалпы халықтың көпшілігі билер сотының ежелгі тәртібінде қалуын қалағанын, ал шенді, мансапты, ауқатты қазақтар, керісінше, билер сотына сол негізде өзгеріс енгізу жағында болғаны айқын аңғарылды».*

Сөйтіп, отарлық саясат көздеген мақсатына жетті. Халық арасындағы танымал, тәжірибелі би-шешендер ел басқарудан тайдырылды. Бедел мен біліктіліктің орнына білімсіздік пен жағымпаздық келді. Шен-шекпен мен лауазым үшін әділеттілікті сатқан қазақ бюрократиясы қалыптасты. Туабітken табиғи дарынымен дараланған шыншыл да шешен билердің қазылығы келмеске кетті. Ұлттық салт-санамызға кері әсері тиген бұл сынаржақ реформа шешендік өнерді тоқыратты, құқықтық-саяси және рухани-мәдени салаларды дағдарысқа ұшыратты.

Болашақ ұрпақ алдындағы парызымыз – қазақ құқы мен билер сотының пайдасы мен маңыздылығын осы заманға лайықтап, қайта жаңартып, қалпына келтіру, нақты заңдық жүйеге кіргізіп, дұрыс сот тәжірибесін орнату.

Советхан СӘКЕНҰЛЫ,
облыстық соттың қылмыстық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасының төрағасы.

■САХНА ЖӘНЕ ЖАСТАР

БОЛАМЫН ДЕГЕН БАЛАНЫҢ бетінен қақпа, белін бу

Жуырда Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясын «Драма және кино актері» мамандығы бойынша бітіретін бір топ жас Талдықорған түрғындарының назарына Мұхтар Әуезовтің «Қара Қыпшақ Қобыланды» және Мұстай Кәрімнің «Күнәһар» қойылымын ұсынды. Бұл Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясын тамамдайтын студенттердің дипломдық спектаклі.

«Жетісу» /
Қажет АНДАС

Айтпақшы, жуырда облыс әкімі Амандық Ғаббасұлы еліміздегі бірқатар жоғары оқу орнының ректорларымен арнайы кездесіп, әкім грантымен оқитын студенттерді еліміздегі басқа да танымал оқу орындарында оқыту керектігі жөнінде ортақ келісімге келді. Сол қатарда театр саласында оқитын балаларға да кемтеп грант бөлінетін болады. Сонымен қатар, алдағы уақытта Талдықорған қаласында жаңа театр бой көтеретінінен жұрт хабардар. Еліміздегі танымал архитекторды шақырған өңір басшысы жаңа театрдың жобасын да бекітті. Сол мақсаттарға алдын ала дайындалу үшін облыстық театрға жаңадан 10 штат бөліп берілді. Сол бос орынға лайықты жастарды өнер академиясының биылғы бітірушілері арасынан таңдап алу мақсатымен театр және академия басшылары бірнеше рет кездесу өткізіпті. Ақыры «Кенесіп пішкен тон келте болмайды» деген оймен жастардың өнерін талдықорғандық көрерменнің талқысына салып көруді жоспарлапты. Сол мақсат мәресіне жетті. Екі күн бойы талдықорғандықтарды елең еткізген жастар барын салып, өнер көрсетті. Айта кетерлігі, көрерменнің көптігі бұл бастаманың жұрт арасында кең қолдау тапқанын аңғартты. Көпшіліктің қатарында біз де болып, спектакльді тамашалап қайттық.

«Қара қыпшақ Қобыланды» дастан-драмасы жарты ғасырдан астам уақыт қазақ сахнасынан түспей келеді. Ол Оразбек Кенебаевтың режиссерлігімен бірінші рет Жамбыл облыстық драма театрында қойылды (Қобыланды рөлінде режиссердің өзі ойнады). Аталған қойылым 1997 жылы М. Әуезовтің 100 жылдығына орай өткен республикалық театр фестивалінде бас жүлдені жеңіп алды. Сол жүлдызды туындаға араға біраз жыл салып Талдықорған төрінде қайта ұсынылды.

Театрда дипломдық жұмыс негізінде өтті. Драманың қоюшы режиссері Оразбек Кенебаевтің шеберлігі осы спектакльден байқалды. Кәсіби деңгейде қойылған спектакльді өнер әлеміне жаңа қадам басып келе жатқан академия түлектері орындады дегенге сену қиын. Барлығы бұрынған сахнаның дәмін татқан актерлер сияқты. Ойын барысында өздерін ұстаулары, дауыс ырғақтары, спектакльді сезіне білулері, ән айтып, би билегендері де жоғары деңгейде орындалды. Қойылым барысында әуен мен бидің орны ерекше болды. Оған септігін тигізген ҚазССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, профессор Ғ. Жұбанова ханымның еңбегі зор.

Тоқтарбайұлы Қобыланды XV ғасырда өмір сүрген, аты аңызға айналған халық батыры, Қара Қыпшақ тегінен шыққан, халық шежірелерінде «Қара Қыпшақ Қобыланды» атымен әйгілі болған. Сол Қобыландының рөлін жас актер, аталмыш академияның студенті Нұрғиса Қуанышбайұлы кәсіби дәрежеде ойнап шықты. Нұрғиса жастайынан актер болуды армандап, өнер академиясына оқуға түсті. Енді теориялық білімді іс жүзінде көрсететін уақыт. Жас актердің бойында толқыныс та жоқ емес. Ұзын бойлы, ірі денелі, арыстан дауысты жігіт нағыз қазақ батырына сәйкес келеді. Ал басқа да Қортқа (Толғанай Тілеубекова), Қараман (Рауан Жарболұлы), Шуақ (Бахтияр Байсерік), Тоқтарбай (Бауыржан Бакиров), Аналық (Айдана Серікова), Қарлығаш (Алмажай Төремұрат), Аққозы (Болат Аянбеков), Көбікті (Вахид Изимов), Қарлыға (Мерейлім Нұрелова), Бірсімбай (Ерлан Үсманов), Алшағыр (Бексұлтан Изтаев), Қазан (Асхат Асқарұлы), Күнікей (Айдана Серікова) рөлдері де өз иесін тапқандай сезімде болдық. Ал көпшілік рөлдегі Ертай Өлкожа, Дархан Нысанбаев, Мейрамбек Ерғалиевтер де барын салып бақты.

«КҮНӘҺАР» ТРАГЕДИЯСЫ Мұхтар Әуезов атындағы академиялық драма театрында Ө. Кенебаевтің режиссерлігімен қойылып, көрерменің жоғары бағасын алған тамаша туынды. Ол кезде Таңқабике бейнесін қазақтың талантты актрисасы Ғазиза Әбдінәбиева сомдаған. Қазақ театрының қазанында піскен Ғазиза Мәкенқызы қатыгездік, аярлық, зұлымдық, пасықтық, іштарлық пен махаббат, ізгілік, адалдық арпалысып жататын айтулы рөлге жан кіргізгені әлі күнге жұрттың есінде. Сондай сан тарау тағдырды талқыға салатын бейнеге, араға біраз жыл салып, өнер академиясының жастары жан кіргізіп бақты.

Қойылымдағы күнәһар Таңқабике атты сұлу келіншек. Дәулетті би соғысқа аттанып, уыздай жас әйел жолын күзетіп қалады. Күні бойғы тірлік көңілне алданыш болғанымен, түні бойы сары уайым жар қызығын қоздатады. Ақыры көрші қоныстан келген бозбаламен көңіл қосып, жыл өтпей жатып ұлды болады. Бірақ жұрттан жасырып, тығып баққан баланың да он екі мүшесі бірдей болмайды... Оның басты кінәсі осы. Бірақ қай заманда да күнәнің аты күнә. Қазақта жасаған күнәміз жеті ұрпағымызға тарайды деген сөз бар. Әрине, іштарлық, екіжүзділік, имансыздық, қызғаншақтық, күнәнің саны көп. Біз оны адамнан жасыра аламыз, Алладан жасыра алмайтынымыз ақиқат. Бұл шығарма сонысымен құнды.

Театрдың отаны саналатын, әлем драматургиясына Эврипид пен Софокл сияқты қос алыпты сыйлаған Грецияда: «Ұлт боламын десең, театрыңды түзе» деген мақал бар екен. Бұл ұғым: «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген қазақтың ұлттық танымымен өзектес екенін аңғару қиын емес. Әлемге әйгілі режиссер Сергей Эйзенштейн: «Егер әртіс қолын көкке көтеріп немесе саусағын шүкшитса және осы позицияны ұзаққа дейін сақтаса, онда ол шығарманың идеясына кері әсерін тигізеді. Себебі, ол жест уақыт ұзақтығына қарай көрерменге басқа ой салуы мүмкін. », – деген болатын. Бұдан шығатын қорытынды – артық қимылдың өзі рөлге нұқсанын тигізеді. Осы қойылымда да артық-кем қимыл, артық сөз, піспеген, бір қайнауы ішіндегі әрекеттер болды. Оның бәрі де жастардың классикалық әлемге әлі де еркін сіңісе алмағанын аңғартады. Өйткені олар әлі жас. Сахнада Құдайды кінәлау, жаратқанға кінә арту, көз жасын көл қылу, шыны керек, жаттанды нәрселерге бой үрушылық көрініс тауып жатты. Әрине, жас әртістер үшін мұндай шалыс қимылдарға бару табиғи құбылыс. Бірақ олардың басқа да тәжірибелі, білікті актерлердің арасында тез жетілетініне күмән келтіруден аулақпын. Ендеше, осы жастар алдағы уақытта облыстық театрдың кетігіне қаланып, кемтігін толтырып жатса көрерменге көп азық болатыны анық.

«Боламын деген баланың бетінен қақпа, белін бу» деген аталы сөзбен жас өнер иелеріне сәттілік тілеп, біз де тарқастық.

■ДАЛА ЖҰМЫСТАРЫ



Төгілген тер текке кетпейді

Биыл Сарқан ауданының дикандары көктемгі егіске дайындықты жүйелі жүргізді. Нәтижесінде 17 мың гектар алқапта сүдігер жыртылып, 6800 гектар көпжылдық шөп алқабы, 14981 гектар күздік егістік тырмаланды. Аудан бойынша көктемгі егіске 48572 гектар жер жыртылды. Бұл жұмысты алғашқылардың бірі болып «Абдрахимова» шаруа қожалығы қолға алды.

Қара жерге түрен салып, дән септес бұрын осы қожалықтың тізгінін ұстаған Мират пен Рафаэль Абдрахимовтар бұл салада тәжірибесі мол аға буын өкілдерін шақырып, шаруашылық жылының табысты өтуі үшін құрбан шалып, үлкендерден бата алды. Аудан имамы Серікбек Асқарұлы Құран оқып, ауылшаруашылық саласының ардагері Қанат Маманбаевтың ниет-ықыласынан кейін дала төсі дүбірге бөленді. Ізгілікті шараны қолдап, ұйымдастыруға ұйытқы болған аудан әкімі Ерғазы Қошанбеков мандайалды шаруашылықтың тыныс-тірлігімен таныста.

– Жазда 937 гектар алқаптан күздік бидай өнімін алуды жоспарлаудамыз. Бүгіннен бастап 410 гектар жерге арпа себуді қолға алдық. Бұған жұмыс күші жетеді, техникалар да сақадай сай, – дейді қара жердің қайтарымын еселеуге жылдар бойы үпес қосып келе жатқан Мират Хаматайұлы.

Аталған шаруашылыққа басқа дақылдар да жат емес. Қант қызылшасына 10 гектар алқап дайындалса, 25 гектарға дейді жүгері, 100 гектарға тары, қосалқы шаруашылығын дамыту үшін 65 гектарға көпжылдық шөп себілмек. Ауыспалы егіс жүйесін қатаң сақтайтын білікті маман 168 гектарды таза парға сақтап отыр. Сонымен қатар 407 гектарға қытай бұршағы мен 200 гектарға мақсары сынды майлы дақылдар өндірілмек.

Шаруа қожалығында басқосқандар атынан Мейрамғали Қалиасқаров, Мұрат Қауменов, Алмас Атанов және басқа да Жер-ана төсін емген шаруашылық басшылары сөз алып, осындай шараны ұйымдастырған аудан әкімі Ерғазы Қошанбеков пен аудан әкімінің орынбасары Азамат Сәрсембаевқа дән ризашылықтарын білдірді.

Жомарт ИГІМАН.
Сарқан ауданы.

■БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫ

Жер мәселесі өзекті

Облыстық жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасының басшысы Аскар ЖОЛДОҒҰТОВТЫҢ қатысуымен жер заңнамасындағы жаңа өзгерістерге байланысты Жетісу өңірінің әр аймағында жиындар өткізілуде. Жерді ұтымды пайдалану және қорғау мақсатында ұйымдастырылған басқосулар Райымбек, Панфилов, Үйғыр аудандарында да өтті. Оған аудан әкімдерінің орынбасарлары, ауылшаруашылығы саласының қызметкерлері және өзге де жауапты тұлғалар шақырылды. Мұндағы мақсат жерді ысыраптамай пайдалануда заңбұзушылықтардың алдын алып, болдырмау.

«Жетісу» /
Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Өздеріңізге белгілі, Елбасы үшінші Үкімет алдына пайдаланылмай жатқан ауылшаруашылық жерлерін мемлекет меншігіне қайтарып, айналымға қайта енгізу туралы тапсырма беріп, орындалуын назарға алып келеді. Мемлекет басшысы тапсырмасын жүзеге асыруда облыс әкімі жаңа құрылған басқарма алдына жаңа міндеттер жүктеген болатын. Осыған байланысты Аскар Абдолдаұлы жиында басқарма құзырына кіретін жаңа міндет-терді атады. Олар жердің пайдаланылуы мен қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру, жерге катысты заңбұзушылықтарды анықтау және жою, жер заңнамасындағы әкімшілік құқықбұзушылық істерін қарау, заңбұзушылықтарды жою туралы берген нұсқамаларды орындамаған жағдайда сотқа талап-арыз беру, сондай-ақ, пайдаланылмай жатқан немесе жер заңнамасын бұза отырып, пайдаланылып жатқан жерді анықтау және мемлекет меншігіне қайтару. Қарап отырсаңыз, жер кодексіндегі жаңа өзгерістерге байланысты басқарма қойылған талаптар күшейген.

Айта кетейік, қазіргі кезде ауылшаруашылығына арналған жер телімдері өз мақсатында пайдаланылмай келеді. Осыған орай, жыл сайын көктемгі егіс науқаны аяқтал-ғаннан кейін өңірдегі аудан-қалалардағы жергілікті атқарушы органдары тарапынан ауылшаруашылық жердің пайдаланылуын анықтауға байланысты тұрақты комиссия жұмыс істейді. Облыс көлемінде тексеру жүргізіліп, нәтижесінде ауылшаруашылық мақсатындағы 381 мың 651 гектар жердің игерілмей жатқаны анықталып, жалпы көлемі 211 мың 595 гектарды құрайтын 887 жер телімі мемлекет меншігіне қайтарылған. Оның ішінде суармалы алқап, талімді егістік, көпжылдық екпе ағаш пен тыңайған және шабындық, жайылымдық жерлер де бар. Ал Панфилов ауданы бойынша 7 мың 880 гектар, Үйғыр ауданында 2 мың 852 гектар, Райымбекте 51 мың 700 гектар жердің мүлде пайдаланылмай жатқаны анықталған. Жер телімін мақсатты пайдаланбағандардың тізімі басқармаға жіберіліп, тиісті шаралар қолданылады. Осындай мәселелерге талдау жүргізген басқарма басшысы, бұл бағыттағы жұмыстардың алдағы кезде де жалғасатынын сөз етті.

Жиында жер мәселесіне қатысты отырғандар тарапынан әртүрлі сұрақ қойылды. Оған жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау және жер мониторингі мен жерге орналастыру бөлімінің басшылары Бекзат Ақылбеков пен Медет Орманбетов жауап қайтарды. Әсіресе, онда аудандарда жердің мемлекеттік бақылауын жүзеге асыратын жер инспекторларының жетіспейтіндігі, минералдық және органикалық тыңайтқыштарды сіңіретін техникалардың жоқтығы екендігі, шаруашылықтардағы ұсақ жер телімдеріңде ауыспалы егістік жүйесінің дұрыс сақталмайтындығы, өсімдік аурулары мен зиянкестермен күрес уақтылы жүргізілмейтіндігі, соның салдарынан ойлағыдай өнім алынбайтындығы туралы мәселелер көтерілді.

Раймбек, Панфилов, Үйғыр аудандары.

■ҚЫЗЫҚТЫ ЖАҢАЛЫҚ

ОЙ-ӨРІМ

● *Күн шыққан соң суарған суды күн жұтады, күн батқан соң суарған суды жер жұтады.*

***

● *Қыста малыңды бақ, Жазда шөбіңді шап.*

***

● *Дақан жерді анасындай сүйеді, жер дақанын баласындай сүйеді.*

■ҒЫЛЫМ - ӨНДІРІСТЕ

ТЫҢАЙТҚЫШ ЕНГІЗУДІҢ ТИІМДІЛІГІ

КҮЗДІК БИДАЙ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕЛГЕН ТЕХНОЛОГИЯ БОЙЫНША СУАРЫЛСА, ОДАН МОЛ ӨНІМ АЛУҒА БОЛАДЫ. ӘР ГЕКТАРДАН 55-60 ЦЕНТНЕРДЕН АСТЫҚ ПЕН КҮЗДІК БИДАЙ САБАНЫ ЖИНАЛСА, АЛҚАП 200-215 КЕЛІ АЗОТ, 60-68 КЕЛІ ФОСФОР, 130-150 КЕЛІ КАЛИЙ ЖОЛАЛТАДЫ. СОНДЫҚТАН, ТОПЫРАҚ ҚҰНАРЛЫЛЫҒЫН САҚТАП, ОҒАН БАСА КӨҢІЛ БӨЛГЕН ЖӨН.

Өсімдік өсу мен даму кезінде қоректік заттармен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етілсе, одан сапалы өнім алуға болады. Күздік бидай тұқымы өсіп-жетілу кезінде және алғашқы түйнек пайда болған шақта фосфор, жапырақтары шыға бастағанда азотты молынан пайдаланады. Фосфор және азотпен қажетінше қоректенген өсімдік тамыры алғашқы кезден-ақ жақсы дамып, айтарлықтай өсіп-өніп, қыска төзімділігі артады. Жетілу кезінде азотты тым көп пайдалану, әсіресе күз ылғалды болған жылдары өсімдік ағзасындағы қорғаныс қасиеттерін төмендетеді, қысқы-көктемгі мезгілде олардың басым бөлігі өледі. Сондықтан да оның алғашқы кезден жақсы дамып, жетілуі үшін азот, фосформен қажетті мөлшерде қоректендірген дұрыс. Күздік бидай өнімділігін арттыруда көктем шығысымен азот тыңайтқышымен қосымша азықтандырудың маңызы зор.

Себебі, мұндай қоректендіру қыстан әлсіз шыққан өсімдіктің ерте көктемнен бастап азотты қаркынды сіңіріп, жедел өсуіне септігін тигізеді. Азықтық өнім азотпен уақытылы үстеп қоректендірілсе бидайдың түптенуін күшейтіп, дәнінің толығуына әсер етеді. Өсімдіктің өсу жүйесіне негұрлым қолайлы жағдай жасалған сайын оның соңғырлым жақсы өсуіне ықпал етіп, жоғары өнім алуға кепіл болады. Егер оны өз мерзімінде күтпесе, қоректендіруы тиімділігі айтарлықтай төмендейді.

Өнім сапалылығы азот тыңайтқышымен қоректендіруден бөлек, табиғат жағдайы мен топырағына тікелей байланысты. Мол өнім алу үшін көп жыл бойы топырақ түрше зерттеулер жүргізіліп, азот тыңайтқышын қалай пайдалану керектігі белгіленді. Күздік бидайға азот тыңайтқышы топырақ түріне қарай беріледі. Көпжылдық шөп пен астық тұқымдас өсімдіктерден соң топырақта көп мөлшерде азот қалады. Ерте көктемнен бастап қосымша азықтандыру үшін азот тыңайтқышының (N60) мөлшерін берген жөн. Күздік бидайды себер алдында топырақты өңдеп, бір немесе екі рет қосымша азықтандырып, масақтана бастағанда 20 пайыз несепнәр ерітіндісін құю керек. Бұл мол өнім кепілі болмақ.

Ғалымжан НАУРЫЗБАЕВ,
ҚР АШМ «АҚМҒӘО» Оңтүстік-шығыс аймағы филиалының аға ғылыми қызметкері.

■АЙТАРЫМ БАР...

Тау жуасын қорғайық!

Табиғаттың ерекше қорғалатын өсімдігінің бірі – тау жуасы. Бүгінде ол ерекше көңіл бөлуді қажет етеді. Бұл өсімдікті түргындар әр көктем сайын түп-тамырымен бірге жұлып алады да Шонжыға әкеліп саудалайды. Ал түп-тамырымен қотарылып алынған өсімдіктің тұқым шаша алмайтындығын біреу білсе, біреу білмес.

Мен түып-өскен Сүмбе тауының Терексай деп аталатын саласының қай жеріне барсаңыз да тұтасып өскен жуаны көресіз. Үлкендер «жуаны түп-тамырымен бірге жұлмаңдар, қайта шықпай қалады» деп айтып отырушы еді. Бас пайда үшін жыл сайын аяусыз жұлынатын жуалар қазір таздың басындай алабажыр тартып, жоғалуға айналды. Сол себепті де мұны қорғайтын кез жетті деп ойлаймын. Ең болмаса, 4–5 жыл шыдамдылық танытып, үзбей қоя тұрса гөй ұрық шашып көбейер еді.

Жолыңыз түсіп, Алматы – Нарынқол күре жолының Бұғыты тауының арасынан жүрсеңіз, көктем айында тасқуа сатушылардың пайда болғанын көресіз. Бұл да түп-тамырымен сіп аяусыз жұлынып, шетінен сатылып жатыр. Бұған дер кезінде тоқтау салмасақ, біраз жылда жойылып бітетін түрі бар. Сондықтан, елде сирек кездесетін тасқуа да ерекше қорғауға алынса екен. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні келер болсақ, жоғарыда айтылғандар нысанаға алынып, ескерілсе дегім келеді.

Қуанышбек ҚОЖАХМЕТ.
Шонжы ауылы.

ӨНЕР ӨЛКЕСІНДЕ



Дәнеш ағаның әндері-ай!

Ел еркесі, халқының сүйікті әншісі Дәкең, сазгер, күйші Дәкең, сыршыл, жайдары, жарқын жүзді Дәкең жайлы естелік жазу інісі үшін өте лмес борыш іспетті. Өнер адамының көңіл-күйін, қыры мен сырын дәл басып, әділ айту — үлкен жауапкершілік. Дәкең, өзінің туған жері мен елін соңғы демі қалғанша құрметтеп өтті. Дәкең, өмірінің соңғы жылдарында өзінің ел-жұртын аралап, халқының тынысымен танысып, әсем табиғатын тамашалауды, жақсылармен рухани сырласуды әдетке айналдырды. Дәкең ән әлемінде өшпес із қалдырып кетті. Біз өзге емес, кәдімгі көмейіне бұлбұл құс ұя салған әйгілі Дәнеш РАҚЫШЕВТЫ айтып отырмыз.

Дәкең жеке басын мақтап-мадақтауды, көпшік қойып көтермелеуді зәредей жек көретін. Ондай қошемет пен қолпаш бола қалса: «Әсіре қызыл тез оңар», – деп отыратын. Әнқұмар, өнерсүйгіш халықтың Дәкеңнің даусын тәнті болып, таңдай қағып тыңдауы 1960 жылдан басталды. Себебі, 1960 жылы сол кездегі астанамыз Алматының Ұлттық ғылым академиясында республикалық ақындар айтысы өтті. Сол айтысқа біздің Жаркент өңірінен Дәнеш, Асылқан, Тоқбай, Сағындық ағалар келді.

Біз айтысты тамашалауға барғанда осы өнер иелерімен сәлемдесіп, мәре-сәре болып қалдық. Айтысқа академик-жазушылар Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафиндермен бірге әйгілі халық ақындары Қалқа Жапсарбаев, Кенен Әзірбаев, Темірғали Рүстембековтер қатысты. Айтыстың ара-арасында Дәкең ән салды. Дәкең ә, дегенде "Аңшының әнін" асқақтата шырқағанда зал іші сілтедей тынып қалады. Академияның үлкен залына қазақ даласының сері-салдары тіріліп келіп, ән шырқап тұрғандай сезілді. Кейін Әсеттің "Мақпалын", Әсеттің "Қысыметін", қырғыздың халық әні "Бұлбұлды" орындағанда бүкіл дүйім халық ерекше серпіліс жасап, көңіл көкжиектері көтеріліп, Дәкеңе деген сүйіспеншіліктерін шапалақ ұрумен жеткізді. Дәкең әндерін ерекше шабытпен, жігерлі айтты. "Пәлі, мына жігіттің үні Әміреннің үнінен кем емес қой, нағыз сал-серілер салатын әндерді іріктеп алуынай!", – деп Мұқаң Сәбеңе бұрылды. Ұлы жазушының өзі Дәкеңнің әншілік өнеріне тәнті болып, ризашылық білдірген еді.

Айтыс аяқталды. Дәкеңе шапан жабылып, домбыра, кітап сыйға тартылды. Асыл ақын аға мен Тоқабай аға жүлделі орындарға ие болып, сол жылы жарық көрген Сәкеннің, Ілиястың, Бейімбеттің таңдамалы туындыларымен марапатталды. Айтыстың аяғында ақын-жазушылармен бірге суретке түстік. Сол мезетте Мұқаң (Мұхтар Әуезов) Дәкеңді жеке шақырып алып: "Әндерді жақсы айтады екенсің, оныңа рахмет. Өзің уақыт тауып маған келіп жолықшы," – деді.

Дәнеш аға, Дәкең дегенде Белжайлаудың Үйгентас белінде, Басатқарағайда, Суықтың сайында бірге дем алып, сайран құрған кездеріміз еріксіз еске түседі. Дәкең дархан көңілді, кең пейілді, жібек мінезді, ағынан жарылып, әңгіме айтып ақтарыла асқақ ән шырқайтын, ақтарлан әнші еді. 1982 жылдың жазы өзімнің отбасым, бала-шағаммен Үйгентас жайлауына шыққам. Жақсы көретін бауыр ағамызға бие байлатып, сары қымызды сапырып, ішіп жатқан кез еді. Дәкең жайлауға шығыпты, Суықсайда дем алып жатыр деген хабарды естіп сәлем беруге келдік.

Дәкең Суық өзенніңбойында Жалғызқарағай деген жерге орналасқан екен. Оның қоныс тепкен жерінің табиғаты өте әсем, екі жағы қырат, беткейі толған қарағай, ортасында Суық өзені ерекше екпінмен құлай ағады. Дәкеңмен бірге белгілі жазушы Қойшықара Салғарин да отбасымен демалыпты. Амандық-саулықтан кейін Қойшықара екеуміздің жас айырмашылығымыз алшақ болмай шықты. Құрдас ретінде етене таныс боп кеттік. Сол күні Дәкеңді, Қойшықараны отбастарымен Суықтың басында отырған шопандар тойға шақырған екен. Дәкең бізді де ерте жүруді жөн көрді. Той болатын үйге жақындарда той иелері арнайы жігіттер жіберіп Дәкеңді үлкен құрметпен қарсы алды. Аттарды кермеге байлап, қыз-келіншектердің күлкісі естіліп еді, Дәкең Қойшықара екеумізге қарап: "Күлкі – көңілдестіктің қалың малы, сендерден бұрын қыз-келіншектер қалың мал төлеп қойды," – деп бізге қалжың айтты. Бұл сөзді Қойшықара қойын дәптеріне жазып қойды.

Той иелері шын ықыласпен күтіп, Дәкеңнің келгеніне төбелері көкке жеткендей шаттанып қалды. Дастарқан жиналғаннан кейін Дәкең өзінің сол жолы шығарған "Белжайлау сазы", "Туған ел" әндерін шырқап, мұз жастанған Суықтың басын, әннің ыстық лебімен жылытып, малшы қауымды бір сергітіп тастады.

Дәкеңнің жасынан атпоздығы, ұлттық ойындарды жан-тәнімен сүйетіндігі көкпар шыққан кезде анық байқалды. Астындағы Қарагердің көбігін шығарып, бірнеше рет тақымға түсіп, топ жарып көкпар алып қашты. Дәкеңнің мұндай шеберлігіне ел де, қонаққа келген Қойшықара да, таң-тамаша боп таңдай қақты. Дәкеңдердің дем алып жатқан үйіне бірнеше рет көкпар әкеп тастап, жеңгемізден "жол" алдық.

Біз көкпарды алып қашып, қарағайға кіріп адастырып кеттік. Бізді қайта оралды деген жұрт Дәкеңнің үйінің төңірегінен кетпей бізді торумен болыпты. Біз көкпарды қарағайдың бұтағына ілдік те, одан адасып қалған адам іспетті Дәкеңдікіне келсек, көкпаршылар әлі кетпеген екен. Жиналған жұрт босқа тұрмай, көрші ауылдан барып екінші көкпар алды. Біз соны тартып Аяқсазға түсіп кеттік. Қас қарайып, ымырт жабылғаннан кейін қарағайға жасырған көкпарымызды алып Дәкеңдікіне барайық деп көкпар тыққан жерімізге келсек, ол жоқ болып шықты. "Ұрыны қарақшы ұрыпты" дегендей көкпарды басқа біреулер алып кеткен екен деп ренжи-ренжи Дәкеңдікіне келдік.

Дәкең бізге қарады да: "Ой, сендердің қабақтарың түсіңкі ғой, не жоғалтып келдіңдер? Жоғалғандарың табылар, қымыз ішіп, шөл басып, демалыңдар," – деп жайдары күліп қойды. Жеңгеміз жымыңжымың етіп Дәкеңе қарап қояды. Ал Гүлнәр қарындасымыз ішек-сілесі қатқанша күледі, сөйтсек, біз көкпарды тыққан қарағайды қарсы бетте дүрбі сап көріп отырған Гүлнәр біз басқа көкпар алып, ауылдан ұзап кеткеннен кейін, көкпарды үйге алып келген екен. Жеңгеміз оны қазанға салып пісіріп, дайындап қойыпты. Көкпардың еті пісіп табаққа түсіп, ас алдымызға келгенше Дәкең бірнеше әнді үлкен шабытпен орындап, біздің жанымызды жадыратып тастады. Әсіресе, халық әні "Сары бидай" мен "Аңшының әні" асқақтаған кезде қарсы беткейде өскен қалың қарағайдың арасынан ән өріп бара жатқандай сезіндік. Дәкеңнің қасында отырған Қойшықара Дәкеңе үлкен ризашылықпен қарады да: "Жәнібек (Кәрменов) құйқылжытып ән салады, Ақселеу ойға батып тамсанады" – дегендей, сіздің әніңізге таңырқағанымыз сондай, сілекей безімізден сөл бөлініп кетті ғой", – деп шыны мен қалжыңы аралас әзіл айтты.

Атақты өнер қайраткері Асқар Тоқпанов ағамыздың кезінде айтқан бір жақсы сөзі есіме түсіп кетті де: "Әнші шабыттанса не сыр туады, не жыр туады", – деп қайталап едім, Дәкең бүкіл денесімен қозғала рахаттанып, ұзақ күлді де: "Сендер де шабыттан кенде көрінбейсіндер, келіңдер алыста емес, жандарыңда ғой. Асекеңнің айтқаны келсін, дәл айтылған сөз екен", – деп қоңыр үнді күлкісін жалғастырды. Тау жуасы қосылып, жерошақта қинап піскен көкпар еті буы бұрқырап алдымызға келді. Асқа қол сала отырып Дәкең: «Көкпарды алып қашу, тақымнан жұлу, жерден іліп алу кез-келген жігіттің қолынан келмейді, көкпар етінде дүйім халықтың көңіл-күй жылуы, білектің күші мен тақымының қызуы бар», – деп әңгімеледі.

Дәкең не айтса да дәл басып, тағылым бере айтатын. Ол елудің бақшасын аралап кетсе де, бойынан жастық жігері, өмірлік махаббаты қайрат-күшін тасытып тұратын. Әсіресе, жастықты, махаббатты жыр етіп, сыр етіп, ән етіп асқақтатуға жаны құмар еді. Мен сонау соғыстан кейінгі жылдары ағаларымыздың ауызекі айтқанынан жаттап алған "Ең қызық жастық" деген ұзақ өлеңді білуші едім. Бұл өлең бастан-аяқ бозбала бақтың өзіне тән ыстық махаббат шежіресін тарқатуға, сүйген жарын аңсау мен оған қол жеткізудің қиын-қыстау жолдарын жырлауға құрылған еді.

...Қолыңнан тартса,
Білекті артса,
Сүлдерің қалар ес кетіп.
Ой-хой, дүние-ай, дүние-ай,
Ақылға сонда кім ие-ай...

Мен осы өлеңді Дәкеңе жатқа айтып беріп едім, Дәкең шапалақ ұрып шаттанып алды да: "Ой, мынау жастықтың машақатын жеріне жеткізе жырлаған екен. Абайдың өлеңі емес пе?" – деді. Мен Дәкеңе өлеңнің көшірмесін 1960 жылы студент кезімде, Қазақтың Ұлттық ғылым академиясының академиясының әдебиет зерттеу институтындағы зерттеуші ғалым ағаларыма апарып көрсеткенімде, олар кімдікі екенін дәл басып айта алмаған, Абай қорында мұндай өлең жолдарының жоқ екендігін айтқанын айттым.

Дәкең ән жазатынын айтып, менен көшірмесін алды. Қойшықара да көшіріп жазды. Айтқанындай-ақ, Дәкең ертесінде "Ең қызық жастық" деген асқақ ән жазыпты. Мен Дәкең мен Қойшықараны бала-шағаларымен, ат жіберіп Үйгентас белінде қоныс тепкен, өзімнің отбасыма қонаққа шақырдым. Бұл жолы Жаркенттен, Үшаралдан Дәкеңе арнайы сәлем бере келген замандас бауырлары Тұрлығазы (Жапарқұлов) мен Ыбырайым (Әшітаев) ағайлар, Ақан деген інісі бірге болды. Менің жұбайым Рысжан мен Қалмақбай аға екеуі туыстарының келгеніне ақ ниеттерімен қошемет көрсетіп қарсы алды. Ас ішіліп болғаннан кейін, Дәкең үкілі домбырасын қолына алып, қағып-қағып жіберді де:

"Келем бе туған жерім
Бел болмаса,
Ақ ниет, дархан көңіл ел болмаса.
Өмірде жараспайды терезесі,
Әннің де, әншінің де тең болмаса,"

– деп арқаланып алды да: "Мына Әдепханның бала кезінде жанында жатталып қалған "Ең қызық жастық" деген сөзіне жазылған әнімді айтайын. Жазғаныма екінші күн", – деді де шырқай жөнелді. Ән асқақтап Белден асып, Орбұлақты орап алып, Баркөрнеудің басына өрлеп бара жатқандай сезілді. Дәкең де құшағында бірге кетіп барады.

Ән тыңдап отырған дастарқан басындағылардың делебесі қозып, тағаты таусылып, қозғалақтай бастады. Ән аяқталғаннан кейін тыңдаушылар махаббат күлкісіне оранған әнші мен әнге дән риза болды. Дәкең ағамен жайлау үстінде бірге өткізген күндеріміз, біздің туыстық жақындығымыздан гөрі шығармашылық ағысымызды бір арнаға қосқандай. Дәкең сол жолы менің "Сағынышым, ұларым", "Назгүлім" деген өлең сөздеріме аз күндік демалыс сапарында ән шығарып, ел-жұртының ыстық ықыласына бөленіп, олжалы қайтты.

Құдай оңдағанда араға он бір ай салмай, біздің үйде жақсы қуаныш болды. Дәкеңдер Жаркент өңіріне концерттік сапармен келеді. Көкталдың Мәдениет үйінде ән шырқап болған әншіні ұжым мүшелерімен қонаққа шақырдым. Дәкеңдер шын ықыласымен үйге келіп, табақ тартылып болған кезде, жарым Рысжан толғатып, оны перзентханаға жібердік. Сол сәтті пайдаланып мен: "Дәнеш аға, бұл жақсылық жаздағы Белжайлаудың жалғасы сияқты", – деп қалжың айттым. Дәкең қарқылдап күліп: "Құдайым-ай, сен оны әлі ұмытпаған екенсің ғой, Алла жақсылыққа жеткізсін," – деді. Көп ұзамай өмірге қыз келді, атын Дәкең «Елерке» деп қойып, сүйіншісіне "Бөпем" әнін орындап берді. Қайран Дәнеш аға қамқоршы адам еді ғой.

Әдепхан ЖАҚЫБАЙ,
Алматы облысының
Құрметті азаматы,
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі,
ҚР Мәдениет қайраткері.

ӘЛЕУМЕТ

Биыл еліміз үшін мерейлі жыл. Азаттықтың ақ таңы атып, егемендікке қол жеткізгенімізге ширек ғасыр толады. Жиырма бес жылдық кезеңдер ішінде қызыл империяның бұғауында тұншыққан ұлттық құндылықтарымыз қайта өркен жайды. Өшкеніміз жанып, өткеніміз жаңғырды. Бұл – тәуелсіздіктің жемісі және барша қазақстандықтардың жеңісі.

Болат МӘЖИТ

Әжелер – асыл жандар

Егемендіктің алғашқы жылдарынан бастап бабалар ғибратын жас ұрпаққа өнегелеу жолында Есік қаласындағы «Алтын Адам» әжелер ансамблінің сіңірген еңбектерін мақтанышпен айтуға болады. Облыстағы ірі аймақ – Еңбекшіқазақ ауданының мәдени өмірінде аталған ұжымның алатын орны айрықша. Әжелер ансамблі көпшілікке өнер көрсетумен қатар, халқымыздың бай ауыз әдебиетін, халық шығармашылығының қасиеттерін, салт-дәстүрлерін ширек ғасыр бойы жастарға насихаттаудан танбай келеді. Жуырда біз ансамбльдің негізін қалаушылар – Ұлжан Жолаева, Зүбайда Асанова және Күлән Мадиярова апаларымызға жолығып, ой бөліскен едік.

Әңгіменің тиегін алғаш ағытқан Ұлжан апамыз ұжымның қалыптасу тарихына қысқаша тоқталып өтті. Ол кісі өзі де ұзақ жылдар мектепте мұғалім болып, мыңдаған шәкірттерді тәрбиелеген ұлағатты ұстаз. Мына бір жайды да ерекшелеп айтқанымыз жөн. Өткен жылы облыстық «Мерейлі отбасы» байқауында әжеміздің әулеті өз мүмкіндіктерін толық көрсетіп, жеңімпаз атанды.

– Бала – болашағымыз. Олардың ұлтжанды болып ержетуі үшін ұлағатты тәлім-тәрбие керек. Біз сол міндеттерді атқарып жатқан жайымыз бар. Сондықтан зейнет жасына шықсақ та, қол қусырып отырған жоқпыз. Өзіміздің көрген-білгенімізді, ойға түйгенімізді өскелең ұрпаққа паш етіп жүрміз.

Ансамбль ең алғаш 1989 жылы құрылды. Ол кезде оның құрамында 25 адам болатын. Солардың ішінде Надежда Герасименко, Шура Плехатнюк, Оразхан Ауғанбаевалардың есімдерін зор екпінмен айтқым келеді. Орыс әжелер мен қазақ әжелер бір топта өнер көрсеттік. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін біз жеке отау құрып, бөлек шықтық. Ансамбльдің атын ырымдап «Алтын Адам» деп қойдық. Ал орыс әжелер «Червона Рута» болып өз алдына кетті. Міне, сөйтіп ауданның мәдениетіне өзіндік үлесімізді қосып жүрміз, – дейді Ұлжан апамыз.

Ауданда игі шаралар бола қалса, солардың бел ортасында үнемі «Алтын Адам» әжелер ансамблі жүреді. Олар ұмыт бола бастаған халық әндерін жастардың құлағына құйып, бойларына сіңіруден жалыққан емес.



«Алтын Адам» әжелер ансамблі

Осы ұжымдағы жезтаңдай әнші апамыз Күлән Мадиярованың да айтары мол екен. Апамыз кезінде Күрті ауданындағы Мәдениет үйінің алғашқы директоры болған. Көп жылдар мәдениет саласында жемісті еңбек етті. 11 немере, 4 шөбере сүйіп отырған асыл әже.

– *Қазақтың халық әндері – ұлттың айнасы. Халықтың ұлт болып қалыптасуында оның атқаратын рөлі өте зор деп ойлаймын. Осындай әуендерді жүректеріне сіңіріп өскен ұрпақтың келешегі де кемел болады. Осы жолда ансамбліміздің алғашқы музыкалық жетекшісі болған Сәбен Сарыбаевтың сіңірген еңбегі өте зор. Қазір ол кісі арамызда жоқ. Тұла бойы тұнып тұрған музыка еді. Ағамыз саз аспаптарында ойнағанда, жұртшылық ерекше тәнті болатын. Тоқтасын Әблязов дейтін ағамыздың да ұжымның алға басуына қосқан үлесі аз емес*, – дейді Күлән апа.

Зүбайда апамыз болса, сан ұлттың билерін мың бұрала орындап, халықтың қошеметіне бөленіп жүрген жан. Зейнет жасына шыққанша ағарту саласында абыройлы қызмет атқарды.

Сонымен қатар, ансамбль мүшелері – Зияда Бабаева, Света Мұхамеджанова, Шолпан Адыбаева, Ұлтай Смағұлова, Дина Ахметбаева, тағы басқа апаларымыз да жастарға халықтық тәрбие беруде аянбай еңбек етіп келеді.

Әжелер мектептерде оқушылармен жиі кездесіп тұруды дәстүрге айналдырған. Халықтық педагогика сабақтарын да өткізіп тұрады екен.

– *Мен бір жыл бойы Есіктегі Рахымжан Тоқатаев атындағы мектепте сынып сағатын өткіздім. Қазіргі жаһандану заманында жастарға ұлттық тәрбие ауадай қажет екені белгілі. Өйткені, сананы улайтын лас дүниелер айналамызда қаптап кетті. Оны насихаттап жүрген интернет деген бәле шықты. Міне, сондықтан да үлкендердің бала тәрбиесіне мұқият қарағаны жөн. Мына қызықты қараңыз, мен жұмыс істеп жүрген сынып оқушыларының ішіндегі бір қыз бала мұрнына сырға тағып жүретін. Кейін ол бұл әдетінен арылды. Міне, тәрбиенің нәтижесі*, – дейді Ұлжан апа.

Бұл кісілер зейнетке шығып, үйлерінде немерелерін бағып, тып-тыныш өмір сүруге де болар еді. Бірақ, өйткен жоқ. Олар өз ұлтының нағыз жанашырлары. Көрсеткен қызметтеріне ешқашан ақы сұраған емес. Бәрін ел игілігі үшін атқаруда. Соңғы екі жылда ансамбльді музыкамен сүйемелдейтін маманның жоқтығы әжелердің көңіліне кірбің ұялатады. Осындайда ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың мына бір өлең жолдары ойға оралады:

Әже, сен тірі екенсің әлі күнге.
Қия өтпейді... Ұқсайды ізеті де,
(Ізетсізді бұлар да түзетуде.)
Бұлар да бабасынан алып
қалған,
Өз жұртының дәстүрін күзетуде.
Әже, сен бірге жүрсің мейіменен,
Өлігі мен өзіңді телімегем.
Ақ кимешек көрінсе, сені көрем,
Ақ кимешек жоғалса...
Нені көрем?

Халықтың жүгін арқалап жүрген қарияларымызға алдағы уақытта қолдау көрсетіліп, бұл олқылықтың орны толады деп сенеміз. Өйткені, әжелер – асыл жандар.

Еңбекшіқазақ ауданы.

ЖАС ДАРЫН

«Аңшы бала» фильміндегі Самал Сарыөзекте тұрады

Облыстық кәсіпкерлік палатасының Кербұлақ аудандық филиалы Сарыөзек ауылындағы Д. Қонаев атындағы орта мектепте «Бизнезтің жол картасы – 2020» бағдарламасының дуалды білім беру бағыты бойынша мамандық таңдауға қатысты тәрбиелік шара ұйымдастырды. Оған аталған ауданның ақсақалдар кеңесінің төрағасы Бақтыкерей Жетпісбаев, облыстық кәсіпкерлік палатасы Кербұлақ аудандық филиалының директоры Болат Тастанбеков, аудандық емхананың меңгерушісі, терапевт дәрігер Гүлдана Қорамсақова, тағы да басқа саланың өкілдері қатысып, мамандық таңдаудың болашақ өмірге тигізетін әсері жайлы ойларымен бөлісті.



Қажет АНДАС

Жиналысты білім ордасының директоры Марат Айнабеков жүргізіп, алдымен қонақтарға сөз кезегін берді. Мінберге көтерілгендер алғашқы қадамды дұрыс басып, мамандық таңдаудан қателеспеудің абырой, беделге жеткізетінін айтып өтті. Өз кезегінде мектеп басшысы аталған білім ордасынан шыққан талантты түлектерді айта келіп, солардың жолын құған бүгінгі дарынды оқушылармен мақтанатынын жеткізді. Бірі спортшы, бірі әнші, бірі биші, бірі оқу озаты. Аядай ауылдағы балалардың осындай биік жетістігін қаладағы кейбір мектептерден кездестірмейсіз. Бұл білім ордасы өткен жылы үш «Алтын белгі» иегерін қанаттандырса, биыл оның санын беске жеткізбекші екен. Біз сол мектептен кезінде еліміздегі барлық бала қызыға тамашалаған, Голливудтағы «International Family Film Festival» кинофестивалінде «Үздік шетел драмасы» номинациясында бас жүлдені жеңіп алған «Аңшы бала» фильміндегі бас кейіпкер Самалдың рөлін сомдаған Жәнел Аликованы жолықтырдық. Жасыратыны жоқ, қаладан ауылға қонаққа келген бала Қамбармен бірге елсіз дала, қараңғы түнде лағын жеп кеткен қасқырмен арпалысып, соңында оны атып алған қаршадай қыз көз алдымызда тұрды. Оқиғасы қарапайым, бірақ, ауылға деген сағыныш пен бала кезгі албырттықты астар еткен туындының қазақ балалары үшін құнды дүниеге айналғаны белгілі. Осы күні «Менің атым Қожа» фильмінен кейін сахнадан түспей келе жатқан киноның көрермені болғандықтан Жәнелді алғаш жолықтырғанда таңырқап та қалғанымыз рас. Қазақ балаларының сүйікті кейіпкеріне айналған Самалды сомдаған актрисаның жерлесіміз екенін білгенде көкірегімізді мақтаныш сезімі кернеді. Сондықтан жиналыс біте сала оны сөзге тартып, кино саласындағы жетістігімен және болашақ жоспарымен бөлісуге шақырдық.

– Ең алғаш 3-сыныпты оқып жүрген кезімде «Қазақфильм» киностудиясы «Аңшы бала» фильміне түсетін әртістерді таңдап, кастинг ұйымдастырды. Оған мыңнан астам бала қатыстық. Нәтижесінде мамандардың көзі Әйгерім деген құрбым екеумізге түсіп, «Қазақфильмге» шақырды. Ол жерде де жан-жақты саралау арқылы мамандар аталған фильмдегі Самал рөліне мені лайықты деп тапты. Осылай менің кино саласындағы тұсауым кесілді. Десе де «Аңшы бала» фильмі түсіріліп біткенше сансыз қиындықты бастан өткердім. Бірақ қинала жүріп шыңдалдым, іздене жүріп өнерімді жетілдірдім. Сол қиындықтар менің кино саласындағы өмір жолымды ары қарай жалғастыруға дем берді. Қазірге дейін «Құрдастар», «Лотерея», «Қарапайым оқиға» сияқты көрермені көп 15-тен аса фильмге түсіп, жұрттың ықыласына бөлендім. Әртістік шеберлігіме шетелдің режиссерлері қатты қызығушылық танытты. Сол қатарда қазақстандық және шетелдік киностудиялардың бірлескен жобаларында басты рөлдерді сомдағаныма қуанамын, – дейді Жәнел Аликова.

Жәнелдің осы жетістігін сыныптастары да жоғары бағалайды. Оған құрметпен қарап, ойымен бөлісіп тұрады. Жәнелдің әкесі Алик ауылшаруашылық саласының маманы, ал әртіс қыз болашақта аудандық газетте жұмыс істейтін анасы Дина Аманова сияқты журналист болуды арман-дайтын болып шықты. Оның бұл таңдауы бізді де қуантып тастады. Содан кейін де оған журналист болудың қиындығы мен қызығы жайлы біраз әңгіме айтып бердік.

Білім шаңырағындағы кездесуден көтеріңкі көңіл-күй арқалап аттандық. Кешегі таланттардың бәрінің ауылдан шыққанын білеміз. Бүгінде де сол үрдістің жойылмағанын оқырмандарға жеткізуге асықтық.

Сарыөзек ауылы,
Кербұлақ ауданы.

Тәуелсіздік – біздің маңдайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

№ 22 (18154)
Бейсенбі, 18 ақпан, 2016 жыл.

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

Н. НАЗАРБАЕВ:

Алматы облысының әкімі Амандық Баталов осы мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті кең көлемде айналымға енгізген. Мұны айналымға енгізу әкім үшін қыруар жұмыс. Жұмыс істемей жата берсе, мемлекеттен ақша сұрап, кеңседен кеңсеге жүгірсе, түк пайда болмайды. Кім жұмыс істесе, сол нәтиже көрсетеді. Сондықтан, жұмыс істеген әкім өз аймағына әбден байып кеткен, сол өңірден шыққан азаматтарды да тартады, басқа да шараларды қолға алады.



Суретті түсірген Ж. МҰСАБЕКОВ.

ӘКІМ ЕСЕБІ: ЖАУАПКЕРШІЛІК ПЕН СЕНІМ

БҮГІННЕН НҰРЛЫ, БҮГІННЕН КЕМЕЛ КЕЛЕШЕК

облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ ел алдында есеп берді

Абайдың сөзімен айтатын болсақ, есер мен естінің айырмасы өз-өзіне есеп беретін мінезіндегі асыл сипатымен ерекшеленеді. Есті кісі болғымыз келсе күніне, жұмасына, арысы айына бір мәрте өзгеден емес, тап осы өзімізден есеп алуға тиіспіз. Екі дүниеге жарамды қандай жақсылық жасағанымызды әбден електен өткізіп, өкініш пен қуаныштың арасалмағын шынайы таразылап көрген лазым. Біз – етек-жеңімізді жинаған, еркіндікпен еңсе тіктеген есті елміз. Хакімнің сөзін халыққа қаратып айтсақ, еселі еңбек пен ерен істі елге таныстыратын есепті кездесуді көкірек көзімен тағы да көңілге түйе түсеміз. Кеше ҚР Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек МҰХАМЕДИҰЛЫ мен ҚР Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы Жайсан АХМЕТОВ жер жаннатына ат басын бұрып, облыс әкімі Амандық БАТАЛОВТЫҢ ел алдындағы есебіне құлақ түрді.

ТӘТТІ ТҮБІР

Жетісу өлкесінің өркенді істеріне жылда І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайы куәгер. Жыл он екі айда атқарылған ұшан-теңіз жұмыстың кезекті көрмесі бұл жолы сарайдың киреберісіне қаз-қатар тізіліпті. Облыстың атын республикаға әйгілі етіп жатқан танымал сүт зауыттары, сырлы бояу өндіретін өнеркәсіп, ауылшаруашылық дақылдары, қайта өңдеу орталықтары, қалалардың қарқынды құрылысы, жаңадан бой көтерген өндірістік аймақтар, келешектегі көркем келбетті елді мекендер көрменің көркін кіргізіп тұр. Астанадан ат арылтып келген құрметті қонақтарды төрге оздырған Амандық Ғаббасұлы облыс тұрғындарымен бірге арнайы түсірілген бейнефильмді тамашалады. Жиын тізгінін облыстық мәслихат хатшысы Ермек Келемсейіт ұстады.

Фильм Жетісу жеріндегі экономикалық өрлеуге бағытталған қарышты қадамдарға арналды. Әсіресе, ауылшаруашылық саласына серпін беретін жер аумақтарын мақсатты пайдалану, егістік алқабына су тасымалдайтын арналарды бүтіндеу жұмыстары – кезек күттірмейтін тың міндеттер. Атап айтар болсақ, ауылшаруашылық өнімдерінің көлемі өткен жылы 450 миллиард теңгені құрады. Бұл дегеніміз – ауадан алынған көрсеткіш емес, сапа мен нәтиженің ең тәтті жемісі. Аталған қаржы көлемі жұмыспен қамтылған халықтың 77 пайызының аграрлық салада тер төгіп жатқанын көрсетеді.

Облыстың атын әуелден қызылшаның қызу жұмысы шығарған болатын. Содан кейін де алыс-жақын елдер Талдықорғанның тәтті түбіріне тәуелді болып келді. Алайда экономикалық қиындықтарды еңсеру жылдарында қызылша өсіру түбегейлі тоқтап қалды. Елбасы облысқа жасаған іссапарында тап осы тәтті түбірге назар аударып, қызылша өндіруді қайта жандандыруды тапсырды. Нәтижесінде, облыс басшысы аудандармен шекер шикізатын өсіретін алқаптарды қолға алды. Алғашқы өнім де жаман болған жоқ. Әкімдік бастап, шаруалар қостап қызылша қайта жайқалды. Шаруашылықтардың алды гектарына 700-750 центнерден өнім алды. Облыста биыл 124 мың тонна қант түбірі жиналып, соңғы он жылда жеткен рекордтық межені бағындырды.

Бағзыда егістік алқабында тер төккен еңбек иелері өнімді өткізетін орын таппай тығырыққа тірелетін-ді. Аталмыш түйіннің күрмеуі көп ұзамай шешіліп сала берді. Жер-жерде өңдеу ошақтары қалыптасып, ауылшаруашылық өнімдеріне кең жол ашылды. Сөйтіп, шаруалар алаңдайтын басты кедергі жойылды. Оның дәлелі ретінде Көксу қант зауытының қайта іске қосылғанын келтірсек жеткілікті. Атап өтерлігі, қызылша өсірумен аты шыққан бес ауданда 5 мыңнан астам адамның екі қолына бір күрек табылды.

Елбасы Жетісу жерін тек қызылшамен шектеген жоқ. Керісінше, түгін тартса майы шығатын шырайлы өлкеде жеміс-жидек пен дәнді дақылдың барлық түрлерін жайқалтуға жол ашып берді. Әсіресе, Жаркент топырағына ажар сыйлаған дала аруы – жүгеріні жандандыруды айтқан. Оның да көрсеткіші көңіл көншітеді. Он екі айдың айналасында жүгерінің алқабы 72 мың гектарға ұлғайтылды. Жаркент крахмал-сірне зауыты жүгерішілердің жұмысын жеңілдетіп, өнім бағасын көтерді. Жүгерінің сапасы артты.

Мемлекет басшысы алманың атын еншілеген облысқа апорт тұқымын жаңғыртуды да жүктеген еді. Өткен жылы жаңадан 566 гектар аумаққа жаппай ерекше сұрыпты алма ағаштары отырғызылып, болашақта жайқалған сәнді бақтан тонналап апорт өнімдері түспекші. Ал Панфилов ауданындағы мың гектар алқаптың тең жартысында алмұрт ағаштары өсіп келеді. Сонымен бірге, облыс тынысын паш еткен фильмде мал шаруашылығы да толық қамтылды. Оның ішінде, тұяқтыларды асылдандыру, ет экспорты, бордақылау алаңдарының жай-күйі айтылды. Келер жылы облыста тағы да бес ферманың тұсауы кесіліп, 500 бас малдың өнімдері сатылымға шыға бастайды.

Бейнефильмде халық толық аяқталып, іске қосылуын асыға күтіп отырған Алматы – Қапшағай – Талдықорған алты және төрт жолақты автожолы туралы көріністер көрсетілді. Алатаудың баурайы Алматы қаласынан Талдықорғанға тамыр тартқан көгілдір отынның құбыры да көрермен назарына ұсынылды. Елбасының назарындағы Алматы – Талдықорған автожолында құрылыс аяқталуға таяу. Келер жылы Талдықорған – Өскемен бағытындағы төрт жолақты жаңа жолдың жұмысы басталады. Ал көгілдір отын бүгінде 210 шақырымды бағындырған. Енді 40 шақырым құбыр тартылған соң Талдықорған қаласы табиғи газға қол жеткізеді.

(Соңы 2-3-беттерде).

НАҚТЫ қадам

Мемлекетіміз уақыт өткен сайын жан-жақты дамып, өркендеп келеді. Халықтың хал-ахуалы Тәуелсіздікті алғаш иеленген жылдармен салыстырғанда әлдеқайда жақсара түсті.

Біліктілік емтиханы КҮРДЕЛЕНЕ ТҮСТІ

Алайда мұнымен тоқтап қалуға болмайды. Бұрынғыдан да белсенділік таныту, бәсекеге қабілеттілікті арттыруымыз қажет. Ол үшін өндіріс пен басқа да табысты салаларды дамыту жоспары қолға алынуда.

Мемлекеттің экономикалық дамуының көзі – әртүрлі деңгейдегі инвесторларға жағымды инвестициялық климат жасау. Ол үшін еліміз ұлтаралық компаниялармен қатар инвесторларға да тиімді болуы тиіс.

Кез келген құқықтық мемлекеттің негізі – кәсіпқой және сатылмайтын судьялар болып табылады. Осы күнге дейін еліміздің сот жүйесі заман талабына сай дамып келген. Алайда, сот жүйесінің ары қарай жағымды динамикалық дамуы сыбайлас жемқорлықты тыю мен сот құрамы бөлігінің біліксіздігі сияқты мәселелерді шешуді талап етеді.

Қазіргі таңда судьялардың зейнетақысы жайлы мәселе шешілген. Зейнетақы мөлшері соңғы жылдардағы жалақы мөлшерінің 50%-ын құрайды. Айтарлықтай маңызды факторлардың бірі – сот шешімдеріне бақылау жасау болып табылады. 100 қадам негізінде аудио және бейнежазбалар тек бақылау органына ғана емес, сонымен қатар, сот процесіне қатысушы жақтарға да қолжетімді болады. Қазіргі уақытта елімізде аудио және бейнетіркеумен сот мәжілісі залдарының 73 пайыздан астамы қамтылған. 2016 жылдың аяғына дейін онымен барлық сот мәжілісі залдары қамтылады деп болжануда.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасында барлық қылмыс түрлері бойынша қабылданған шешімдердің дерекқоры жасалып жатыр. Бұл дерекқор жас судьялар ғана емес, тәжірибелі судьялар үшін де тәжірибелік оқу құралы болады. Бұған қоса, судьялар тарапынан қателікті болдырмау үшін олардың білім деңгейі мен біліктілігін көтеру қажет. Судьялыққа қабылдау жүйесіне де өзгерістер енгізілуде. Судья лауазымын жоғары заң білімі бар, 5 жыл сот хатшысы, қорғаушы немесе прокурор болып жұмыс істегендер немесе заң саласында кемінде 10 жыл қызмет атқарған, жасы 25-ке толған Қазақстан Республикасының азаматы иелене алады.

Кейбір батыс елдерінің үлгілеріне қарап Астанадағы ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясының сот төрелігі институты Жоғарғы Сотқа берілді. Бұл болашақ судьяларды даярлайтын жоғары оқу орны болады. Оқу мерзімі 2 жыл. 2-ші жылы сотта тәжірибеден өтеді. Біліктілік емтиханы күрделенді, оған судьяға кандидаттарды психологиялық тестілеу мен полиграфиялық тексеру қосылды. Одан басқа судьяға 1 жыл сынақ мерзімі беріледі. Сынақ мерзімі аяқталғаннан кейін оның шығарған шешімдеріне қарап, судьяның кәсіптік біліктілігі анықталады. Болашақ судьяларға қойылатын талаптардың қатаңдығы судьялар қателерінің пайызын күрт төмендетуге көмектеседі. Қатайтылған талаптар судьялар корпусы қатарына кездейсоқ адамдарды емес, жоғары білікті заңгерлерді, төрешілікке қабілетті судьяларды қосуға ықпал жасайды. Осылайша, біз барша ел мойындаған құқықтық мемлекеттер қатарына қосылмақпыз.

Е. КЕЛЕМСЕЙІТОВ,
Талғар аудандық сотының судьясы.

СЕССИЯ

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ

Елбасының «Ұлт жоспары – 100 нақты қадамның» 98-қадамында: «Селолық округ, ауыл, село, кент, аудандық маңыздағы қала деңгейінде жергілікті өзін-өзі басқарудың дербес бюджеті енгізілетін болады. Облыс орталықтарында және республикалық маңыздағы қалаларда азаматтардың тиісті бюджеттік жобаларын талқылауға қатысуының тетіктері жұмыс істейді», – делінген. Осыған орай сәрсенбінің сәтінде облыстық мәслихаттың кезектен тыс LVI сессиясы өтті.

Еңлік САҒЫНДЫҚОВА

Күн тәртібінде облыстық қоғамдық кеңестің құрамын бекіту мәселесі қаралды. Облыстық мәслихат хатшысы Ермек Келемсейіттің айтуынша, жалпы қоғамдық кеңесті қалыптастыру үшін 45 өтініш түскен. Сандық құрам жағын іріктей келе дербес құрамға 25 ұйымның өкілдері қабылданған. Оның он сегізі коммерциялық емес ұйым болса, қалғаны мемлекеттік органдардан енгізілген.

Уақыт өткен сайын өсіп, өркендеп келе жатқан мемлекеттің бір бұрышына қалқан болу мақсатында жұмысқа кіріскен ұйымдардың басшылары дауыс беру арқылы алқа мүшелерін сайлады. Алдағы уақытта күрмеуі қиын шаруалардың түйткілін шешу тікелей қоғамдық кеңес мүшелеріне жүктелетін болады. Аталған ұйым жұмыстарының бір арнада тоғысып, нәтижелі болуы үшін тізгін «Елім-ай» қоғамдық қорының басшысы Әлихан Тойбаевқа тапсырылды.

(Облыстық қоғамдық кеңес құрамы 3-бетте).

ҚОНЫСТОЙ



ӘРТІСТЕР ҮЙЛІ БОЛДЫ

Биыл жетісулықтарды баспанамен қамтуға қатысты жұмыстар жүйелі атқарылып, жұртты қуанышқа бөлеген игілікті істер көбейе түсті. Жақында ғана өңіріміздегі медицина қызметкерлеріне 60 пәтерлі үй берілсе, 60 пәтерлі коммуналдық үй кезекте тұрған талай жанның мұқтажын шешті. Ал Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің де өз салымшыларына керемет сый жасағанын білеміз. Бұл қуаныш өңірдегі өнер адамдарына да жұғысты болып, Б. Римова атындағы облыстық театрдың әртістері жаңа пәтерге ие болды.

Қажет АНДАС

Жалпы, облыстық театр үшін жыл басы қуанышты жаңалықпен басталды. Театрдың анасы, Қазақстанның халық әртісі Алмахан Кенжебекова Елбасы Жарлығымен «Құрмет» орденін алса, сол қуаныш еселене түсіп, Ерлік Қалибек, Айгерім Бекболатова, Еркебұлан Айдымбаев сияқты жас әртістер мен актрисалар жаңа пәтерге ие болды. Олардың қуанышын театр жетістігі деп білген өнер ұжымы бүгін бас қосып, жастарға жаңа пәтердің кілтін табыстады. Аталмыш шараға облыстық мәдениет басқармасы басшысының міндетін атқарушы Маржан Нұрбаева мен театрдың директоры Ғалия Темірбаева қатысып, үйлі болған жастарды шын жүректен құттықтап, пәтер кілтін салтанатты түрде қолдарына ұстатты. Сол қатарда ардагер әртіс Өмірсерік Қалиев пен Әлихан Ыдырышев жүрекжарды лебізін білдіріп, пәтер иесі атанған жастарға өздеріне сенім артқан аға буынның үмітін аяқсыз қалдырмауын жеткізді. Олардың айтуынша, соңғы 15 жыл бойы театр әртістерінде мұндай қуаныш болмаған. Орайы келгенде, Елбасы саясатын тиянақты атқарып, өңір жастарына жақыннан жәрдем көрсетіп, жанашыр болып жүрген облыс әкімі Амандық Баталовтың азаматтық тұлғасына ризашылық білдіре кеткен жөн шығар.

Иә, мұндай жақсылықтың алдағы уақытта да жалғасатыны анық. Ең бастысы, Мәңгілік Елдің мәнді болашағын жасайтын жастарға қолдау көрсетуді ескерген ел басшыларына халықтың ризашылығы басым.

ҚҰРМЕТТІ ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ ЖӘНЕ ҚОНАҚТАРЫ!

2016 жылғы 20 – 27 ақпан күндері аралығында Талдықорған қаласында КСРО-ның еңбек сіңірген жаттықтырушысы, спорт шебері Жарылғапов Октябрь Қыдырбайұлын еске алуға арналып волейболдан Ұлттық лигадағы әйелдер командалары арасында өтетін Қазақстан Республикасының XXIV чемпионатының 5-тур ойындарын тамашалауға шақырамыз.

Жарыс 21 – 26 ақпан күндері, күнделікті сағат 12.00-ден бастап «Жастар» спорт сарайында өтеді.

ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ.



ОБЛЫС ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

«Алматы облысының еңбек инспекциясы бойынша басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

2016 ж. 10 ақпан

№ 65

Талдықорған қаласы

Алматы облысының әділет департаментінде 2016 жылғы 11 наурызда № 3750 нөмірімен тіркелген.

«Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабы 7) тармақшасына және «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы» 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған «Алматы облысының еңбек инспекциясы бойынша басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.

2. Басқарма басшысына осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған интернет-ресурста және облыс әкімдігінің интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары М. Бигелдиевке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі А. БАТАЛОВ.

Алматы облысының әділет департаментінде 2016 жылғы 11 наурызда № 3750 нөмірімен тіркелген.

Алматы облысы әкімдігінің 2016 жылғы 10 ақпандағы №65 қаулысымен бекітілген

«Алматы облысының еңбек инспекциясы бойынша басқармасы» мемлекеттік мекемесі туралы Ереже

1. Жалпы ережелер

1. «Алматы облысының еңбек инспекциясы бойынша басқармасы» мемлекеттік мекемесі (әрі қарай – Басқарма) Алматы облысы аумағында еңбек қатынастары саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Басқарма қарамағында ведомстволар жоқ.

3. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік-құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Басқарма мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Басқармаға егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен басқарма басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Басқарманың құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индекс 040000, Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Талдықорған қаласы, Тәуелсіздік көшесі, № 67 «а».

10. Мемлекеттік органның толық атауы – «Алматы облысының еңбек инспекциясы бойынша басқармасы» мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

12. Басқарманың қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарма функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Басқармаға заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Басқарманың миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. Басқарма миссиясы: еңбек қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру.

15. Міндеттері:

1) Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету;

2) қауіпсіз еңбек жағдайларына құқықты қоса алғанда, жұмыскерлердің құқықтары мен бостандықтарының сақталуын және қорғалуын қамтамасыз ету;

3) Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының мәселелері бойынша жұмыскерлер мен жұмыс берушілердің өтініштерін, арыздарын және шағымдарын қарау болып табылады.

16. Функциялары:

1) Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының, оның ішінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптардың сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

2) жұмыс берушілер ұсынған ұжымдық шарттардың мониторингін жүзеге асырады;

3) өндірістік жарақаттанудың, кәсіптік аурулардың, кәсіптік уланулардың себептеріне талдау жүргізеді және олардың профилактикасы жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

4) еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен тергеп-тексереді;

5) жұмыс берушілердегі еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдардың білімін тексеруді жүргізеді;

6) өндірістік мақсаттағы объектілерді пайдалануға қабылдау жөніндегі қабылдау комиссиясының құрамына қатысады;

7) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау нормативтерін жетілдіру мәселелері бойынша жұмыскерлер мен жұмыс берушілердің өкілдерімен өзара іс-қимыл жасайды;

8) жұмыскерлердің, жұмыс берушілер мен олардың өкілдерінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері жөніндегі өтініштерін қарайды;

9) өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестаттау мониторингін жүзеге асырады;

10) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру кестелерін әзірлейді және бекітеді;

11) еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі жөніндегі ақпараттық жүйе негізінде кезеңдік есептерді, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жай-күйі мониторингінің нәтижелерін ұсынады;

12) еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысан бойынша ұжымдық еңбек дауларының мониторингін жүргізеді;

13) еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға еңбек қатынастары бойынша қажетті ақпаратты береді;

14) жұмыс берушінің қызметін декларациялауды жүзеге асырады;

15) Қазақстан Республикасының заңнамаларында көрсетілген өзге де міндеттерді атқару.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының сақталуын тексеруді жүргізу мақсатында ұйымдар мен кәсіпорындарға кедергісіз баруға;

2) жұмыс берушілерден, жұмыскерлерден (олардың өкілдерінен) өздеріне жүктелген функцияларды орындауға қажетті құжаттарды, түсініктемелерді, ақпаратты сұратуға және алуға;

3) жұмыс берушілер орындауға міндетті нұсқамалар, қорытындылар беруге, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалар мен қаулылар толтыруға, әкімшілік жазалар қолдануға;

4) еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды белгіленген тәртіппен тергеп-тексеруге;

5) Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асыруға;

6) Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының орындалуын тексеруді уақтылы және сапалы жүргізуге;

7) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын қолдану мәселелері бойынша жұмыскерлер мен жұмыс берушілердің өтініштерін уақтылы қарауға;

8) Қазақстан Республикасының заң актілерімен бекітілген құзыреттері аясында өзге де құқықтар мен міндеттерді орындау.

3. Басқарманың қызметін ұйымдастыру

18. Басқармадағы басшылықты басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. Басқарманың бірінші басшысын Алматы облысының әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. Басқарманың бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасары болады.

21. Басқарманың бірінші басшысының өкілеттігі:

1) бөлімдер туралы ережелерді бекітеді, олардың қызметтері мен өкілеттіліктерін белгілейді;

2) басшының орынбасарын, бөлім басшыларын, бас және жетекші мамандарды, мемлекеттік қызметші болып табылмайтын жұмысшыларды қызметіне тағайындайды және босатады, көтермелеу және оларға жазалау шараларын қолданады;

3) мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда басқарма атынан өкілдік етеді;

4) Басқармада сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етеді, сол үшін жеке жауапкершілікте болады;

5) өз құзыреті шегінде бұйрық шығарады;

6) Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес өзге де өкілеттіліктерді жүзеге асырады.

Басқарманың бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

22. Бірінші басшы өз орынбасарының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

4. Басқарманың мүлкі

23. Басқарманың заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

24. Басқарма бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

25. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, басқарма өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату

26. Басқарманың қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯ КОМИССИЯСЫНЫҢ 2015 ЖЫЛҒЫ 6 ҚАЗАНДАҒЫ ОТЫРЫСЫНДА БЕКІТІЛГЕН ТЕРМИНДЕР

(Жалғасы. Басы №37 санда).

Төтенше жағдайлар саласы бойынша

	орыс тілінде	қазақ тілінде
1.	авария	авария
2.	аварийная ситуация	авариялық жағдай
3.	аварийная обстановка	авариялық ахуал
4.	учет аварий	аварияларды есепке алу
5.	автодегазационная станция	автогазсыздандыру стансысы
6.	автоматический радиопеленгатор	автоматты радиотұтқыш
7.	слой стока	ағын қабаты
8.	вилка разъема	ағытпа ашасы
9.	адамсит	адамсит
10.	конвой	айдауыл
11.	вращательное бурение	айналмалы бұрғылау
12.	дефектоскоп	ақаутапқы
13.	бассейн долинный селевой	сел алабы бассейні
14.	впадина аллювиальная	аллювийлік ойпат
15.	цепь дальней связи	алыс байланыс тізбегі
16.	послойное тушение	аралық қабаттарды сөндіру
17.	вода подрусловая	арнаасты суы
18.	водозабор русловой	арналық тоған
19.	противоатомная защита	атом қарулынан қорғану
20.	воздуховод	ауа өткізгіш
21.	влажность воздуха удельная	ауаның үлестік ылғалдылығы
22.	бактерия болезнетворная	ауру тудырғыш бактерия
23.	карта ситуационная	ахуалдық карта
24.	мультиплексор каналов связи	байланыс арналарының мультиплексоры
25.	виток связи	байланыс орамы
26.	бактериальные токсины	бактериялық уыттар
27.	уровень контрольный	бақылау деңгейі
28.	заболачивание	батпақтану
29.	пост	бекет
30.	постовой	бекетші
31.	арматура запорная	бекіту арматурасы
32.	флажок сигнальный	белгі жалаушасы
33.	бета-излучение	бета сәулелену
34.	оползнение откоса	беткейдің жылжуы
35.	полнолицевая маска	беттің толық жабатын маска
36.	биологическое задернение	биологиялық шымдану
37.	дамба	бөген
38.	запруда	бөгесін (уақытша істелген)
39.	плотина	бөгет
40.	отсек	бөлік
41.	маскировка	бүркемелену
42.	деблокирование	бұғаттан шығару
43.	горение затяжное	бықсып жану
44.	вакуум-насос	вакуум-сорғы
45.	загазованность	газданғандық
46.	абсорбция газов	газды сіңіріп алу
47.	дегазационный пункт	газсыздандыру пункті
48.	гуманитарная помощь	гуманитарлық көмек
49.	штормовое предупреждение	дауылды алдын ала ескерту
50.	штормовой ветер	дауылды жел
51.	штормовой нагон воды	дауылды су ағыны
52.	дезинсекция	дезинсекция
53.	декодно-шаговый искатель	кодсыз-қадамдық іздеуіш
54.	впадина делювиальная	делювийлі ойпат
55.	десантирование	десант түсіру
56.	дифосген	дифосген
57.	активность минимально значимая удельная	ең аз мәнді үлес белсенділігі
58.	таяние	еру
59.	ласты ножные (пара)	ескекаяқ
60.	старица	ескі арна
61.	грозозащита	жайтартқыш
62.	головка переходная соединительная	жалғастырушы өтпелі бастиек
63.	пламягаситель	жалын сөндіргіш
64.	убытки косвенные	жанама шығындар
65.	горючесть	жанғыштық
66.	нагрузка горючая	жану жүктемесі
67.	характер горения	жану сипаты
68.	выгорать	жанып кету
69.	светомаскировка	жарықтық бүркеніш
70.	взрывоопасный	жарылыс қауіпті
71.	взрывоустойчивость	жарылысқа төзімділік
72.	укрытие	жасырын пана
73.	боевая выучка	жауынгерлік машық
74.	поземка	жаяу бұрқасын
75.	оперативное подчинение	жедел бағыныста болу
76.	ветровые нагоны	жел айдаған су
77.	абразия	жемірілу
78.	рукав	жеңқұбыр
79.	зажим рукавный	жеңқұбыр қысқышы
80.	ящик для рукавов	жеңқұбырға арналған жәшік
81.	досмотр	жете тексеру
82.	сборно-эвакуационные пункты	жиналу-эвакуациялау пункттері
83.	радиационная авария проектная	жобалық радиациялық авария
84.	истребительная авиация	жойғыш авиация
85.	полынья	жылым
86.	пункт обогрева	жылыту пункті
87.	эвакуация пораженных	зақымданғандарды эвакуациялау
88.	очаг поражения	зақымдану ошағы
89.	длина выдвижения колена	иіннің жылжу ұзындығы
90.	инсектициды	инсектицидтер
91.	интразвуковое оружие	интрадыбыстық қару
92.	влага капиллярная	капиллярлық ылғал
93.	установление карантина	карантин жариялау
94.	карст	карст
95.	волна-помеха	кедергі толқын

Көлік және қатынас жолдары салаларының терминдері

р/с	орыс тілінде	қазақ тілінде
1.	автобан	автобан
2.	авиагруз	әуе жүгі
3.	авиапочта	авиапошта
4.	авиапредприятие	авиакәсіпорын
5.	авиация гражданская	азаматтық авиация
6.	авиация малая	шағын авиация
7.	автобус городской	қалалық автобус
8.	автобус дальнего следования	алысқа қатынайтын автобус
9.	автобус лизинговый	лизингілік автобус
10.	автобус междугородный	қалааралық автобус
11.	автобус международный	халықаралық автобус
12.	автобус местного сообщения	жергілікті қатынас автобусы
13.	автобус пригородный	қаламаңы автобусы
14.	автобус туристический	туристік автобус
15.	автовоз	автотасығыш
16.	автогудронатор	автогудрондауыш
17.	автозаправка	Жанар майқую
18.	автолебедка	автошығыр
19.	автолестница	автосаты
20.	автомагазин	автодүкен
21.	автомагистраль	автокүрежол, автомагистраль
22.	автомастерская	автошеберхана
23.	автоматизация	автоматтандыру
24.	автоматизация посадки	қонуды автоматтандыру
25.	автоматизация производства	өндірісті автоматтандыру
26.	автоматизация процесса	үдерісті автоматтандыру
27.	автоматизация управления	басқаруды автоматтандыру
28.	автоматизированная система проектирования	автоматтандырылған жобалау жүйесі
29.	автоматика	автоматика
30.	автоматика железнодорожная	теміржол автоматикасы
31.	автомашина	автомәшине
32.	автомашинист	автомәшинеші
33.	автомеханик	автомеханик
34.	автомобилевоз	автомобильтасығыш
35.	автомобилеопрокидыватель	автомобильаударғыш
36.	автомобилист	автомобильші
37.	автомобиль	автомобиль
38.	автомобиль аварийный	апаттық автомобиль
39.	автомобиль безопасный	қауіпсіз автомобиль
40.	автомобиль бесхозный	иесіз автомобиль
41.	автомобиль гоночный	жарыс автомобилі
42.	автомобиль грузовой	жүк автомобилі
43.	автомобиль грузопассажирский	жүк-жолаушы автомобилі
44.	автомобиль дизельный	дизельді автомобиль
45.	автомобиль заднеприводной	арқы жетекті автомобиль
46.	автомобиль закрытый	жабық автомобиль
47.	автомобиль карбюраторный	карбюраторлы автомобиль
48.	автомобиль леворульный	сол рөлді автомобиль
49.	автомобиль легковой	жеңіл автомобиль
50.	автомобиль медицинской помощи	медициналық жәрдем автомобилі
51.	автомобиль неполнопроводной	ішінара жетекті автомобиль
52.	автомобиль открытый	ашық автомобиль
53.	автомобиль переднеприводной	алдыңғы жетекті автомобиль
54.	автомобиль полноприводной	толық жетекті автомобиль
55.	автомобиль порожний	бос автомобиль
56.	автомобиль самопогрузки	өзі тиейтін автомобиль
57.	автомобиль спортивный	спорт автомобилі
58.	автомобиль технической помощи	техникалық жәрдем автомобилі
59.	автомобиль-бензовоз	бензин таситын автомобиль
60.	автомобиль-вездеход	жол талғамайтын автомобиль
61.	автомобиль-контейнеровоз	контейнер таситын автомобиль
62.	автонастройка	автобаптау
63.	автоответчик	автожауапқатқыш
64.	автопереправа ледовая	мұз автоөткелі
65.	автопилот	автоұшқыш

ЕКЕУАРА



Қазақстан Жазушылар және Театр қайраткерлері одақтарының мүшесі, ширек ғасырдан астам уақыт баспасөз саласында қарымды қызмет істеп келе жатқан журналист Үсен Өмірзақов – поэзия әлемінде өзіндік қолтаңбасы бар ақын. Қаламгердің «Өмір – өлең», «Халқым – қазынам», «Ақын тағдыры» атты жыр жинақтары оқырманның ықыласына бөленген туындылар. Бүгінде ауқымды дүниелерді жарыққа шығару жолында ізденіп жүрген қаламгердің өткен өміріне бір үңіліп, көрген-білгені мен көкейге түйгенін, зердесіне жиған рухани қазынасын бір екшеп көрсек деген ниетпен сұхбаттасқан едік. Ойлы әңгімені оқырман назарына ұсынуды жөн көрдік.

Жетісуда бағым жанды

– Үсеке, ердің жасы – елуден асып, шығармашылықтың нағыз кемелденген кезеңіне де келіп жеттіңіз. Өткенге есеп беріп, болашақты бағдарлаудың сәті туып тұрған сияқты. Жастарға ғибрат болсын, балалық шақтағы арманға бір қол созып, содан кейін жастықтың жалынына қайта жылына отырып әңгіме өрбітейік.

– Сөз төркінін аңдап тұрмын. Әңгімені әріден бастағалы отырсың ғой. Ол да жөн. Адам ғұмырының жартысынан ауғанда өткенді сағынышпен жиі еске алады екен. Бабаларымыз: «Бұл жалғанның қызығы сүт пісірімдей уақытта өтіп кетеді», – деп тауып айтқан. Өткен жылы жазылған бір өлеңімнің алғашқы шумағын:

Әжесінің құшағында
бал күлген,
Кеше ғана бала едім ғой
тал мінген.
Кеше ғана жігіт ем
ғой жалынды,
Қалай осы тез қартайып
қалдым мен,

– деп бастаппын. Сонымен балалық арманға оралайық. Әкеден ерте айырылып, бастауыш сыныпта «интернаттың нанын» жеп өстім. Жетінші сыныптан бастап аудандық газетте мақалаларым, республикалық «Қазақстан пионері» газеті мен «Балдырған» журналында өлеңдерім жариялана бастады. Орта мектепті тамамдаған соң ҚазМУ-дің журналистика факультетіне оқуға түсу үшін Алматыға аттануға қамданғанымды естіген анам жоспарымды қолдай қоймады. Қайта қатты қарсылық білдірді.

– Неге?

– Оның себебі, аудандық газетте тілші болып істеп жүрген аталас ағайымды фельетон жазғаны үшін «кейіпкерлері» қастандықпен жол бойында көлікпен соғып, мерт еткен болатын. Содан жүрегі шайлығып қалған еді. Бірақ алған бетімнен қайтпайтынына көзі жеткен анам ақыры: – Бара бер, балмұздақ жеп қайтып келесің, – деп амалсыз келісті. Алматыға ат арылтып келсем, өкінішке орай, шығармашылық конкурс белгіленген мерзімінен бір күн бұрын өтіп кетіпті. Мен үлгермей қалдым да, филология факультетіне құжатымды тапсырдым. Алғашқы емтиханның өзінен сүрініп кеттім. Ауылға қайтуға бет жоқ. Ақыры туған әпкем тұратын Өзбекстанның Зарафшан қаласына жол тарттым. Алғашында мыс өндіретін шахтаға жұмысқа орналастым. Бір күні әпкем мені базарға жұмсады. Ет сатып алып тұрсам, бір апа қып-қызыл етті қазақша газетке орап жатқанын көзім шалып қалды. «Апа, анау газетіңізді маған беріңізші, мен сізге қолымдағы желім сөмкені берейін. Ет салуға осы ыңғайлы емес пе?» – дедім. Ол кісі келісе кетті. Қан-қан газетті қолыма алып, жайып жіберіп оқысам, Тамды аудандық «Социалистік шаруашылық» деген газет екен. Бұхара облысының Тамды ауданы Шәмші ағамыздың табаны тиіп «Тамды аруы» деген ән туғызған киелі Тәуелібай елі ғой баяғы. Қазақтың әйгілі Әйтеке биі мен Балқы Базар жырауының сүйегі де осы өңірде жерленген. Қысқасы, Тамдыға жол тартып, газетте көрсетілген мекенжай бойынша редакцияны тауып келдім. Бас редактордың орынбасары Қайыпназар Шотбасов деген жігіт мені жылы қабылдады. «Талабың бар екен. Әдебиет бөліміндегі Өмірзақ Қожамұратов деген ақын жігіт денсаулығына байланысты облыстық диспансерге жатқызылды. Бір жыл емделетін көрінеді. Сол кісінің орнына уақытша қызметке қабылдайық. Әрі шыңдаласың», – деді. «Іздегенге сұраған» дегендей, төбем көкке жеткендей қуанғаным-ай!

– Жолыңыз болған екен.

– Иә десейші! Осылай оқуды бітірмей-ақ бір газеттің әдеби қызметкері болып шыға келдім. Келер жылдың маусым айында Алматыға келіп ҚазМУ-дің журналистика факультетіне құжат тапсырдым. Қазақ журналистикасының негізін қалаған әйгілі ғалым-ұстаз Тауман Амандосов мақалаларымды оқып көріп: «Әй, бала, саған тек диплом ғана керек екен, бара бер, өттің», – деді. Сынақты белгілі арабист ғалым Әбсаттар Дербісәлиев пен майталман әдебиетші, сыншы Рахманқұл Бердібаевқа «беске» тапсырдым. Оқу бітірерде «Очерктегі кейіпкердің мимикасы мен пантомимикасы» деген тақырыптағы дипломдық жұмысым сол кездегі Қазақстан Компартиясының идеологиялық хатшысы «Коммунист» журналының бас редакторы Кәкімжан Қазыбаевтың төрағалығында «үздік» деп бағаланды.

– Журналист маман ретіндегі алғашқы еңбек жолыңыз қалай басталды?

– Дипломды қолға алған соң елге оралдым. Ондағы мақсатым – қара шаңырақтың отын өшірмей, қартайған анама біраз қуаныш сыйлайын дедім. Содан көп өтпей Бостандық аудандық «Коммунизм үшін» газетіне аудармашы-тілші болып жұмысқа орналастым. Газет негізінде өзбек тілінде шығатын да, қазақшаға аударылатын. Бұған іштей «өкпем қара қазандай» болып жүрді.

– Жаратқан ием жүрегіңізге от жағып, қолыңызға не үшін қалам ұстатты? «Көкесін таныстып», көсілтіп тұрып мақала жазбадыңыз ба?

– Өзім де солай еттім. Бір күні ойланып-толғанып отырып, Өзбекстанда өмір сүретін екі миллионға жуық қазақтың неге ана тілінде шығатын республикалық газет-журналы, кітап баспасы, ұлттық театры жоқ деген мазмұнда «Өзбекстан қазақтарының рухани мұқтаждығы», «Оң мәселеге теріс қабақ танытпайық» деген екі мақала жаздым да, Ұлы Жеңіс мерекесіне байланысты демалысты пайдаланып, Алматыға ұшып келдім. Алдымен «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы Шерхан Мұртазаның шаңырағына ат басын бұрдым. Үйде екен. Қабылдады. Әңгімемді үндемей отырып тыңдады. Бір ауыз сөз қоспады. Орнынан тұрып сөреден үш кітабын алды. Қолтаңбасын қойып, маған ұсынды да: «Қуыс үйден құр шықпа» деген, мақаланды қалдырып кет, жарияламыз», – деп қоштасты. Сол үйде Шерхан ағадан бір қабат төменде «Жалын» журналының бас редакторы Мұхтар Шаханов тұратын. Ол кісіге де жолықтым. Әңгімемді қайта-қайта қозғалақтап отырып тыңдады. Сосын: «Қазір Кеңес одағының барлық республикаларында «Ұлтаралық қатынастар жөнінде» комитет құрылып, жұмыс істеп жатыр. Сол комитетке осы мәселелер туралы Үндеу жазып, оған өзбек елінде жасайтын Кеңес Одағының Батырлары, Социалистік Еңбек Ерлері, Жоғарғы Кеңес депутаттары, ғалымдар, жазушылар мен көрнекті қоғам қайраткерлеріне қол қойдырып, хатты қолма-қол тапсыру керек. Олар жауапсыз қалдырмайтынына сөзсіз сенемін. Мақаланды Қайрат Әлімбековке менің атымнан апарып бер», – деді. Мен ақынның айтқанының бәрін толық орындадым. Жалғыз емес, әрине, мені қолдағандар көп болды. Көп өтпей «Қазақ әдебиеті», «Лениншіл жас» газетінде әлгі екі мақалам да жарияланды.

– Қысым жасалған жоқ па?

– Жоқ.Тек бас редакторым «арқамнан сипап» жұмыстан өз арызыма орай босатып жіберді. Көп өтпей демократиялық жолмен бәрі де өз шешімін тапты. Өзбекстан Компартиясының Қаулысына орай «Достық туы» (кейін «Нұрлы жол» деп өзгертілді) деген атпен республикалық газет жарық көріп, «Асыл мұра» кітап баспасы іске қосылды. Телевидениеде «Достық» бас редакциясы ашылып, қазақ, қырғыз, тәжік тілінде хабар тарала бастады. Мен сол «Достық» бас редакциясында бес жыл аға редактор, республикалық «Нұрлы жол» газетінде 8 жыл аға тілші, жауапты хатшы, бөлім меңгерушісі лауазымында еңбек еттім. Содан кейін біршама уақыт Оңтүстік Қазақстан облысының «Алтын қор» телерадиокомпаниясында редактор міндетін атқардым. Тағдыр айдап, кейінгі жылдары Жетісуға қоныс аудардым. Мұнда келген соң «Жетісу» телекомпаниясында редактор, облыстық Бикен Римова атындағы драма театрында әдебиет бөлімінің меңгерушісі болып қызметімді жалғастырдым. 2012 жылы күзде болшақ журналистерді тәжірибелік тұрғыдан шыңдау мақсатында І. Жансүгіров атындағы ЖМУ-ға ауыстым. Қазір университетіміздің ректоры, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі, заң ғылымдарының докторы, профессор Әбдіманап Бектұрғановтың бастамасымен ашылған «Жетісу университеті» атты қоғамдық-саяси жастар газетінің бас редакторы болып жұмыс істеп жүрмін. Қысқасы, Жетісуда бағым жанды.

Мені жетісулықтар ақын ретінде емес, журналист ретінде таниды. Поэзия әлеміндегі орнымды жоғары бағалаған бір-ақ адам болды. Ол – ақын, публицист Әміре Әрін. Мұны жақсы атану үшін айтып тұрған жоқпын. Бұдан бес жыл бұрын алғаш кездескенде-ақ өлеңдерімді оқып: «Өй, батыр, сен ақын екенсің ғой!» – деп циклді топтама жырларымды екі-үш рет газет бетінде жариялады. Әдеби ортаға келсек, облыстық тілдерді дамыту басқармасының басшысы Ахмет Кендірбекұлының бастамасымен Тіл сарайында өткізіліп жүрген «Сәрсенбінің сәтінде» атты әдеби кештен мол үміт күтуге болады.

– Университетте болашақ журналистерді іс-тәжірибеден өткізіп жүргеніңізден хабарымыз бар. Қазіргі жастардың таңдаған мамандығына деген ынта-жігері қай деңгейде?

– Білім ордамызда журналистика мамандығында оқып жүрген білімгерлер үшін жан-жақты жағдай жасалған. Білікті оқытушылар Жұмағали Есенбек (журналистика кафедрасының меңгерушісі), Мұса Бисенқұлов, Тұрлыхан Кәрім, Айбек Сейдахмет, Гүлфайруз Құтымова, Дәулеткерей Мүлік студенттерді теориялық білімімен сусындатса, оны тәжірибемен ұштастыру үшін арнайы жабдықталған телестудияда үш телекамера, монтаждау қондырғылары бар. Білімгерлер өздері бейнефильм түсіріп, өзі монтаждап, университеттің үш корпусы мен жатақханаларда тартылған тележелі арқылы эфирге шығады. «Жетісу университеті» газеті қазақ, орыс тілдерінде 12 бет болып жарық көріп, облыс көлемінде таралады. Болашақ журналистеріміз «Білім нұры», «Сенің замандасың», «Тұрмыс тынысы», «Жан сырым», «Жемқорлыққа жол жоқ», «Ырыс-ынтымақта», «Талант-тылар тұғыры», «Қауырсын қалам», «Тұлға», «Сәті түскен сұхбат», «Күлкі күймесі» сияқты айдарлармен арнайы бет дайындап, қаламын ұштайды. Біздің «шекпенімізден шыққан» шәкірттер деп облыстық «Жетісу» газетіндегі Еңлік Сағындықова мен Асыл Сұлтанғазыны, қалалық «Талдықорған» газетіндегі Данияр Сағындық, облыстық «Алатау» газетіндегі Гүлназ Нұрдәулетті, «Жетісу» телеарнасындағы Арайлым Жақсыбекова, Шынар Әуелбай, Алмат Хамитов, Айман Асылбекова, Әсем Ғабитқызы, Салтанат Спандирова, тағы басқа да жас журналистерді мақтанышпен атауға болады.

– Иә, сәби шақтан бүгінге дейін 55 жылды артқа қалдырдыңыз. Сол жылдардың есебі болатын жыр жинағыңызды дайындап отырған көрінесіз.

– Иә, «Тамылжыған тамызым» атты жыр жинағымды «толғатып» жүрмін. Алдағы уақытта оқырманға жол тартпақ.

Сұхбаттасқан Қажет АНДАС.

Тәуелсіздік – біздің маңдайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

№ 57 (18189)
Сенбі, 21 мамыр, 2016 жыл

Хабарландыру

Энергетика министрлігі өңірлерде бейне конференция байланысын қамтамасыз ету арқылы Энергетика министрі Қ. Бозымбаевтың халық алдында есепті кездесуін өткізу күні **биылғы жылдың 31 мамырынан 7 маусымға** өзгертілгендігі жөнінде хабарлайды.

Кездесу барысында министр атқарылған жұмыстар, *мұнай-газ, мұнай-газ-химия, көмір, уран, электр энергетикасы және қоршаған ортаны қорғау* салаларының даму жоспарлары туралы егжей-тегжейлі баяндайды және қойылған сұрақтарға жауап береді.

Есепті кездесу **2016 жылғы 7 маусымда сағ.15.00-де** мына мекенжайда өтеді: Астана қ., Д. Қонаев даңғылы, 4, «Қазмедиа орталығы» ғимараты, Киноконцерт залы.

Сұрақтар мен ұсыныстар бойынша 8 (7172) 786862, 786884 телефон нөмірлеріне хабарласуға немесе a.atantaeva@energo.gov.kz, u.akhmetova-@energo.gov.kz электронды мекенжайларына жолдауларыңызға болады.

Берілген сілтеме арқылы http://energo.gov.kz/index.php?id=5451

ҚР Энергетика министрлігінің сайтында сұрақтар қоя аласыздар.

ҚҰРМЕТ



Суретті түсірген Р. ҚАДЫРОВ.

Алдаспан ақын ардақталды

«Өсетін елдің әкімі ақынына жақын болатынын» халық айтады. Қалып айтпайды. Оның айқын көрінісі – Талдықорған қаласының «Жастар» спорт сарайында облыс әкімі Амандық БАТАЛОВТЫҢ бас болуымен Қазақстанның Халық жазушысы, ақын, қоғам қайраткері Олжас СҮЛЕЙМЕНОВТЫҢ 80 жылдық мерейтойына арналған волейболдан ардагер ерлер командалары арасында X халықаралық турнирдің ашылу салтанаты өтті.

Шара шымылдығын ашып, тұлпар текті ақын туралы тұшымды сөз айтқан облыс басшысы алдаспан ақынды жақында ғана Елбасының қолынан алған «Қазақстанның Еңбек Ері» атағымен құттықтады. Мұнан соң, ақынын сыйлап, ардақтаған елдің салтымен үстіне құндыз жағалы шапан жапты. Әрі сөз соңында: – «Қазақ руханияты үшін өлшеусіз үлес қосып, қазақтың даңқын жарты әлемге жария еткен қазақтың Олжасы – сіздің мерейтойыңыздың осылай Жетісу жерінде дүркіреп өтуінің өзі біз үшін үлкен мерей. Біз мұны мақтан тұтамыз. Әрі алар асуыңыз, бағындырар биігіңіз әлі алда деп білеміз, – деді Амандық Баталов.

Бұдан кейін Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры Тілектес Есполов сөз алып, ақынды осы бір мерейлі тойымен құттықтады. Ал түрлі облыстардан келген команда жетекшілері ақынға өздерінің арнайы ала келген сыйлықтарын табыстап, алдағы мерейтойының да осылай дүркіреп өтуіне тілектес екендіктерін білдірді.

Қ. ӘБДІҒАПАР.

(Жарық жайлы қорытынды мақаланы газетіміздің келесі санынан оқи аласыздар).

БҮГІН – МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

Халқымыз ғасырлар бойы мәдениеті мен өнерін, дәстүрі мен асыл мұрасын алтын бесігінде тербетіп келеді. Қай заманда да біздің еліміз ертеңгі күнге зор сеніммен қарап, рухын жоғары ұстаған. «Мәдениет – мәңгілік қазына, өнер – өшпес мұра» десек, қатарынан бірнеше жыл тойланып келе жатқан мәдениет және өнер қызметкерлері күнінің басты мақсаты – мәдениетіміз бен салт-дәстүрімізді дәріптеу. Әрине, басын тауға, аяғын шөлге, арқасын құмға төсеген берекелі жерді мекен еткен Жетісу өңірі бекзат өнерден кенде емес. Айтулы күнге орай І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында түрлі өнердің тізгінін ұстап, жұлдыздай жарқыраған бір топ жан мен рухтың қызметкерлері марапатталды. Шараға қатысқан облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ алдымен көрмені толық аралап шығып, өнер ұжымдарының жай-күйімен танысты.



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ.

Қажет АНДАС

Осыдан кейін облыс әкімі жиналған көпшілікті төл мерекелерімен құттықтап, сөз сөйледі.

– Қадірменді мәдениет пен өнер саласының қызметкерлері! Сіздерді төл мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтай отырып, еңбектеріңізге табыс, отбасыларыңызға бақ-береке тілеймін. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы: «Мәдениет – елдің ең басты рухани байлығы, асыл мұрасы. Қай елдің мәдениеті мықты дамыса, сол елдің еңсесі де биік болады», – деп атап өтіп: «Еуразияның ең бір бай да бірегей мәдениеті – қазақ мәдениеті», – деген еді. «Өнер – ұлттың жаны», – дейді халық даналығы. Өркениетті ұлт, ең алдымен, тарихымен, өнерімен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлесімен танылып, бағаланады. Ұлттық мәдениеттің бір бөлігі, Жетісу өлкесі – қасиетті өнердің киелі бесігі, дарынды тұлғалардың мекені, – деді облыс әкімі құттықтау сөзінде.

Әкімнің айтуынша, облысымыздың мәдениет саласы қызметкерлері елдігімізді, ғасырлар бойы мұра болған асыл қазынаны – ұрпаққа жеткізу жолында ауқымды жұмыстар атқаруда. Өз сөзінде Амандық Ғаббасұлы өнерді құрметтеп, мәдениетті өркендету – баршамыздың ортақ мақсатымыз екенін атап көрсетті. Басқасын айтпағанда, биылғы қаңтар айында «Әлем таланттары» қорының арнайы шақыртуымен Мұқан Төлебаев атындағы ұлт аспаптары оркестрі Мәскеу қаласына барып, ұлттық өнерімізді дәріптеп қайтса, Сүйінбай атындағы облыстық филармонияның бірнеше өнер иелері Қытай Халық Республикасының Үрімжі қаласында болып, ел алғысына бөленді. Астана қаласында өткен «Ақ көгершін» халықаралық балалар шығармашылық фестивалінде «Солнышко» балалар хореографиялық ансамблі Гран-при иегері атанған.

Сондай-ақ, өңірімізде өнермен ұлы із қалдырған дарындарға құрмет көрсетілді. Осыған орай, биыл Қазақстанның Халық әртісі Дәнеш Рақышевтың 90 жылдығына арналған шаралар, Қазақстанның Халық әртісі, әнші Зейнеп Қойшыбаева атындағы «Жауқазындай жайдарлы ән», Мұқағали Мақатаевтың сөзіне жазылған «Жырлайды жүрек» облыстық байқауы өтті. Облыс бойынша Жамбыл Жабаевтың 170, мемлекет қайраткері Әлихан Бөкейхановтың 150, Мұқағали Мақатаевтың 85 жылдығына орай түрлі мәдени іс-шаралар ұйымдастырылды.

Облыс әкімі осы ретте бар өмірін мәдениет саласына арнап, талмай еңбек етіп келе жатқан өнер саңлақтарына тоқталды. Қазақстанның Халық әртісі, «Құрмет» орденінің иегері Алмахан Кенжебекова, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, «Парасат» орденінің иегері Өмірсерік Қалиев, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртістері Ұлжан Айнақұлова, Қанат, Айтқүл Құдайбергеновтер, Тұрсынхан Қарақожаева, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері Әли Алпысбаевтың есімдері ерекше аталды. Сондай-ақ, облыс басшысы биылғы жыл өңіріміздің мәдениет саласы үшін табысты болғанын да тілге тиек етті.

Оның айтуынша, өңіріміздің мәдени дамуын, жаңа жетістіктерін көрсету, саланың материалдық-техникалық базасын нығайту, әншілердің, өнер ұжымдарының шеберліктерін шыңдау, дарынды жастарға қолдау білдіру облысымызда мықты қолға алынған. Алыптар туған мекеннің мәдениетін өрлету үшін облыстық мәдениет саласына бөлінетін қаржы жыл сайын артып, бүгінде бюджеті 4,5 млрд. теңгені құрап отыр. Соның нәтижесінде ұлттық құндылықтарды түгендеуге бағытталған «Мәдени мұра» бағдарламасы сәтті жүзеге асырылды. Сондай-ақ, облыстық бюджеттен мәдениет мекемелеріне күрделі жөндеу жұмысы жасалып, материалдық-техникалық базасы ретке келтірілді. Облыс басшысы шарада бірқатар өнер адамдарына Құрмет грамотасын табыс етті. Сондай-ақ, мәдениет саласы ұжымдары мен қызметкерлері арасында 16 аталым бойынша жүргізілген байқауда жеңімпаз атанған ұжымдар мен өнерпаздарды марапаттады. Сол қатарда «Үздік мәдениет мекемесі» аталымының жеңімпазы М. Тынышпаев атындағы облыстық өлкетану музейіне жеңіл автокөліктің және облыс әкімі атынан алыс-жақын шетелге шығып, Жетісудың, тіпті тұтас қазақ елінің мерейін асырып жүрген Жамбыл ауданды «Сүйінбай сазы» фольклорлы-этнографиялық ансамбліне сужаңа шағын автобустың кілті берілді. Осыдан кейін мінберге көтерілген мәдениет саласының ардагері Надежда Лушникова өз ойын өлеңмен өрнектеп, өнер қызметкерлерін төл мерекесімен құттықтаса, Алакөл аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Арнұр Садықов мәдениет пен өнер саласына жасалып жатқан жақсылықтарды тілге тиек етіп, әріптестерін алдағы уақытта биік белестерден көрінуге шақырды.

Шара «Өнер – өшпес мұра» атты концерттік бағдарламамен жалғасты. Әнмен әрленіп, бимен көмкерілген шара көптің көңілінен шығып, жұрттың алғысына бөленді.

БЕКЗАТ ӨНЕРДІҢ БЕСІГІ

БӘРЕКЕЛДІ!

ІРІ ЖОБАНЫҢ ІРГЕТАСЫ ҚАЛАНДЫ


Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ.

Іле ауданына қарасты Байсерке ауылы аймағында негізін қалайтын бүкіләлемдік компания «ЛУКОЙЛ» ЖШҚ майлау материалдарын шығаратын зауыттың алғашқы тасын қою рәсімі өтті. Жиынға облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ пен ҚР Энергетика министрлігінің өкілдері және «ЛЛК-Интернешнл» ЖШҚ басшысы Максим Дондэ және тағы басқалары қатысты.

Мақпал МЫСА

Өндіріс жобасымен танысқан Амандық Ғаббасұлы өз сөзінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қолдауымен осы өңірде ашылғалы отырған әлемге танымал аталмыш зауыттың елдің экономикалық дамуына зор үлес қосатынын айтып, экспорт деңгейін арттыратынына сенім білдірді. Аталмыш өндіріс алаңы «Батыс Еурола – Батыс Қытай» көлік дәлізіне жақын жерде, Іле ауданы аумағында салынатын болады. «Зауыт қуаттылығы жылына 100 мың тонналы құрап, болашақта өнімді 130 мың тоннаға арттыруға мүмкіндік береді. Инвестициялар сомасы шамамен 85 млн. АҚШ долларын құрайды. Халықаралық деңгейде өнім өндіре алатын майлау материалдарын шығаратын жоғары технологиялы зауыт салынатын болады. Бүгінде Қазақстандағы май өнімдері нарығының 20 пайызы біздің үлесімізде», – дейді Максим Дондэ.

Шикізат көзі Пермь мен Волгоград қалаларындағы зауыттардан қарастырылған. Бұл жөнінде зауыт басшысы Максим Дондэ Қазақстанда базалық май шығаратын зауыттардың жоқтығын алға тартады. 2019 жылы Шымкент қаласында салынатын зауыт іске қосылса, отандық өнімді тарту жобасын қарастырамыз деп отыр. 12 гектар жерді қамтитын жоғары технологиялы зауыт құрылысын Қазақстанда жиырма жылдық тәжірибесі бар, осымен төртінші зауытты салғалы отырған «Шар-Құрылыс» ЖШС-і қолға алып, іске 2018 жылы аяқтамақ. Зауытта шамамен 200 жұмыс орны құрылатын болады. Әлемдік май шығаратын өндіріс орындарының алғашқы ондығына кіретін аталмыш компанияның бес елде тоғыз зауыты бар. Ал компанияға әлемнің өзге 26 кәсіпорны тартылған. Автокөлік майларының 600 түрін қамтитын өндіріс өнімі әлемнің 100 еліне таралады.

Ендігі кезекте, келешектегі жоспарлары бойынша Қытай арқылы Үндістан мен Мексикаға өтіп, алдағы онжылдықта май шығаратын әлемдік компаниялардың үздік бестігіне кірмек.

Іле ауданы.

ӘЛЕУМЕТ

Талдықорған агротехникалық колледжінде облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасы, жастар ресурстық орталығы, «Жас Отан» ЖҚ облыстық филиалының ұйымдастыруымен «Жұмыспен қамту – 2020 жол картасы» бағдарламасы аясында форум өтті. Форумға облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Қанымбек Айтжанов қатысып, жастардың көкейдегі сауалдарына жауап берді.

Жастарға жұмыс көп

Құралбек СӘБИТОВ

Елімізде еңбекке жарамды жастардың белсенділігін арттыру мақсатында жұмыссыздықты жою шаралары қолға алынған болатын. Оқу оқытып, оны бітірген соң мамандығына сай жұмыспен қамту да қазіргінің басты мақсаты. Осы жолда «Жол картасы – 2020» арнайы мемлекеттік бағдарламасы іске асырылып, жыл сайын жүздеген жастың мамандық алып, жұмыспен қамтылуы қарқынды жүргізілуде. Аз ғана уақыт өтсе де өз жемісін көрсетіп үлгерген бағдарламаның бүгінде бағыты айқын, бағдары биік. Аталмыш бағдарлама инфрақұрылымды және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамыту есебінен жұмыспен қамту кәсіпкерлікті дамыту және мамандық бойынша оқыту, қоныс аудару бағыттары бойынша жұмыс істейді.

Форумның мақсаты – «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңының, «Қазақстан – 2020: болашаққа жол» тұжырымдамасының облысымызда жүзеге асырылуын үйлестіру. Кемегі көп, пайдасы мол бағдарламаны кеңінен насихаттау. Форумға бағдарлама бойынша жұмысқа орналасып, өз кәсібін ашып, нәсібін көріп отырғандар арнайы келіп, жоғары оқу орны білімгерлерімен біліктілігін бөлісті. Сондай-ақ, аталмыш бағдарламаның тиімділігі мен пайдасын тілге тиек етті. Алғашқы сөзді алған Қанымбек Құлжабайұлы бағдарламаның маңыздылығына тоқталып, еңбек етем деген жастар үшін тиімділігін айтып өтті. Бағдарлама бойынша білім алып, жұмысқа орналасып, өз кәсібін дөңгелетіп отырғандар да оралымды ойларын ортаға салды. Мерзімі 5 жылдан аспайтын, сыйақы мөлшерлемесі 6 пайызды ғана құрайтын, 3 млн. теңге көлемінде несие алған Азамат Маманов та өз қолым өз ауызыма жетеді деген жастарға ақылын айтып, бағыт сілтеді. Форумда бағдарлама арқылы білім алып, оны жүзеге асырған Азамат Маманов, Данияр Базарбеков, Анар Максимова есімді жастар Алғыс хатпен марапатталды.

СЕЛЕКТОР

Кемшіліктерді жоюды тапсырды

Облыстық құқықбұзушылықтың алдын алу жөніндегі ведомствоаралық комиссия азаматтардың заң тарапынан қорғалуын және әртүрлі деңгейдегі қылмыстың ашылуын қадағалап отыруға күш салады. Селекторлық режимде өткізілген комиссияның кезекті отырысына құқықбұзушылықтың алдын алу жөніндегі ведомствоаралық комиссия мүшелері, аудан, қала әкімдері, аудандық, қалалық ішкі істер бөлімдерінің және жергілікті полиция қызметінің басшылары қатысқан жиынды облыс әкімінің бірінші орынбасары Ләззат ТҰРЛАШОВ ашып, жүргізіп отырды.

Мәди АЛЖАНБАЙ

Құқық қорғау органдары басшыларының басын қосқан селекторлық отырыста екі мәселе қаралды. Өзгенің мүлкін ұрлауға қарсы іс-қимыл бойынша іс-шаралардың жетілдірілуі туралы облыстық Ішкі істер департаменті, Криминалды полиция басқармасының бастығы Асқар Нұрсапа, облыстағы қоғамдық тәртіпсіздік пен құқықбұзушылыққа мүлдем төзбеушілік қағидаларын қалыптастыру бойынша іс-шараларды іске асыру туралы облыстық ішкі істер департаменті, жергілікті полиция қызметінің бастығы Марат Күштібаев баяндама жасап, аймақтағы қылмыстық ахуал мен құқықбұзушылық жайындағы мәліметтермен таныстырды.

Криминалды полиция басқармасының бастығы Асқар Серікұлының айтуынша, биылғы төрт айдың ішінде облыста 5334 ұрлық тіркелген. Соған байланысты жергілікті полиция қызметінің қатысуымен «Мал ұрлығы», «Соғым», «Пәтер», «Ұялы телефон» атты жеті шұғыл-профилактикалық іс-шара өткізілген. Одан бөлек, өзгенің мүлкін ұрлаушылардың алдын алу үшін арнайы топтар құрылып, ұрлық жасаушыларды құрықтауға кіріскен. Соның нәтижесінде 298 ұрлық жасаған 120 қылмыстық топ қолға түскен. Олардың қатарында 57 пәтерді тонаған 16 топ, 48 малды ұрлаған 18 топ бар. Қылмыскерлердің үстінен қылмыстық іс қозғалып, тергеу амалдары жүргізілуде. Сонымен қатар, ұрлықтың алдын алу үшін ұйымдар мен мекемелердің басшыларының, тұрғын үй иелерінің келісімімен күзет қызметі күшейтіліп, бейнебақылау камераларының саны көбейтілген. Бұл қылмыстың оңай ашылуына мүмкіндік береді. Шындығында облыстағы ұрлықтың басым бөлігі мал ұрлығына тиесілі. Сондықтан тұяқты малдың көпшілігі өрістен жоғалып жатады. Оған барша полиция қызметін жұмылдыру үлкен шығынды талап етеді.

АССАМБЛЕЯ АЯСЫНДА

СЛАВЯН ЖАЗУЫ КҮНІ

Жыл сайынғы дәстүрге айналған славян халқының жазбасы мен мәдениет күндері Достық үйінде өтті. Оған облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының хатшылық меңгерушісі Ғабит Тұрсынбай, «Достық үйі» қоғамдық келісім орталығының директоры Тәңірберген Қасымберкебаев қатысты.

Мәулен ӘНЕРБАЙ

2016 жыл қазақ халқы үшін айтулы мерекелерге толы . Соның бірі – Тәуелсіздігіміздің 25 жылдық мерейтойын атап өту. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың ерен еңбегінің арқасында аз уақыттың ішінде көп белесті бағындырып, үлкен жетістіктерге қол жеткіздік. Сүттей ұйған береке-бірлігіміздің ықпалымен экономикалық тұрғыда өрлеп, бәсекеге қабілетті елге айналып үлгердік. Бір атаның баласындай 130-дан астам ұлттың тату-тәтті ғұмыр кешіп жатқандығы әлем назарын аударды.

Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына орай ұйымдастырылып отырған славян жазбасы және мәдениеті күндері халықтың ғасырлар бойы сақталған салт-дәстүрі мен өнерінен хабар беріп, облысымыздағы ұлттар арасындағы байланыстың терендеуіне септігін тигізіп келеді. Осылайша қазақ халқының тарихы мен әдет-ғұрпына деген сыйластық арта түспек. Бұл үрдіс славян мәдениетінің дамуы мен сақталуына оң ықпал етіп, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара ғұмыр кешуге жол ашады. Айтулы мерекенің негізгі мақсаты – сан алуан этномәдени ұйымдардың бірлесе жұмыс істеп, шығармашылық байланыстарын арттыру және талантты жандардың өнерін бағалап, жалпыға таныстыру. Нәтижесінде, славян халқының төл әдебиеті дамып, жастардың жазушылық қабілетін шыңдайды.

– Бұл мереке осымен 14-інші рет ұйымдастырылып отыр. Қазір біздің сүйікті іс-шарамызға айналып үлгерді. Ауыз толтырып айтар жетістіктеріміз де жетерлік. Тек қана славян этномәдени орталығы емес, басқа бірлестіктер осы сынды төл мерекелерін өткізіп, Елбасымыздың саясатын жүзеге асыруға атсалысып отыр, – деді Ғабит Тұрсынбай.

Әрмен қарай жиналған қауым ортаға шығып өлеңдерін оқығанақындарға құлақ түрді. Солармен бірге тебіренді, жыр бесігінде тербелді. Ал соғыс ардагері, белгілі жазушы, ақын Хасан Боранбаевтың жалынды жырлары көңілге сәуле, көзге жас үйірді. Сондай-ақ, Достық үйінің кітап сөресі Хасан Боранбаевтың сияқты кеуіп үлгермеген кітабымен толықты. Славян халқының жазбасы және мәдениеті күндері қайырымдылық акция, әртүрлі байқаумен жалғасып, Қапшағай қаласында өтетін гала-концертпен аяқталмақ.

ТАНЫМ



Саранның өмірде болғанын, оның атақты Біржанмен айтысқаны туралы бұрынғы және кейінгі зерттеушілер мен ғалымдар, ақын-жазушылар талай рет баспасөз беттерінде өз ойларын ортаға салғанын білеміз. Олардың қатарында сонау XIX ғасырдан бастап, бүгінгі күнге дейінгі зерттеушілердің пікір-пайымдарының қатарында Жүсіпбек қожа Шайыхысламов, Әріп Тәнірбергенов, Ілияс Жансүгіров, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Қажым Жұмалиев, Мұқан Төлебаев, Тәнірберген Қалилаханов, Мәкей Еркімбеков, Жемісбек Толымбеков және басқа да ғалым-қаламгерлердің еңбектері бар.

«Біржан мен Сара» айтысы алғаш цензураға 1897 жылы 2 желтоқсанда Петербург қаласынан рұқсат берілген. Айтыс баспадан екі мәрте шыққан. Бірінші халық әдебиетін жинаушы Жүсіпбек қожа Шайыхысламов бастырған. Ол «өзім Сарадан жазып алдым», деп 1898 жылы ағайынды Мұхамеджан мен Шәріпжан Кәримовтың Қазан қаласындағы жекеменшік баспаханасынан шығарады.

Айтыс мәтінінің алғашқы бетіндегі: «Мұны айтқан әлқисса Жүсіпбек қожаға Сара қыздың Біржанмен айтысқанын қыздың өз аузынан осылай деп, бастан аяқ баян қылғанын айтыстың келер жылында», – деген сөзге сүйеніп, авторы Жүсіпбек қожа дейді. Ал баспадан 1898, 1900 жылдары шыққан айтыс мәтінінде мұндай сөздер мүлде жоқ.

«Сара мен Біржан» айтысын сыбан Әріп Тәнірбергенов шығарды деген сөз де бар. Әріп 1862-1924 жыл аралығында өмір сүрген. Ол Жетісудағы Лепсі уездік басқармасында тілмаш болып істеген. Арасында қалада отырған Есімбектің үйіне қонып жүретін ол сол үйден Сараны көріп, оның сұлу сымбатымен қоса ойынан өлең шығарып айтатын ақындығына қызығады. Бірде Есімбекке: «Есаға күйеу балаң болайын, мына қарындасыңызды маған беріңіз» дегенінде Есімбек:

– Әріпжан, бұл баланың басы бос емес. Атастырып қойған адамы бар, – деп басын шайқаған екен. Содан бастап, Сараны айттырған адам оның теңі емес, бүкір Жиенқұл екенін сұрастырып білген Әріп жылап жүрген жетім қызға жаны ашып, жүрегі сыздайтын.

Академик Мұхтар Әуезов: «Анығы, Әріп айтысты негізгі шығарушы емес. Соңғы айтушы болғаны рас. Ол хал айтысты Әріптікі ете алмайды», – деп шынайы жазған. Айтыс мәтінін Зайсаннан жіберген автордың есімі Әмірхан. Ол Біржан салдың қолқанат досы, «Ер Әмірхан» деп аталған. Сал-сері, өзі палуан. Бек, болысқа қызметі жақпай сайран салып, өлген солдатты содан көргендіктен, ұлықтан қорқып, дәм тартып Зайсанға кеткен. Найман-төртуыл ішінде бес жыл өмір сүріп, Алтай мен Шәуешекке даңқы жеткен асыл. Елі – керей, жері – Қызылжар. Жетісуға сан мәрте келіп, кетіп жүрген. Біржан мен Сара айтысқанында сал-серінің қасына еріп келгендердің бірі болған. Төртуыл Сегізбай би ауылынан Қазан қаласына «Біржан мен Сара» айтысының мәтінін жіберіп, өз есімін сақтықпен жазбай қойған. Әріптің Сараға «ғашықтық өлең хаты» деп Тәнірберген Қалилаханов баспа еткен өлеңмен жазылған хаттар есімі аталған Әмірханға тап келеді. Өйткені ол хаттар да Сараға Зайсан мен Шұбарағаш-Ойжайлаудан жіберілген. Сараның өзі «ары өтіп, бері өткені сыйлық тастап, көбейді қызға ұнамақ мырза-дағы», деп айтқанындай, оған жігіт-мырза, шал-шақпыт, бек-болыс, бай-манап, және басқа қолқа салмаған жан аз болмаған.

Екіншісі Зайсаннан жіберілген, толық нұсқасы деп аталады. Ол Орынбор қаласында тұратын Хұсайынов пен Кәрімовтер бірлесіп ашқан «Хизмәт» баспаханасынан шыққан. Осы нұсқа Әріптікі саналған. Елі тобықты Қуанышбай ақынның:

«Әріпке сәлем жаздым үш қайтара,
Шығардым деп оттапсың
«Біржан-Сара».
Басында байлауың жоқ, бір ант едің,
Сайтан болып кетерсің бара-бара», – деген сөздерін ескерсек, Әріп жазды дегеннің дәйегі болмайды.

Енді Сараны Жиенқұлға беруге Маман Тұрысбек ынтық болғандығына келсек, сауданы жаңа капиталистік әдіспен кең өрістете беру жолына түскен, сол арқылы мыңғырып баюдың дұрыс тәсілін тапқан Тұрысбектерге өндіргіш күш қажет болған-ды. Өсіп келе жатқан қыруар малға бақташы да, басқарушы да керек. Осындай аса пайдалы өндіргіш күш кейінірек «құлдар» атанып кеткен бір рулы ел еді. Олар Қалқабайдың (Маманның әкесі) арғы аталарымен туысқан тайпадан тарайды. Осы «құлдар» руының ішінде бір әкеден сегіз ағайынды, олардың ең кенжесі Жиенқұл болыпты. Жиенқұлдың бала кезінде құныстан белі бүкір, сынықтан бір аяғы шолақтау бітеді, оның үстіне бет әлпеті де сиықсыздау болып өседі.

Алайда, ол ер жете келе «құлдар» арасындағы ықпалды пысықтардың бірі болған. Маман-Тұрысбек ауылының малын бағып, шаруасына араласып, әбден жағымды болған ағаларының арқасында Жиенқұл молдадан сабақ оқып, намаз бен Құран оқуды үйренеді. «Аузы сөзге, аяғы жүруге епті» болып, мысқылшы, қалжың сөздерді көп білетін сөзуар да екен. Түр-тұрпатына қарамастан өзінің сезімтал пысықтығымен ол Тұрысбектің ойдағысын ернінің емеуімыс құрған. Екеуі Ермұқан, Нұрмұханбет, Рухия, Жақия, Кіпия, Мүнира сынды алты ұрпақ сүйген. Мейрамбай мен Жаймолда Тыныбайұлының дерегінде ақын Сара Бекбайдан сегіз ұрпақ көргені айтылады. Аталмайтын екі ұрпағының есімдері Баймұхан, Жұмахан делінеді. Екеуінің өмірі беймағлұм. Ертерек шетінеген тәрізді. Нұрмұханбеттің келбеті ақын Сараға тартып, өнді, өнерлі болып, он бес жасында көкпар тартысында аттан құлап, қатты мертігіп, жұлындары зақымданғанынан мерт болыпты.

Сараның Жиенқұлдан ажырату дауына белсене қатысып, басы-қасында болушы ел басшыларының бірі – сол кезде Қапал оязына қарайтын Ақешкі елінің болысы, Қаптағай ішіндегі Тасыбай дейтін рудан шыққан Дүбек деген кісі екен. Дүбек арысы Матай, берісі Қаптағай ішіндегі аса көрнекті де беделді болыстардың бірі болған, үйсінайман бас қосқан үлкен жиындарда сан рет топ басы болып та сайланған. Осы атақты Дүбектің немере ағасы Шақар деген кісінің балалары Кеукенбай, Алтынбек дегендер де бай болыпты. Алтынбектің Бекбай деген баласы сол кезде 25 ке келген бойдақ жігіт екен. Саранның дау үстінде тағы басқа да жиындарда көріп жүретін Дүбек болыс Тұрысбек, Есімбек, Арнайлармен келісіп, қалың малына жүз байтал өткізіп Бекбайға алып береді.

Сонымен атақты ақын Сара 1897 жылдың жазында Тасыбай еліндегі Алтынбек ауылына келін болып түседі.

Дүбек бастаған Тасыбай елі келін болып түскен Сараны зор құрметпен қарсы алады, бір болыс елді шақырып, ат шаптырып, той жасайды. Атасы Алтынбек келініне отау тігіп, енші бөліп береді. Бекбай мен Сара тату-тәтті тұрады. Сараны бүкіл ел сыйлайтын болады. Саранның Тасыбай еліне келін болып түсуіне байланысты сол замандағы жергілікті ақындар мынандай өлең шығарған.

Бой жеткен ақын Сара басы бос қыз,
Бұл күнде Жиенқұлдай қасы жоқ қыз.
Тәрбие тәлім алған өнегелі,
Ауылында Есімбектің жарық жұлдыз.
Әркім-ақ Сара қызға көзін салды,
Саудагер ақшасы мен бөзін салды.
Кейбіреу арзанырақ алмақ болып,
«Көк үйлі» қажыларға сөзін салды.
Кейбіреу ақыл-айла ебін салды,
Хан тұқымы – төрелер тегін салды.
Ақыры перизатты қадыр тұтқан –
Тасыбай мал аямай жеңіп алды.
Жиенқұлдың ауылы көп жысласты,
– Сарадан айырылдық, – деп жыласты.
Сарадай перизаттың Тасыбайға,
Келін болып түсуі тойға ұласты...

Сара Алтынбекке келін болып түскеннен кейін де той-томалаққа үзбей қатысып, ел аралап, өлең айтып жүреді. Кейде Бекбайдың өзі де қасында болады екен.

Сара Бекбайға тұрмысқа шығып, тату-тәтті өмір сүріп жатқанда, еліне Шакәрім Құдайбердиев келгендігі туралы дерек бар.

Мәкей Еркінбеков естелігінде: «Шаһкерім қажы Абайдың ұлы Әбдрахманның сүйегін алып келе жатып, жолай ақын Сара ауылына тоқтап, бір қонып, аттарын жемдеп, суарып, ақын Саранның Абайға көңіл айтып өлең жолдап, ақбоз атты азаға тартып жіберетіні осы аратұра құдандалық араластың бір іспет көрінісінің ізгілік белгісі еді», – деп жазады.

Ақын Саранның сүйегі Үлгітірек шаруашылығындағы «Үш Кәукен» деп аталатын жердегі тасыбай елінің бейіт қорымы ішіне жерленген. Басына кеңес дәуірі тұсында кішкене мәрмәр ақ тас қойылыпты. Ол туралы Т. Қалилаханов «Ақын Сара» кітабында жазады. Қазіргі «Ақын Сара» ауылына қарасты Ақешкі суының бойындағы жеке тұрған зират ақын Сараға арнап салынғанымен онда оның мәйіті жоқ. Құр бір уыс топырақ әкелініп, соған кесене салынған деседі.

Өзінің аяулы да ардақты ұл-қыздарын халық әр уақытта ұмытқан емес-ті. Сол сияқты Саранның да туып өскен елі ардақты қызын, атақты ақынын, көрнекті қайраткерін естеріне зор құрметпен мықтап сақтаған.

Мұратбек ИМАНҒАЗИНОВ, филология ғылымдарының докторы, профессор.

Саңлақ ақын Сара

Саранның атының бүкіл қазаққа жайылуы тегін болмаса керек-ті. Заманында «Жетісу бұлбұлы» атанған ақын жайлы айтылып жүрген қисапсыз әңгімелерге байланысты өз ойымызды айтудың еш әбестігі болмас. Біріншіден, қазіргі тұста осы Сара деген болды ма, ол туралы өз уақытында «Сара деген кім өзі, италияның «Сара» деген атын даурықтырып, оны қазаққа теліп, ол сондай екен, мұндай екен, тіпті мүйізі қарағайдай «Біржан-Сара» операсының либреттосын жазған академик Қажым Жұмалиевтің Ешкіөлмес тауының бауырында Тұрысбек қажының ауылында өткен Біржан мен Саранның айтысын Арқадағы Көкшетауға апарып телігенін қалай түсінеміз немесе «Сара деген қыз болмаған. Біржанның өзі ойынан шығарған әдеби кейіпкері көрінеді», – деген сөздерді осы заманның көзі қарақты оқырманы білетіні жасырын емес.

МӘДЕНИ ШАРА

Өткенде ғана аяқталған XXVIII Дүниежүзілік қысқы Универсиададағы жеңісіміз ел тұрғындарының үлкен ықыласына бөленді. Сол табысымызды жұртқа жеткізу мақсатында күреңбелдіктер алғашқылардың бірі болып, Қоғалы ауылында «Қыс өрнегі» атты мәдени тынығу іс-шара ұйымдастырды. Үшінші жыл өтіп отырған дәстүрлі шара еліміздегі славян халықтарының мерекесі – Масленицамен тұспа-тұс келгендіктен ұлттар арасындағы береке мен ынтымақтың жарқын көрінісі ретінде әсер қалдырды.



Жетісу

Қажет АНДАС

Қыс өрнегі

Осындай маңыздылығы жоғары мереке қарсаңында ұйымдастырылған шараға аудандағы мәдени орталықтардың өкілдері барынша қолдау танытты. Спорттық ойындар ұйымдастырылып, әсем ән шырқалды, ұлттық киімдер киінген өнерпаздардың мың бұралған биі де бұл күннің шырайын келтіре түсті. Сондай-ақ, арнайы тігілген шатырларға ұлттық тағамдар қойылып, тәттілер мен қолөнер туындылары орналастырылды. Шатырларды Кербұлақ ауданының әкімі Бағдат Әлиев аралап көріп, жиналған қауымды мерекелерімен құттықтады.

– Қымбатты қауым, қадірлі ағайындар. Бұл халықтық мереке ауданымызда осымен үшінші жыл қатарынан өтуде. Алдағы уақытта да жалғасын табатындығына бек сенімдімін. Қазір еліміз әлемдегі өркениетті елдердің қатарына кірді. Оған сонау 1929 жылы Вашингтон қаласында бастау алған Универсиаданың Алатау төрінде абыройлы өткендігі себеп бола алады. Бұл Қазақстан деген елдің әлеуетін көрсететіндігімен де құнды. Сондықтан баршаңызды Универсиядадағы спортшыларымыздың жеңісімен құттықтаймын. Биылғы мерекені осындай жеңістеріміз көп бола берсін деген ниетпен жасап отырмыз. Тағы бір жағынан мынау Қарабұлақ, Алтынемел, Матай тауы, анау тұрған Шағантау, бәрі де тарихқа тұнған жер. Бұл маң кешегі Шоқан Уәлихановтың табан ізі қалған жер. Сондықтан осындай қасиетті жердің қадірін асыруға бәріміздің үлесіміз сіңуі керек, – деді аудан әкімі.

Жоңғар-Алатауының баурайындағы Қоғалы елді мекеніне шараға жиналғандардың қарасы көп болды. Қатар-қатар тізілген шатырларға орналасқан шешен, орыс, ұйғыр, өзбек, славян, украин, орыс, тағы да басқа ұлттардың мәдени орталықтары жұртқа ұлттық өнерін көрсетіп, тағамдарынан дәм татқызды. Арнайы дайындалған сахна төрінде өнерпаздар жұртшылыққа көтеріңкі көңілкүй сыйлады. Сахнаға қанаттас атшаптырым аумаққа қысқы спорт түрлерінен өтетін жарыс алаңы жасалыпты. Алаңға кіреберіске он екі жылдың белгісі болған 12 жануардың мүсіні мұзбен қатырылған. Қай қырынан алсаң да берекелі өмірдің белгісі есіп тұр. Жарыс алаңында екі, үш ат жегілген, шанасын дайындаған шабандоздар мен шаңғысын сайлаған әуесқой спортшылар сақадай сай тұр.

Шараға деген елдің ықыласы да басым. Үш жыл бұрын өңірдегі елжұрттың ынтымағын арттыру мақсатында қолға алынған шара бүгінде ұлттардың өнері мен мәдениетін бір ортаға біріктіріп, қысқы спортты насихаттаудың жарқын үлгісіне айналып үлгергені көрініп тұр. Бүгін мұнда қысқы спорттың алты түрімен қатар қол күресі, батпан көтеру, арқан тартыс сияқты бұқаралық спорт түрлерінен жарыс ұйымдастырылды. Оған аудан аумағындағы 150-ден астам спортшы қатысып, жеңімпаздар анықталды. Бұл сайыста жеңіс тұғырынан көрінгендер алдағы уақытта Райымбек ауданында өтетін облыстық турнирде бақ сынайды.

«Ер кезегі үшке дейін» деген нақыл сөз бар. Мәдени тынығу шарасын үш жыл қатарынан өткізіп, мол тәжірибе жинаған күреңбелдіктер мұны келесі жылы облыстық деңгейге көтеруді жоспарлап отырған көрінеді.

Кербұлақ ауданы.

КӨКЖИЕК

Мамандықты ТАҢДАЙ БІЛ

Қазіргі кезде жастар көбіне қаржыгер, заңгер мамандығын таңдайды. Алайда бұл салаға көптеп баратындықтан оларға мамандық бойынша жұмысқа орналасу да қиынға түседі. Жастар, тіпті үлкендер болсын, жоғары оқу орнында білім алу міндетті деп санайды. Егер күш-қабілетің жетіп жатса, әрине, жақсы оқып, жоғары білім алғанға не жетсін!

Алайда, ең бірінші кезекте сол бойынша ертеңгі күні жұмыс таба аласың ба, сол жағын ойлау керек. Осы ретте біздің елде жұмысшы мамандарға сұраныс көп болатындығын алға тартқым келеді. Экономикасы өркен жайып келе жатқан жас мемлекетіміздің өндіріс орындарына білікті мамандар керек екендігі түсінікті. Сондықтан жастар алдымен жұмысшы мамандықтарын оқып алса, болашақта өсуіне де жақсы негіз болады. Ал бұл мамандықтар бойынша кәсіптік-техникалық колледждерде білім беріледі.

Елбасы биылғы халыққа арнаған Жолдауында бұл мәселеге ерекше мән беріп, өндіріс пен өнеркәсіптің барлық салаларын кәсіби-техникалық мамандармен толық әрі сапалы қамтамасыз ету үшін 2017 жылдан бастап, «Жалпыға бірдей тегін кәсіби-техникалық білім беру» жобасының жүзеге асатынын, осы жобаға сай мемлекеттің әрбір жеке адамға мамандық беру ісі қолға алынып, жүзеге асырылатынын жариялады. «Мектепті бітірген жас азамат бірінші мамандығын тегін алатын болады. Біз осыдан бастайтын боламыз. Үкімет осыған кірісуі керек. Қазақстанның жас азаматтары білімді, еңбеккөр, бастамашыл болуы тиіс. Жұмыс пен сұраныс бар өңірге батылдықпен барулары керек. Егер шеберліктің шыңына жете білсеңіздер – мамандықтың бәрі жақсы. Қазір техникалық мамандықтардың, ғылым мен инновацияның күні туған заман. Ерінбей еңбек еткен адамның өмір сапасы озады, тұрмысы жақсы болады. Ең ақыры бүгінгі жасап жатқан жақсылықтарымыздың барлығы – жастар болашағы үшін», – деді.

Бұл жастарға жасалып жатқан үлкен қамқорлық, олардың жарқын болашағы үшін ашылған зор мүмкіндік. Мұнымен қатар облыс көлемінде жұмысшы мамандығын меңгеретін жастарға шәкіртақы, күніне бір реттік тегін ыстық тамақ та берілмек. Мемлекетіміз осындай мүмкіндік ашып отырғанда жастарға тек талаптанып, оқу мен ғылымға ғана ұмтылу қажет. Техниканың тілін меңгеріп, ауылшаруашылығының сырын білген, компьютердің құлағында ойнаған адам ешқашан жұмыссыз қалмайды.

Баршаға арналған кәсіптік-техникалық білім беру – уақыт талабы. Оған бүгінде көз жеткізудеміз. Бәсекеге қабілетті мамандар даярлап, елімізді өркениетті отыз елдің қатарына қосуда жұмысшы мамандардың да қосар үлесі зор. Оған жетелейтін жол – тек қана білім, еңбек, ізденіс. Бүгінгі заман талабына сай мамандар даярлап, мемлекет сұранысын өтеуде, еңбек нарығын бағындыруда кәсіптік техникалық білімнің берері мол.

Мөлдір ИСЛАМОВА, Талдықорған сервис және технология колледжі директорының өндірістік оқыту жөніндегі орынбасары.

БІЛІМ

Елбасының биылғы халыққа арнаған Жолдауы Қазақстанның Үшінші жаңғыру жолын айқындап, мемлекетіміздің алдағы даму бағытын белгілеп беруімен құнды болды. Педагог ретінде мені білім саласына қатысты айтылған ойлар толғантты.

Жаңаша талап

Бұл ретте Елбасы: «Ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс. Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет.

Сонымен бірге, IT-білімді, қаржылық сауаттылықты қалыптастыруға, ұлтжандылықты дамытуға баса көңіл бөлу керек. Қала мен ауыл мектептері арасындағы білім беру сапасының алшақтығын азайту қажет», – деді.

Бүгінгі күні білімге жаңаша талап қойылып отырғаны белгілі. Осы ретте ұстаздар терең ізденіс үстінде деуге болады. Білім мазмұнын толықтай өзгертіп, жаңаша сабақ беру, онда заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану, балалардың сыни ойлауын қалыптастыру жолында еңбек етуде.

Бүгінгі күні білім ошақтарынан Назарбаев зияткерлік мектебінің үлгісінде сабақ беру талап етілуде. Осыған орай балалардың қабілет-қарымын, дарынын ашуға үлкен көңіл бөлініп, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу бағытында жұмыстар атқарылуда. Бұл қала мен ауыл мектептері арасындағы білім беру сапасының алшақтығын жоюға игі ықпал етеді деп білемін.

Сонымен қатар, Елбасы үштілділікті дамыту, қазақ тілінің басымдығын сақтай отырып, жас жеткіншектерге ағылшын тілін еркін меңгерту жайына да ерекше мән берді. Тіл білімін меңгерту мектептен басталатынын ескерсек, бұл бірінші кезекте ұстаздарға артылып отырған зор міндет. Осыған орай оқушыларға уақыт талабына сай білім беріп, үш тілді де еркін меңгертіп, Қазақстанның жарқын болашағын қалайтын азаматтарды тәрбиелеу жолында аянбай еңбектенуіміз қажет.

Жолдау жүктеген жаңа міндеттерді орындауда педагог қауымы жұмыла жұмыс істеп, еліміздің дамуына өз үлесін қоса бермек.

Ләззат НҰРАЛИЕВА, Айдарлы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.

Панфилов ауданы.

ТӘРБИЕ

БОЛАШАҚТЫҢ КІЛТІ

Әрбір қазақ баласына үлгі боларлық батырлар көп. Десе де, мектеп жасынан Бауыржан Момышұлының батырлығын, ақылдылығын, ұлтжандылығын, рухының биіктігін біліп, сезініп өскен оқушылар болашақта дәл осындай тұлға болғысы келетіні анық.

Сондықтан да батыр Бауыржан атамыздың: «Ешкім де іштей батыр болып тумайды. Батырлық та мінез секілді өскен орта, көрген тәрбиеге байланысты қалыптасады», – деген бір ауыз сөзіненақ көп жайды аңғаруға болады. Ертең елімізді найзаның ұшымен де, білектің күшімен де, терең біліммен де қорғайтын біздің бүгінгі мәпелеп отырған ұрпағымыз. Соларға біз батырлықты мектеп жасынан қалыптастыруымыз керек. Егер олар тәрбиенің мәні мен маңызын бойына сіңірмесе, тарихына асқан жауапкершілікпен қарамаса, үлкенді сыйлап, кішіні құрмет тұтпаса, кең даланың ұшқан құсына, жүгірген аңына жаны ашымайтын болса, онда біз болашақтың кілтін ол баланың қолына сеніп табыстай алмаймыз.

«Атадан бала тусайшы, ата жолын қусайшы» дегендей, атадан балаға мұра болып келе жатқан жақсы қасиеттерді келер ұрпақтың бойына сіңіріп, ізгілікке тәрбиелеуді о бастан-ақ бастауды біз көбіне ұмытып кетіп жатамыз. Ұрпағының шыншыл, әділетті, иманды болуын кез-келген ата-ана қалайды. Бірақ олар соған амал етіп жүр ме деген сұрақты төтесінен қойсақ, бірден кібіртіктеп қалатынын жасыра алмаймыз. Осындай олқылықтың орнын ең бірінші үйдегі ата-ана, балабақшадағы тәрбиеші және мектептегі ұстаздар толтыруы тиіс. Өскелең ұрпақтың жан дүниесін білім нәрімен сусындатып, халқының ерте заманнан жинақтаған асыл мұрасымен байытып, ұлттық дәстүрдің озық үлгілерін санасына сіңіріп, Абайша сөйлесек, «көкірек көзін оята тәрбиелеу» бүкіл қоғам болып атсалысатын жауапты міндеттердің ең бастысы.

Нұргүл ЕСҚАРАЕВА, Жайдақбұлақ негізгі мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

Райымбек ауданы.